

ИБРАЕВА МАГРИПА КУРМАНБЕКОВНА

**Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық
шығармашылығы құралдарымен дамыту**

6D010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
Абдигапбарова У.М.
п.ғ.д, профессор
Шет елдік кеңесші:
Онищенко Э.В.
п.ғ.д, профессор

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТАУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1 ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	17
1.1 Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері.....	17
1.2 Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың мәні.....	40
1.3 Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	64
2 ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ.....	86
2.1 «Сәби танымы» кешенді бағдарламасының мазмұны.....	86
2.2 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының анықтау және қалыптастыру кезеңдері.....	102
2.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері.....	129
ҚОРЫТЫНДЫ.....	137
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	141
ҚОСЫМШАЛАР.....	153

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана. 27 шілде 2007.

Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана. 30 тамыз, 1995ж.

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. Астана 18 ақпан, 2011.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2016 ж. 1 наурыз, №205 Жарлық.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласы – Астана, 12 сәуір 2017 ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012 ж.)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014 ж)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015 ж)

Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2012 ж., 2016 ж.

Қазақстан Республикасында ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздері «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ - Астана, 2014.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Ауыз әдебиеті – халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Сонымен бірге ғылым мен мәдениетте “халық шығармашылығы”, “халық поэзиясы”, “халықтың ауызша сөз өнері” дейтін атаулар да осыған жақын мағынада қолданылады. 1846 жылы ағылшын Вильям Томс ұсынған “фольклор” (ағылшынша *folk* – халық, *lore* – білім, даналық) сөзі де ауыз әдебиеті атауы үшін халықаралық ғылым атау ретінде орныққан. Бұлардың қай-қайсысы да бірінің орнына бірі қолданыла береді.

Бала – он сегіз жасқа /кәмелетке/ толмаған адам. Баланың заңды өкілдері- ата-анасы, бала асырап алушылар, қорғаншысы, қамқоршысы, патронат тәрбиелеушісі, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың орнында қамқорлық жасайтын, білім, тәрбие беретін, баланың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдар.

Белсенділік - әлеуметтік және психикалық белсенділігінің түрі: жеке адамның белгілі бір іс-әрекетке бағытталғандығының қарқыны. Тіршілік және іс-әрекеттері барысында адамның қарым-қатынас жасау, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды.

Ерте жастағы бала – ерте жастық шақ кезеңі - балаға жаңа жетістіктер алып келеді, адамға тән психикалық әрекеттердің алғашқы формалары қалыптасады. Алғашқы үш жылда бала ұшыраған сапалы өзгерулер өте маңызды, сол себепті кейбір психологтар (мысалы, Р.Зазза) туылғанынан бастап ересек болуға дейінгі адамның психикалық даму жолының ортасы баланың үш жасы деп белгілейді.

Ерте жастан дамыту – ерте даму дегеніміз – ол, өз баласының қабылетін (3 жасқа дейін) ертерек және тиімді түрде ашып және нығайтуға арналған іс-әрекеттерінің бағдарламасы

Қарым-қатынас /общение/ - субъектілердің өзара әрекеті, онда рационалдық және эмоционалдық ақпаратпен, іс-әрекетпен, тәжірибемен, біліммен, іскерлік пен дағдымен, іс-әрекет нәтижесімен алмасу жүзеге асырылады. Жеке адамның және топтың дамуының қажетті шарты.

Мектепке дейінгі педагогика баланы туғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі тәрбиелеу мен дамыту туралы ғылым

Ойын – адам белсенділігінің көрінісінің формаларының және іс-әрекет түрлерінің бірі. Балалар өзара қатынастарын ересектердің әрекетін және олардың өзара қатынастарын жаңғыртудың тәсілі, сөйтіп қоршаған шындықты таниды. Ойынның түрлері: заттық, ролдік, символикалық, сюжеттік, компьютерлік, т.б..

Таным – санада объективті дүниенің психикалық бейнеленуінің және қабылдауының процесі, нәтижесі ретінде оның мәні туралы жаңа білім б.т.;

табиғаттың және қоғамның заңдарын ашуға бағытталған адамның ерекше іс-әрекеті. Арнайы ұйымдастырылған таным оқу-тәрбие процесінің мәнін құрайды.

Танымдық белсенділік – психикалық белсенділіктің түрі, қызығушылық, зейін, білімге құмарлық, шығармашылық формасында көрініс табады

Ұлттық мәдениет – материалдық және рухани мәдениетке бөлінеді, ол қоғамдық сананың барлық түрлерімен айналысады: құқық, мораль, саясат, дін, ғылым, өнер, философия.

Ұлттық сезім – қоршаған айналаға ерекше қатынас түрі, халықтың қажеттілігімен тығыз байланысты.

Ұлттық мінез – белгілі ұлттық тарихи, экономикалық, мәдени, тұрмыстық, табиғи ерекшеліктеріне негізделген нақты категория.

Ұлттық қатынас – бұл көп ұлтты және бір ұлттық қоғамдардың ішіндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және басқа да қатынастардық синтезі. Олар әр түрлі деңгейде көрініс тауып, дамиды – мемлекетаралық және мемлекетшілік; ұлт ішінде және ұлтаралық, қоғамдық және жекелік.

Ұлттық тәрбие – жалпыадамзаттықты ұлттық пен бірлікте ұштастыратын азаматтарды, ұлт мүшелерін қалыптастыру: мәдениет, тілді білуімен қатар ол қазіргі білімді де меңгеруі тиіс

Халықтық тәрбие – тәрбиелеу аясындағы өмір, болмыс, педагогикалық практика.

Халық педагогикасы – бұл практика жүзінде тексерілген және жинақталған эмпирикалық білімдердің, іскерлік пен дағдының жиынтығы. Ол халық бұқарасының тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің өнімі ретінде, көбіне ауызша түрде бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беріліп отырады. Оның мұрасы халық жасаған ертегілерде, аңыздарда, мақал-мәтелдерде т.б. сақталады

Ынта - адамның белгілі бір таңдаған іс-әрекетке бағытталғандығы.

Ынталандыру – жағымды әрекетті ынталандыру мақсатындағы тәрбиеленушіге педагогикалық әсер ету жолдары.

Іс-әрекет - философиялық, социологиялық және психологиялық категория: бүкіл қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар зерттейтін құбылыс; адамның немесе топтың және дүниенің өзара әрекеті, соның процесінде адам дүниені және өзін-өзі саналы және мақсатты бағытталған түрде өзгертеді.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТАУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

ҚР БжҒМ БҒСБК – Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің білім мен ғылым бақылау комитеті

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

МДҰ – Мектепке дейінгі ұйымдар

МДБ – Мектепке дейінгі білім

МЖДБ – Мектеп жасына дейінгі балалар

ЕЖБД – Ерте жастағы балалардың дамуы

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы

ЮНИСЕФ – Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры

ЕДО – ерте дамыту орталығы

ББ – бала бақша

БТ – бақылау тобы

ЭТ – эксперимент тобы

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстанның әлемдегі озық отыз елдің қатарына ену мен мемлекетте бәсекеге қабілетті, интеллектуалды ұлт қалыптастыру қажеттілігі жағдайында қазіргі үздіксіз білім беру саласына, соның ішінде баланы мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне аса мән беріліп отырғаны мәлім. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауында – «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн. Және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық, қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрбір балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керектігі» - көрсетілген [1].

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында – проблемалар қатарында мемлекет мектепке дейінгі дамудың барлық кезеңдерінің ішінде туғаннан 3 жасқа дейінгі балаларға аз көңіл бөліп отырғаны көрсетілген: «Қазақстандағы 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдерінің орташа көрсеткіштерінен төмен (республикада–16%, ЭЫДҰ–32%). Осы бағдарламада 1-3 жас аралығында «...балалардың танымдық және зияткерлік дамуының, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды меңгеруінің негізі қаланады. Балаларды ерте жастан дамыту проблемаларын кешенді шешу білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларын үйлестіруді және келісілген іс-әрекетін, сондай-ақ ата-аналар қауымдастығын кеңінен қатыстыруды қажет етеді» деп атап өтілген» [2].

Қазақстан Республикасында ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздерінде балаларды табысты әлеуметтендірудің бастапқы мүмкіндіктері өмірлік циклдің бірінші жылдарында қалыптасатындығы айтылған. Балалық шақта тұлғаның ерекшеліктері қалыптасып, оның зияткерлік, эмоциялық және нығайып өсуі қабілеттерін дамыту бағыттары анықталатындығы, - көрсетілген [3].

Ал бұл болса, ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту проблемасын зерттеу қажеттілігін туындатады. Өйткені, жоғарыда айтылғандай ерте жас (1-3 жас) – адам өмірінің ең маңызды әрі жауапты кезеңі болып табылады. Осы жас аралығында адамның әрі қарай дамуын анықтайтын негізгі қабілеттер қалыптасады. Дәл осы кезеңде таным белсенділігі, өзіне, өмірге сенімділік, адамдармен қарым-қатынас, шығармашылық мүмкіндіктер, жалпы өмірлік белсенділік және т.б. басты қасиеттер қалыптасады. Оның үстіне технологиялар мен технократтық ілімдер дамуы барысында заманауи

талаптарға сай баланың танымдық, шығармашылық белсенділігі ерте жастан басталуы тиіс.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымының (ЮНЕСКО) «Барлығына арналған білім беру» тақырыбындағы баяндамасында да балаларды оқытуды туғаннан бастау қажеттігі алдыңғы орынға қойылған. Сондай ақ, 1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Бала құқықтары туралы Конвенциясында ертеден оқытудың қажеттілігі негізделгенін ескерсек, ерте жастағы балаларды дамыту мәселесінің теориялық негіздерін зерттей түсудің қажеттілігі артады [4].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласында, ұлттық жаңғыру ұғымы ұлттық сананың кемелденуін білдіретіндігі айтылған. Сондай-ақ, осы мақалада қазақ халқының «ұлттық салт-дәстүрі, тілі мен музыкасы, әдебиеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалуға тиістігі» атап өтілген. Ал бұл болса, балалардың ұлттық санасын дамытуға ықпал ететін қазақ халық шығармашылығын, олардың бойына ерте жастан сіңіру қажеттілігін көрсетеді [5].

Қазақ халық шығармашылығы құралдары – ауыз әдебиеті (ертегілер, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар), сәби ғұрыптық жырлар, ұлттық би қимылдары, ойын фольклоры, қолөнерінің түрлері және т.б. ерте жастағы балалардың қабылдау, қиял, зейін, жады, ойлау психикалық құбылыстарына, сөйлеу коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуіне, тілін дамытуға тез ықпал етіп, олардың танымдық белсенділігін арттырады. Өйткені қазақ халық шығармашылық құралдарының бай табиғаты, бар болмысы балалардың заттар мен құбылыстар, адами қатынас, отбасы, табиғат, өмір және т.б. туралы білімдерді олардың сөйлеу, айту, ойнау, билеу, сипап-сезу, ұстап көру, жасай алуы арқылы жүзеге асуына мүмкіндіктер береді. Әсіресе, халық шығармашылығы құралдары ерте жастағы балалардың «қажетсінуден-күштарлыққа, күштарлықтан байқауға, байқаудан-білуге, білуден-үйренуге, үйренуден-жасап көру» сұраныстарын қанағаттандырып, танымдық әрекеттерін белсендіреді. Қазақ халық шығармашылығының құралдары бір жағынан ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін арттыруға әсер етсе, екінші жағынан олардың тұлғалық ерекшеліктерінің ұлттық негізде қалыптасуына ықпал етеді. Олай болса, қазақ халық шығармашылығының түрлерін ерте жастағы балалардың ерекшеліктеріне сәйкес саралап, жіктеп, олардың осы бағыттағы мүмкіндіктерін анықтап, пайдаланудың жолдарын айқындап практикаға енгізу қажет.

Әрине баланың танымдық белсенділігін дамыту мәселелерін қарастыру бұрынғы кезеңнен-ақ, сонау ежелгі грек философтарынан (Аристотель, Платон, Сократ және т.б.) бастау алады.

Ұлы ғұлама ойшылдары (әл-Фараби, Ю.Баласағұни, А.Йүгнеки және т.б.) адамның танымын дамыту арқылы ғана оны бақыт жолына жетелеуге болатындығын айтады. Ал қазақтың ағартушылары Абай Құнанбаев қырық

үшінші қара сөзінде «баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, өзінің із-түссіз жоғалып, жойылып кететінін» айтады. Ы. Алтынсарин таным әрекетінің негізін – оқу, білімнен іздестіреді.

Педагог классиктер Я.А.Коменский 1663 жылы «Ұлы дидактика», И.Г.Песталоцци 1703 жылы «Гертруда өз балаларын қалай оқытты?» еңбектерінде мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларын ұсынды.

Ерте жастағы балалардың психологиялық және физиологиялық дамуының теориялық негіздері В.С.Мухина, М.Щелованов, Н.Л.Фигурин, Н.М. Аксарина, Е.И.Радина, Ж.И.Намазбаева және т.б. еңбектерінде негізделген.

Балаларды ерте жастан дамытудың теориялық негіздері, соның ішінде балаларды дамыту орталықтарында, балалар үйінде, қосымша білім беру мекемелерінде тәрбиелеу (Н.И.Кузьмина, Р.И.Яфизова, Н.В.Володько және т.б.), ерте жастағы балаларды әлеуметтік бейімдеу (С.В.Паршукова, С.В.Королева және т.б.), эмоционалдық қарым-қатынастарын дамыту (Н.Н.Искра, Л.А.Максимова, О.М.Вотинова және т.б.) сенсорлық дамыту (Ю.М.Хокрикова және т.б.), тілін дамыту (О.А.Горлова, Р.Р.Орлянская және т.б.), музыкалық-эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру (А.Ю.Хилиль, Р.А.Матвеева, М.Г.Кайтанджян және т.б.), танымдық аясын дамыту (О.П.Рожков) мәселелері зерттелген.

Мектепке дейінгі балалардың (5-6 жас) тәрбиесінде халық фольклорын пайдалану мәселесі Э.А.Музенитова, О.В.Акулова, М.Н.Братухина, Г.Н.Пивнева және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Білім алушының танымдық белсенділігін дамыту мәселесі қазақстандық ғалымдар зерттеулерінде де зерделенген. Белгілі психолог-ғалымдар Ә.Алдамұратов, Қ.Б.Жарықбаев, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, А.Темірбеков, Ж.Ы.Намазбаева Г.А.Урунтаева, М.А.Перленбетов және т.б. зерттеулерінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуы және оқыту үдерісіндегі жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетін белсендірудегі психологиялық ерекшеліктер қарастырылған. Педагогикалық зерттеулерде бастауыш сынып оқушыларының (Т.С.Сабыров, Т.И.Қоқымбаева және т.б.), орта сынып оқушыларының (Б.Т.Абыканова, А.К.Сариева және т.б.), жоғары сынып оқушыларының (М.М.Коккоз, Мустояпова А.С. және т.б.), студенттердің (Ж.Е.Қараев, А.Е.Абылкасымова және т.б.) танымдық белсенділігін дамыту мәселесі де жан-жақты қарастырылған.

Сондай-ақ отандық ғалымдар еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балаларды (5-6 жас) оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне қатысты бірқатар мәселелер теориялық тұрғыдан негізделген. Мәселен, балалардың тілін дамыту (Р.Аралбаева, А.Бакреденова, К.Метербаева); ойын әрекетін дамыту (М.Турскельдина, Т.Иманбеков); айналамен таныстыру, экологиялық тәрбие беру және денсаулығын нығайту (А.Манкеш, Р.Керімбаева, Н.Сайлауова, Ш.Сұлтангазиева), рухани-адамгершілікке тәрбиелеу (Р.Сыздық, М.Асылбаева, А.Казетова), еңбекке тәрбиелеу (Г.Меңлібекова, С.Жиенбаева, Ш.Сапарбаева),

баланы мектепке дайындау (К.Сейсенбаев, М.Сәтімбекова, Ж.Рысбаева, Ғ.Таубаева және т.б.) мәселелері зерделенген.

Халық шығармашылығының мүмкіндіктерін бала тәрбиесінде пайдалануды тек бүгінгі күннің мәселесі деп қарауға болмайды. Ол қайсібір кезеңдерде болмасын педагогика ғылымының зерттеу объектісінен түскен емес. Оның озық үлгілерін өскелең ұрпақ тәрбиесінде пайдалану қажеттігін кезінде көптеген алыс және жақын шетел мемлекеттерінің педагогтары (Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, Н.А.Добролюбов, В.Г.Белинский, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко), қазақ даласының ойшылдары (Әл-Фараби, Қорқыт ата, Ю.Баласағұни, М.Қашқари, А.Яссауи), қазақ ағартушылары (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев және т.б.) еңбектерінде көрініс тапқан. Қазақ халық шығармашылығының тағылымдық әлеуеті ғалымдардың іргелі (Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, К.Қожахметова, Ж.Наурызбай, Р.Төлеубекова, Ұ.М.Әбдіғалпбарова және т.б.) және қолданбалы (А.Мұхамбаева, Е.Сағындықов, А.Айтбаева және т.б.) зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған.

Халықтың ауызекі шығармашылығы тарихшылар, этнографтар, философтар, өнертанушылардың еңбектерінде (М.О.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Қасқабасов, А.Жұбанов, Б.Қазыханова, Р.Исламжанұлы және т.б.) көрініс тапқан. Осы тұрғыдан филология ғылымы тұрғысынан жазылған А.Т.Мамбетованың еңбегі қызыушылық тудырады. Бұл еңбекте балалар фольклорының мазмұны мен жанры талданып, сипатталған.

Бастауыш сынып оқушыларына қазақ халық ауызекі шығармашылығы (Г.Ә.Мұратбаева, С.Қ.Әбілдина, А.Ж.Едігенова, З.Т.Көкшеева), музыкалық шығармашылығы (Ж.Ақпарова, М.Оразалиева), сәндік-қолданбалы өнері (С.Жолдасбекова) негізінде адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру мәселелері де қарастырылған.

Мектеп жасына дейінгі балаларды (5-6 жас) оқыту мен тәрбиелеуде халық шығармашылығын, соның ішінде қазақ фольклорын (Ә.Әмірова, Н.Ә.Нұрмұхамедова), салт-дәсүрін (Ш.С.Сапарбаева), сәндік-қолданбалы өнерін (Т.Левченко, Ф.Жұмабекова), ұлттық ойындарды (А.Айтбаева, Ұ.Т.Төленова, Б.М.Меңдалиев) пайдалану мәселелері негізделген.

Қазақстандық ғалымдар арасынан ерте жастағы балалардың даму мәселесін зерттеген ғалымдар - Н.Құлжанова (қол еңбегіне үйрету), М.Лексина (шала туылған балалардың дамуы), Б.Баймұратова (сөздік қорын байыту), Р.Каримова (нейрофизиологиялық дамуы бұзылған балаларды, алдын ала ерте жасынан түзету жолдары).

Қазіргі уақытта «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасы» міндеттерін жүзеге асыруда республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының білім беру үдерісінде «Алғашқы қадам», «Балбөбек», «Тәй, тәй балапан» және т.б. білім беру бағдарламалары қолданылуда.

Дейтұрғанмен, жоғарыда көрсетілген еңбектерге жасаған талдау ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы

құралдарымен дамыту мәселесінің зерттелмегенін көрсетті. Проблеманың өзектілігін талдау мектепке дейінгі ұйымдарда ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытуда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында оның теориялық және тәжірибелік-эксперименттік негізделуі арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетті, атап айтқанда:

- ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту қажеттігі мен оның теориялық негіздерінің зерттелмеуі;

- ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуда қазақ халық шығармашылығы мүмкіндіктерінің жоғары екендігі мен оның практикада жеткіліксіз пайдаланылатындығы;

- ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуда қазақ халық шығармашылығы құралдарын пайдалану қажеттілігі мен оны пайдалану бойынша кешенді бағдарламаның жетіспеушілігі және оны жүзеге асыру формаларының, тиімді әдіс-тәсілдерінің толық зерттелмеуі.

Осықарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру біздің зерттеу проблемамызды айқындауға және тақырыпты «Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытуды теориялық негіздеу, моделін, эксперименттік бағдарламасын жасау және оның тиімділігін тәжірибеде тексеру.

Зерттеу нысаны: мектепке дейінгі ұйымдарда ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту үдерісі

Зерттеу пәні: ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың теориялық негіздері айқындалса, моделі мен оны жүзеге асырудың эксперименттік кешенді бағдарламасы жасалып, оның тиімділігі тәжірибеде тексерілсе, онда ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігі артады, өйткені қазақ халық шығармашылығының айтуға жеңіл ауыз әдебиеті үлгілері, қимыл-қозғалысқа икемді би элементтері, ойы мен денесін дамытатын ойын түрлері, дүниетанымға ықпалы мол қолөнер туындылары олардың қоршаған ортасын тануға құштарлығын арттырып, тілі мен ойын дамытуға тікелей ықпал етеді.

Зерттеудің міндеттері

- «ерте жастан дамыту», «ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі» ұғымдарының мәнін нақтылау;

- қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктерін анықтау және педагогикалық жіктемесін жасау;

- ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құру;
- ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың кешенді бағдарламасын жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: қазақ халық шығармашылығы құралдарын бүгінгі таңда ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуда мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен өзара бірлестікте шығармашылықпен пайдалану рухани жаңғыру жағдайында балалардың тұлғасын ұлттық негізде қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: тұлғаны дамыту, таным, танымдық белсенділікті дамыту теориясы, жалпы адамзаматтың адамгершілік пен ұлттық құндылықтардың диалектикалық бірлікте болуы туралы философиялық және психологиялық-педагогикалық ғылымның қағидалары, қазақ халық педагогикасының тұжырымдамалары, мектепке дейінгі білім беру мазмұны мен әдістемесіне қатысты теориялар.

Зерттеу көздері. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Жолдауы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің» стандарты, Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010- 2020 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасы, Ерте жастағы (1 жастан бастап 3 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасы, зерттеу мәселелері бойынша философтардың, педагогтардың, психологтардың, фольклортанушылардың, өнертанушылардың ғылыми еңбектері.

Зерттеу кезеңдері. Ғылыми-зерттеу жұмысы бір-бірімен өзара байланысты үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңде (2014-2015жж.) зерттеу мәселесінің тақырыбы нақтыланып, ғылыми аппараты мен теориялық негізі анықталды. Философиялық, филологиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге және мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арналған бағдарламаларға, отандық, жақын және алыс шет елдік ғылыми зерртеулерге талдау жасалды. Ғылыми мақалалар дайындалып, басылым көрді. Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың теориялық негіздері айқындалып, қазақ халық шығармашылығы материалдары жинақталып, талданды, педагогикалық жіктеме жасалды. Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың моделі құрылып, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды.

Екінші кезеңде (2015-2016жж.) ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамуының деңгейі анықталып, педагогикалық эксперимент жұмыстарының мақсат-міндеттері, мазмұны айқындалды. Ерте

жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығымен дамытудың кешенді бағдарламасы жасалды, тәжірибелік-эксперименттің қалыптастырушы кезеңі жүргізілді. Қазақ халық шығармашылығы құралдарымен ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер сұрыпталды. Бағдарламаның тәжірибелік-эксперимент жүзінде тиімділігі дәлелденді. Зерттеу мазмұны бойынша ғылыми мақалалар жарияланды.

Үшінші кезеңде (2016-2017 жж.) диссертация материалдарын өңдеу жүзеге асырылып, эксперименттік жұмыс барысында алынған барлық мәліметтердің нәтижелері қорытындыланды. Зерттеу нәтижелері талқыланып, статистикалық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Диссертация материалдары талапқа сай рәсімделді.

Зерттеу әдістері: теориялық әдістер - философиялық, филологиялық, өнертанушылық, этнографиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, ғалымдардың еңбектерімен, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, саралау, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арналған бағдарламаларды талдаумен танысу. Эмпирикалық әдістер - сауалнама, бақылау, әңгімелесу, диагностикалық әдістер, педагогикалық эксперимент, жинақтау, қорыту және нәтижелерді статистикалық өңдеу.

Зерттеудің базасы: Алматы қаласының «FasTracKids» халықаралық балалар академиясы, №105 бала-бақшасы

Ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі

- «ерте жастан дамыту», «ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі» ұғымдарының мәні нақтыланды;

- қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктері анықталды және педагогикалық жіктелімі жасалды;

- ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылды;

- ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың кешенді бағдарламасы жасалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: диссертациядағы теориялық тұжырымдар, зерттеу нәтижелері мен қорытындылары, осы мәселе бойынша келешекте жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз болады; жұмыстың материалдары болашақ бала-бақша тәрбиешілері үшін де көмекші құрал ретінде практикалық қызығушылығын арттыруы мүмкін; қазақ халық шығармашылығы негізінде жасалған ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың кешенді бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына мената-аналарға арналған әдістемелік көмекші құрал бола алады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- «Ерте жастан дамытуда біз - баланың туғаннан 3 жасқа дейінгі аралығында дене, ақыл-ой тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру». Дене тәрбиесі –

баланың физиологиялық (бойы, салмағының өсуі, денсаулығы, еңбек әрекеті) дамуын жүзеге асырады. Ақыл-ой тәрбиесі – психикалық үйлесімді дамуын (сенсорлық, эстетикалық, адамгершілік және т.б. сезімдерін, ой-өрісін, белсенділігін)» қамтамасыз етеді. Ал бұл болса, осы жас аралығында баланың танымдық белсенділігін дамыту қажеттігіне негіз болады. Ерте жасар баланың белсенділігі қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынастағы әрекетінің көрінісі, ал «Ерте жасар баланың танымдық белсенділігі дегеніміз оның жаңаны қажетсіну, құштар болу, байқау, білу, үйрену, жасау әрекеттерінің көрінісі».

- «Халық шығармашылығы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, еліктеп үйрену және басқа да тәсілдермен беріліп отырған туындылардың жиынтығы». Қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуға арналған педагогикалық жіктемесі төрт топқа топтастырылып ауыз әдебиеті, музыка, ойын, көлөнер түрлерінен тұрады. Осы педагогикалық жіктеменің ерекшеліктері болып балалардың ерте жас аралығы, аталған шығармашылық түрлерінің осы жастағы балалардың тәрбиесі мазмұнына, психикалық үдерістерінің дамуы, танымдық белсенділігін дамыту мүмкіндіктері табылады.

- Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігін дамыту моделі өзара тығыз байланыстағы тұжырымдамалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, бағалаушылық құрамдас бөліктерден тұрады. Аталған дамудың бағалау компоненттерін қажеттілік-құштар болу, байқап-білу, үйреніп-жасау құрайды. Оларға сәйкес өлшемдері болып қазақ халық шығармашылығына тұрақты танымдық қызығушылық, қазақ халық шығармашылығын танып-білуге эмоционалдық жағымды қатынасы, қазақ халық шығармашылығы түрлерін білуге, үйренуге, жасауға ерік-жігерінің болуы, оны іс-әрекетте көрсетуі табылады. Деңгейлері құштарлық белсенділік, талпынысты белсенділік, саналы белсенділік болып анықталды.

- Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігін дамыту бағытындағы «Сәби танымы» кешенді бағдарламасы үш бағытты қамтиды: 1) Ерте жастағы балаларды тәрбиелейтін педагогтардың біліктілігін арттыруға арналған дәріс-семинарлар; 2) Ерте жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-аналармен бірлестіктегі жұмыс; 3) Ерте дамыту орталықтарында балалардың танымдық белсенділігін дамытудың оқу-ойын іс-әрекеттерін ұйымдастырудың тақырыптық жоспары және іс-шаралары.

- Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігін дамыту аталған үш бағытты қамтитын бағдарлама мазмұнын (формалары, әдістері, құралдары) кешенді пайдаланғанда ғана нәтижелі болады.

Зерттеуді сынақтан өткізу. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды:

1. Қазақ халық педагогикасындағы отбасы тәрбиесінің педагогикалық негіздері. ҚазМемҚызПУ. «Қазақстандағы және әлемдегі мектепке дейінгі білім беру»: Тәжірибе, қазіргі жағдайы және болашағы» (профессор

А.К.Меңжанованың 80-жылдығына арналған) атты ХҒПК материалдары, Алматы, 7-8 қараша, 2014ж. 57 бет.

2. Ерте жастағы балаларда танымдық қызығушылығын дамытуда халық ертегісінің ролі. Эль-Фараби атындағы ҚазҰУ. Академик Т.Тәжібаевтың 106 жылдығына арналған жыл сайынғы «Тәжібаев оқулары» аясындағы «Мәңгілік ел жағдайындағы Қазақстандағы психология ғылымының қазіргі жай-күйі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары, Алматы 23 ақпан, 2016ж. 25 бет.

3. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Абай атындағы ҚазҰПУ. Филология институты. «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде». Жас ғалымдарға арналған VIII халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, 8 сәуір 2016ж. 132 бет.

4. Дошкольное образование это фундамент всей образовательной системы «PRESCHOOL EDUCATION IS A FOUNDATION OF ALL EDUCATIONAL SYSTEM». Международная научно-практическая конференция "Задачи мировой науки на 2015 год" (ОАЭ, Дубай). 24-25 января, 2015 г. 95 стр.

5. Ерте жастағы балаларда таным белсенділігін дамытуда табиғи ортаның ролі. I Международной научно-практической интернет-конференции «Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации». Государственное высшее учебное заведение «Переяслав-Хмельницкий государственный педагогический университет имени Григория Сковороды». Украина, Киев. 21-22 февраля 2015 г. 221 стр.

6. Отбасы тәрбиесі – барлық тәрбиенің негізі. III Международной научно-практической интернет-конференции «Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации». Государственное высшее учебное заведение «Переяслав-Хмельницкий государственный педагогический университет имени Григория Сковороды». Украина, Киев. 2-3 мая 2015 г. 146 стр.

7. Раннее развитие лидерских качеств детей путем коммуникационного контакта со взрослым. «Научная дискуссия: Вопросы педагогики и психологии». Сборник статей по материалам XLVIII международной научно-практической конференции. Часть II. № 3 (48), 110 стр. Москва, Март 2016 г.

Жарияланымдар. Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша барлығы 12 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 3 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 - Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 3 - халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 4 - алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларда жарияланды.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлданыуы, тәжірибеге ендірілуі философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі қағидаларды басшылыққа алуымен, теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуімен, зерттеу мақсатына сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдануымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының

мақсатқа сәйкестілігімен, нәтижелерін өңдеуімен және алынған деректерді талдау қорытындысымен қамтамасыз етілді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі, ғылыми аппараты: мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, кезеңдері, әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар мен зерттеуді сынақтан өткізу жолдары ашып көрсетіледі.

«Ерте жастағы балалардың қазақ танымдық белсенділігін халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге, отандық және алыс-жақын шет елдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау негізінде мәселенің ғылыми-теориялық негіздері анықталды. Ерте жастағы балалардың жас кезеңі аралықтары талданды. Ерте жастағы балалардың физиологиялық және психикалық ерекшеліктеріне талдау жасалып, «ерте жастан дамыту» ұғымы нақтыланды. «Белсенділік», «танымдық белсенділік» ұғымдарын талдау нәтижесінде «ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігі» ұғымына анықтама берілді. Қазақ халық шығармашылығы негізінде ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту мүмкіндіктері анықталып, педагогикалық жіктемесі жасалды. Аталған дамытудың моделі құрылып, мақсат, міндеттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалды.

«Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны мен оның нәтижелері» атты екінші тарауда ерте жастағы балаларды қазақ халық шығармашылық құралдарымен дамытудың кешенді бағдарламасы жасалып оның мазмұны беріледі. Аталған кешенді бағдарламаның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, оның мазмұны мен динамикасы, нәтижелері баяндалады. Ұсынылған болжамның дұрыстығы дәлелденіп, зерттеудің алға қойылған мақсаты мен міндеттері шешімін тауып, жүзеге асырылды.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, әдістемелік ұсыныстар беріледі, ғылыми-теориялық және эксперименттік жұмыстардың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен мәселенің болашағын айқындайтын тәрбиеші педагогтарға арналған зерттеу перспективасы ұсынылады.

Қосымшада зерттеу барысында жүйеленген кестелер, пайдаланылған диагностикалық материалдар беріледі.

1 ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ДАМУТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері

Баланы ерте жастан дамыту мәселесі ежелгі грек философтарының еңбектерінен бастау алып күні бүгінге дейін шетелдік және отандық психология, педагогика ғылымында, соның ішінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласында өзекті зерттеу мәселесіне айналып отыр. Өйткені адамның тұлғалық дамуының бастауы, соның ішінде танымдық іс-әрекеттерінің негіздері туғаннан үш жасқа дейінгі аралықта қалыптасады. Бұл ойымызға ұсынылып отырған параграфта талдау жасалатын ұлы ойшылдардың, ғалымдардың баланың физиологиялық, психикалық дамуына қатысты айтқан ой-тұжырымдары негіз болады.

Платон, Аристотель балалық шақтың ерте кезеңіне басым назар аудармағанымен, қоғамда бала тәрбиелеуде осы кезеңді босқа жоғалтқан уақыт деп санайды, олар осы ойларын ерте жастағы балаларды қоғамда тәрбиелеудің жүйесі жоқ екенімен дәлелдейді [6,7].

Оған Аристотельдің «...7 жасқа дейін физикалық тұрғыдан баланың дамуына шынығуына, дұрыс тамақтануына, таза жүруіне отбасында көңіл бөлінеді. Балалар өз жасына сай ойындармен айналысу керек, оларға әңгімелер мен ертегілер тыңдау пайдалы, балаларға сөйлеуді үйреткен жөн...» деп айтқан сөздері дәлел бола алады. Ол «...5 жастан 7 жасқа дейін «балалар кейін өздері оқып-үйренетін сабақтарға қатысу керек» екендігін көрсетіп, отбасылық тәрбие мемлекеттік шенеуніктердің бақылауында болуын және ата-аналардың бала тәрбиесімен тікелей айналысуын талап етті [8].

Ренессанстық дәуірдегі итальяндық гуманистер Л.Аберти, Ф.Барбаро, М.Пальмиери де кішкентай баланың өте маңызды қасиетін дамыту ересектерден талап етілетінін, бірінші кезекте олардың анасына биологиялық және эмоционалдық тәуелді екендігін көрсетеді. Осы итальяндық гуманистердің тұжырымдауынша, балалардың көпшілігі қабілетті, олардың «жақсылық шыңына жетуіне» мүмкіндік беретін жақсы табиғи бейімділікпен туады. Осылайша, табиғатқа тән қасиеттерді дамыту және өте ерте жастан бастап жаман қасиеттерді түзету сияқты тәрбиелеу бірінші орынға шығады [9].

Сондай-ақ, олар адамның белсенділігінің дамуы, өмірінің барлық мезгілінде, барлық кезеңінде шешуші фактор болып табылатындығын айтады. Ғалымдар таным белсенділігін дамыту проблемаларын түрлі теориялық дереккөздер арқылы әртүрлі негізде көрсетеді [10].

Я.А.Коменский бала туғаннан 6 жасқа дейін (балалық шақ) ана мектебінен өтуі тиістігін негіздеді. Олардың қоршаған табиғат және қоғамдық өмір туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, олардан алатын әсерлерін дамыту, ұстамдылыққа, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке, тыңдай білуге, әділдікке,

шынайылыққа, адамдарды жақсы көре білуге тәрбиелеу, дінге баулу тиістігіне мән берді [11].

Жан-Жак Руссо баланың туғаннан 2 жасқа дейін дене тәрбиесімен айналысу керектігін (омырау сүтімен қоректендіру, баланың еркін қозғалуы, шынықтыру), баланың 2-12 жас (әлі қисынды ойлай алмайтын кезеңі) аралығында сезім мүшелерін дамыту қажеттігін, өйткені сенсорлық тәрбие ақыл-ойдан бұрын жүретінін айтады. Осыған байланысты ол баланың жеке ойын дамытуға, оқуына, денсаулығын нығайтуға көңіл бөлу керектігіне тоқталады [12].

Баланы ертеден дамыту керек деген ойлар классик педагогтардың еңбектерінде де көрініс тапқан. Мәселен, А.С.Макаренконың «баланы туа салысымен тәрбиелеу керек» - дейтін қағидалары да, адамның барлық қабілеттері, оның физиологиялық, психикалық даму кезеңдерінде жетілетіндігіне негізделген [13].

Баланы туғаннан тәрбиелеу туралы ойлар түркі ғұлама ойшылдарының да, қазақ ағартушыларының да еңбектерінде тыс қалмаған. Әл-Фараби: «оқыту — тіл ұстарту, білім беру арқылы, үйрету жолымен, ал тәрбиелеу — сарамандық жұмыс пен тәжірибе арқылы жүзеге асырылады. Білім адамды қуаныш пен бақытқа кенелтеді, дүниені танып-біле отырып, адам оның әсемдігі мен бітім-болмысына қанығады. Ғылым-білімді, әр алуан қолөнер дағдыларын игеруге, үлгілі адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына қажырлы еңбек, оқыту, тәрбие берумен қатар өзін-өзі тәрбиелеу, күшті ерік-жігер арқылы жетуге болады», - деп айтып өтсе, А.Құнанбаев туғаннан баланың тәні мен жанын тәрбиелеу қажеттілігін (тән құмары, жан құмары) айтқан [14,15].

М.Жұмабаев да А.Құнанбаевтың осы ойын өрбітіп, «бастапқы кезде жөпшенді білінбейтін баланың жан дүниесі ол өскен сайын бірте-бірте біліне бастайды. Сондықтан баланың дене тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар алып жүру қажет» екендігін көрсеткен [16].

Осы ойды Ж.Аймауытов та айтады: «Баланы бір нәрсеге үйрету үшін, я пайдалы дағдыны қондыру үшін баланың сүйегіне біткен икемі сыртқа шығып біліне бастаған шақ екені өзінен-өзі көрініп тұр. Олай болса, баланың бір іске құлшынататын дер шағы қалай білінді, солай дене күшін машықландыратын істерді көбірек беріндер. Мейлі шапшаң есептеу, санау болсын, мейлі өлең жаттау, мейлі сурет салу, мейлі өсімдік жинау болсын, қысқасы, неге талпынса, соны істеу керек»[17].

Жалпы, балаларды ерте жастан дамыту мәселесінің арнайы зерттеу объектісі тұрғысынан басым зерттелуі ХХғасырдың 80-нші жылдарынан бастап қауырт өрбіді. Оған *1-кестеде* келтірілген зерттеулер дәлел бола алады. Солардың біріне тоқталатын болсақ, мәселен Н.М.Аксарина өз еңбегінде баланың туғаннан 3 жасқа дейінгі физиологиялық, психикалық даму ерекшеліктерін негіздейді: «Баланың салмағы артып бойы тез өседі. Жалпы организмнің қызметі, оның ішінде жоғары нерв жүйесі мен үлкен ми сыңарлары қыртысының қызметі тез дамиды. Сезіну, қабылдау, ақыл-есі, көңіл бөлуі, ойлауы сияқты баланың психикалық дамуы күшейеді. Есінде сақтаудың дамуы алғашқы шартты рефлексінің пайда болуынан басталады. Бала туыстары (4-6

айда), таныс заттарын ерте таниды, ойнағанда бұрын көргендерін есіне түсіреді. Ойыншықты қолына ұстап үйрену (4,5-5 ай). Айтылған сөзді сезіну (6-7 ай), мида екінші сигналдық жүйе пайда болады. Көрген нәрсеге еліктеу (9-10 ай)» [18].

Ол әрі қарай «Бір жасқа толғанда ғана алғашқы бір сөздітолық айта алатын бала 3 жасқа толғандақұрмалас сөйлем құрастырып айтатын болады, сөздік қоры 1200-1300 сөзге дейін жетеді. Нерв жүйелері тез шаршайды, шыдамсыз, төзімсіз болады. 1 жасқа толған баланы ойлау қабілеті дами бастайды. Жинақтап қорыту қабілеті дамиды. Қабылдау жоғары дәрежесіне жетеді. Заттарды айыра алады. Жеке әрекеттер жасайды, оларды бірте бірте байланыстыра бастайды (1 жас 4 ай – 1 жас 5 ай). Затпен ойнау 2 жасар баланың негізгі қызметі. 2,5-3 жас бейнелеу іс-әрекеті пайда болады. Алғашқы 3 жасында балалардың өсіп-дамуы тез өтеді» деп эксперимент негізінде дәлелдейді [18, б. 138].

Кесте 1– Ғалымдардың баланы ерте жастан дамыту мәселесіне арналған зерттеулері

Авторлар	Зерттеу тақырыбы	Қорғау жылы
1	2	3
Аксарина Н.М.	Ерте жастағы балаларды тәрбиелеу	1981
Гизатуллина Д. Х.	Ерте онтогенезде танымдық функцияларды қалыптастыру	1984
Ривальта Ф.	Пәндік іс-әрекеттер арқылы ерте жастағы балалардың мотивациясын қалыптастыру	1985
Герасимова Е. Н.	Екі, үш жастағы балаларда өзін-өзі қамтамасыз ету бойынша жұмыс процестерін қалыптастыру.	1990
Уханева Е.В.	Тепе-теңдік функциясын дамыту негізінде жас балалардың дене шынықтыруын ұйымдастыру	2002
Демиденко А. М.	Ата-аналармен өзара әрекеттесу негізінде ерте жастағы балалардың дене шынықтыру тәрбиесінің ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілері	2003
Кайтанджян М. Г.	Ерте эстетикалық даму топтарындағы балалардың педагогикалық диагностикасы: музыкалық және шығармашылық іс-әрекетте	2004
Рожков О.П.	Ерте жастағы және кіші мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық саласының даму ерекшеліктері	2004
Болуева О.Ю.	Балалар үйіндегі балаларды ерте жастан дамыту	2006
Яфизова Р.И.	Мектепке дейінгі білім беру мекемесі жағдайында үш жастағы балалармен педагогикалық өзара әрекеттесу әлеуетін дамыту	2006
Искра Н. Н.	Ерте жастағы балалардың эмоцияларын бер-әлпеттерінен тану.	2006
Милькевич О. А.	Бала өмірінің алғашқы жылда дамуын әлеуметтік-педагогикалық қолдау	2006
Максимова Л.А.	Ерте жастағы балалар топтарында эмоционалды даму ортасын құрудың педагогикалық шарттары	2007

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Паршукова С. В.	Ерте жастағы балаларды отбасылық қатынастар жағдайында әлеуметтік-психологиялық бейімдеуге мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының әсері (МДББҰ)	2007
Селина В. В.	Мектеп жасына дейінгі білім беру мекемелерінде ерте жастағы балалар ата-аналарының педагогикалық құзыреттілігін дамыту	2009
Минулина Н. А.	Ерте жастағы балаларға арналған қосымша білім беру мекемелерінде этнопедагогиканың тәрбиелік-дамытушылық әлеуетін жүзеге асыру	2009
Куделина Е. М.	Педагогикалық колледж студенттерін ерте жастағы балалармен жұмыс істеуге дайындау	2009
Меняйлова И. Н.	Отбасының және мектепке дейінгі білім беру мекемесінің өзара әрекеттестігі негізінде жасөспірімдердің дене тәрбиесі арқылы қозғалуы және психикалық дамуы	2009
Орлянская Р. Р.	Балалар үйіндегі ерте жастағы балалардың сөйлеу белсенділігін дамытудың педагогикалық шарттары	2010
Хохрякова Ю. М.	Ерте жастағы балаларға сенсорлық білім беру технологиясы	2010
Володько Н.В.	Балаларды дамыту орталығының психологиялық-педагогикалық кеңістігін ұйымдастырудың психологиялық шарттары	2010
Королева С.В.	Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ерте жастағы балаларды әлеуметтік бейімдеу үрдісін әлеуметтік-педагогикалық жобалау	2011
Хилиль А.Ю.	Дидактикалық ойын 2-3 жастағы балалардың музыкалық және эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру құралы ретінде	2011
Кузнецова Г. Н.	Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қысқа мерзімді демалыс тобында ерте жастағы балаларды әлеуметтік дамытуды педагогикалық қолдау	2012
Горлова О.А.	Ерте жастағы балалардың коммуникативті және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	2012
Гореликова Г.А.	Балаларды дамыту орталығы мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетін басқаруды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары	2013
Короткова Т.В.	Ерте даму студиясында ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары	2013

Н.М.Аксарина ерте жастағы баланың дамуы ерекшеліктері негізінде бір жасқа толғанда алғашқы бір сөзді толық айта алатын бала 3 жасқа толғандақұрмалас сөйлем құрастырып айтатын болады, сөздік қоры 1200-1300 сөзге дейін жететіндігін айтады. Сондай-ақ, ол осы жас аралығында балалардың «нерв жүйелері тез шаршайды, шыдамсыз, төзімсіз болады. *1 жасқа толған балады ойлау қабілеті дами бастайды. Жинақтап қорыту қабілеті дамиды. Қабылдау жоғары дәрежесіне жетеді. Заттарды айыра алады. Жеке*

әрекеттер жасайды, оларды бірте бірте байланыстыра бастайды (1 жас 4 ай – 1 жас 5 ай). Затпен ойнау 2 жасар баланың негізгі қызметі. 2,5-3 жас бейнелеу іс-әрекеті пайда болады. Алғашқы 3 жасында балалардың өсіп-дамуы тез өтеді» деп негіздейді [18, б. 48].

Осы айтылғандар негізінде ол 1-3 жас аралығындағы балалардың тәрбиесінде басым назар аудару керек тұстарын айтады: «Баланың жеке қимыл-әрекетін арнайы жолға қоюды дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде оның әр нәрсеге көз тоқтатып, көңіл бөлуін тұрақтандыруға, тілі шығуын ертерек жетілдіруге болады. Толық жарамды сенсорлық дамуды қамтамасыз ету, ақыл-ойлылыққа тәрбиелеу, байқағыштық қабілетін дамыту, көңіл қою, есте сақтауға тәрбиелеу, сөйлеуін, есту қабілетін дамыту,—3 жасқа дейінгі балалар тәрбиесіндегі ең маңызды міндеттердің бірі.»[18, б. 145].

1-кестеден көрініп тұрғандай жақын шет елдерде ерте жастағы балалардың дамуы мәселесі бұрыннан қарастырылып келгенмен, өткен ғасырдың 80-нші жылдарынан бастап, оны әр түрлі медицина, психология, педагогика ғылымдары саласынан арнайы зерттеуге басым көңіл бөлінген. Осы еңбектерде ерте жастағы балалардың физиологиялық, психикалық дамуы ерекшеліктері, ерте дамыту орталықтары мен қосымша білім беру мекемелерінде олардың сөйлеуін қалыптастыру, эмоциялық аясын, танымдық аясын дамыту, эстетикалық тәрбие беру, осы жастағы балаларды дамыту мен тәрбиелеуде инновациялық әдістерді қолдану, балалардың өзара және ата-аналарымен әрекеттестігі, сенсорлық дамыту және оларды тәрбиелеуге болашақ мамандарды тәрбиелеу мәселелері қарастырылған. Атап айтқанда, М.П.Малиновская ерте жастағы балаларды қосымша білім беру мекемелерінде тәрбиелеудің педагогикалық шарттарын анықтаған болса, [19], Т.В.Брагина ерте жастағы балаларды отбасында тәрбиелеуді [20], Ш.А.Абдуллаева ерте жастағы балаларды сенсорлық дамытуды негіздеген [21]. М.Г.Сорокова реформаторлық педагогика үлгісіндегі Монтессори жүйесін жасаған [22].

Қазақстандық ғалымдардың баланы ерте жастан дамыту мәселесіне арнаған еңбектерін анықтау мақсатында біз зерттеу барысында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие мәселесі қарастырылған отандық ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасап, оларды жүйеледік, кестеге түсірдік (қосымша А).

Талдау нәтижесінде отандық ғалымдардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы зерттеу жұмыстарын 12 бағытта топтап қарастырдық:

1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың даму тарихы (Батибаева С.Ғ., Храпченкова Н.И., Михалькова О.А., Кайбульдаева Г.А., Елкеева А.Б. және т.б.) [23-27];

2.Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға болашақ мамандарды даярлау (Мирза Н.В., Бупебаева Р.Т., Балабаева А.И., Белгібаева Г.Қ., Арзанбаева Б.О.) [28-32];

3.Мектеп жасына дейінгі балалардың мектепалды даярлығы (Таубаева Г. З., Мовкебаева З.А., Рысбекова Ж. К., Никитин В. Я.) [33-36];

4.Мектеп жасына дейінгі балаларды отбасында тәрбиелеу (Сейсембаев К., Ауталипова У.И., Капенова А.Ә., Шужебаева А.И.) [37-40];

5.Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін қалыптастыру (Баймұратова Б.Б., Меңдаяхова Қ., Метербаетова К. М., Ханина Н. Н., Атыманова К.Ж., Бакреденова А.Б., Наубаева Х.Т., Аубакирова Ж.К.) [41-48];

6.Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық қызығушылығын қалыптастыру (Сыздық Р.М., Леушина А.М., Пустовалова Н.И.) [49-51];

7.Мектепке дейінгі балалардың қоршаған ортаға қатынасын қалыптастыру (Бадел А., Салиева А. Ж., Керимбаева Р. К., Манкеш А.Е., Сайлауова Н. С.) [52-56];

8.Мектепке дейінгі балалар тәрбиесінде қазақ халық педагогикасы материалдарын пайдалану (Құлжанова Н., Әбдіғапбарова Ұ.М., Жұмабекова Ф.Н., Акпарова Ж.М., Маженова Р.Б., Сапарбаева Ш.С., Амирова А.С., Нұрмұхаметова Р.Ә., Абаева Г.А., Төленова Ұ. Т., Оразаева Г.С., Мендалиев Б.М., Иманбеков Т.) [57-69];

9.Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулудың теориясы мен әдістемесі (Меңжанова А., Жиенбаева С.Н.) [70,71];

10.Мектеп жасына дейінгі балалардың белсенділігін, шығармашылығын дамыту (Дәрібаева С.Қ., Муханбетчина А.Г., Бердибаева С.К., Жумадиллаева О.А., Мырзатаева Б.П., Күребаева Г.А.) [72-77];

11.Мектепке дейінгі ұйымдарда жаңа технологияларды пайдалану (Лихачева Е.Н., Баймуратова А.Т., Исакова А.Т., Касымова Г.М., Тукеев С.А., Баримбеков Н.Ж.) [78-83];

12.Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық, психикалық дамуы мәселелері (Ли Е.П., Унарбекова Н.Д., Ерепбаев Н.К., Абишева Э.Д.) [84-87].

Осы талдаулар бізге республикада балаларды *ерте жастан дамыту мәселесінің толық зерттеле қоймағандығын*, тіпті ондай еңбектердің(Н.Құлжанова, Б.Б.Баймұратова, М.З.Лексина, Р.Б.Каримова еңбектерін қоспағанда) [57; 85, б. 88-90]жоқтың қасы екендігін көрсетті.

Н.Құлжанованың зерттеуінде балалардың қол еңбегін ұйымдастыру, оларды қазақтың қолданбалы қолөнеріне, матадан ою-өрнектер қиюды үйрету қарастырылған болса, *Б.Баймұратова* 3-4 жастағы балалардың сөздік қорын дамыту мәселесін зерттеген, *М.З.Лексина* шала туылған балалардың дамуын зерделесе, *Р.Б.Каримова* нейрофизиологиялық дамуы бұзылған балаларды, алдын ала ерте жасынан түзету жолдарын негіздеген.

Ал, қазақ халық шығармашылығы түрлерін мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбие құралы тұрғысынан қарастырған еңбектер баршылық. Бірақ оларда, *біріншіден* қазақ халық шығармашылығының бір түрі ғана (ұлттық ойын, немесе ауызекі фольклор, яки сәндік-қолданбалы өнер) қарастырылып, *екіншіден* балаларды осы құралдар арқылы қоршаған ортамен таныстыру, адамгершілікке тәрбиелеу, эстетикалық тәрбие беру, денесін шынықтыру мәселелері зерттелген, *үшіншіден* зерттеу объектісіне 5-7 жастағы балаларды

Кесте 2 – Қазақстандық ғалымдардың біздің зерттеуімізге жақын келетін еңбектері

Ерте жастағы бала тәрбиесі	Автор	Еңбектің атауы	Мектепке дейінгі балалар тәрбиесінде танымдық белсенділік қарастырылуы	Автор	Еңбектің атауы	Мектепке дейінгі балалар тәрбиесінде халық шығармашылығын пайдалану	Автор	Еңбектің атауы
	Лексина М.З.	Развитие недоношенных детей раннего периода жизни воспитывавшихся в разных условиях		Бердибаева С.К.	5-8 жастағы балалардың зияткерлік белсенділігін бастапқы физикалық көріністерді жоспарлы қалыптастыру негізінде дамыту		Құлжанова Н Жұмабекова Ф. Н.	Балалардың қол еңбегін ұйымдастыру, қазақтың қолданбалы қол өнері көркемдік талғамын қалыптастыру
	Баймұратова Б.	Сәбилердің сөздік қорымен сөз игеру ерекшеліктері		Асылханова М.А.	Танымдық іс-әрекет мектепке бейімделудің басты факторы		Иманбеков Т. Төленова Ұ. Оразаева Г. С. Мендалиев Б.	Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ұлттық ойындарды пайдалану (5-7 жас)
	Каримова Р.Б.	Особенности психо-нейрофизиологических нарушений у детей раннего возраста и пути коррекционного воздействия		Жумадилаева О.А.	Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық дарындылығын дамытудың психол.-педагогикалық ерекшеліктері		Ақпарова Ж.М.	Мектепке дейінгі жастағы балалардың қазақ халық музыкалық шығармашылығына деген қызығушылығын қалыптастыру
	Баймұратова А.Т.	Научно-теоретические основы построения лекотеки в системе развивающего обучения детей раннего и дошкольного возраста		Мырзатаева Б. П.	Этникалық өзін-өзі танудың психологиялық ерекшеліктері (6-7 ж.астағы қазақ балаларының тәрбиелік белсенділігінің үлгісі бойынша)		Бадел А.	Қазақ этнопедагогикасы негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру
							Нұрмұхаметова Р.Ә.	Қазақ фольклорын пайдалану арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие беру (5-7 жас)

оқыту мен тәрбиелеу алынған. Мектепке дейінгі балалардың тәрбиесінде танымдық белсенділік мәселесі арнайы зерттелмесе де, балалардың зияткерлігін, шығармашылығын дамыту мәселелері ғалымдар еңбектерінде көрініс тапқан (кесте 2-ден көруге болады).

Осы айтылып өткендер отандық ғылымда баланы ерте жастан тәрбиелеу, соның ішінде олардың танымдық белсенділігін дамыту мәселесінің *арнайы зерттеу пәні болмағандығын көрсетті*.

Жалпы республикада баланы ерте жастан дамыту мәселесінің қарастырылуы ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарда арналған мемлекеттік бағдарламасы жарық көргеннен кейін қарқынды қолға алына бастады. Бағдарламада «таяу уақытта туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балаларды ерте жастан дамыту жүйесін құруға көп көңіл бөлінетіндігі» атап көрсетілген [91].

Сондықтан бір жағынан, ерте жастан дамыту проблемасының республикада алғаш зерттеу пәні болып отырғандықтан, екінші жағынан «баланы ерте жастан дамыту» ұғымының мәнін анықтау барысында ерте жастағы баланың жас ерекшелігі кезеңдері мәселесі қарастырылған ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерге, сөздіктерге, мемлекеттік бағдарламаларға талдау жасалды (кесте 3).

Осы талдау әртүрлі кезеңдерде баланың жас ерекшелігін айқындауға байланысты көп талқылаулар, зерттеулер бар екендігін, дейтұрғанмен күні бүгінге дейін ғалымдар адам дамуының жас кезеңдері мәселесінде бірыңғай пікірге келмегендігі байқалды. Солардың арасынан біз, қазіргі ғылымда қызығушылық тудыратын ең көп таралған балалық кезең жіктемелеріне тоқталып өткенді жөн көрдік. Осы тұста айта кететін жәйт, ұсынылған диссертацияда *ғалымдардың және сөздіктердегі адам дамуының жас кезеңдері жіктемелері мазмұнынан (балалықтан кәрілікке дейін берілгендіктен) барынша тек ерте жас аралығын ғана бөліп алып талдауға тырыстық*.

Жоғарыда көрсетілген Л.Аберти, Ф.Барбаро, М.Пальмиери ерте жастағы балаларды қабылдау сезімінің дамуына қарай екіге бөледі: 1) нәрестелік кезең – бұл сөйлеу және жүре бастағанға дейінгі бала өмірінің кезеңі; 2) нәрестелік кезінен бастап шамамен 7 жасқа дейін – баланың түрлі ғылымдарды қабылдауға дайын болуы кезеңі [9]. Демек, италияндық гуманистер баланың 1 жастан бастап танымдық қабілеттерін, белсенділіктерін дамыту қажеттігін жоққа шығармайды.

Ал, Дж.Биррен бірінші кезең – сәбилік, 2 жасқа дейін; екінші кезең – мектепалды жасы 2 жастан 5 жасқа дейін деп жіктейді.

Дж.Биррен жіктемесінің кемшілігін Б.Г.Ананьев, жіктеудің бірыңғай қағидасын ұстанбауында екендігін айтады. Өйткені, екінші кезеңді – мектепке дейінгі жасты бөлуде жас ерекшелігінің әлеуметтік-педагогикалық белгілерге сәйкес келмейтіндігін көрсетеді. Дегенмен, осы кезеңде баланың психикасын дамытудағы қажеттілік пен маңыздылыққа баса назар аударылғанын атап өтеді [92].

Кесте 3 – Бағдарлама, сөздіктердегі және ғалымдардың еңбектеріндегі ерте жастағы балалардың жас аралығының жіктелімі

Бағдарлама, сөздік атауы; автордың аты-жөні	Жас кезеңдер жіктелімі
1	2
Э.Геккель	онтогенетикалық дамуына қарай: Перинаталды-құрсақтағы кезең: - эмбрионалды даму (эмбрион) – 1,5-2 айға дейін ұрықтың қалыптасуы; - плацентарлы даму (ұрық) – 3-10 ай, ұрықтың өсуі. Босанғаннан кейінгі кезең:ерте;жетілген;соңғы
Б.Ц.Урланис	қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуына қарай: 1) жұмысқа дейінгі кезең - ясли жасы – үш жасқа дейін - балабақша жасы – 3-6 жас
Э.Эриксон	әлеуметтік-психологиялық дамуына қарай: - сәбилік шақ (туғаннан 1 жасқа дейін) - ерте балалық шақ (1-3 жас) - ойын жасы, мектепке дейін (4-6-7 жас)
Д.Бромлей 1966	жалпы дамуына қарай: құрсақтық кезең, балалық шақ кезең: - Сәбилік шақ (туғаннан 18 айға дейін) - Мектепке дейінгі балалық шақ (18 ай – 5 жас)
П.П.Блонский	тістің пайда болуына қарай: - тіссіз балалық (8 айдан 2-2,5 жас), - сүт тісі кезіндегі балалық (2-2,5 жастан 6,5 жас)
Л.С.Выготский	тұрақты және дағдарыстағы дамуы кезеңдеріне қарай: - туған кездегі дағдарыс (2 айға дейін) - сәбилік шақтағы дағдарыс (1 жасқа дейін) 1 жастағы дағдарыс - ерте балалық шақ (1-3 жас) 3 жастағы дағдарыс
Д.Б.Эльконин	өмір сүруіне қарай: ерте балалық шақ - Нәрестелік шақ (0-1 жас) - Ерте балалық шақ (1-3 жас)
Я.А.Коменский	тәрбиелеу оқытуға қарай: Бірінші кезең: 1) баланың туғанынан 6 жасқа дейінгі кезеңінде әрбір отбасында – «Ана мектебі»...
К.Қожахметова	психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты: - туылғаннан 1 жасқа дейін – «нәресте», - 1-ден 7 жасқа дейін – «сәби», қазақ халқының мал шаруашылығымен байланысты:

3 – кестенің жалғасы

1	2
Қ.Шалғынбаева	еңбек етуге икемділігіне қарай балбөбектік (1-6 жас);
С.Ғаббасов	...адам физиологиясының кезеңдері мен халық педагогикасының негіздеріне қарай: тән құрылысы - жан дүниесі; ұрық тазалығы – тек, тұқым қуалау; ана құрсағындағы тоғыз ай – түйсік, ішкі сезім, жүрек тәрбиесі; нәресте кезеңі – бесік жыры, ақыл тәрбиесі; балбөбек кезеңі – тіл, ой, зерде; сәбилік кезең – табиғатқа сүйсіну, таңдау;
Ұ.М.Әбдіғапбарова	қолөнерін үйренуіне қарай: 1. 1-6 жас – көріп-білу, байқау кезеңі;
М.Құрсабаев «Атамекен» бағдарламасында	халықтық педагогика негіздеріне қарай: 1) Ана құрсағындағы кезең; 2) сәбидің дүниеге келуі (1-12 ай); 3) Сәбилік кезең (1-3 жас);
Демографиялық энциклопедиялық сөздік	өмір кезеңдеріне қарай: - 1-10 күн – жаңа туған нәресте - 10 күн-1жыл – омыраудағы балалар - 1-3 жас – ерте балалық шақ
Мәскеуде (1965 ж.) ССРО Педагогикалық ғылымдар Академиясының симпозиумында	- Жаңа туған нәресте 10 күнге дейін. - Омыраудағы жас 10 күн – 1 жыл. - Ерте балалық шақ 1–2 жас. - Балалық шақтың бірінші кезеңі 3–7 жас
Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	1. Жаңа туған бала (туған сәттен бір-екі айға дейін) 2. Нерестелік шақ (бір-екі айдан бір жылға дейін); 3. Ерте сәбилік шақ (бір жастан үш жасқа дейін);
Жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты (2012)	Ерте жас –туғаннан 3 жасқа дейінгі кезең: - нәресте-туғаннан 1 жасқа дейінгі кезең - сәби-1-3жас
Жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты (2016 мамыр)	Бөбек жасы – 1 жастан 3 жасқа дейін: ерте жас – 1 жастан 2 жасқа дейін (ерте жастағы топ); кіші жас – 2 жастан 3 жасқа дейін (бірінші кіші топ);
«Алғашқы қадам» бағдарламасы	Балалардың денежәне психологиялық дамуына қарай: 1) Бөбекжасы–1жастан3жасқа дейін: ертежас–1жастан2жасқа дейін(ертежастағы топ); кішіжас–2жастан3жасқа дейін(бірінші кіші топ);
Педагогикалық энциклопедиялық сөздік	туғаннан 6 жасқа дейін - кіші жастағы балалар

Біздің зерттеуіміз үшін қызығушылық тудыратын баланың *зияткерлік дамуына әсер ететін* Ж.Пиаженің жіктемесі: 1-кезең – сенсомоторлық зият (алғашқы кезеңдері: өз денесіне бағыну және тәжірибелік зиятты объективтеу); 2-кезең – репрезентативті зият және арнайы операциялар (алғашқы кезеңдері: алдын ала операциялық зият және нақты операциялар) [93].

Пиаже әр адам белгілі бір сатылардан өтіп, оларды жаңа деңгейге көтеріп, келесі қадамдарға шығады деген қорытынды жасайды. Бірақ бұл жіктемеде, біздіңше баланың үздіксіз дамуы есепке алынбағандығы байқалады.

Д.Бромлей жіктемесінде адам дамуының бес циклін көрсеткен: *құрсақтық, балалық, жастық, ересектік, кәрілік*. Айта кету керек, автор баланың ақыл-ой дамуында құрсақтық циклге мән беріп, оны төрт сатыға бөліп ерекше анықтайды: ұрықтану; эмбрион; тұқым; дүниеге келу сәті. Д.Бромлей топтамасында бізге қызығушылық тудыратыны, балалық кезеңі. Ол «балалық» кезеңін үш сатыға бөледі: сәбилік шақ (туғаннан 18 айға дейін); мектепке дейінгі балалық шақ (18 ай – 5 жас); мектептегі ерте балалық шақ (5-11-13 жас) [94].

Онтогенез ұғымын 1886 жылы Э.Геккель енгізген. Ол баланың онтогенездік дамуына байланысты екі маңызды кезеңді атап өтеді: перинаталды-құрсақтағы (жатырда пайда болғаннан дүниеге келгенге дейінгі) кезең; босанғаннан кейінгі-құрсақтан кейінгі (адамның дүниеге келгенінен өмірден кеткенге дейінгі) кезең. *Перинаталды-құрсақтағы кезеңнің бөлінуі*: эмбрионалды даму (эмбрион) – 1,5-2 айға дейін ұрықтың қалыптасу кезеңі; плацентарлы даму (ұрық) – 3-10 ай, ұрықтың өсу кезеңі. Баланың тез өсуімен және дамуы, анасының ағзасы арқылы қоректенуімен сипатталады, сондықтан жүктілік кезеңіндегі анасының созылмалы науқасы, оның тамақтану ерекшелігі, психикалық және физикалық ауыртпашылығы болашақ баланың дамуына маңызды әсер етеді. *Босанғаннан кейінгі кезеңдегі сатылар*: ерте; жетілген; соңғы. Дүниеге енді ғана келген адам ересек адамнан бірнеше сапалық ерекшеліктерімен өзгешеленеді, оның қарапайым кішірейген көшірмесі ғана болып есептелмейді. Дамып келе жатқан баланың ересектердің деңгейіне жету уақыты ағзаның негізгі физиологиялық көрсеткіштерін ескергенде 16-20 жылды құрайды. Онтогенез процесінде жеке ағзалар мен жүйелер бірте-бірте жетіледі және өзінің дамуын әртүрлі кезеңде аяқтайды. Бұл әртүрлі жастағы балалар ағзасының жұмыс істеу ерекшеліктерінің пісіп-жетілуін негіздейді [95].

Құрсақтағы кезеңде ағза мен тіндер қаланады, олардың саралануы жүреді. Босанғаннан кейінгі кезеңдегі онтогенезде ағза мен жүйенің пісіп-жетілуі әртүрлі жастағы балалар ағзасы қызметінің мүмкіндіктерін, оның сыртқы ортамен өзара байланысының ерекшеліктерін анықтайды.

Баланы ана құрсағынан дамыту пікірін қазақстандық ғалым С.Ғаббасов та қолдап, негіздеген. Ол адам дамуының жас ерекшелігін адам физиологиясының кезеңдері мен халық педагогикасының негіздеріне қарай бөледі: *тән құрылысы - жан дүниесі; ұрық тазалығы – тек, тұқым қуалау; ана құрсағындағы тоғыз ай – түйсік, ішкі сезім, жүрек тәрбиесі; нәресте кезеңі – бесік жыры, ақыл тәрбиесі; балбөбек кезеңі – тіл, ой, зерде; сәбилік кезең – табиғатқа сүйсіну, таңдау; балиғат кезеңі –*

білім және логика; кәмелет кезеңі – орта білім сана. Соның ішінде ұрық тазалығына, ана құрсағындағы тәрбиеге аса мән береді [96].

Осындай ой М.Құрсабаевтың ұлттық тәрбие құндылықтарына негізделген «Атамекен» бағдарламасында да тұжырымдалған. Ол балалар жас ерекшеліктерін мынадай кезеңдерге бөліп қарастырған: 1) Ана құрсағындағы кезең; 2) сәбидің дүниеге келуі (1-12 ай); 3) Сәбилік кезең (1-3 жас)... Автор тәрбие жұмыстарының бағыттары мен мазмұнын осы кезеңдерге сәйкестендіріп ұсынған. Соның негізінде тілін, дінін, салт-дәстүрін меңгерген жеке тұлғаны тәрбиелеп шығару мүмкіндігін айтады [97].

Ал. П.П.Блонский балалардың жас ерекшелігін тістің пайда болуымен байланыстырады. Ол балалық шақты үш кезеңге бөледі:

- тіссіз балалық (8 айдан 2-2,5 жас),
- сүт тісі кезіндегі балалық (2-2,5 жастан 6,5 жас),
- тұрақты тістер кезіндегі балалық [98].

Анри Уолло балалардың онтогенетикалық дамуына қарай жас шекарасын 7 кезеңге бөліп көрсетеді:

- 1) импульсивті кезең «6 айға дейін»;
- 2) эмоционалды кезең (6 айдан 10 айға дейінгі кезең) – эмоцияның жинақталуы;
- 3) сенсомоторлық кезең (10 айдан 14 айға дейінгі кезең) – тәжірибелік ойлаудың қалыптасуы;
- 4) жобалау кезеңі (14 айдан 3 жасқа дейінгі кезең) зерттеушілік белсенділіктің қалыптасуы;
- 5) жеке-даралық кезең (3 жастан 6 жасқа дейін) – «Меннің» қалыптасуы;
- 6) оқу кезеңі (6 жастан 12-14 жас) – объективті жетістік;
- 7) жыныстық жетілу кезеңі 14 жастан бастап) – өзіндік «Мен» көзқарасына бағытталуы мен өзіндік ойлау қабілетінің қалыптасуы [99].

Л.С.Выготский балалардың даму сатысын тұрақты және дағдарыс кезеңіне қарай бөледі: *бір жылдық дағдарыспен аяқталатын дүниеге келер алдындағы кезең; үш жылдық дағдарыспен аяқталатын ерте балалық шақтағы кезең; жеті жасқа дейінгі дағдарыстан тұратын мектеп жасына дейінгі кезең.* Тұрақты кезеңде балада сырттай ешқандай елеулі өзгерістер болмайды, ұзақ уақытқа созылатын даму бірте-бірте жүреді. Дағдарыс кезеңінде қоршаған ортадағы шынайы заттармен қақтығысқа, барлық мүмкіндіктерге қарсылық білдіруге негізделген дамуда елеулі секіріс болады.

Л.С.Выготскийдің тұжырымдауынша тұрақты және дағдарыстағы дамуы кезеңдері: туған кездегі дағдарыс (2 айға дейін); сәбилік шақтағы дағдарыс (1жасқа дейін); 1 жастағы дағдарыс; ерте балалық шақ (1-3 жас); 3 жастағы дағдарыс; мектепке дейінгі жас (3-7 жас); 7 жастағы дағдарыс - мектеп жасы (7-13 жас); 13 жастағы дағдарыс -жеткіншек жас (13-17 жас) 17 жастағы дағдарыс [100].

Д.Б.Эльконин баланың дамуын ерте жастағы балалық кезең, балалық кезең және өсу кезеңі деп үшке бөледі. Әр кезең баланың іс-әрекетінің жетекші түрімен байланысты екі кезеңмен алмасып отырады. Бірінші кезеңде «міндетті,

мотивті және адамдармен қарым-қатынас нормасын басым игеру және осы негізде мотивациялық-қажетсіну аясын дамыту жүреді», екіншіде – «қоғамда өндірілген заттармен әрекет жасау тәсілдерін басым игеру және осы негізде балалардың зияткерлік-танымдық күшін, олардың операциялық-техникалық мүмкіндіктерін қалыптастыру жүреді».

Элькониннің жүйесі бойынша жас ерекшелік аралығы: *Ерте балалық шақ* - нәрестелік шақ (0-1 жас); ерте балалық шақ (1-3 жас); *Балалық* - мектепке дейінгі жас (3-7 жас); кіші мектеп жасы (7-11/12 жас); Жеткіншек - жасөспірім жасы (11/12-15 жас); ерте жастық шақ (15 жасқа дейін). Ол осы кезеңдер аралығындағы баланың даму өзгерістерін былайша сипаттайды:

- нәрестелік кезеңді қамтитын тікелей-эмоциялық қарым-қатынас;
- ерте жастағы балалықты қамтитын заттық-қимылдық кезең;
- мектеп жасына дейінгілер үшін іс-әрекеттің жетекші түрі болып табылатын рөлдік ойындар [101].

Э.Эриксон адамның әлеуметтік-психикалық дамуын сегіз фазаға бөледі:

- Сәбилік шақ (туғаннан 1 жасқа дейін)
- Ерте балалық шақ (1-3 жас)
- Ойын жасы, мектепке дейін (4-6-7 жас)...

Бірінші кезең (туғаннан бір жасқа дейінгі кезең) «базалық сенім базалық сенімсіздікке қарсы». Бұл кезеңде *ана мен баланың жағымды қарым-қатынасын* қалыптастыру өте маңызды болып табылады. Егер анасы баланың қажеттілігіне сай сезімтал қамқорлық, сүйіспеншілік пен нәзіктік көрсетсе, бала өзінде барлығы ойдағыдай екенін сезінеді, ол өзімен өзі болады және баланың мінез-құлқы басқа адамдардың күткеніне сәйкес келеді. Сәби әлемге деген сенімді сезінеді, балада елеулі ауытқушылықтар мен аурушандыққа әкеп соғатын өзгерістер болмайды.

Бір жастан үш жасқа дейінгі кезеңге сәйкес келетін *екінші кезең* «ұялуға қарсы автономия» деген атауға ие болды. Баланың тез дамуы оның барынша дербес болуына мүмкіндік береді. Ата-аналар баланы жиі бақылауға алады, тыйым салады, шектеу қояды. Үнемі тыйым салу балада өзін түкке тұрғысыз сезімінің пайда болуына негіз болады. «Шамадан тыс ұялта беру шынайы дұрыс мінез-құлыққа апармайды, керісінше жағдайдан шығу үшін жасырын шешім қабылдауға, байқатпай кетуге қадам жасатады». Бала осы жастан бастап балалық дәрежелігімен қоғамның назарын аударып бастайды. Сондықтан ересектердің міндетіне баланы құрметтей білу және оны шамадан тыс еркелете бермеу жатады. Осы жағдайда ғана бала өмірде әділдікті сезіне отырып алға қарай жүреді және *қоғамның толыққанды мүшесі ретінде «бастама кінәні сезінуге қарсы» деп аталатын келесі кезеңге өтеді* [102].

Кеңестер Одағы тұсында Мәскеуде (1965 ж.) педагогикалық ғылымдар Академиясының симпозиумында келесі жас кезеңдері қабылданды:

- Жаңа туған нәресте 10 күнге дейін.
- Омыраудағы бала 10 күн – 1 жас.
- Ерте балалық шақ 1–2 жас.
- Балалық шақтың бірінші кезеңі 3–7 жас.

- Балалық шақтың екінші кезеңі ер балалар үшін 8-12 жас, қыз балалар үшін 8-11 жас.

Ал, көпшілікпен мақұлданып қабылданған *демографиялық энциклопедиялық сөздікте* адамның өмірінің кезеңдері, соның ішінде балалық шақтың (салыстырмалы шектерін ескере отырып) аралығы төмендегідей берілген:

- жаңа туған нәресте – 1-10 күн
- омыраудағы балалар – 10 күн-1 жыл
- ерте балалық шақ – 1-3 жас
- алғашқы балалық шақ – 4-7 жас [103].

Қазақ халық педагогикасында және отандық ғалымдар еңбектерінде де балалардың жас ерекшелік аралығы қарастырылған.

К.Қожахметова өзінің монографиялық еңбегінде халықтың түсінігінде қалыптасқан жас ерекшеліктері кезеңінің үш тәсілін көрсетеді:

Бірінші тәсіл адамның психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты:

- туылғаннан 1 жасқа дейін – «нәресте»,
- 1-ден 7 жасқа дейін – «сәби»...

Екінші тәсіл, қазақ халқының мал шаруашылығымен байланысты:

- туғаннан – 10 жасқа дейін – «қозы жасы» (бұл жаста балалар қозы баққан);

Үшінші тәсіл, мүшел жасқа байланысты [104].

Ал, С.Қалиевтің еңбегінде қозы жасы, қой жасы, жылқы жасы, патша жасына мазмұндық сипаттама беріледі [105].

Сондай-ақ, Қ.Шалғынбаева балалардың еңбек тәрбиесіндегі жас кезеңдері мәселесін жыныстық ерекшеліктеріне қарай жүйелеген:

Ер балалардың жас кезеңдері:

- балбөбектік (1-6 жас);
- балиғаттық (7-15 жас);
- бозбалалық – жетілген азамат (16-18 жас).

Қыз балалардың жас кезеңдері:

- балбөбектік (1-6 жас);
- балиғаттық (7-15 жас);
- бойжеткендік (16-18 жас) [106].

Ұ.М.Әбдіғапбарова қазақ халық педагогикасындағы балалар мен жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйретудегі жас кезеңдерін айқындаған:

- 1-6 жас – көріп-білу, байқау кезеңі;
- 5-9 жас – қолөнерінің қарапайым жұмыстарына қатысу кезеңі;
- 10-14 жас – қолөнерінің негізгі жұмыстарына үйрену кезеңі;
- 15-19 жас – қолөнерінің бір түрі бойынша мамандану кезеңі [107].

Сонымен, мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін физиологиялық және психикалық дамуына қарай топтастырған ғалымдардың еңбектеріндегі, бағдарламалар мен сөздіктердегі жіктемелерге жасаған талдау олардың *құрсақтық* – туғанға дейінгі кезең (Д.Бромлей, С.Ғаббасов,

М.Құрсабаев және т.б.) және *нәрестелік* – туғаннан 1 жасқа дейін (Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Э.Эриксон), 1,5 жасқа дейін (Д.Бромлей), 2-жасқа дейін (Г.Крайг), 3 жасқа дейін (В.Квинн.); *ерте балалық шақ* туғаннан 2 жасқа дейін (А.В.Петровский), 1-2 жас (Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин), 1-3 жас (В.С.Мухина, Э.Эриксон), 1,5 – 5 жас (Д. Бромлей), 2-6 жас (Г.Крайг), 3-6 жас (В.Квинн), *мектепке дейінгі балалық шақ* – 3-6 жас (Л.С.Выготский, А.В.Петровский, Д.Б.Эльконин) кезеңдерін қамтитынын көрсетті.

Қазақ халық педагогикасы аясындағы еңбектерде ерте балалық шақ кезеңін *нәрестелік* – 1 жасқа дейін (К.Қожахметова), *сәбилік* 1-3 жас (С.Ғаббасов, М.Құрсабаев), 1-7 жас (К.Қожахметова), *балбөбектік* – 1-6 жас (Қ.Шалғынбаева) деп қарастырылғаны байқалды.

Жоғарыда талдау көрсеткендей, ерте балалық шақ кезеңі, олардың жас шекара аралығының бірыңғай жүйеге келмегендігін көрсетті. Балалардың жас кезеңіне берілген теориялық тұжырымдар мен жіктемелердің алуан түрлілігі, бірыңғай пікірге келмеуі *ерте балалық шақтың әлі де зерттеле түсу қажеттілігін көрсетеді.*

Осы жас аралық кезеңдерін ғана емес атауларын да зерттей түсу керектігін мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттарда аталған жас кезеңі аталуының біркелкі аталмауы да көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында баланың жас ерекшелік шекарасын:

- 1) жаңа туған бала (туған сәттен бір-екі айға дейін);
- 2) нәрестелік шақ (бір-екі айдан бір жылға дейін);
- 3) ерте сәбилік шақ (бір жастан үш жасқа дейін) деп көрсеткен [91, б. 123].

2012 жылғы ҚР МЖМБС-ндаерте жас –туғаннан 3 жасқа дейінгі кезең: нәресте-туғаннан 1 жасқа дейінгі кезең, сәби-1-3жас деп көрсетсе, 2016 жылғы ҚР МЖМБС- бөбек жасы – 1 жастан 3 жасқа дейін: ерте жас – 1 жастан 2 жасқа дейін (ерте жастағы топ); кіші жас – 2 жастан 3 жасқа дейін (бірінші кіші топ) деп берілген [108].

Аталған мемлекеттік бағдарлама мен стандартта да баланың ерте жасы 1-3 жас аралығы екендігін нақты көрсетеді. Дейтұрғанмен, олардың бірінде *ерте сәбилік шақ*, екіншісінді *сәби*, үшіншісінде *бөбек* деп аталуы, осы мәселенің республикада қолға алынып, кеңінен талқыланып жатқандығын, оның атауларының бір ұғымға келуі үшін бұл мәселенің зерттеле түсуі қажеттілігін дәлелдейді. *Осыған байланысты біз диссертациялық жұмысымызда ерте жастағы бала деп отырғанымыз, мемлекеттік құжаттардағы сәби, бөбек жас аралығы.*

Біз де ғалымдардың баланың үйлесімді дамуының негізі үш жасқа дейін қаланады деген тұжырымдары негізінде, халықтық педагогика және психолог ғалымдардың (Л.Выготский, Д.Эльконин, Э.Эриксон және т.б.), сондай-ақ аталған мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттардағы балалық шақ кезеңдері жіктемесіне сүйене отырып, ерте жас аралығын шартты түрде былайша бөлеміз:***Ерте жас*** – туғаннан 3 жасқа дейінгі кезең:

- 1) нәресте – туғаннан 1 жасқа дейін

2) сәби – 1- 3 жас

Енді анықтап алған жас аралығындағы баланың қай кезінен бастап танымдық белсенділігін дамытуға баса көңіл бөлу керектігін анықтау үшін олардың физиологиялық және психикалық даму ерекшеліктері туралы теориялар мен тұжырымдарға мән бердік.

Аса көрнекті чехтың ұлы педагогы Я.А. Коменский баланың сезім ерекшеліктеріне байланысты оқыту системасын құру керектігін айтты. «Ұлы дидактика» еңбегінде мектепке дейінгі тәрбиенің жүйесін жасады [109].

Ж.Ж. Руссо мектеп жасына дейінгі психологиялық ерекшеліктерін толық ашып берді. Ол баланың ақыл ойының, ықылас-тілегінің өзіндік ерекшелігінің болатынын, оларға барлық уақытта бала деп қарауға болмайтындығын, кейде үлкендермен түрліше араласу баланың табиғи дамуына кері әсер етеді [110].

Г. Песталоцци баланың жеке басының қалыптасуына жанұяның әсіресе ананың ролі зор деп бағалады. Ол танымның басталар сәті сезімді қабылдау деп есептеді, әрбір баланың бойында бақылау мәдениетін қалыптастыруды талап етті [111].

Баланың жеке тұлғасының белсенді түрде қалыптасуы осы жаста басталатыны туралы пікірлер психологиялық-педагогикалық әдебиетте көптеп кездесетінін айта кеткен жөн. Баланың ақыл-ой және психикалық дамуының ерекшеліктерін зерттеген психологтар: П. П. Блонский, Л. С. Выготский, П. Я. Гальперин, А. В. Запорожец, П. Ф. Каптерев, А. Н. Леонтьев, Т. А. Маркова, В. С. Мухина, М. И. Лисина, Л. С. Рубинштейн, Е. О. Смирнова және т.б. [112-122].

Әсіресе біздің еңбегіміз үшін қызығушылық тудырған және зерттеу барысында негізге алынған В.С.Мухинаның «Балалар психологиясы» еңбегі болды [123].

Осы ғалымдардың және Л.А.Семчук, А.И.Янчидің даму психологиясы еңбегі негізінде ерте жастағы балалардың дамуы туралы ойлардың жинақталған түрі кестемен қосымшада беріледі. 2-3-қосымшада баланың туғаннан 1 жасқа дейінгі яғни, нәрестелік кезеңіндегі психикалық үдерістерінің (моторика, қабылау, есте сақтау, ойлау, эмоциялық қарым-қатынасы) дамуы мен оған ықпал ету мүмкіндіктері көрсетілген. 4 қосымшада баланы 1-3 жас аралығында дамытудың жалпы сызбасы беріледі (зерттеу барысында ерте жастағы баланың дамуы бойынша берілген теориялық тұжырымдар негізге алынады).

Нәрестенің физиологиялық дамуында ол ересектерге толық тәуелді болады, тілді қолдана алмайды. Физикалық тұрғыдан қарқынды өседі (1,5-2 есеге). Қозғалу белсенділігі дамиды. 1 айлығында иегін көтереді, 2 айлығында кеудесін көтереді, 3 айлығында затқа ұмтылады. 4 айлығында сүйемелдеумен отырады, 5-6 айлығында затты қолымен ұстай бастайды, 7 айлығында басқалардың көмегінсіз отырады, 8 айлығында басқалардың көмегінсіз отыра алады, 9 айлығында сүйемелдеумен тұрады, ішімен еңбектейді, 10 айлығында қолымен тізесіне сүйеніп еңбектейді; екі қолымен ұстап жүреді. 11 айлығында сүйемелдеусіз тұрады, 12 айлығында бір қолымен ұстап жүреді [124].

Нәрестенің психикалық дамуындағы басты іс-әрекет— ересектермен эмоциялық қарым-қатынас: заттар арқылы байланыс; біріккен қызмет ретіндегі байланыс. 4-5 айлық кезеңде қарым-қатынас таңдау сипатына ие болып, күлкі, қимыл реакциясы пайда болады, ересектердің субъектілі, жеке қарым-қатынасы арқасында нәресте өзін-өзі қарым-қатынастың жеке субъектісі ретінде сезіне бастайды; бірінші жартыжылдықтың соңына қарай өзіне жақын ересектермен аффективті—жеке байланыс қалыптасады. Ересектермен эмоциялық қарым-қатынас нәрестенің қоршаған заттарға бағытталған танымдық белсенділігін ынталандырады. Психикалық **сезіну, қабылдау** үдерістері дамиды. Екі айлық кезеңде көруінің шоғырлануы пайда болады және жетіледі. Үш айлық кезеңде оның ұзақтығы 5-7 минутқа созылады. Екі айдан бастап қарапайым түстерді ажырату қабілеті біліне бастайды. 3-4 айлық кезеңде заттардың түрін қабылдауы байқалады (иілген заттарға көп көңіл бөледі). Есту және көру қабілеттерінің ересектерден айырмашылығы болмайды. Бала көргеніне ұзақ қарай алады, естігенін және көргенін дұрыс байланыстыра алады. Кеңістікті қабылдауы белсенді дамиды. 4 айлық кезінде бала жай ғана көрмейді, қарайды. 6 айлық кезінен бастап түске деген белсенді қызығушылығы байқалады. 8-10 айлығында бала кеңістіктегі заттарды қабылдай бастайды. Алған әсерлері қабылдауға айналады. **Зейіннің** басында шоғырлану реакциясы ретінде көрінеді. Кейіннен айналасындағыларға танымдық қарым-қатынас түрінде дамиды. Зейіннің пайда болуы мінез-құлық пен іс-әрекеттің барынша күрделі түрінің тууына ықпал етеді. **Есте сақтау** тану және бейнелеу түрінде пайда болады. Есте сақтауда бірінші танудан басталады (3-4 айлық кезеңнен кейін бала кез келген уақытта анасын таниды). Ассоциативті есте сақтау пайда болады. 8 айдан кейін қайта жаңғырту пайда болады. «Ішкі» сезіну мен қабылдау іс-әрекеті істей бастайды. Бірінші қозғалмалы, эмоциялық және бейнелі есте сақтау дамиды, бір жастың соңына қарай сөзді есте сақтаудың алғышарттары қалыптаса бастайды. **Ойлау**— сезімдік және қозғалыс үдерістерін дамыту көрнекі-әрекетті ойлаудың алғашқы түрін дамытудың негізі болып табылады. Бір жастың соңына қарай сезімдік зияттың алғашқы белгілері пайда болады. Көрнекі-әрекеттік зияттың пайда болуы басқа жетістіктерге жету үшін өлшем құралы ретінде пайдаланылады. **Сөзге** қатысын айтсақ, ересектердің сөзіне назар аударады. 1,5 айдан 4 айға дейінгі кезеңде уілдеу сипатындағы қысқа дыбыстар шығарады. Алғашқы жартыжылдықта сөзді есту қалыптасады, сонымен бірге баланың өзі де гуілдеген дыбыстар шығарады. Алты-жеті айлық кезеңінде диалогтің түрі мен құралы барынша күрделене түседі. Тіпті баланың жылауының өзінен бірінші күнге қарағанда көптеген өзгерістер байқалады. Қорқыныштан жылау мен жайсыздықтан жылаудың, шақырып жылау мен шағынып жылаудың айырмашылығы байқалады. Бала екінші жартыжылдықта дыбыс шығарып былдырлай бастайды. Бір жастың соңына қарай 10-20 шақты сөзді түсінеді және оған көңіл бөледі, сонымен бірге өзі де бір немсес бірнеше сөздерді айтады. Автономды сөзі қалыптасады. Мағыналы сөздерді қолдануы қарқынды дамиды. Заттардың атауы мен олардың арасындағы өзара байланысты қолдана

алады. **Эмоциялық дамуы** -екі айлығында анасын тани бастайды. «Кешенді тіршілік»— жақындарына эмоциялық-жағымды сезімдік реакция пайда болады (күлу, үілдеу, көз алмай қарап қалу, назарын шоғырландыру). Бұл алғашқы әлеуметтік **қажеттіліктің** – қарым-қатынас қажеттілігінің пайда болғанның куәсі болып табылады.3-4 айлығында балада эмоциялық жағдай: таңырқау, мазасыздану (физикалық жайсыздық жағдайында), қажеттілігін қанағаттандырған кезде босансу, еркінсу пайда болады. Таныстарына күледі, таныс еместерді көргенде күлкісін тоқтатады. Жағымды эмоциясын білдірген күлкісі кейіннен айқайға ұласады. 7-8 айлығында таныс еместерін көргенде мазасыздануы күшейе түседі. 7 ай мен 11 айдың арасында «ажырасудан қорқу» – анасы жоқ боп кеткенде қайғыру немесе қорқыныш пайда болады. Жылаудың барлық түрін көрсетеді.Жүру – ескі даму жағдайын ауыстыратын нәрестелік жастың жаңалығы. Алғаш рет бірыңғай әлеуметтік жағдайдағы, енді баланы анасы бастамайды, баланың өзі қалауы бойыншы анасын бастап жүреді.Осы шақта оның бойында «Біз» пайда болады[124].

Л.И.Божович жаңадан пайда болу, баланың есіндегі заттардың аффективті бейнелері оның қажеттілігін ынталандыру арқылы өтеді деп есептейді [125].

Осыған байланысты бірінші жылдағы дағдарыс жүрудің дамуы есебінен және сөздік іс-әрекетті игерумен пайда болады. Ата-аналар мен балалардың арасында жаңа өзара байланыс орнайды. Л.С.Выготский осы дағдарыстың белгісін эмоциялық қырсық мінез көрсетумен пайда болатындығын (бала өалағанын талап етеді және ересектердің қарсылығына ұшырайды, оның көңілі қалады, нәтижесі – аффективті мінез-құлық) негіздейді [126].

Баланың сәбилік шағында (1-3 жас) әлеуметтік жағдайы аясында заттармен өздігінен жұмыс істеуге ұмтылады. Бала мен ересектердің бірлескен іс-әрекеттегі әлеуметтік жағдайы қарама-қайшылыққа негізделеді. Заттармен жұмыс істеуде ересектер үлгі көрсетуі, ал бала сол мезгілде жеке іс-әрекетті орындау керек. Ерте жаста дамытудың әлеуметтік жағдайы «бала–зат–ересек» жүйесімен сипатталады. Осы жаста бала затқа толықтай қызығады. К.Лоренц ерте жаста затты ерекше қадірлейтінін айтқан. Баланың әлеуметтік дамуы екі бағытта жүреді: адамдардың бір-бірімен өзара байланыс ережесін игеру арқылы және баланың әлемдегі тұрақты заттармен өзара байланысы арқылы. Араны байланыстыратын делдал (ересек) арқылы және әлеуметтік рөлді игеретін қатысушы (құрбысы) арқылы жүзеге асады.

Физикалық дамуындағы басты жетістік – дұрысжүруді меңгеру. Барлық қозғалыс аппараты дамиды. Екі жасар бала үшін жүру қажеттілік болып табылады. 9-10 жасында жүру тегіс автоматтандырылады. Екі жарым жасқа келгенде іртүрлі қимылды меңгереді, заттарды тасиды, оларды бір-бірімен араластырады. Бұлшық еттер ара қашықтықты қабылдау мен заттардың кеңістіктегі жағдайын сезінуіде негізгі орынға шыға бастайды. Жетекші іс-әрекеті - заттық-қимыл әрекеті.Бұл жастағы қарым-қатынас заттық іс-әрекетті ұйымдастыру түрі болады. Заттық іс-әрекеттің ішінде жаңа түрлер – ойын және іс-әрекеттің өнімді түрлері (суретсалу, мүсіндеу, құрастыру) пайда бола бастайды. Заттық іс-әрекетті меңгеруде маңызды рөл іскерлік қарым-қатынасқа

тиісті болады. Заттық іс-әрекет жетекші бола отырып, көп жағдайда танымдық процесті дамытуға ықпал етеді.

Психикалық дамудасезіну, қабылдау -14 пен 16 ай аралығында және екі жаста түсті сезінудің ерекше жоғарылау үдерісі жүреді, ал 20-24 айлық кезеңде түсті сезіну процесі баяу өседі. Басқа психикалық қызметтерге қарағанда қабылдау басым болады. Қабылдаудың аффективті сипаты сенсомоторлық бірлікке алып келеді. Даму заттық іс-әрекетте жүреді. Заттық қабылдау орталық танымдық іс-әрекеттұрғысынан қалыптасады. Заттар арасындағы кеңістіктегі қарым-қатынас байқалады. Қабылдау барысында бала бір қасиетке сүйенеді, соңында тану арқылы оған бағытталады. Қабылдау аффективті түрде ерекшеленеді және практикалық іс-әрекетпен тығыз байланысты болады. **Қабылдау** – баланы танымдық салада дамытудың жетекші қызметі. Қабылдау заттың іс-әрекеттің орындалуымен тығыз байланысты. Қабылдау бағытталған ішкі іс-әрекет негізінде дамиды (заттарды түріне, көлеміне, түсіне қарай таңдау). **Зейінді** дамыту заттық іс-әрекет және сөзді меңгеру арқылы жүзеге асады. Зейін ырықсыз, нашар шоғырланған, тұрақсыз болады, ауысуында және бөлінуінде қиындық байқалады, көлемі де үлкен болмайды. Іс-әрекетті орындауда саналы бақылау болмайды. Сөздің ықпалымен еркін ырықты дамытудың алғышарттары қаланады. Балалардың зейіні шоғырланатын заттардың шеңбері, олардың белгілері, сондай-ақ олармен іс-әрекет кеңейе бастайды. **Жады (Ес)** белсенді қабылдау үдерісінде – тануда іске қосылады. Бала бұрынғы көргені мен естігенін ырықсыз түрде есіне түсірсе де, тану негізінен басым болады. Жады қабылдаудың жалғасы және оны дамыту болып табылады. Қозғалыс және эмоциялық, жекелей бейнелі жады басымдық алады. Материалдардың сақталу көлемі мен беріктігі өседі. Ырықсыз жады басымдыққа ие болады. Сөздік-мағыналық жады қарқынды дами бастайды. Жадының жаңа процесі қайта жаңғырту пайда болады. **Ойлауды** дамыту баланың өзінің іс-әрекетіне (сезімталдық тәжірибені игеруіне), іс-әрекет тәсілдеріне үйрететін ересектердің ықпалына және заттардың кеңейтілген атауын берумен байланысты болады. Ойлаудың негізгі түрі – көрнекі-әрекетті бейнелі ойлаудың элементтерін қалыптастырудан басталады. Ойлау заттық әрекетте пайда болады және жүзеге асады. Зияткерлік міндеттерді шешуде даму барысында тікелей қабылдаумен аз байланысты болатын ойлауда сөз үлкен маңызға ие болады. Ойлау бала заттың маңызын меңгеру нәтижесінде қарқынды дамиды. Бір затты екінші заттың орнына қолдануға болатын танымның символдық-белгілік іс-әрекеті қалыптаса бастайды, сондай-ақ алмастыру шынайы заттардың белгісі болып табылады. Алғашқы ойлау операциялары: салыстыру мен қорыту пайда болады. Үш жастағы кезеңде ойлаудың барынша күрделі және әрекеттің жаңа түрін меңгеруде маңызды орын алатын танымның белгілік (символдық) қызметі қалыптасады. **Қиялдың** алғышартына елестету жатады. Ойын барысында қиялдау жағдайында және заттарды ойын кезінде атағанда қиял пайда болады. Қиял тек шынайы заттарға сүйену барысында және олардың сыртқа бейнесімен әрекеттескенде қызмет етеді. Ерте жастың соңында баланың өзінің алғашқы шығармасы – ертегісі,

әңгімесі пайда болады. **Сөйлеудің** қарқында дамуы баланың заттық әрекетімен байланысты болады. Балада айналасындағыларға деген қызығушылық өседі, бірақ өзінің қарым-қатынасқа деген қажеттілігін қанағаттандыратын қарым-қатынас құралы (ым-ишара) жетіспейді. Пайда болған белсенді дербес сөйлеуді шешу жолында қарама-қайшылық туындайды (1,5 жастан 2 жасқа дейін). Баяу сөйлеуді белсенді сөйлеу басып озады. Баяу сөздік қор белсенді сөздік қорды байытады. Бала әр заттың атауы бар екенін біледі (алғашқы тілдік «жаңалық»). Осы жастың басында баланың тіліндегі бір сөзді сөйлемдер құбылысы байқала бастайды [124].

Л.С.Выготский: «Фазалық жағынан – сөз, семиотикалық жағынан – сөйлем. 2-3 жасар кезінде бала сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысты екенін түсіне бастайды (екінші сөздік «жаңалық»)). Бала алғашында дұрыс тыңдауды, содан кейін дұрыс сөйлеуді үйренеді. Үш жасар кезінде көлемі жағынан да, сапасы жағынан дасөзді түсінуі өседі. Балалар тек нұсқау-сөзді ғана емес, әңгіме-сөзді де түсінетін болады. Сөздің көрсеткіштік қызметінен мағыналық қызметіне өту жүреді. Жағдаяттық сөз пайда болады. Тек коммуникативтік қана емес, сөздің реттеушілік және қорытындылаушы қызметі дамиды. Балалар өздеріне таныс сөздерді бір-бірімен ауыстырып қолдануды тарата бастайды бастайды [126].

Ерте жаста **баланың жеке дамуы жүреді.** Заттық қимыл іс-әрекет барысында және жақын туыстарымен қарым-қатынас үдерісінде мінез-құлық сипатының қалыптасуы жүреді. Бағыныштылық мотивтері (барлық мотивтер бірыңғай жеңімпаздық күшке ие болады) жойылады, талаптары тұрақсыз, бақылаусыз және ұстамсыз болады. Дербестік және табысқа жету қажеттіліктері пайда болады. Мінез-құлық тек жағдайдың мазмұнына емес, басқа адамдармен қатынасына қарай ынталана бастайды. Мінез-құлық бақылау арқылы темпераменттің алғашқы белгілерін көруге болады. Бала мінез-құлық ережелерін меңгере бастайды, өзінің және өзгенің қылықтарын бақылайды. Еркін мінез-құлыққа өту үдерісі жүреді (К.Левин бойынша). Жеке тұлғаның қалыптасуының алғашқы маңызды алғышарттары қалыптасады. Үш жасар кезінде өзіне дербес «Мен» ретінде қарай бастайды, яғни балада танымның алғашқы түрі пайда болады. Жеке әрекеті, жеке тілегі, «Мен өзім» танымы пайда болады. Өзіндік танымының дамуы өзінің әрекетімен, өзінің тілегін танумен байланысты болады. Балада мақсаттылыққа бағытталған шынайы дербестік дамиды. Іскерлік-жағдаяттық және жағдаяттан тыс танымдық қарым-қатынас қалыптасады. Баланың үлкендерге деген қарым-қатынасы өзгереді және өзінің ересектерге деген тілек-талабын қарсы қояды. **Эмоциялық дамуы** бойынша алғашқы үш жылда баланың эмоциялық жағдайы өте тұрақсыз болады. Мінез-құлық ашық эмоциялық реакциялар арқылы көрінеді. Эгоцентризмнің салдары – эмпатияның нашар дамуы. Эмоциялық фаза еркіндігі, сезімнің, демек қиялдың даму еркіндігі (сенімді субъектизм фазасы немесе сенімді эгоцентризм). Бала қоршаған әлемде өз уайымымен өзі болады. Субъектизм, өз уайымымен өзі болу, табиғи эгоцентризм – барлығы шынайы, тікелей сипатқа ие болады. Өзін-өзі эмоциялық жоғары бағалау пайда болады.

Осы кезеңде баланың дамуында «Мен» деген өте күшті жағымды қажеттелік болады. Басқа біреуге деген жанашырлық қабілеті өте ерте пайда болады. Осы жаста баланың бойында **жаңару** пайда болады. Өзін-өзі бағалаудың, өзін-өзі құрметтеудің, өзін-өзі танудың пайда болуын сипаттайтын «ішкі Мен өзім» қалыптастыру қажеттігі туындайды. Сөздік қордың айтарлықтай ұлғаюына, сөйлем құрастыруға, сөздердің мағыналық байланысын түсінуге тән тілді дамыту керек болады. Бір жастың соңында пайда болатын жаңару жаңа әлеуметтік жағдайды дамытатын құрылымның қажеттілігін тудырады. Бұл жағдай ересектермен бірлескен іс-әрекет. Бұл бірлескен іс-әрекеттің мазмұны – қоғамда жасалған тәсілдерді меңгеру: өз бетінше жүруді дамыту, дұрыс жүруді игеру. Заттар әлеміне деген жаңа қарым-қатынасты қалыптастырумен байланысты заттық әрекетті меңгеру. Жеке жаңару өзінің жеке жетістігі үшін мақтаныш тудырады. Символдық, алмастырушы әрекет. Заттық ойын. Белсенді сөз[124].

Л.И.Божовичтің тұжырымдауынша, **үш жастағы дағдарыс** өзін-өзі бағалауды дамытумен, барлығын өзі жасауға деген ұмтылыстан талап етіледі. Дағдарыс себебі «жасаймын» және «жасай аламын» деген талаппен қақтығыстан пайда болады. Қарым-қатынастың ескі жүйесін қайта қарау, өзінің «Мен» дағдарысы. Жақын ересек адамдардан психологиялық бөлектену. «Жетістігі үшін мақтаныш» пайда болады[124].

Сонымен жоғарыда айтылып өткендерді қорытындылап, тұжырымдап көрейік. Баланың өмірінің алғашқы үш жылында дамуы қарқынды жүреді. Бұл кезеңде барлық сезім мүшелерінің іс-әрекеті, әсіресе көру және есту, тез жетіледі. 11-12 айда бала негізгі қозғалыстарды игереді. Бір жасқа толғанда оның сөздік қорында 6-10 сөз болады. Олардың саны өсіп, екі жаста 200-300 сөзге дейін, ал үш жаста 1000- нан асып 1500 сөзге дейін жетеді.

Зерттеушілер ерте жастағы баланың психикасы мен санасында жаңадан пайда болатын дүниелермен байланысты оның ішкі психикалық өмірі мен ішкі өзін-өзі реттеу белсенді түрде қалыптасуы орын алатындығын айтады. Психологтар мұндай жаңадан пайда болатын дүниелерге тілдің, естің, зейіннің, қиялдың дамуын, танымдық қызығушылықтың кеңеюін, балалық дүниетанымның және жеке тұлғалық мінез-құлық тетіктерінің негізінің қалыптасуын жатқызады.

Ерте жастағы баланың бойында қалыптасатын психикалық үрдістер мен іс-әрекеттер мектеп жасындағы баламен салыстырғанда жай болып келеді. Бірақ баланың осы кезеңде игерген көптеген дағдылары, айталық, тілді, әр түрлі әрекеттерді игеру, жүру т.б., өмір бойы маңызын жоймайды. Мысалы, егер бала дер кезінде жүріп үйренсе, белсенді қозғалыс арқасында оның ой-өрісі кеңейеді, қызыққан затына жан-жақты қарап, түйсігі жетіледі, үлкендермен, басқа балалармен қарым-қатынас жасауы жеңілдейді. Бұған қоса, белгілі бір жас кезеңінде қандай да бір дағдының қалыптасуының қолайлы уақыты бар. Мысалы, бала 2,5 жастан 3,5 жасқа дейін тіл дыбыстарын өте жақсы айта алады. Есейе келе тілдік қабілеті төмендейді және оны дамыту үшін көп еңбектену қажет. Үлкендермен қарым қатынас баланың ерте жастан дамуына

әсері мол. Сондықтан баланы тәрбиелеу мен оқытуда қандай да бір дағдыларды қалыптастыру үшін дер кезінде оңтайлы жағдай жасау керек [127].

Ерте жастағы баланың денесі мен психикасының даму қарқыны жоғары, дегенмен оның барлық ағза мүшелері мен жүйке жүйелерінің құрылысы дамып аяқталған жоқ, сондықтан олардың іс-әрекеті де жетілмеген. Мысалы, жүйке жүйелерінің күші әлсіз, байсалдылығы мен ширақтығы жеткіліксіз, ішкі тежелу үрдістері де жеткілікті қалыптаспаған. Бұл баланың мінез-құлқында көрініс табады. Ол тез шаршап қалады, оның көңіл-күйі тұрақсыз, бұл қыңырлық пен жанжалға себеп болады. Белсенді сергектік ерте жаста бірте-бірте ұзарады. Бұл баланың жүйке жүйесі жетілмегендіктен тез қарқынды даму жағдайында оның шаршап қалуына жол бермейді. Жасы кіші бала тезірек дамиды, жиі әрі көп ұйықтайды. Балалардың жақсы әрі байсалды көңіл-күйі олардың дер кезінде және толыққанды дамуының бірден бір шарты. Балалардың өмірін дұрыс ұйымдастыру, қызықты әсерлер, балалар мен үлкендердің біріккен іс-әрекеті олардың көңіл-күйіне демеу болады. Ерте жаста балалардың даму қарқыны бірдей емес. Бұл салмағы, бойы, отыру мен жүрудегі алғашқы талпыныстары, тістерінің шығуы сияқты дене бітімінің көрсеткіштеріне қатысты. Бұл саладағы медициналық көрсеткіштер әрдайым өзгеріп тұрады. Аталмыш ауытқулар психикалық дамуда да байқалады. Осылайша бір жас тобындағы балалардың бірдей жағдайда тәрбиеленіп жатса да, даму көрсеткіштері жоғары да, төмен де болуы мүмкін. Балалардың дүниеге келген сәтінен бастап бойларында жүйке жүйесінің әр түрлі тұрпаттамалық ерекшеліктері немесе, басқаша айтқанда, темперамент түрлері байқалады, сондықтан бала тәрбиесіне даралық тұрғыдан келген жөн. Кейбір балалар тез елігеді, кейбіреуі баяу, ал енді біреулерінің жүйке үрдістерінің әлсіздігі әр түрлі әсерлерге деген аса сезімталдығымен ұштасады.

Көптеген авторлардың зерттеулерін қорытындылай келе, жаңа туған балалардың мінезіндегі алты түрлі басты айырмашылықтарды көрсетуге болады: әртүрлі ынталандыруларға реакциялар диапазоны; жалпы белсенділігінің дәрежесі, қозуы, ұйқы кезіндегі мазасыздануы, барлық жаңалықтарға үйренуі, қолдан алуға ұмтылуы. Мінез-құлықтың бұл белгілері темпераментпен түсіндіріледі.

Бұл ерекшеліктер топтамасы ерте жастағы баланың ақыл-ой дамуының тұтастығы мен әрі қарай дамуы үшін негіз ретінде маңыздылығын растайды. Осы кезеңнің сипаттамаларын егжей-тегжейлі қарастыру баланың әлеуетті қабілеттерін барынша толық ашатын болады; оның дамуы мен білімінің жеке траекториясын дұрыс және тиімді түрде қалыптастырады. Өйткені, белгілі психологтардың тұжырымдары осы ойымызға негіз болады:

- 1) Бүкіл баланың дүниетанымдық тұжырымдамасының алғашқы сызбасының пайда болуы (Л.С.Выготский).
- 2) Алғашқы этикалық инстанциялардың пайда болуы (Л.С.Выготский).
- 3) Мотивтерді бағындырудың пайда болуы (А.Н.Леонтьев).
- 4) Еркін мінез-құлықтың пайда болуы (Д.Б.Эльконин, А.В.Запорожец).
- 5) Жеке сананың пайда болуы (А.А.Леонтьев).

Сонымен жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбектерін талдау балаларды ерте жастан дамыту дегенде, туғаннан баланың қабілеттілігін дамыту қажеттігін көрсетеді.

Балаларды ерте дамыту мәселесін зерттеуші Лена Данилова «Ерте дамыту – ол, үнемі балаңыздың өміріне араласатын, қызу шығармашылықты талап ететін, құрал жабдықтарды дайындауға көп уақытыңызды алатын көпжылдық және еңбекті көп қажет ететін жұмыс» деп анықтаған. Ерте дамыту – ол барлық мәселелерді шешпейді. Баланың дамуына басты себепші – ол қоршаған орта, тағы тұқым қуушылық, табиғи дарындылығы мен қабілеттілігі. Сіз балаңыздың математикалық қабілеттілігін арттыруға тырыссаңыз, ол спортшы немесе ақын болуы мүмкін. Ерте дамытудың мақсаты баланың өзінің бойындағы табиғи дарынды ашу. Ол бақытты да, әлеуметті және үйлесімді тұлға болып өсуіне мүмкіндік береді. Ондай бала үлкендердің араласуынсыз да өсуі мүмкін. Бірақ ата-ананың көмегімен ондай мүмкіндік әлде қайда көбірек. Таусылмайтын айырмашылықтар: туу жағдайлары, тұрмыс тіршілігі, аймақтың экологиясы, алғашқы әсерлер, ана мен баланың тамақтануы – осының бәрі баланың ағзасы мен тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді.

Қазіргі уақытта, адамның өмірінің алғашқы жылдарында оның ағзасы мен миының дамуы өте жылдам болатынды. Балалық шақ «қайта оралмас» шақ деп есептеледі: адам балалық шағында игермеген нәрсені, ешқашан игере алмайды. Ал игерседе, оған өте көп күш жұмсайды. Ерте дамытудың тамыры – бала өмірінің бірінші жылындағы дене қимылының белсенділігі. Туғанынан бір жасқа дейінгі өмірінде қимылдауға ынталандыру тәсілдеріне үйрету керек. Екінші баланың ой-өрісін кеңейту, тілін дамыту, ал үшінші дәл осы кезде баланы тіпті бәріне: оқуға, жазуға, есепке, шеттілдеріне, шығармашылыққа, музыкаға, гимнастикаға т.б. үйретуге болады екен. Баланың қимылдау белсенділігі оның миының, ойының дамуынан талап етіледі. Бала неғұрлым ертерек еңбектеуді, жүруді, жүгіруді үйренсе, ол ерте оқуды, санауды, ойлауды үйренеді [128].

Сонымен жоғарыда жас кезеңдеріне, баланың физиологиялық, психикалық дамуы, ерте дамуы ерекшеліктеріне берілген талдау бізге «ерте жастан дамыту» ұғымына анықтама беруімізге мүмкіндік берді.

Біздің тұжырымдауымызша **«ерте жастан дамыту дегеніміз - баланың туғаннан 3 жасқа дейінгі аралығында дене, ақыл-ой тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру».** Олай дейтініміз, дене тәрбиесі – баланың физиологиялық (бойы, салмағының өсуі, денсаулығы, еңбек әрекеті) дамуын жүзеге асырады. Ал, ақыл-ой тәрбиесі – психикалық үйлесімді дамуын (сенсорлық, танымдық, эстетикалық, адамгершілік және т.б. сезімдерін, ой-өрісін, белсенділігін) қамтамасыз етеді.

Сонымен, ерте жас – 1 жастан 3 жасқа дейінгі баланың психикалық және дене бітімінің даму сатысы, ол үлкен жартышарлар қабығы қызметінің дамуындағы сапалы өзгерістермен сипатталады. Бұл кезеңде баланың жеке-дара дамуында жүрісі, қозғалысы, ұсақ моторикасы қалыптасады, соның арқасында қоршаған ортаны тану мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейе түседі;

үлкендермен және құрдастарымен жағдайлық-іскерлік қарым-қатынасы дамиды; когнитивті үрдістер қалыптасады; пассивті және белсенді тілді игеру орын алады; қызбалық және ерік өрістері анығырақ бола бастайды, өзіндік сана қалыптасады. Ал бұл болса, баланың осы жас аралығында танымдық белсенділігін дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Оның үстіне олардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы негізінде дамыту әбден мүмкін. Ол туралы келесі параграфта «белсенділік». «танымдық белсенділік» ұғымдарының мәні ашылып, қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктері баяндалады.

1.2 Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың мәні

1.1 параграфта баланың физиологиялық және психикалық даму ерекшеліктеріне сәйкес оның үш жасқа дейін дене және ақыл-ой тәрбиесіне баса назар аудару керектігі мен оны дұрыс ұйымдастыру қажеттілігінің негіздері талданды. Тіпті баланы ана құрсағына түскеннен бастап анасының тәрбиесі арқылы дамыту қажет (Э.Геккел, Д.Бромлей, С.Ғаббасов, М.Құрсабаев және т.б.) деген пікірлерді де талқыладық. Әрине құрсақтық тәрбиенің баланың дамуында алатын орны үлкен екендігін, маңыздылығының басымдығын біз де қолдаймыз. Алайда ол туралы арнайы зерттеулер мен пікірлер аз емес. Ал, біз зерттеу пәнімізге қарай баланың туғаннан 3 жасқа дейінгі аралығы, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардағы (ерте дамыту орталығы) тәрбиені зерттеп отырғандықтан 2-3 жас кезеңіне аса мән береміз.

Баланың бірінші, екінші сигналдық нерв жүйелерінің пайда болған сәттерінен бастап олардың *қабылдау, қиял, ес, зейін, тіл, ойлау* психикалық үдерістерінің толыққанды дамуына отбасының, айналасындағы адамдардың, арнайы тәрбие ұйымдарының ықпал ету қажеттігі мәлім. Аталып өткен психикалық үдерістерді баланың танымдық белсенділігін арттыру негізінде тиімді дамыту мүмкіндігі жоғары. Отбасы – ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар кездеседі. Отбасында балалардың мүмкіндіктерін барынша дамытып, оны өмірде қолдана білуге, еңбек етуге, шығармашылық әрекетке даярлыққа, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп отыруға тәрбиелеу қажет. Жеке бастың пайдасы мен ұжымдық пайданың үйлесімдігін табуға, іскерлікке, ізгілікке, өздігінен ізденуге, өзін-өзін жетілдіруге тәрбиелеудің мәні зор [129].

Әлеуметтік-экономикалық, танымдық-білімдік деңгейлеріне сәйкес ата-аналар балаларына дене, ой еңбегін үйретеді, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға, жақсылықты үйреніп, жамандықтан жиренуге баулиды. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала [130].

Осы мүмкіндіктерге тоқталмас бұрын біз алдымен «белсенділік», «танымдық белсенділік» ұғымдары қарастырылған әдебиеттерге талдау жасадық.

Баланың танымдық белсенділігін дамыту оның жекелік және тұлғалық тұрғыдан тиімді дамуына ықпал ететін күшті ынталандыру және реттеуші мүмкіндіктер ретінде қарастырылады.

М.С.Каган белсенділікті «тірі заттардың ішкі детерминистік қозғалысының» формасы ретінде қарастырады [131]. В.С.Тюхтин «белсенділікпен өмір сүру организмдердің қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процесінде өзін-өзі сақтау, бейімдеу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қалпына келтіру және дамыту мүмкіндіктері сияқты қабілеттермен байланысты» екенін атап көрсетеді [132].

Белсенділік өлшемі философиялық және идеологиялық көзқараста (З.И.Тюмацева, Э.Х.Богданов, Н.П.Шербак) «адамның әлеуетін (белсенділігін, денсаулығын, даралығын) қалыптастыру мен жүзеге асырудың динамикалық жағдайы» ретінде түсіндіріледі [133].

Сонымен қатар, философия және әлеуметтану тұрғысынан белсенділік адам іс-әрекетінің көзі, тірі жанның негізгі қасиеті (Э.С.Бауэру) және адамның әлеуметтік мәні (К Маркс) тұрғысынан қарастырылады [134,135].

Зерттеу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі белсенділік ұғымына берілген бірқатар анықтамаларға талдау жасап, кестеге түсірдік(*кесте 4*).

Кестеден көрініп тұрғандай психологияда белсенділік әрекетпен байланысып, қозғалыстың қасиеті ретінде оны қалыптастыру, жүзеге асыру және модификациялаудың динамикалық жағдайы ретінде айқындалады.

Практикалық психология сөздігінде жан-жақты сипаттағы келесі анықтаманы ұсынады. Белсенділік – тірі жандардың жалпы сипаттамасы, олардың айналасындағы әлеммен өмірлік байланыстарды қамтамасыз ету ретінде өз динамикасы; тірі жанның тәуелсіздікке қабілеттілік қабілеті [136].

Дәстүр бойынша, даму психологиясында белсенділік (латын *activus* – белсенді) субъект пен объект (қоршаған орта) арасындағы қарым-қатынастың асимметриясын көрсететін көрсеткіш ретінде анықталады. Субъектінің белсенділігі ол өзі де, онымен де кездесетін өзгерістердің қайнар көзі болып

Кесте 4 – Әдебиеттердегі «белсенділік» ұғымына берілген анықтамалар

Аты-жөні	Анықтамалары
М.С.Каган	«тірі заттардың ішкі детерминистік қозғалысының» формасы
В.С.Тюхтин	«белсенділікпен өмір сүру организмдердің қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процесінде өзін-өзі сақтау, бейімдеу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қалпына келтіру және дамыту мүмкіндіктері сияқты қабілеттермен байланысты»
З.И.Тюмацева, Э.Х.Богданов, Н.П.Шербак	«адамның әлеуетін (белсенділігін, денсаулығын, даралығын) қалыптастыру мен жүзеге асырудың динамикалық жағдайы»
Даму психологиясы Сөздік/ А.Л.Венгер редакциясымен М.: PerSe6 2005- 175б.	психологиясында белсенділік (латын <i>activus</i> – белсенді) субъект пен объект (қоршаған орта) арасындағы қарым-қатынастың ассиметриясын көрсететін көрсеткіш. Субъектінің белсенділігі ол өзі де, онымен де кездесетін өзгерістердің қайнар көзі болып табылуынан көрінеді. Белсенділіктің негізгі түрлері – субъектінің қызметі мен мінез-құлқы, сондай-ақ оның басқа адамдармен қарым-қатынасы.
П.И.Пидкасистыйдың жалпы редакциясымен жарық көрген педагогикалық сөздік	белсенділік – бұл іс-әрекеттің күшеюімен, сыртқы көзқарастардың пайда болуымен мен сенімді көрсететін адамның сапасы
Г.С.Костюк	Белсенділік баланың өзін қоршаған ортамен өзара әрекетіне кең мүмкіндікті қамтамасыз етеді, өсіп келе жатқан жанды заттың өмірлік талаптарын қанағаттандырудың қажетті жағдайы. ...ағзаның ортамен «теңгерілуінің» барлық механизмдерінің пайда болу жағдайы.... Дені сау ағзаға тән белсенділік саналы адамдық іс-әрекетке айналуы тиіс».
Г.К.Селевко, А.Г.Селевко	«Субъективті белсенді қызметінде адам өзінің маңыздылығын дербестігімен және өз тандауын сезінетін әлеуметтік мәні бар тұлға ретінде көрсетеді»
Д.С.Годовикова	Адамның жасаған кез-келген қызметі физикалық және рухани күшінің белсенді күйі
В.А.Вединапина	адам дамуының қозғаушы күші, оның бірінші негізі, оның барлық көріністерінің (қажеттілік, эмоция, темперамент және т.б.). детерминанты
Ж.Т.Даулетбекова	"Белсенділік адамға тән қасиет ретінде рухани қажеттілікті өтеп, субъектіде ерекше қанағат сезімін тудырады. Белсенділіктің бағытын анықтайтын мотив болғандықтан, оның мазмұндық жағы баланың қажетіне барып тіреледі."

табылуынан көрінеді. Белсенділіктің негізгі түрлері – субъектінің қызметі мен мінез-құлқы, сондай-ақ оның басқа адамдармен қарым-қатынасы.

Белсенділіктің феномені былай сипатталады: 1) іс-әрекеттердің әрекет ету сәтінде ішкі жағдайдың ерекшеліктерімен орындалатын іс-әрекеттердің шарты – бұл әрекеттердің бұрынғы жағдайға байланысты болатын реактивтіліктен айырмашылығы; 2) еркіндік - субъектінің осы мақсатқа сай келуі; 3) ерекше жағдаяттық – бастапқы мақсаттардан тысқары – бейімделуден айырмашылығы, әрекеттердің шектелуі; 4) қабылданған мақсатқа қатысты іс-әрекеттің тұрақтылығының маңыздылығы.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, белсенділік – бұл іс-әрекеттің күшеюімен, сыртқы көзқарастардың пайда болуымен мен сенімді көрсететін адамның сапасы [137]. Г.К.Селевко, А.Г.Селевко пікірі бойынша, «Адамның субъективті белсенділігі оның іс-әрекеттегі дербестігінің маңыздылығымен және өз таңдауын сезінетін әлеуметтік мәні бар тұлға екендігімен анықталады» [138].

Осылайша, белсенділік адам іс-әрекетінің трансформациялық, когнитивтік, құндылық-бағдарлық, коммуникативтік және т.б. түрлерінде көрініс табады.

Д.С.Годовикованың пікірінше, баланың іс-әрекеті оның өмірлік күштеріне деген қажеттіліктің көрінісі болып табылады, сондықтан оны алғышарты және оның дамуының нәтижесі деп санауға болады. Адамның жасаған кез-келген іс-әрекеті оның физикалық және рухани күшінің белсенді күйіне әкеледі [139].

Ж.Т.Даулетбекова "Белсенділік адамға тән қасиет ретінде рухани қажеттілікті өтеп, субъектіде ерекше қанағат сезімін тудырады. Белсенділіктің бағытын анықтайтын мотив болғандықтан, оның мазмұндық жағы баланың қажетіне барып тіреледі" деп түйіндейді [140].

Ағзаның белсенді мақсатты екенін сипаттайтын сұраққа Н.А. Бернштейн төмендегідей жауап береді: «Дене әрдайым сыртқы және ішкі ортаның байланысы мен қарама-қайшылығында болады. Егер оның қозғалысы (сөздің жалпыланған мағынасында) қоршаған ортаның қозғалысымен бірдей бағытта болса, онда ол біртіндеп және жанжалсыз орындалады. Бірақ, белгілі бір мақсатқа бағдарламаланған қозғалыс қоршаған ортада төзімділікті талап етсе, ағза оған барлық энергияны еңсеруге мүмкіндік береді, ол қоршаған ортада жеңіске жетеді немесе онымен күресі жойылады» [141]. Оқушының әрекеті жеке тұлға болудың барлық үдерісімен бірге дамиды. Оқудағы белсенділік оқушыға әлеуметтік тәжірибені тезірек және табысты меңгеруге, коммуникативті қабілеттерін дамытуға, айналаға шынайы көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Белсенділік оқушының дәрежесін (қарқындылығы, күші) оның іс-әрекет нысанымен байланысымен анықталады.

Үлкендердің сөзі барлық әдістемелік құралдардан да артық болатынын естен шығармаған абзал. Балаға білімді өзінің игеріп қабылдауына көмектесіп, шығармашылық еркіндік берген жөн. Баланың әрбір жетістігі қуанышпен қабылданып, қолдануы тиіс. Білуге *құштарлық* – бала табиғатына тән қасиет, ол баланың көргендерін тануына, оған терең енуіне көмектеседі.

Баланың мұндай құштарлығы өзін қоршаған дүниені көруге, білуге, ұстануға деген қызығуынан байқалады [142].

Сонымен, «белсенділік» ұғымы әдебиеттерде адамның қозғалыс формасы, динамикалық жағдайы, қатынас көрсеткіші, саналы іс-әрекеті, белсенді күйі, даму қозғалыс күші, қасиеті тұрғысынан қарастырылған. Осы белсенділік анықтауыштары оның әр қырын ашып мәнін толықтыра түседі (сурет1).



Сурет 1 - Ғалымдардың белсенділік ұғымын қарастыруы

Біз де психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі белсенділік түсінігін талдау негізінде *«ерте жасар баланың белсенділігі қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынастағы әрекетінің көрінісі»*, деп түсінеміз.

Сондықтан, мектепке дейінгі ұйымдардың жағдайында танымдық үдерістерді дамытуға баса назар аудару керек. Осылайша, осы жастың ерекшелігіне арналған ойын және басқа іс-әрекет түрлері күнделікті сабақпен ауыстырылады. Шамадан тыс жұмыс жүктемесі, шаршағандық, балалар денсаулығының нашарлауы, білім беруді ынталандырудың төмендеуі, үйренуге қызығушылығын жоғалту, шығармашылық бастамалардың жетіспеушілігі балалардың невротын, басқа да жағымсыз құбылыстарды тудырады.

Адам білімінің кіріктірілуі негізінде анатомияда, физиологияда және психологияда көрсетілген қасиеттер жүйелі қарым-қатынастар тұрғысынан анықталады. Отандық ғылымда И.М.Сеченов, И.П.Павлов, В.М.Бехтерев психиканы адамның физиологиясы және табиғаты арқылы түсіну бойынша үнемі зерттеу жұмыстарын жүргізді [143-145].

Психика мен сыртқы әлем арасындағы, жеке тұлға мен әлеуметтік орта арасындағы себеп-салдарлық байланысты С.Л.Рубинштейн қарастырды. Ғалым өте маңызды әдіснамалық ұстанымға сүйене отырып, «бір құбылыстың әсері басқа әсерге тек ықпал ету сипатында ғана тәуелді емес екендігін, сондай-ақ бұл әсер қолданылатын құбылыстың табиғатынан талап етілетіндігін; басқаша

айтқанда, бір феноменнің әсерінің екіншісіне әсері соңғы сипатта болатындығын» негіздеді [146]. Мұндай қатынас бірінші кезекте қабілеттерін дамыту негізінде талданады. С.П.Рубинштейн «адамда алғышарттар, олардың органикалық өсуі үшін ішкі шарттар болуы керек, ал екінші жағынан, олар алдын-ала анықталмаған, ешқандай дамудың алдында және дайын нысанда берілмеген» деп есептейді.

Айта кету керек, С.П. Рубинштейн адам қабілетінің дамуы оның белсенді іс-әрекетінен талап етілетіндігін жоққа шығармайды, бірақ ол бұл үдерістің тек осы ассимиляциямен шектелуіне қарсы болады. Автордың айтуынша, қабілеттердің дамуы адамдар жасаған өнімдерді игеру үдерісінде ғана емес, сонымен қатар олардың өнімдерді (материалдық және рухани) игерген және құратын адамдардың өздерінің ішкі табиғатымен де әралуан сипатта болады. Кей адамдар адами іс-әрекет өнімдерін мейілінше көбірек деңгейде табысты, ал енді біреулері мейілінше аз деңгейде меңгереді. Бұл адамдардың игеретін немесе жасайтын өнімдеріне емес, сондай-ақ осы адамдардың ішкі табиғатына байланысты болады. Әрбір адамның өз «табиғаты» болады, оның жүйесі, жұмыс істеу механизмі өздігінен ашылмайды.

Ерте жастағы балалардың танымдық қызығушылығы мазмұнының өзіндік ерекшеліктері – зерттеушілер үшін қиыншылық туындататын жай. Өйткені, танымдық қызығушылықтың қалыптасуы мен дамуы – жеке бастың дамуы барысында жүзеге асатын өте күрделі процесс. Жалпы алғанда қызығушылықтың қалыптасуы бала айналысатын іс-әрекетке және жеке өмір тәжірибесіне байланысты болады. Міне, сондықтан да баладағы танымдық қызығушылықтың даму деңгейін тек нақты жасқа байланысты деп те қарастыруға болмайды [147].

Бұл мәселе – адамның психикалық дамуының детерминанттарын анықтау – психология, педагогика, физиология ғылымдарының, сондай-ақ адам және оның табиғаты туралы ғылымдардың ең басты мәселесі, мұны Л.С.Выготский «адамның дамуының басты мәселесі» деп атаған [148].

В.А.Вединапинның зерттеуінде адам қызметінің табиғи мәні, оның ерекшелігі, оны дамыту механизмі және жұмыс істеу механизмі зерттеледі. Осыған байланысты адам белсенділігінің сипатының «түпнұсқалық бірлік» ретіндегі іргелі рөлі адамның қоршаған ортамен өзара байланысын және өзара әрекеттесуінің мөлшерін және жолын көрсететіні анықталды.

Белсенділік адамның іс-әрекеті үдерісінде табиғат-адам, адам-адам, адам-мәдениет, адам-қоғам, адам-әлем өзара әсерінің нәтижесінде дамиды және өзгерген өмірдің белгісі ретінде анықталады. «Әлем-адам» және «адам-әлем» қатынасы моделі кезінде автор өзінің сипаттамаларын көріністер динамикасында ажырата білу қажет болатын жүйенің өзара байланысы мен іс-әрекет сипатының өзара тәуелділігін: *бағыттылық – бастамашылдық – еркіндік – жағдаяттылық* негізінде ұсынады және *рефлексиялық* белсенділік анықтаушы болып табылады [149].

Біз өз зерттеуімізде жоғарыда келтірілген ережелерді талдай отырып, белсенділіктің анатомияда (жүйке жүйесі реакциясы) және физиологияда (I, II

сигнал жүйелері, рефлексиялық жүйе) анықталған табиғи қасиет ретінде қызмет етуі – адамның жүйелік ерекшелігі, психиканың дамуына қажетті негіз болатынын түсіндік. Белсенділік – адам дамуының қозғаушы күші, оның бірінші негізі, оның барлық көріністерінің (қажеттілік, эмоция, темперамент және т.б.). детерминанты. Осы ереженің маңыздылығын атап көрсете отырып, Х.А.Бернштайннің пікірін келтіре кетейік: «Іс-әрекет, – деп жазды ол, барлық тірі жүйелердің ең маңызды ерекшелігі ... бұл ең маңызды және шешуші болып табылады...» [150].

«Танымдық белсенділік» санатының мәнін анықтау үшін, ең алдымен, танымның не екенін анықтау керек. Философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде танымның көптеген түсініктері, түсіндірмесі және құрылымы кездеседі, бұл жұмыста олардың бәрін келтіру мүмкін емес. Біз өз жұмысымызда педагогикалық энциклопедиялық сөздікте берілген анықтамаға басымдық береміз: нәтижесі – әлемдегі жаңа білім болып табылатын таным – бұл субъектінің ойлауында шындықты бейнелеу және жаңғырту үдерісі» [151].

Танымдық белсенділік баланың зияткерлік дамуын қамтамасыз етеді. Ол танымдық міндеттерді шешуге ғана емес, практикада жинақталған білімді қолдану қажеттілігімен де сипатталады. Д.Б.Богоявленская өзінің «Зияткерлік белсенділік шығармашылық ретінде» жұмысында «зияткерлік қызметтің» тұжырымдамасын шығармашылық жүйе қалыптастырушы факторы ретінде ұсынады [152]. Интеллектуалды белсенділік интеграциялық білімді, тұлғаның толық сипатын, жүйенің зияткерлік және мотивациялық компоненттерінің процедуралық өзара әрекеттесуін бейнелейді.

Бұл туралы қазақстандық ғалымдардың да еңбектерінде айтылған. А.Е.Әбілқасимова, Б.А.Тұрғынбаева жеке тұлғаның танымдық ізденімпаздығы мен шығармашылық ойлау мүмкіндіктерін дамытуды қарастырса, А.С.Мустояпова қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын негіздеген. Ж.Ж.Айтпаева болашақ мұғалімді қазіргі білім технологиялары негізінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін белсендендіруге дайындау мәселелеріне аса мән берсе, Е.К.Нурланбекова қазақ ақын-жазушыларының шығармалары арқылы студенттердің танымдық белсенділігін дамыту және т.б. еңбектерін сипаттайды [153-157].

«Осылайша, жеке тұлғаның зияткерлік белсенділік саласында және пәндік-құқықтық қарым-қатынастар саласында адамдар арасындағы өзара әрекеттесудің негізгі өзара байланысын көрсететін нәтижелер бізге жеке адамның зияткерлік бастамасының ортақ шығу тегі мен оның әлеуметтік белсенділігін белгілеуге мүмкіндік береді» ... және интеллектуалды белсенділіктің негізінде адамның әлемге қатынасы жатыр».

«Зияткерлік іс-әрекеттің» түсінігін нақтылай келе, Д.Б.Богоявленская «зияткерлік бастама» терминін енгізеді (Х.А.Бернштайн бойынша ішкі бастаманың бастауы ретінде). «Зияткерлік бастама» – бұл субъектінің практикалық қажеттілігіне қарамастан, оның ақыл-ойының сыртқы немесе

субъективті теріс бағалауына, мысалы, беделін немесе жазасын жоғалтудан қорыққандықтан, ақыл-ой қызметін қадағалаусыз жалғастыру, т.б. Д.Б.Богоявленская өзінің эксперименттер сериясында «интеллектуалды бастама» жеке тұлғаның когнитивтік және аффективті салаларын интеграциялаудың нәтижесі екендігін дәлелдеді, сондықтан жалпы интеллектуалды қабілеттердің жоғары деңгейінің болуы адамның «интеллектуалды бастаманы» көрсетуге қажетті, бірақ жеткіліксіз шарты болып табылады, яғни мотивтің екі тобы болады. Мотивтің бір тобы жалпы интеллектуалды қабілеттерді белсендіреді, нәтижесінде тұлғаның зияткерлік сапасы – «интеллектуалдық белсенділік» қалыптасады. Басқа топтың мотивациясы жалпы интеллектуалды қабілеттердің көрінісін тежейді. Д.С.Годовикованың пікірінше, танымдық белсенділік мұқтаждық деңгейіне жақын танымдық белсенділіктің құрылымында орын алады. Танымдық белсенділік танымдық қызметтің дайындық күйі ретінде анықталуы мүмкін, яғни ол қызметтің алдында жүреді және оны қалыптастырады [158].

Зерттеу барысында әдебиеттерде «танымдық белсенділік» ұғымына берілген бірқатар анықтамаларды кестеге түсірдік (кесте 5).

Кесте 5 – Ғалымдардың «танымдық белсенділік» ұғымына берген анықтамалары

Аты-жөні	Анықтамалары
А.П. Аристова	«субъектінің қоршаған орта құбылыстары мен заттарының жаңаруына, өзгеруіне әрекетінің пайда болуы»
Г.Н. Кулагина	"Мұғалімнің танымдық белсенділігі тек қажетсінуді, іс-әрекетті жүзеге асыруды және оны ретке келтіруді ғана біріктіретін тек кәсіптік біліктілікті игерумен ғана шектелмейді
Т.И.Шамова	"оқытудың мазмұны сипатына көзқарасы және тану мақсаттарына жету үшін мінез-құлықтың ерік-жігерін жинауға ұмтылысы бар жеке адамның іс-әрекетінің сапасы"
В. И. Орлов	"берілген уақытта қойылған мақсатқа жетуге ұмтылысы бар оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінің көрінісі"
Е. В. Коротаева	«Екі жакты бір-бірімен байланысты процесс бір жағынан - оқушылардың өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі таныта алуы, екінші жағынан балалардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда педагогиканың ерекше күш-жігерінің нәтижес».
Р.А.Низамов	" жеке адамның күшейтілген танымдық жұмысын сипаттайтын ерікті жағдайы."
Т.С. Сабыров	«оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру және оларды өмірде пайдалана білуге үйренуге оқушының істейтін сапалы әрекеті."
А.Ғ.Қазмағамбетов	"Өзіндік жұмыс - жеке тұлғаның белсенділігінің маңызды көрсеткіші. Белсенділік ол танымдық, құқықтық т.б. болуы мүмкін."
А.Е.Әбілқасымова	"Оқу әрекетінде оқу міндеттері шешіліп, мотив танымдық белсенділік арқылы ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық әрекеттің қалыптасуы мен анықталады."

Кестеден байқалып тұрғандай, ғалымдар танымдық белсенділікті зерттеу пәндеріне қарай (оқушылар мен студенттерге арналғандықтан) оқу-іс-әрекетінің нәтижесі немесе көрінісі, білім, білікті игеру сапасы тұрғысынан қарастырады. Соның ішінде біздің зерттеуімізге қызығушылық тудырып отырғаны А.П.Аристованың «субъектінің қоршаған орта құбылыстары мен заттарының жаңаруына, өзгеруіне әрекетінің пайда болуы» делінген анықтамасы.

Осыған байланысты біз ерте жастағы баланың танып-білуге деген әрекеттері туралы Л.С.Выготский, Л.И.Божович, В.С.Мухина және т.б.тұжырымдарды жинақтап баяндауға талпындық.

Көптеген ғылым саласында танымдық белсенділіктің қалыптасуының даму көздері ретінде қажеттілік маңызды рөл атқаратындығы қарастырылады. Тану **қажеттілігі** – тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуы үшін аса маңызды болып табылатын басты сипат. Танымдық белсенділіктің осы деңгейін қамтамасыз ететін негізгі шарт – бұл бай ақпараттық орталар және ондағы практикалық қызметтің мүмкіндігі баланың сенсорлық және практикалық тәжірибесін байытуға ықпал етеді.

Бұдан басқа, жаңа білім беру парадигмасы өздігінен білім алуға қабілетті, өзін-өзі тануға қабілетті, дамыған ақпараттық қажеттіліктерге ие, шығармашыл және креативті ойлауға қабілетті ұрпақты оқытуға және тәрбиелеуге бағытталған. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алды десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады [159].

Соңғы он жылда ғалымдар адам миының жұмыс істеуі туралы көп нәрсе білді. Баланың психикасына ерте әсер ету негізінен балалардың қажеттіліктерін қабылдауды түбегейлі өзгертетіні туралы тұжырым жасалды.

А.И.Брусиловский, Т.Н.Овчинникова және басқалар жүргізген зерттеудің нәтижесінде үш маңызды жаңалық ашылды [160,161].

Біріншіден, ақыл-ой қабілеттерінің дамуы тұқым қуалаушылықтың (генетикалық тұрғыдан анықталған қабілеттердің) және қоршаған ортаның өзара әрекеттестігі арқылы жүреді. Зерттеулер көрсеткендей, гендерде интеллектуалдық қабілеттерін дамытудың күрделі бағдарламасы бар, бірақ ол қалай іске асырылатыны тәрбиелеу (қамқорлық, мадақтау, ынталандыру және оқыту) сияқты сыртқы күш-жігерге байланысты болады.

Екіншіден, адамның миы өмірдің алғашқы жылдарында тиісті оқытудан және кез-келген тәжірибеден зор пайда үйренеді. Жақындардың жылы қарым-қатынасы мен қамқорлығы баланың биологиялық өмірін сақтап қана қоймай, туындайтын қиындықтарды жеңуге көмектеседі, сондай-ақ адам өміріндегі соңғы стресс пен жарақаттарды сәтті еңсеруге дайындайды. Қамқорлықтың жетіспеушілігі, күтімсіздік, ерте жастағы зорлық-зомбылық болашақта баланың эмоционалдық жағдайына әсер етуі мүмкін.

Үшіншіден, алғашқы жылдарда мүмкіндіктер мен тәуекелдер барынша көп болғандықтан, білім алу процесі адамның бүкіл өмірінде жүріп отырады.

Ақыл-ой қабілеттерін дамыту біркелкі болмайды. Адамның өмірлік циклдарын зерттеу барысында, адамның миы оқудың жекелеген түрлеріне өте сезімтал болатын кезеңдер бар екендігі анықталды. Кейбір дағдарыс кезеңдері шығармашылық қабілеттердің қарқынды дамуымен аяқталады. Мысалы, балалар үш жастан он жасқа дейін музыкамен ғана айналысумен әуестенеді. Шет тілін үйренудің ең қолайлы кезеңі туғаннан он жасқа дейін созылады. Ақыл-ой қабілеттерін дамыту спиральды толқындар ұқсайды.

Осылайша, әр жас кезеңінде танымдық белсенділіктің мінез-құлық көріністерінің өзіндік формалары болады және оларды қалыптастырудың ерекше шарттары талап етіледі. Оның көзі нәрестенің жаңа эмоцияларды, әсерлерді алудан туған тілегі болып табылады.

Физиологтардың, невропатологтардың, перинатологтардың, неонатологтардың зерттеулері дәм сезімі туа біткен сәттен бастап он төртінші аптадан, ал тыңдау жиырмасыншы аптадан басталатынын көрсетті (Әрине, осы тұста жүктілік кезеңінде де анасы арқылы барлық сезімталдық ағзалар дамитындығын жоққа шығаруға болмайды).

Осылайша, өмірдің алғашқы аптасынан бастап бала қоршаған ортадан шыққан әртүрлі әсерлердің (есту, көру, сезу және т.б.) әсерін сезінеді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі ерте жастағы баланың *жаңа* білімге деген қажеттілігінің бар екендігін айқын көрсетеді, Л.И.Божович өз зерттеулерінде осы мәселелерге көңіл бөле отырып, оны «*жаңа әсерлерге деген мұқтаждықтың* негізінде туындайтын базалық **қажеттілік**» деп атады [125, с. 178]. Алайда ересек адамның көмегігінсіз қоршаған ортаның өзі баланың танымдық белсенділігінің қалыпты дамуын қамтамасыз ете алмайды. Бастапқыда ересек адам бала білімінің ең маңызды «тақырыбы», оның әсерленуінің ең бай көзі: бала мұқият қарайды, дауысты тыңдайды, интонация жасайды, жылуды сезеді, иіс сезеді.

Танымдық белсенділіктің мәнін түсіну үшін оны *екі тәсілге* бөлуге болады. *Бірінші тәсіл* танымдық белсенділікті іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде қарастыруға негізделген. Танымдық белсенділік іс туындаған сәттегі жеке қозғалысты қалыптастыру, іске асыру, дамыту және өзгерту қызметін қамтамасыз ету ретінде түсіндіріледі. Ғылыми әдебиеттерде танымдық белсенділік пен қызметтің арақатынасы үш түрге бөлінеді:

- танымдық белсенділік динамикалық қызметті бейнелеуші - ұсынылған іс-әрекетте мүмкіндігін ашушы

- танымдық белсенділік динамикалық қызметтің динамикасы - бірінші жағынан іс-әрекетті жүзеге асырушы, ал екінші жағынан оның динамикалық жағын сипаттаушы

- танымдық белсенділік кеңейтілген үздіксіз іс-әрекет. Мұнда іс-әрекетті дамыту оның себептерін тереңдету, құралдарын жақсарту, психикалық бейнесін жүзеге асыру арқылы көрініс береді. Белсенділік қызметтің жаңа түрінде оны жоғары деңгейде дамыту ретінде анықталады.

Екінші тәсіл танымдық белсенділіктің сапасын, жеке тұлға қалыптастыруды қарастырады. «Мен» субъектісі, қарым-қатынас жүйесі, бағыты, жеке тұлғаның мінез-құлқын реттеуші мағыналық құрылымдары қарастырылатын осы тәсіл біз үшін ең тиімді болып табылады.

Жалпы, дербестік құрылымы бойынша бала белсенділігінің екі түрі қарастырылады.

1. Баланың өзіндік белсенділігі – бұл ерекше сонымен бірге бала психикасының барлық саласында: танымдық, эмоционалдық, ерік-жігерлік, тұлғалық әртүрлі сипатта көрінетін белсенділіктің әмбебап түрі. Баланың өзіндік белсенділігі оның ішкі жағдайын толықтай анықтайды. Бала бұл жағдайға өз қызметінің иесі, мақсат қоюшы, оған жету жолын және тәсілін іздеуші толыққанды тұлға ретінде қатысады. Басқаша айтқанда, бұл жерде бала өзінің ерік-жігерін, қызығушылығын, қажеттілігін жүзеге асырушы дербес тұлға ретінде қатысады. Белсенділіктің бұл түрі бала шығармашылығының негізінде жатыр. Өзіндік белсенділік ересектермен өзара байланысқа негізделген. Алайда бала ересектер іс-әрекетінің мазмұнын терең меңгергені соншалық, өзара байланыста оның өткен тәжірибесі баланың игілігіне айналды.

2. Ересектердің бала белсенділігін ынталандыруы педагог немесе ата-аналардың балалардың іс-әрекетін ұйымдастыруға, не істеу қажеттілігін көрсетуге және айтуға негізделеді. Бала ересектер алдын-ала анықтап қойған нәтижелерді алады. Іс-әрекет (немесе түсінік) бұрын берілген параметрлерге сәйкес қалыптасады. Осы процестің бәрі ешқандай сынақсыз, қатесіз, ешқандай кедергісіз өтеді. Белсенділіктің осы екі түрі бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады: балалардың өзіндік белсенділігі ересектер белсенділігімен байланыста болады, сондай-ақ ересектердің көмегімен білім мен дағды игеру кейіннен баланың өз жетістігіне айналады және ол өзінің жеке жетістігіндей қызмет етеді. Сонымен бірге осы процестердің айырмашылығы баланың белгілі даму кезеңінде принципті сипаты болуы және оның қарама-қайшылық тудыруы мүмкін. Бала үш жасар кезінде өзінің белсенділігі мен оның іс-әрекетін реттейтін және бағыттайтын ересектер тарапынан болатын белсенділіктің арсындағы айырмашылықты түсінеді және сезеді. Өзіндік белсенділік кезінде бала ересектердің кез-келген араласуына қарсы болады. Осы уақытта баланың өзіндік белсенділігі мен дербестігін дамыту ерекше маңызға ие болады [162].

Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін зерттеу жалпы теориялық маңызға ие, өйткені бұл проблема бағдарлық қызметтің жоғарғы түрінің негізгі көзін анықтаумен және «бізге қоршаған ортаға жоғары, шексіз бағдар беретін ғылымды қалыптастыратын» адамның танымдық белсенділігінің бейнесімен байланысты (Павлова Л.П.) [163].

Әр отбасы ата тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, атқарған еңбегін құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалы-қоғамдық еңбек барысында адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл-кеңес беріп, ата кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген. Туыстық, отбасылық қатынастарды бала кезінен қалыптастырған [164].


Танымдық белсенділік – қандай да бір жаңалықты білу құштарлығы – баланың өмірге табысты бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды шарттар. Ерте жастағы балалық кезінде, әсіресе, үш жаста бұл барынша анық байқалады. Сондай-ақ баланың әлемді тануды шешудегі ересектер алдындағы міндеттер де тоқталмайды. Бір жастағы баланың танымдық белсенділігіндегі басты объектісі анасы болады. Ерте жаста негізгі іс-әрекет құралдық-амалдық қызмет болғанда, өзара қарым-қатынас үдерісінде, ересектермен біріккен іс-әрекетте танымдық белсенділік заттық әлемді үйренуге бағытталады.

Жоғарыда айтылып өткендей, ерте жаста *тіл, қиял, зейін, есте сақтау, қабылдауды психикалық үдерістерінің дамуы оның* танымдық белсенділігінің қатар дамуына алып келеді. Ал бұл болса, **заттық іс-әрекеттің** арқасында қарқынды дамиды. Бір жас пен үш жасқа дейінгі кезең – *тілді дамытудың* ең маңызды кезеңі. Аса жағымды жағдайда осы жаста *қабылдау* да дамиды. Барлық психикалық функциялардың (*естің, зейіннің, қиялдың, т.б.*) дамуы қабылдаудың үстемдігіне байланыстылықты көздейді. Сол себепті баланың толық және өз уақытында дамуын көздейтін ересектер бәрінен бұрын қабылдауды дамытуды қамтамасыз ету керек, ол үшін балада бірінші кезекте қабылдаудың сан алуан түрі дамитын орта ұйымдастыру қажет [165].


Қабылдаудың ерекшелігі сонда – балада қандай да бір объектінің сапасы тіркеледі және ол қимылға ауысады: бала өзіне ұнаған затты міндетті түрде ұстап көрумен, аузына салумен аяқталады. Басында бала заттарды бірінің үстіне бірін қойып, оларды бір-бірімен өлшеп салыстырады, одан кейін оларды «көзбен» салыстырады. 2,5-3 жасында бала заттарды түріне, түсіне, көлеміне қарай таңдай алады. Тек үш жасқа келгенде бала ересектерше қабылдай бастайды [166].

Танымдық даму ерте жастағы балаларды жалпы дамытудың маңызды өлшемі болып есептеледі. Танымдық даму арқылы психикалық үдерістердің прогрессивті сапасы мен сандық өзгерістерін дәстүрлі түрде түсінеді. Ерте жастан тану танымдық белсенділік өз бетінше қалыптасатын сезімталдылықты білдірмейді, ол шарттары мен құралдарын анықтауға байланысты балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға ықпал ететін, осы процестің тиімді өтуіне бағытталған арнайы ұйымдастырылған жұмысты талап етеді. Бұл жерде сөз баланың білімі туралы емес, оның танымдық дамуы туралы екенін айта кету керек [167].

Сонымен адамның танымдық белсенділігін дамыту мәселесі қарастырылған психологиялық-педагогикалық еңбектерге жасаған талдау нәтижесі бізге ерте жастағы баланың психикалық үдерістерінің дамуы мен танымдық белсенділігін дамытудың арақатынасын анықтауға (сурет 2) және ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытудың механизмін жасауға (сурет 3) мүмкіндік берді



Сурет 2 - Қазақ халық шығармашылығы құралдарының ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі мен психикалық дамуына ықпалы



Сурет 3 - Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің дамуының механизмі

Сонымен психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау нәтижесі, ерте жастағы баланың психикалық үдерістерінің дамуы мен танымдық белсенділігін дамытудың арақатынасын анықтау, сондай-ақ ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытудың механизмі негізінде, біз өзіміздің зерттеу пәнімізге қарай **«ерте жасар баланың танымдық белсенділігі дегеніміз оның жаңаны қажетсіну, құштар болу, байқау, білу, үйрену, жасау әрекеттерінің көрінісі»** деп нақтылаймыз.

Ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытуда қазақ халық шығармашылығының мүмкіндіктерін жоғары. Әл-Фараби баланың ақыл-ой қасиеттерін дамытуда өнердің ықпалы басым екендігін өзінің мынадай құнды пікірімен білдірген: «Тек қана білім тән болатын ақыл-парасат (түрі) әрекет үстінде жүзеге асыруға емес, танып-білуге жағдай туғызатын өнерлер арқылы ғана сол білімге ие болады» [168]. Халық шығармашылығының тәлім-тәрбиелік мәнін кемеңгер жазушы М.Әуезовтің мына бір пікірінен аңғаруға болады: «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті – оптимизмді, сол халықтың өткендегі өмірі, аңсау – арманы, әдеп-ғұрпын, халықтың ұжымдық тәрбиесінің жемісін көреміз» [169].

Ертедегі халықтың күмбірлеген күміс күйімен сыбызғы сырнай үнімен, ән-жырымен, мақал-мәтел, шешендік сөз, ертегі, айтыс өлеңдерімен ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары, намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Сонымен халықтық педагогиканың тамаша идеялары мен дәстүрлерін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде халықтың ауызекі шығармашылығы айрықша рөл атқарады [170].

Мектепке дейінгі білім беру мекемелері – халықтық жалпы білім беру жүйесіндегі бірінші және ең жауапты орын. Халық шығармаларымен танысу баланың *сезімін және тілін байытады, қоршаған ортаға қарым-қатынас қалыптастырады, баланың жан-жақты дамуында баға жетпес рөлге ие* болады.

Ерте жастан-ақ балаға өз халқының ұлттық мәдени құндылықтарын құрметтеуді қалыптастыру, қарапайым ұлттық мәдени түсініктерді игерту керек. Халық шығармаларымен танысу баланың сезімін және тілін байытады, қоршаған ортаға қарым-қатынас қалыптастырады, баланың жан-жақты дамуында баға жетпес рөлге ие болады. Балалық шақ – ұлттық мәдениеттің бастауына шынайы, үлкен қызығушылықпен, ойын, күлкі, қуанышпен үңілу мүмкіндігі бар кезең. Мектепке дейінгі білім беру мекемесі – халық ағарту жүйесіндегі бірінші және ең жауапты буыны. Ана тілін меңгеру мектепке дейінгі балалық шақтың ең маңызды мәселесі. Әр халықтың өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі өз ұлттық ерекшеліктері бар. Бүгінгі күннің мақсаты – қазақ халқының тамаша дәстүрлеріне сүйене отырып, тәрбие үдерісінде кеңінен пайдалану. Бала өз халқының, елінің өнерін, тұрмыс, салт-дәстүрін, мәдениетін неғұрлым кең, терең сезінсе, басқа елдердің де өнерін соғұрлым терең сезінетін, түсінетін болады.

«Халық шығармашылығы» деген ұғымды білдеретін «фольклор» сөзі ағылшынның «folk» – халық және «fore» – даналық деген екі сөзінің бірігуінен шыққан. Фольклор тарихы өте ерте заманнан басталады. Оның бастауы адамдардың өзін қоршаған ортадағы табиғатты және ондағы өзінің орнын білу қажеттілігімен байланысты.

Дүние жүзінің мәдениет зерттеушілері 1985 жылы ЮНЕСКО бас қосуында осы ұғым бойынша мынадай бір тұжырымға тоқталады: «Фольклор дегеніміз, халықтың дәстүрлі мәдениеті, қоғамның арман-аңсары (идеал) тудырған, сол қоғамның мәдени және әлеуметтік төлтума жағдайымен үндесе көрініс тапқан, дәстүрлі тұғыр еткен топтар мен жеке адамдардың ұжымдық шығармашылығы, фольклордың үлгілері мен бағалы нұсқалары ұрпақтан –ұрпаққа ауызша, еліктеп үйрену арқылы және басқа да тәсілдермен ауысып отырады; өзгесі сияқты фольклордың санатынан *тіл, әдебиет, музыка, би, ойындар, афсаналар, әдет-ғұрыптар, салт-жоралыр, қолөнер кәсібі, архитектура және басқа да өнер түрлері* жатады» [171].

Осы ойды белгілі этнограф ғалым, қазақ әлемін танушы Ақселеу Сейдімбектің «фольклор» термині белгілі бір халық мәдениетінің кешенді құбылысын қамтиды» деген пікірі дәлелдей түседі» [172].

Біз өз зерттеуімізде осы тұжырымдарға негізделе отырып «*халық шығармашылығы* ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, еліктеп үйрену және басқа да тәсілдермен беріліп отырған туындылардың жиынтығы» деп түсінеміз. Ал *халық шығармашылығының құралдары* дегеніміз оның жанрларына қарай бөлінетін, балалар тәрбиесінде қолданылатын белгілі бір түрлері.

Осы халық шығармашылығының ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін арттырудағы мүмкіндіктерін анықтамас бұрын оның педагогикалық жіктемесін жасап алуды жөн санадық. Ол үшін әдебиеттерде берілген бірқатар қазақ халық шығармашылығы жіктемелерін, соның ішінде бір түрінің іштей топтамалары қарастырылған еңбектерге талдау жасадық.

Этнопедагог ғалым С.Ұзақбаева қазақ халық шығармашылығының балалар мен жеткіншектерге эстетикалық тәрбие беруде мүмкіндігінің жоғары екенін негіздей отырып, оны үш түрге бөліп қарастырады: халықтың ауызекі поэтикалық шығармашылығы, халықтың музыкалық шығармашылығы, халықтың сәндік-қолданбалы өнері» [173].

К.Матыжановтың «Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы» атты кандидаттық диссертациясында (1990ж.)тұңғыш рет халық әдебиетіндегі балаларға арналған өлең-жырлар «балалар фольклоры» деген ұғым аясында топтастырылып, қазақ фольклорының іргелі бір саласы ретінде жеке қарастырылады. Зерттеуші қазақ балалар фольклорындағы өлең-жырларды топтарға жіктеп, ішкі жанрлық түрлерге бөледі. Жалпы сәбилерге арналған өлең-жырларды, соның ішінде бесік жырын да «әлпештеу поэзиясы» тобына жатқызады [174].

Бұдан басқа балалар фольклоры, қолөнер түрлері, ұлттық ойындар және т.б. халық шығармашылығы бірқатар диссертацияларда топтастырылады. Оларды жүйелеп, кестеге түсірдік (кесте 6).

Кесте 6 - Балаларға арналған қазақ халық шығармашылығы түрлерін ғалымдардың топтастыруы

Автор	Топтама мазмұны
1	2
Матыжанов К.С.	Сәбилерге арналған өлең-жырлар - «әлпештеу поэзиясы»
Мамбетова А.Т.	Балалар фольклоры: Бесік жыры, сәбилік ғұрып жыры, тұсаукесер, сұрамақ, өтірік өлеңдер және т.с.с.
Ісләмжанұлы К.	I. Әлпештеу поэзиясы, II. Жеткеншектер поэзиясы, III. Ойындық фольклор.
Таубаева Ғ.З.	Ертегі, әңгімелер, тақпақтар, мақал-мәтелдер, мысалдар
Албытова Н.	Мектепке дейінгі балаларға тән салалар: Бесік жыры,сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары, санамақ, жаңылтпаштар, тақпақ, сұрамақ, мазақтама, ойын, ертегі, қаламақ, тәжікелесу
Нурмухамедова Р.Ә.	Сәбилер тобы: бесік жыры, уату-алдарқату, мәпелеу жырлары, сұрамақ, ойын-ермек, ертегі, санамақ, жұмбақ, қаламақ. Естиярлар тобы: бесік жыры, сұрамақ, ертегі, санамақ, жұмбақ, қаламақ, ойын-ермек, жаңылтпаш, мақал-мәтел, мазақтама Ересектер тобы: ертегі, санамақ, жұмбақ, қаламақ, ойын, жаңылтпаш, мақал-мәтел, мазақтама, тақпақ, өтірік өлең, маусымдық жырлар, тәжікелесу, балалар айтысы, бата-тілек, шешендік сөздер, ырым-тыйым сөздер
Белгібаева Г.Қ.	Мақал мәтел, жұмбақтар,аңыз әңгімелер, ертегілер, шешендік сөздер, батырлық жырлар
Бадел А.	Балалар поэзиясы:бесік жырлары, уату-алдарқату өлеңдері, арнау-тілек өлеңдер, сұрамақтар, қызықтамалар, өтірік өлеңдер, тақпақтар, маусымдық жырлар Ойындық фольклор:Ойын өлеңдер: жұмбақтар, мақал-мәтелдер, тәжікелесулер, балалар айтысы, жаңылтпаштар Ойынға байланысты жырлар: ойынға шақырулар, қаламақтар, санамақтар . Ертегілер: Қиял ғажайып ертегілері, хайуанаттар туралы ертегілер, тұрмыс-салт ертегілері, күлдіргі ертегілер (аңыздар)
Асылбекова М. П.	үлгі-өнегелер, ертегілер, жырлар, аңыздар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мазақтамалар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, этнографиялық, мәдени-тұрмыстық, ұлттық салттар мен дәстүрлері, рәсімдер, әдет-ғұрыптар, халықтық ойындар мен мерекелер, әлеуметтік тағылымдар мен тәжірбиелер, үлгі-өнегелер
Көкшеева З.Т.	Әлпештеу (ана) поэзиясы – бесік жыры, мәпелеу, күлдіргілер, әзіл-оспақтар; Тұрмыстық фольклор – тақпақтар, жалған ат қою және мазақтаулар, мақал-мәтелдер, балалар ертегілер, аңыз-әңгімелер, эпостық-жырлар-дастандар, әндер, күйлер, термелер Күлдіргі фольклор – ауызша (сөз арқылы) ойындар, қағытпалар, жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер мен күлдіргі, әңгімелер, жұмбақтар Ойын фольклоры – поэтикалық-мәтінсіз орындалатын рөлдік ойындар, өлең сөздерінің сүйемелдеуімен орындалатын рөлдік ойындар, әннің сүйемелдеуімен орындалатын рөлдік ойындар, қаламақтар мен санамақтар, интеллектуалдық ойындар, спорттық ойындар

6 – кестенің жалғасы

1	2
Төленова Ұ.Т.	Ұлттық ойындар: Тәртіптілікке – «Тоғыз таяқ», «Тоқта», «Сақина, «тастамақ», «Біз де», «Жаңылма», «Кімтапқыр?», «Күрек», «Айдаһар» Сүйіспеншілікке - «Қаршыға мен қарылғаш», «Қозы-лақтар», «Жылдырт-жылдырт», «Қыз қуу», «Көкпар», «Жұмбақ», Қарқорлықты – «Бос орын», «Тартыс», «Күн мен түн», «Аңшылар», «Аркан тарту», «Әлпеншек», «Ордағы қасқыр» Жағымды қарым қатынасқа – «Түйілген орамал», «Ак серек, көк серек», «Қуыр-қуыр қуырмаш», «Алақан соқпақ», «Айгөлек», «Асық», «Ақ санды, көксандық», «Тығылма», «Мысық пен тышқан», «Қазан доп»
Әбдіғапбарова Ұ.М.	Ою-өрнектер: геометриялық: «тұмар», «шаршы» және т.б. Космогониялық: «ай», «күн», «жұлдыз» және т.б.

Кестеде көрсетілген топтамалар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін-бірі толықтыра түседі. Осы топтамаларды талдау негізінде біз де қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балаларға арналған педагогикалық жіктемесін жасадық (сурет4).



Сурет 4 - Қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуға арналған педагогикалық жіктемесі

Қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуға арналған педагогикалық жіктелмесінің ерекшеліктеріне балалардың ерте жас аралығы, аталған шығармашылық түрлерінің осы жастағы балалардың тәрбиесі мазмұнына, психикалық үдерістерінің дамуы, танымдық белсенділігін дамыту мүмкіндіктері алынды (сурет 5).



Сурет 5 - Қазақ халық шығармашылығының педагогикалық жіктелмесінің ерекшелігі

Осы тұста айта кететін жайт, 4-суреттегі қазақ халық шығармашылығы құралдарының түрлері ерте жастағы балалардың әр түрлі психикалық үдерісінің дамуына қарай іріктелді. Мәселен, *ауыз әдебиеті құралдары*, ерте жастағы балалардың дыбыстарды анық шығаруына, дауыстап айтып үйренуіне, тақпақтап айтуға жаттығуына, айтуына жеңілдігіне қарай, сөздерді қосып айтуға дағдылануына, түсініп қабылдау мүмкіндігіне, қайталауға икемділігіне

және т.б. қарай таңдалса, *музыка құралдары* баланың тыңдауына, есітуінің шоғырлануын дамытуға, эмоционалды қабылдауына, жағымды есітілуіне, зейінін аударуға, есінде сақтай алуына, билеуге икемділігіне қарай және т.с.с. сипаттарын есепке алып отырып таңдалды. Қазақ халық шығармашылығының *ойын құралдары* ойындық негізде құрастырылғанына қарай алынды. Ойын ерте жастағы балаланың ең басты іс-әрекеті екендігі белгілі. Ал, осылардың арасынан қолөнер құралдарын іріктеуге тоқталып өткенді жөн көрдік. *Қолөнер құралдарын* іріктеуде ерте жастағы баланың заттық-іс-әрекеттік ортада дамуының басымдығы тұжырымдары негізге алынды. Өйткені қолөнер құралдарының барлығы да көзбен көретін, қолмен ұстайтын бұйымдар. Жоғарыда айтып өткендей баланың көру, қабылдау сезімдері туылғаннан екі-үш айдан кейін ақ қалыптаса бастайды. Көруінің шоғырлануы үш айында 5-7 минутқа созылатындығын айтқан болатынбыз. Демек, балалардың заттық-кеңістік ортасын қазақ ұлттық бұйымдарымен, киімдерімен, тұрмыстық, сыйлықтық заттарымен безендіру және оларды балалардың ұйымдастырушылық іс-әрекеттерінде пайдалану мүмкіндіктері қарастырылды. Сондай-ақ, қолөнердің ою-өрнек түрлерінің баланың қабылдауына жеңіл түрлерін (тұмар ою, шаршы ою, күн оюы және т.б.), ерте жастағы балалардың геометриялық фигуралардың көлемін, түстерін өту барысында қолдану мүмкіндіктері ескерілді. Олардың ересектер дайындаған жапсырма кестелерді желімдеп жапсыра алу, жеңіл құрастырылатын ұлттық тұрмыстық заттарды (аққұман, шәйнек, кесе, торсық) мүсіндеу мүмкіндіктеріне қарай іріктелді.

Жалпы айтқанда қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктері кең. Ол туралы қысқаша тоқталып өтейік.

Ғылыми әдебиеттерде халық шығармашылығы балалар тәрбиесіндегі халық педагогикасының құралдары тұрғысынан зерделенген.

Халықтық қағидаға негізделген тәрбие ана тілін меңгере бастаған сәбилік шақтан басталады. Н.К.Крупская балалардың отбасында тілінің дамуына үлкен мән беретін, әсіресе баланың анасымен тілдесу кезінде, себебі «ана тілі адамның өзін, ішкі сезімін, ойын, көңіл-күйін білдіру құралы» екендігін айтады [175].

В.А.Сухомлинский ертегілер, әндер, баланы алдандыратын өлеңдер, санамақтарды *танымдық белсенділікті, ақыл дербестігін, жеке адамның даралығын оятуда, қалыптастыруда таптырмайтын құрал* деп есептеген [176].

М.Жұмабаев «Жан тұрмысы өркендеуі үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баюы үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілімен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады» деп баланы ерте жастан дамытуда ертегіні қолдану тиістігін айтады [16, б. 132].

Б.Баймұратова, Р.Нурмухамедова балаларға арналған алдандыратын өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, мақалдар тіл дамыту үшін өте бай материал екенін көрсетеді [88, б. 56].

Р.Нурмухамедова қазақ фольклор жанрларын балалардың жас ерекшелігіне сай бірте-бірте күрделендіріп қолдану жүйесін жасады [64, б. 192].

Қазақ халық шығармашылығының балаларға арналған түрлерінің құндылығы сонда, оның көмегімен *ересектер балалармен жеңіл эмоционалдық байланыс, эмоционалдық қарым-қатынас орната алады*. Мазмұнының қызықтылығы, бай фантазиясы, ашық-жарқын көркем бейнелер баланың назарын аударады, оған қуаныш сыйлайды, сонымен бірге баланың білуге, үйренуге құштарлығын арттырады. Мазмұны жағынан қарапайым және ықшамды болып келетін *ауыз әдебиетінің* шағын формасында сөздік, мағыналық, дыбыстық байлықтар жасырынған.

Бұрынғыдан алыстап бара жатқан бүгінгі балаларға ересектермен өзара байланыстыратын *әлдилеу, шомылдыру, алғашқы дене жаттығулары, ойындар тәсілдерін* қазіргі уақытта қолдану керек. Сан ғасырдан бері әзіл-қалжыңдарды, тақпақтарды, мәтелдерді балалар сүйіспеншілікпен және ақылмен жаттайды, оны өз халқының биік моральдық мәдениеті ретінде қабылдайды.

Балаларауыз әдебиетімен танысу олардың қоршаған ортаға, халық дәстүріне, ана тіліне деген қызығушылығын, оларғазейінін аударуын дамытады, көркемдік талғамын тәрбиелейді, сонымен бірге тілін дамытады, ойын ұшқырлайды, оларды саналы әрекетке итермелейді.

Ашық, түпнұсқадағы, формасы мен мазмұны жағынан қолжетімді мәтелдер, мазақтамалар есте тез сақталады және балалармен ойын барысында кең түрде қолданылады. Бұлар баланы алдандырады және сонымен бірге мінез-құлық дағдысына үйретеді, танымдық белсенділігін дамытады.

Ерте жастағы балаларға өз халқының ұлттық мәдени құндылықтарын құрметтеуді қалыптастыру, олардың қарапайым ұлттық мәдени түсініктерін игеруін дамытады.

Ерте жас – көркем *қабылдауды қалыптастырудың белсенді кезеңі*. Балалар бесік жырынан, тақпақтардан, әндерден және т.б. бастап халық шығармашылығының шағын түрлерімен кең түрде таныса бастайды. Олар балаларға өмірлік: физикалық және адамгершілік тазалық сабағын береді. Барлық бесік жырлары, әндер, тақпақтар ішкі жан дүниесі жылулығымен және махаббатпен астасып жатыр. Халық шығармашылығының шағын формасы балада туғаннан балаға төл мәдениетінен хабар беріп, оларға деген сезімін қалыптастыруға негіз бола алады. Өйткені күнде көріп, күнде есітіп жүрген құралдары балалардың сезінуі арқылы есінде аз-аздан сақтала береді. *Халық шығармашылығы тілімен баланың санасына ең қиын деген ұғымды жеткізуге болады*, ол қарапайым қабылдауға мүмкіндік бермейді, өйткені ол кез келген адамға ашылмайды, тек әлемге мейірімді көзбен қараушыға, ары таза, жан дүниесі бай адамға ғана ашылады. Ал мұның бәрі – балаларға тән ерекшелік.

Ауызекі шығармашылықтағы әлпештеу баланың тұлға ретінде және ұлттық мәдени дамуының, соның ішінде санасын, зияткерлік, танымдық өресін дамытудың бірінші баспалдағы.

Бесікте бөленіп жатқан бала, әрине, өлең-жырларды тұтынушы ретінде қабылдайды. Ата-анасы балаларымен өз үлгісімен, өз мәнерінде сөйлеседі және оларға көмек көрсету үшін, балалармен сөйлесу тілін пайдалы және көркем, үйлесімді, қызықты ету педагогикалық мақсатпен бірегей поэзия болып танылатын ана, әжелер құрастырған қазақ ауыз әдебиетіндегі балаларды әлпештеу өлең-жырларға тоқталайық. *Әлпештеу* жыры баланы туылған күнінен бастап 1,5 жасына дейін айтылады, осы кезеңде бала қоршаған ортаны және өзін-өзі алғаш тани бастайды. Қоршаған ортаны тану және өз-өзімен танысу ата-анасының, туыс, жақын адамдардың көмегімен, ана махаббаты, қамқоры, жылылығына негізделген осы әлпештеу өлең-әндері арқылы іске асырылады. Бұған дәлел балалар ауыз әдебиетінің түрлі жанрда құрастырылған шығармалары, бесікте жатқан бала түрлі сөз тіркестермен танысады (ақ лағым,); балаға айтылатын еркелету сөздер, қаратпа сөздер (құлыным, боташым, қошақаным...); өте нәзік, жылы естілетін сын есімдер (аппағым-ай, қорқағым-ай...) [177].

Төменде келтірілген 7- кестеде балалар ауыз әдебиеті зерттеушілерінің сәби жастағы балалардың дамуы мен тәрбиесінің түрлі салаларына тигізетін ықпалы туралы пікірлерін ұсынамыз.

Кесте 7 - Қазақ халық шығармашылығы құралдарының ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктері

Жанр	Танымдық белсенділігін дамыту	Нәтиже
1	2	3
Бесік жыры	Қабылдауын, қызығушылығын, дамыту, эмоционалдық ықпал ету, музыканы тыңдауға, сөздерді ұғынуға зейінін тұрақтандыруға, ырғақ сезімін дамытуға әсер ету	Баланы жұбату, тыныш ұйқы, вестибулярлық аппаратты дамыту, адам дауысын қарым-қатынас ретінде қабылдау, сөзді қабылдау, тілді түсіну, сөздерді ұғыну, бастапқы шынайы нысанды игеру, қоршаған ортадағы заттардың өзара қарапайым байланысын ұғыну, психикалық даму, сезімталдық әсердің жинақталуы
Әлпештеу	Физиологиялық сауықтыру, дене, ақыл-ой, тұлғалық, сөйлеу дағдыларын, ырғақ сезімін, сезімталдығын дамыту	Кеуде, аяқ, қол бұлшық еттерін нығайту, қан айналымын қалпына келтіру, жалпы қозғалыс үйлесімділігін, вестибулярлық аппаратты дамыту, барлық ағзасының тіршілік әрекеттерін қозғау. Сергектік, қуанышты эмоциялар, ырғақ сезімінің пайда болуы, ауызекі тілдесу, диалог құру, қарым-қатынас орнату
Санамақтар, қаламақтар	Дене, ақыл-ой, эмоционалдық даму, ырғақ сезімін, қолдың ұсақ моторикасын	Қоршаған орта, айналасындағы адамдар туралы ұғым қалыптастыру, танымдық іс-әрекеттің оянуы, қоғамдағы өз

7 – кестенің жалғасы

1	2	3
	дамыту, ойды тынықтыру, білуге құштарлығын арттыру	орнын сезіну, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Тіл дамыту, дыбыстардың анық айтылуы, сөз қорын кеңейту, ми жұмысын белсендіру, назар аудару, зейін қою дағдыларын дамыту, сабырлылық қалыптастыру, неврозды болдырмау, қиялдауға ынталандыру, елестетудің, шығармашылық қабілеттің пайда болуы, сурет салуға және басқа қолданбалы жұмыстардың түрлеріне қолды дайындау.
Жұмбақтар, өтірік өлеңдер	Эмоционалдық қабылдауын арттыру, қиялын ұшқырлау, танымдық ойын дамыту ақыл-ойын өсіру, зияткерлік қабілетін, танымдық іс-әрекетін дамыту	Қисынды ойлауды дамыту, баланың ақыл-ойын өсіруге негізделген іс-әрекеттерін белсендіру, талдау және жүйелеу қабілеттерін дамыту, астарлы сөзбен таныстыру, әзілді түсіну сезіміне ықпал ету
Қимыл-қозғалысты ойындар	Ақыл-ой, дене, шығармашылық, эмоционалдық қатынасын, тілін дамыту, ерік-жігерін тәрбиелеу, ырғақ сезімін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қажетсіну, байқау, үйрену сезімдерін дамыту	Қарым-қатынас, коммуникативтік – сөздік іс-әрекет талабы, психологиялық қысымдарды жою, ақыл-ойдың икемділігі, сөйлеу және ойлау реакциясының жылдамдығы, өз құқықтары мен міндеттерін, тыйым салуды білу, өзін-өзі таныту, өз ойын білдіру, шығармашылық және импровизация жасау, денесі мен зердесінің, сезімінің, ерік-жігерінің, адамгершілігінің үйлесімді бірлікте дамуы, шыдамдылық, жылдам жүгіруі, ептілігі, икемділігі, қимыл-қозғалыстарының үйлесімділігі, белсенділігі
Ертегілер	Ой-өрісін өсіруге, қиялын тереңдетуге, эмоционалдық қатынасын дамытуға ықпал ету	Түрлі ұғымдарды, түсініктерді қарама-қарсы қою, Отанына деген сүйіспеншілік, мейірімділік тапқырлық, қызығушылық, көркемдік туралы түсініктерін дамыту айырмашылық, өнеге-өсиет сөзді түсіну, абстракты ойлау, қиял, дәлелдер жүйесін қалыптастыру, қарапайым математикалық түсінік, батылдық, достық, өзара көмек, адалдық сезімдерінің дамуы

7 – кестенің жалғасы

1	2	3
Жаңылтпаштарма қал-мәтелдер	Ырғақ сезімін, эмоционалдық қабылдауын, тілін дамыту, сөздік қорын көбейту, ақыл-ойын өсіру, белсенді әрекетін дамыту	Анық айту, сөйлеуі, артикуляцияны дамыту, сөздік қорын молайту, қоршаған ортаны, үлкендерді, еңбекті, отбасын сыйлау, моральдік-адамгершілік тіректерді қалыптастыру, құндылық жүйесі, Отансүйгіштік, толеранттылық (төзімділік), байқампаздық, зейін, ақыл-ой белсенділігі, адалдық, әдептілік, қоршаған табиғи ортаға қамқорлық, табиғатты қорғау іс-шараларға белсене қатысу
Ұлттық би музыкалары	Музыкалық, эмоционалдық, эстетикалық, сезімдеріне ықпал ету, көңіл күйлерін көтеру, танымдық белсенділігін арттыру, қол мотрикаларын, дене қимылдарын белсендіру, ұлттық биге қызығушылықтарын арттыру, білуге, үйренуге талпындыру	Музыканы қабылдауға, тыңдауға, есітуге сезінуге үйрену, ұлттық би элементтеріне дағдылану, би элементтерін табиғат құбылыстарымен салыстыра түсіну мүмкіндіктерін дамыту, эстетикалық сезімді дамыту, шығармашылыққа баулу, ырғаққа бейімделу
Қолөнер (ұлттық бұйымдар, киімдер, ою-өрнек)	Ұлттық қолөнерді қабылдауындамыту, қызығушылығын ояту, көру зейінін шоғырландыру, эмоционалдық, эстетикалық, сезімдеріне ықпал ету, ойлауын дамыту, қоршаған орта туралы түсініктерінің қалыптасуына әсер ету, қол моторикасын дамыту, есте сақтауын дамытуға ықпал ету	Қолөнер бұйымдарының атауларын білуге, ұлттық киім түстерін ажыратуға, геометриялық өрнектерді ажырата алуға үйрету. Жеңіл өрнектердің суретін салуға («тұмар», «шаршы», «күн» және т.б.), мүсіндеуге үйрету, қол моторикасын дамыту. Қолөнер бұйымдарында бейнеленген көріністерді табиғат құбылыстарымен салыстыру арқылы ойлауын дамыту

Дәстүрлі тәрбиенің өте маңызды және сипатты белгілерінің бірі – ересек адамның бөбекпен, әсіресе оның өмірге келген бірінші айлары мен жылдарында, үздіксіз, *әрдайым байланыста, қарым-қатынаста болуы*. Бұл қатынас бірте-бірте жай, оңай, қарапайым қимылдарды, сөздерді үйрету, көңілді ойын ойнату, алдандыру, көңілін көтеруге ұласады. Осы кездегі ең маңыздысы баламен тілдесу, сөйлесу, тілдік ойындар, бірте-бірте сөз қорын қалыптастыра бастау. Сәбидің мүмкіндіктері шектеулі болғанына қарамастан, ежелден кішкентай балаларға арналған ***түрлі ойындар*** мен ***әлпештеу, уату-алдарқату өлеңдер*** көп құрастырылған. Жеңіл, оңай қимылдар: аяқтарымен жер басқызу, секірту, қолын сермеу, көтеру және т.б. қимылдар жеңіл ырғақты

өлең жолдарымен сүйемелденеді, бұл әдіс баланың көңілін көтеріп, сергітіп, қуантады және *қимылға ынталандырады, белсендіреді*. Осы ойын, тілдесу кезіндегі пайда болатын, орнатылатын эмоционалдық қатынас кіп-кішкентай адамның дұрыс психикалық дамуының шарты.

Бірте-бірте бала дәстүрлі ауыз әдебиетін меңгере бастайды. Жеңіл қимылдарды, жай сөздерді, сөйлемдерді ересек адамның талабымен қайталай отырып, бара-бара өзі өз еркімен жасап, айтып және өзі жаңа қылық шығарып, өлең құрастыруға ұмтылады. «...Сәби қадамдап күрделі қимыл-қозғалыстарға және мәтіндерге көшеді, тыңдаушы, тұтынушы рөлінен ойын бастамашысы, ұйымдастырушы рөліне өтеді...» [178].

Әлпештеу әндердің басты мақсаты – қимыл-қозғалыстардың негізін үйрету. Бөбек кезінен бала ересек адамдардың ермек-ойындары мен билерін бақылап, көріп, қатыстырылады. Тәй-тәй басқан бала, би үйренеді, билейді. Сөйтіп, халықтық-мәдениеттік дәстүр жүзеге асырылады.

Қазақ халық шығармашылығын түрлерін қарастыру барысында біз олардың балалардың қабылдауына жеңіл, білуге құштарлығын арттыратын, қиялын ұшқырлайтын, зейінін қалыптастыратын, эмоционалдық жақсы сезімталдыққа бейімдейтін, ой-өрісін өсіретін, танымдық аясын кеңейтетін, саналы-әрекетке итермелейтін, белсенділігін арттыратын педагогикалық құрал екендігін анықтадық. Барлық ықпал етуші бағыттың негізінде бала алғашқы білімін қуанышты, сергек сезіммен қабылдайтын *эмоционалдық-сезімдік* даму жатыр. Сезімталдық әсер жинақтау арқылы баланың *психикалық дамуы* жүреді. Қазақ халық шығармашылығының ауызша-поэтикалық және ән-ойын әлеуетін қолдану барысында бізде баланың қоршаған ортадағы заттар арасындағы өзара байланысты білудің қарапайым түрінен логикалық және абстрактылы ойлауға дейінгі зиятының дамуын бақылау мүмкіндігі пайда болады.

Осы үдеріс кезінде балада қоршаған орта туралы түсінік қалыптастыру, танымдық іс-әрекеттің пайда болуы, қиялдың ынталануы, елестету, шығармашылық қабілеттің көрінісі, әзіл-қалжың сезімінің пайда болуы, ақыл-ой икемділігі, сөйлеу және ойлау реакциясының жылдамдығы, әртүрлі философиялық категорияларды қарама-қарсы қою жүреді. Сеніммен қарау, өзіне деген сенімділік, адамдарға ақ пейілділік таныту, шығармашылық мүмкіндіктер, жалпы өмірлік белсенділік сияқты басты қасиеттер қалыптасады. Алайда бұл қасиеттер мен қабілеттер физиологиялық жетілу нәтижесі ретінде өзінен өзі пайда болмайды. Олардың қалыптасуына үлкендердің балаға жақсы ықпал етуі, баламен дұрыс қарым-қатынас жасап, бірлесіп іс-әрекет етуі қажет [179]. Ата-аналар мен ұстаздардың тап болатын қиындықтары (баланың танымдық белсенділігінің төмен болуы, дұрыс қарым-қатынас жасай алмауы, тұйықтығы, ұялшақтығы немесе керісінше сотқар және аса белсенді болуы) ерте жастан бастау алады. Аталмыш кемшіліктердің алдын алудың жолдарының бірі болып ерте жастағы балалардың тәрбиесінде қазақ халық шығармашылығын пайдалану арқылы танымдық белсенділігін дамыту саналады. Мектепке дейінгі ұйымдарда, соның ішінде ерте дамыту

орталықтарында аталған дамытуды тиімді жүзеге асыру үшін оның құрылымдық-мазмұндық моделін жасап алу қажеттілігі туындайды. Ол туралы келесі параграфта баяндалады.

1.3 Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Зерттеу барысында ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту үдерісін іске асырмас бұрын оның моделін жасап алу қажеттілігі туды. Ол үшін алдымен аталған даму ерекшеліктеріне мән бердік. Алдыңғы параграфтарда біз баланың танымдық белсенділігін дамыту олардың психикалық дамуына тікелей ықпал ету арқылы жүзеге асатынын баяндаған болатынбыз.

9-кестеде біз Г.А.Урунтаеваның ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту ерекшеліктеріне сүйене отырып, біз қазақ халық шығармашылығы құралдарымен ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту ерекшеліктерін айқындадық [180].

Ол үшін біз 1.2 параграфында көрсеткен, ерте жастағы баланың психикалық үдерістерінің дамуына қазақ халық шығармашылығының ықпал ету мүмкіндіктері негізінде анықтаймыз

Ерте жастағы бала өзінің «Менін» қолдана отырып, өзінің қазақ халық шығармашылығын тануына *қажеттіліктерін* таниды және өзіне өзі қойған мақсатқа жетуге ұмтылуға қабілетті болады.

Қазақ халық шығармашылығыментанысу, ең алдымен оны сезімталдығының жылдам дамуына, *көрнекі-әсерлі ойлауын қалыптастыруға* ықпал етеді. Бала ересектермен қарым-қатынас жасауда белсенді көрсететін танымдық қызығушылық, сонымен бірге алғашқы ерік сапалары (іс-әрекеттің нәтижесіне ұмтылу) айқын білінеді.

Ерте жастағы балалар қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарын көру арқылы *қабылдау мен шексіз танымдық белсенділікті игереді*. Өйткені олардың көздеріне қандай да бір басқа зат түссе, ойы бөлінеді, алаңдайды және оны сол жерде зерттей бастайды. Ауыз әдебиетін меңгеру үдерісінде бала өзінің *зейінін* бұрынғыдай тек заттарға ғана емес сөз арқылы ұстай бастайды. Бірақ бала өзінің зейінін ең маңызды нәрсеге аудармайды, өзі үшін тартымды нысанға аударады. Осы жаста *зейіннің* тұрақсыздығы ересектер тарапынан ешқандай ескерту, нұсқау, тыйым салу тоқтата алмайтын баланың жоғары *танымдық белсенділігімен байланысты* болады.

Ерте жастағы баланың қазақ халық шығармашылығы құралдарының айтуға жеңіл түрлерін, түстерін, көлеміне *есте сақтауы* да белсенді қабылдаумен – заттарды танумен байланысты. Олай дейтініміз, екі жаста есте сақтау қабылдаудан бөліне бастайды: бала енді сол сәтте көрінбейтін нысанды қайта жаңғырта алады. Тілдің белсенді дамуы логикалық-сөздік есте сақтауды дамытуға ықпал етеді.

Қазақ халық шығармашылығы құралдары заттық іс-әрекет үдерісінде қолданылады. Сол себепті, баланың **ойлауы** да оларды қабылдаудың әсерінен дами түседі. Ол көрнекі-әсерлік сипатқа ие болады. Ерте жастағы балаға **қиялдың** (таңырқау) қарапайым түрі тән, бірақ бұл шығармашылық қиял емес. Бала екі жасында оның ойынына ойыншық-орынбасарлар пайда болған «сияқты» әрекет етуді үйренеді. Тек 2,5-3 жаста ол қиялдаған жағдайды қиялдаған заттармен әрекет етуге қабілетті болады. Кішкентай бала әлі алдауды білмейді, тек ерте балалық шақтың соңғы жылдарында ол нақты емес заттар туралы айта бастайды. Осы тұста оларға халық ертегілерінің ықпалы басым болады.

Кесте 8 - Қазақ халық шығармашылығы құралдарымен ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту ерекшеліктері

Психикалық үдерістер	Қазақ халық шығармашылығымен баланың танымдық белсенділігін дамыту ерекшеліктері
1	2
Қабылдау	Балаларға арналған ауыз әдебиеті түрлері айтылуға жеңіл, әуені құлаққа жағымды, ойындары қимыл-қозғалысқа икемді, қолөнері көздің жауын алатын әдемілігімен тартымды болғандықтан балалардың қабылдауына жеңіл болады. - білуге құштарлығын арттырады - айналасындағыларды, қоршаған ортаны тануға, қабылдауға үйренеді - эмоционалдық тұрғыдан қабылдау, олардың қызығушылықтарының артуына ықпал етеді
Қиял	Қазақ халық шығармашылығының құралдары олардың қиялдауына мүмкіндік береді. - оның алғышарттары, түсінік, еліктеу қалыптасады; қиял елестететін жағдаят туғанда және заттарды басқаша атаудағы ойын барысында пайда болады; - қиял нақты заттар мен олардың сыртқы әсеріне сүйенген жағдайда ғана жұмыс істейді
Зейін	- баланың зейінін аударатын қолөнер бұйымдары, олардың белгілері, сонымен бірге оларға қатысты іс-әрекет шеңбері кеңиді; - бала ересектердің аса күрделі емес нұсқауын орындауға, әдеби шығармаларды тыңдауға, ондағы сөздерге көңіл бөліп, қолөнер түрлерін қызықтап, ұстап көріп зейінін шоғырландырады;
	- халық шығармашылығы әсерінен балада өзіндік зейінді дамыту үшін алғышарттар қалыптаса бастайды; - баланың зейіні нашар шоғырланады, тұрақты емес, оны бөлу мен ауысуда қиындық байқалады, оның көлемі де аса үлкен емес.
Тіл дамуы	- сөзді тек ересектермен қарым-қатынас барысында тікелей байланыста ғана емес, заттарды меңгеруде тәжірибелік іс-әрекетте де дамыта алады; - ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас құралы ретінде белсенді сөйлеу қалыптасады; мақал-мәтел, жұмбақ, санамақ және т.б. сөйлеудің тек коммуникативтік

8 – кестенің жалғасы

1	2
	қызметін ғана емес, қорытындылау қызметін де қалыптастырады; - ойын барысында бала ересектердің нұсқауына бағынғанда, олардың талабын орындағанда сөйлеудің реттеушілік қызметі қалыптасады; - әңгімелесушілер араласқанда жағдаяттық сөйлеу пайда болады; - сипаттау сөзі туындайды; - сөйлеудің көмегімен бала өзіне және ересектерге әсер етеді; - сөз баланың айналасындағылармен қарым-қатынас тәжірибесін көрсетеді, тек заттар мен адамдарды ғана атап қоймайды, қимылды, жану ашуды, талапты, ұсынысты, тілекті де сөз арқылы жеткізеді; - баланың тәжірибесін байытатын және әлеуметтік тәжірибе жинауға көмектесетін әдеби шығармаларды, ересектердің әңгімесін тыңдау мен түсіну қалыптасады.
Есте сақтау	Қазақ халық шығармашылығының барлық құралдары олардың есте сақтауын дамытуға ықпал етеді: - түсініктердің мазмұны байиды; - материалдардың көлемі мен олардың берік сақталуы өседі; - есте сақтаудың жаңа процесі қайта жаңғырту пайда болады; - ауызша есте сақтау қарқынды даму алады; - есте сақтау және қайта жаңғырту еріктен тыс сипатқа ие болады.
Ойлау	Қазақ халық шығармашылығы құралдары (ауыз әдебиеті, музыка, қолөнер, ойын) баланы заттық іс-әрекетке түсіре алады. - ойлау заттық іс-әрекетте пайда болады және жүзеге асады; - заттық іс-әрекетті меңгеру баланы бөлшек пен бүтіннің немесе екі заттың арасындағы кейбір байланыстарды өздігінен орнатуға жетелейді; - бала құралдар және оларға тән қимылдардың көмегімен, яғни көрнекі-әрекетті ойлау көмегімен тәжірибелік міндеттерді шешеді; - баламен ойлау міндеттерін шешу процесінде сөйлеу максатты бағыт бере отырып, оны ұйымдастырады. - балада алғашқы ойлау операциялары: заттық, құралдық іс-әрекеттерді қалыптастыруда салыстыру және қорыту пайда болады.

Қазақ халық шығармашылығы құралдарын үйрену барысында бала өзіне жақын адамдарды ғана емес, айналасындағылармен қарым-қатынас жасайды, оларды түсіне бастайды. Әдеттегідей, құрбыларына қарағанда, талдау бірдей заттық әрекетке негізделсе де, ересектермен болған диалог барынша мазмұнды болады. Баланың жас ерекшелігін ескере отырып, оны бағыттайтын, осы іс-әрекетті ұйымдастыратын, осылайша баланың дамуына ықпал ететін ересектердің рөлін бағалау қиындық тудырады.

Баланың танымдық белсенділігінің пайда болуының қажетті шарты оның ойын, қозғалыс әрекетін, ересектермен қарым-қатынасын, арнайы сабақ

ұйымдастыруын, тілін дамытуға ықпал ету болып табылады. Мұндай сабақтарда балаларда ересектермен тілдік қарым-қатынасты дамытудың қажеттілігін қалыптастыру міндеттері шешіледі. Егер оларда осыған қажеттілік, ересектерге бір нәрсе айту тілегі туса, олар сөзді пайдаланады. Балалар өзіне жақын, жеке және тығыз эмоционалдық-іскерлік байланыстағы ересектермен қарым-қатынас жасайды.

Барлық психикалық үдерістердің ішінде ерте жастағы балалық шақта басты рөл *қабылдауға* тиесілі. Осы жастағы балалардың мінез-құлқы мен санасы толығымен қабылдауда анықталады. Солайша, ерте жастағы есте сақтау тану формасында болады, яғни таныс заттарды қабылдайды. Үш жасқа дейінгі баланың ойлауы көбінесе тікелей сипатта болады – бала қабылданған заттар арасындағы байланысты орнатады. Ол тек өзінің қабылдау шеңберінде орналасқан заттарға ғана зейінді болуы мүмкін. Психологтар осы жас кезеңіндегі маңызды жетістік – *байқаудан білуге өту* деп есептейді. Екі жасар бала дидактикалық тапсырманы орындау барысында 2-3 байқаудың көмегімен дұрыс шешімді табады. Міне, бұл іс-әрекеттегі *ойлау* болып табылады.

Үш жасар бала үшін тек іс-әрекет қана маңызды болып табылмайды, оның *нәтижесі (үйрену, жасау)* маңызды болады. Бала жетістігі жалпы алынған нәтижеге сәйкес болатын мақсат қояды. Алынған нәтиженің бастапқы мағынамен сәйкестігін өздігінен бағалау қабілеті пайда болады. Осы қабілеттің пайда болуымен баланың дербестік сияқты маңызды жеке қасиеті бекиді. Осы айтылғандардың бәріне де қазақ халық шығармашылығы құралдарын ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуда тиімді пайдаланған жөн.

Біз үш жасар баланың оңай қозғалатынын, бірсарынды әрекеттен тез шаршайтынын есте сақтай отырып олардың танымдық белсенділігін дамытуда халықтық ойын шығармашылығын қолданамыз. Онда қарқынды нервтік-психикалық даму жүреді. Баланың психикасындағы ең елеулі өзгерістер ары қарай сөзді дамыту есебінен жүреді. Осы жастағы баланың сөздігі сандық жағынан ғана өзгермейді, сапалық жағынан да алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 3-4 есе өседі. Осылайша балалар барлық сөз таптарын қолдана бастайды: сөздің оңай формасы, сондай-ақ сөздерді дұрыс айтпау мүлдем дерлік жоғалады.

Үш жаста сөйлеудің тәрбиелік маңызы айтарлықтай өзгереді. Осы шақта ауыз әдебиетін пайдалану аса маңызды. Алайда осы жас кезеңінде тілді дамытуда үлкен жетістіктер атап өтілсе де, балалар әлі тілдің грамматикалық құрылымын жеткілікті меңгермейді, сондықтан олардың сөзі бірнеше өзіндік ерекшелігін сақтайды. Бірақ айту мен грамматикадағы кемшіліктер балаға басқа балалардың қателігін байқауға және оны түзетуге кедергі жасамайды. Бұл тіл дыбыстарын есту арқылы қабылдау баланың сөйлей білуіне қарағанда әлдеқайда мүмкін болуымен түсіндіріледі. Ересектер балалармен қарым-қатынас жасағанда өз тілдерінде дыбыстар мен сөздерді бұрмалауға жол бермеу керек. Бұл балаларда дұрыс сөйлеуді қалыптастырудың ең маңызды шарты болып табылады.

Ерте жастағы бала қазақ халық шығармашылығы құралдарын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде үйрену негізінде сан алуан түсініктер мен ұғымдарды меңгереді. Ол өзінің күнделікті пайдалануы бойынша көптеген заттардың ерекшеліктері мен нақты мақсаттарын біледі: тек бір-бірінен ажыратып қана қоймайды, сонымен бірге түсін, түрін, заттың көлемін атай алады, негізгі кеңістікті және уақытша қарым-қатынасты бағдарлайды. Онда сан туралы алғашқы түсінік (көп, аз, біреу, үлкен, кіші) қалыптасады.

Одан әрі баланың *бағдарлық-танымдық іс-әрекетіндегі* маңызды өзгеріске шыдамдылық көрсететін *сезімталдығын дамыту* жүреді. Баланың сезімталдығын және оны жалпы дамытудың маңызды құралы бақылау болып табылады. Бала қазақ халық шығармашылығын үйрену барысында оларды *бақылай* отырып, заттардың ерекшеліктерімен, олардың түрімен, көлемімен, түсімен танысады. Алайда бала оларды өздігінен анықтай алмайды. Сондықтан баланы қоршаған орта жағдайында ұлттық бұйымдар мен заттардың ерекшелігін бөле білуге үйрету керек. Егер бала бір нәрсені бақыласа, оны міндетті түрде қолдау керек, ең бастысы бақылау барысында маңызды, елеулі нәрсені көре білуге көмектесу керек, оның осы сәтте қойған көптеген сұрақтарына жауап беру керек. Егер бала сұрақ қоймаса, баланы сол жағдайға жетелеп, соған сәйкес жағдаят тудыру керек.

Үш жастағы баланың іс-әрекеті күрделі және әртүрлі бола бастайды: заттық іс-әрекет (геометриялық фигуралармен, біздің жағдайымызда ол геометриялық ою-өрнектер болуы мүмкін), сюжеттік ойындар (ұлттық ойыншықпен ойнау), бақылау, суреттер, ұлттық бұйымдар, киімдер, көру, еңбек іс-әрекетінің элементтері (ұлттық бұйымдарды ұстап көру, ұлттық қуыршақтарды, ойыншықтарын жинау), бейнелеу іс-әрекетінің басталуы (сурет салу, мүсіндеу). Осы іс-әрекет түрлерінің бәрі баланың ақыл-ойының дамуы үшін маңызды болып саналады.

Барлық іс-әрекет түрлерінің ішінде сюжеттік ойындар ерекше орын алады. Өзінің сипатына қарай олар екі жастағы баланың ойынымен салыстырғанда барынша күрделене түседі. Бала ойнай отырып, айналасындағылардың көптеген қимылын келтіреді (ұлттық дәстүрлерді сахналастыру, мәселен, тұсау кесу, кесе ұсыну, наурыз шәйін ішу және т.б.). Рөлдік ойындар элементі пайда болады. Үш жастағы баланың жаңаша дамуының бір түрі ол іс-әрекетті бастамас бұрын алдын-ала мақсатын анықтап алады: «Мен киіз үй құрамын», «Мен көкпар ойынына қатысамын», «Мен қара жорға биін билеймін» және т.б., яғни бұл жастағы баланың іс-әрекетінде жоспарлаудың элементтері пайда болады.

Бала осы жаста құрылыс материалдарымен айналысқанды ұнатады. Бала іс-әрекеттің мүлдем жаңа түрін игере бастайды – сурет салу, мүсіндеу. Бала қарындаштың, ермексаздың көмегімен қандай да бір затты бейнелеуге болатынын түсінеді, үш жастың соңына қарай «ирек», «тұмар», «күн», «ай», «жұлдыз» өрнектерінің суретін салады; асатаяқ, сақина, білезік және т.б. жеңіл заттарды мүсіндейді.

Осы жастағы балаға оны дамыту барысында ерекше назар аударуды қажет ететін эстетикалық сезімнің пайда болуы тән. Балалар асқан қызығушылықпен *музыка, ән тыңдайды*. Олар өздеріне таныс *тақпақтарды, ертегілерді бірнеше рет қайталауды* сұрайды және оны ынтамен тыңдайды, оның тек сюжетіне ғана емес, музыкасына, ырғағына да көңіл бөледі. Баланың эмоционалдық көңіл күйі өзгеріп тұрады: өзінің жасаған құрылысына қуанады, егер ересектерге көмектессе өте риза болады, ал ойын кезінде оған біреу кедергі жасаса ренжиді. Мұның бәрі эмоционалдық көріністердің байлығы әрі үш жастағы бала қол жеткізетін күрделі психикалық дамуы немесе тек белгілі бір жағдайларда оның өмір сүруі және тәрбиеленуі болуы мүмкін.

Қазақ халық шығармашылығындағы *сөздімен* gereотырып бала ойлаудың дамуы туралы, себеп-салдарлық байланыстың пайда болуы туралы сұрақтар қоя бастайды. Б.Уайт үш жасар баланың дамуын оның ересек адамдармен өзінің құрбылары сияқты әңгіме жүргізу қабілетіне қарай бағалауға болатынын көрсеткен [181].

Осы осы айтылып өткендер бізге қазақ халық шығармашылығы ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың компоненттерін анықтауға негіз болады. Біз ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың компоненттерін үшке бөліп анықтадық: *қажетсіну-құштар болу, байқап-білу, үйреніп-жасау*.

Қажетсіну-құштар болу компоненті балалардың танымдық қажеттіліктерін: қызығушылығын, құштар болуын, тандамалы танымдық іс-әрекетін көрсетеді. Ерте жастағы баланың танымдық қызығушылығына байланысты біз олардың жаңа нәрселерді үйренуді, түсініксіз заттарды анықтауды, шындықтың құбылыстарын, олардың мән-мағынасына тануды, олардың арасындағы байланыстарды және қарым-қатынастарды табуды қалайтынын байқаймыз.

Эмоциялар саласындағы ең үлкен сарапшылардың бірі Кэрролл Изард былай дейді: «Қызығушылық танытатын сезім басқа эмоциялардан гөрі өзгеше. Адам өмірінің алғашқы күндерінен бастап, оның қызығушылығы бет-әлпетіндегі қимылдар – қасының көтерілуі, заттың бағытына қарай көзінің қозғалысын өзгертуі, аздап ашылған аузы немесе ернін жымқыруы арқылы пайда болады. Бұл қозғалыстардың әрқайсысының өзі де, олардың комбинациясы да қызығушылықтың эмоциясын көрсете алады. Айта кету керек, эмоцияның мимикалық көріністері, әдеттегідей, қысқа мерзімді (0,5 секундтан 4-5 секунд аралығында) болады, эмоциямен және сезіммен байланысты нервтік белсенділік әдетте ұзаққа созылады. Яғни, адам қызығушылықты жалғастыра алады, оны мимикалық түрде анықтай алмайды...» [182].

Танымдық қызығушылық іс-әрекетінің маңызды түрткісі (А.В.Запорожец, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев), мектеп жасына дейінгі баланың музыкаға қызығушылығының көрсеткіші (Ж.Ақпарова), бастауыш сынып оқушыларының қазақ фольклорына, ақыл-ой дамуының деңгейіне ғана емес,

адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына да (А.Едігенова) ықпал етеді [183,184].

Байқап-білу компоненті балалардың бастамашылық танымдық іс-әрекеттерінде білім мен тәжірибе жинақтау және түсіну арқылы жүзеге асырылады.

Үйреніп-жасау компоненті ерікті танымдық қызмет барысында үйрену мен дағдыларды меңгерудегі балалардың тәжірибесін қамтиды, балалардың танымдық қызметке деген саналы қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған.

Осы тұста айта кететін жайт отандық ғалымдардың ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытуға арналған еңбектерінің жетіспеушілігіне байланысты, біз олардың оқушылардың, студенттердің танымдық белсенділік деңгейлерін анықтауына байланысты еңбектерді де талдауды тыс қалдырмадық.

Мәселен, Т.Қоқымбаева өз зерттеуінде оқушыларға арналған «Танымдық әрекет — олардың білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Танымдық әрекет — танымдық қажеттіліктен, танымдық мақсат, танымдық мотивтен және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық әрекеттің негізінде балада танымдық белсенділік қалыптасатындығын» айтады [185]. Ол да танымдық белсенділікті дамытуда қажеттіліктің, яғни түрткінің басты компонент екендігін жоққа шығармайды.

Зерттеу барысында ғалымдардың зерттеулерінде анықтаған білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту көрсеткіштері мен деңгейлеріне де талдау жасадық. Б.Абыканова өзінің «Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары» деген диссертациялық зерттеуінде танымдық белсенділіктің көрсеткіштерін төмендегіше белгілейді: «білімге қызығушылық; таным үрдісіндегі белсенділік; оқушының танымдық қызметке деген сұранысы; білімді өз бетінше алуға дайындығының болуы және оны түрлі нақты жағдайда қолдана білуі; жұмыстың мақсаты мен міндеттерін анықтау білігі; проблемалық танымдық міндеттерді шеше білуі; танымдық әрекеттердің айқын бағыттылығы; жаңа білім алуға оқушы тұлғасының қызығушылығы; әрекет тәсілдерін білуі; өзін-өзі бақылау, бағалау және әрекетке бейімділігі; танымдық тапсырмаларды шешу біліктілігі; білімді тасымалдау; іс-әрекетті қабылдау; жұмыс мазмұнын өздігінше таңдау білігі; оқу танымдық қызметтегі нәрсені ажырата білу біліктілігі; оқудағы қиындақты жеңуге ұмтылуы; жұмыстың тиімді тәсілдерін таңдау білігі» [186].

Кесте 9 - Балалардың танымдық белсенділігінің типологиясына көзқарастың сипаттамасы

В.А.Ведняпина бойынша «үйрену белсенділігі»	Г.И.Щукина бойынша «ұйымдастыру іс-әрекетіне балалардың танымдық іс-әрекетін белсендіру» (дидактикалық әдіс)	Т.И.Шамова бойынша «үйренуін белсендіру» (технологиялық тәсіл)	қарқынды танымдық белсенділігінің деңгейлері (деңгейлік тәсіл)
1	2	3	4
Бағдарлық белсенділік Физиологиялық белсенділіктің пайда болу деңгейі («бұл не?» рефлексі негізінде) (Керек!)			Нөлдік белсенділік Бала белсенді емес, педагогтің талабын баяу қабылдайды, өзіндік жұмысқа ынта білдірмейді, педагог тарапынан қысым көрсетуді ғана күтеді
Бастамашылдық белсенділік Бала өз бастамасы бойынша қоршаған ортаны және өзінің әлеуеттік мүмкіндіктерін тану мақсатымен пәндік-тақырыптық танымдық қатынастарға түседі (Жасағым келеді!)	Репродуктивті имитациялық белсенділік Іс- әрекеттеріндегі тәжірибе үлгілерді игеру арқылы жинақталады; алайда жеке өзін-өзі басқару деңгейі жеткіліксіз	Қабылдау белсенділігі Бала білімді, есте сақтауды және білімді жаңғыртуды, оны үлгі бойынша қолданудың әдістерін меңгеру керек.	Салыстырмалы белсенділік Баланың белсенділігі белгілі бір білім жағдайында ғана көрінеді (қызықты мазмұнға, оқытудың ерекше тәсіліне, т.б. байланысты), негізінен эмоционалды қабылдау арқылы анықталады.
Ерікті белсенділік Баланың мінез-құлқындағы ерік-жігердің көрінісімен, танымның еркіндігімен және психикалық процестердің дамуымен сипатталады. (Жасай аламын!)	Іздеу және әрекетті орындау белсенділігі Бала тек тапсырманы қабылдап қана қоймайды, сонымен қатар оның орындалуын іздейді (дербестік үлкен дәрежеде орын алады)	Орындаушылық қызметті интерпретациялау белсенділігі Ойын білдіру, құбылыстың мәніне ену, құбылыстар арасындағы байланыстарды білуге деген ұмтылыс, білімді жаңа жағдайларда қолдану әдісін игеру	Дағдылы орындаушылық белсенділік Баланың әрекеті тек эмоциялық дайындыққа ғана байланысты болмайды, оқытудың әдеттегі әдістерге де әзірленеді, бұл оқу тапсырмасының тез арада қабылдануын және оны шешу барысында дербестікті қамтамасыз етеді

9 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Саналы (суб-белсенді) белсенділік Дала мінезінен айырмашылығы адамзаттың жалпылама тәжірибесін пайдалану мүмкіндігі (Міндетті!)	Шығармашылық белсенділік Тапсырманы бала өзі қоюы мүмкін және оны шешу жолдары жаңа, стандартты емес болып табылады	Шығармашылық белсенділік Феномендердің мәнін, олардың өзара қарым-қатынасын ендіру оңай емес, бірақ бұл мақсат үшін жаңа жол табуға тырысыңыз	Шығармашылық белсенділік Баланың позициясы стандартты емес білім беру жағдайымен айналысуға дайындықпен, оны шешудің жаңа құралдарын іздеумен сипатталады.
Рефлексиялық белсенділік Үстемдік деңгейі, танымдық іс-әрекетте, жетістікке жетудегі өзін-өзі талдау сипатталады			

А.Сариева «Физиканы оқытуда шығармашылық есептер арқылы мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту» атты диссертациялық зерттеуінде оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту деңгейлерін репродуктивтік, жартылай-ізденушілік, ізденушілік-зерттеулік, шығармашылық деп анықтайды [187].

М.Коккоз студенттердің танымдық белсенділігі дамуының деңгейлерін жоғары деңгей (шығармашылық), орта деңгей (эвристикалық), төменгі деңгей (жаңғырту) деп үшке бөліп, айқындайды [188].

Аталған диссертациялық зерттеулерде мектеп оқушыларының, жоғары сынып оқушыларының, студенттердің танымдық белсенділігінің деңгейлері негізделген. Ал біздің зерттеуіміз үшін қызық тудыратыны мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігінің деңгейлерінің анықталуы.

Осы тұрғыдан біз Э.В.Коротаеваның зерттеу жұмыстарында жүргізілген танымдық белсенділік деңгейлеріне талдауы қызықтырады (кесте 10.) [189].

Енді балалардың танымдық белсенділігі дамуының өлшемдері мен көрсеткіштеріне тоқталайық.

Педагогикалық жоспардағы танымдық белсенділіктің қалыптасу өлшемдері мен көрсеткіштерін алғаш рет И.Т.Огородников қарастырды және өлшемдердің екі үлкен тобын анықтады: тұлғаның қажеттілігіне, түрткісіне, қызығушылығына және практикалық бағыттылығына, яғни танымдық белсенділіктің біліміне және дағдысына бағытталған. Бұдан әрі Г.И.Щукина бұл бағыттарды нақтылап, оларға тұрақты танымдық қызығушылық енгізіп және оның көрсеткіштерін анықтады. 80-жылдарда танымдық қызметтің өлшемдері мен көрсеткіштері мәселесін Т.Н.Шамов қарастырып, баланың практикалық дайындығына ерекше көңіл бөледі [190-192].

Біз зерттеу жұмысымызда Е.А.Терехова мен В.А.Вединапинаның еңбектеріне сүйендік және мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін тиімді дамыту үшін келесі өлшемдерді тұжырымдауды жөн деп есептейміз:

1. Қазақ халық шығармашылығына тұрақты танымдық қызығушылық
2. Қазақ халық шығармашылығын танып-білуге эмоционалдық жағымды қатынасы
3. Қазақ халық шығармашылығы түрлерін білуге, үйренуге, жасауға ерік-жігерінің болуы, оны іс-әрекетте көрсету.

Әр өлшемнің белгілі бір көрсеткіштері болады.

Танымдық белсенділікке қатысты тәсілдерді салыстырмалы талдау (В.А.Вединапина, Т.И.Шамова, Г.И.Щукина) таңдалған өлшемдер мен көрсеткіштер балалардың танымдық белсенділік деңгейін анықтауға негіз болды (кесте 12).

Кесте 10 - Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер	Деңгейлер
Қажеттілік-құштар болу	Қазақ халық шығармашылығына тұрақты қызығушылық	Қазақ халық шығармашылығы құралдарына қызыға қарауы, ұнатуы, қабылдауы	Құштарлық белсенділік
Байқап-білу	Қазақ халық шығармашылығын танып-білуге эмоционалдық жағымды қатынасы	Қазақ халық шығармашылығы түрлерін білуге ұмтылысы, сөздік қорының кеңеюі, ойындарға қатысуы, әуыз әдебиеті түрлерін, би қимылдарын қайталауға қызығушылығы, музыканы тыңдауға зейін қоюы, туындайтын кедергілерді еңсеруге деген нақты ұмтылысы	Талпынысты Белсенділік
Үйреніп-жасау	Қазақ халық шығармашылығы түрлерін білуге, үйренуге, жасауға ерік-жігерінің болуы, оны іс-әрекетте көрсетуі	Әуыз әдебиеті үлгілерін жатқа айтуы, өздігінен қайталауы, құрақ қию, кесте жапсыру әрекеттерін өздігінен орындауы, білуге деген қажеттілігінің артуы, қиялдау, түсініп-ұғыну, ойлау әрекеттерін көрсете алуы	Саналы белсенділік

Құштарлық белсенділік – бала өз қалауымен айналасындағы әлемді тану және өзінің әлеуеттік мүмкіндіктерін білу мақсатымен пәндік-тақырыптық қарым-қатынасқа түседі (Мен қалаймын!).

Талпынысты белсенділік баланың мінез-құлқындағы ерік-күшінің басталуымен танымның еріктілігімен және психикалық үдерістердің дамуымен

сипатталады (Жасай аламын!). *Саналы белсенділік* –түсініп-ұғыну, ойлау әрекеттерінің дамуы, өздігінен жасау мүмкіндігі (Міндетті!).

Осылайша, танымдық белсенділік баланың жеке қасиеттерін толық ашудың және дамыту үшін жағдайлар жасаудың, оның ақыл-ой дамуының мүмкіндіктері ретінде танымдық белсенділікті дамытудың; тұлғаның қалыптасуының барлық кезеңдерінде жеке тұлға қалыптастырудың негізгі нысаны болады.

Сонымен, ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде сәбилік, ерте және мектепке дейінгі жастар адамның психикалық, тұлғалық физикалық тұрғыда қалыптасуы үшін барынша тиімді кезең деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тәрбиелеудің қолайлы жағдайларында, ересек адам дамып келе жатқан пәндік ортаны ұйымдастырғанда, танымдық белсенділік тез қарқынмен қалыптасады. Ал осы кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар жетекші рөл атқаруы керек. Ересектердің – аналардың балалардың психикалық дамуына әсері мен оның мәні туралы егжей-тегжейлі сараптама жасайық.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз сананы *жаңартуға* деген қажеттілік ерте жастағы балаларға жаңаша білім беру болып табылады деп есептейміз.

Отбасындағы «отбасылық» атмосферадан арнайы оқыту мен тәрбиелеу жағдайына ауысқан кезде, баланың өмірі қатаң ережелерге бағынады. Өз өміріндегі ананың орнын тәрбиеші иеленеді, оның бойында мойынсұну және білім алудағы табысы баланың жеке басын қалыптастырудың негізгі өлшемі болып табылады. Баланың зияткерлік және танымдық салаларына ғана емес, сонымен қатар өзінің еркіндік саласына, мінез-құлықты өзін-өзі реттеу қабілетіне және т.б. талаптар күрт артады. Осы кезеңнен өтіп келе жатқан балалардың жетістікке жетуі оларды зерттеушілердің пікірінше, өздерінің ерікті және танымдық белсенділігін дамытуда көрінеді.

А.В.Петровский ұсынған маңызды ережелердің бірі тұлғалық дамудың әлеуметтік-психологиялық ұғымдары жүйелік қарым-қатынастар (даму бір немесе басқа деңгейдегі топтар) бойынша адамның жекелік қажеттілігі мен қоғамдағы объективті қызығушылығы арасындағы қайшылықтарда жатыр, бұл жеке актілерді әзірлеу және бекіту көзі, сілтеме болжам, бұл жеке «қауымдастықта жұмыс істеуі мен дамуының мақсаттарына, ережелер мен шарттарға сәйкес оның жеке адамдарда көрініс алуы» болып табылады.

Бүгінгі күні мектепке баратын балаларда әртүрлі бастауыш мүмкіндіктері бар, олардың көпшілігі бірінші сыныпқа психологиялық жағынан дайындықсыз келеді, сондықтан олар үшін жаңа «оқушының жағдайын» қабылдау қиындық туғызады. Олар танымдық белсенділік көрсетпейді, коммуникативтік қабілеті болмайды, әдетте, олар басқалармен қарым-қатынасқа түсе алмайды және ұжымдық істерден оқшауланады.

Баланың пренатальдық даму кезеңі, ерте жастағы, мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы кезеңі ересек адамның ықпалына барынша тәуелді болады. Ата-аналар, балабақша тәрбиешілері және бастауыш сынып мұғалімдері осы жас кезеңіндегі балаларға жаңа әлеуметтік қоғамдастықта

үлкен дәрежедегі ересектер ретінде қабылданады, сондықтан екеуі де жоғары дәрежелі болып есептеледі.

А.Б.Николаева жүргізген эксперименттік зерттеу бойынша бала тәрбиешіні тек «бейнелемейді», ол белгілі бір түрде бейнені калпына келтіреді деген қорытынды жасалған. Автордың ауыстыру әсері деп атаған бұл әсер, мектепке дейінгі балалардың белгілі бір жеке позициясының өрнегі, ересектердің оң және теріс әсерлері болып табылады. Ересек адамдарға берілген арнайы өкілеттіктер арқылы балалар өздері үшін ересектер әлемін бейнелейтін адамды көреді. Сондықтан баланы қалыптастыру, мінез-құлықтың стереотиптерін қалыптастыру, әлеуметтік қарым-қатынастар көбінесе осы тұлғаның жеке басына байланысты, ол ананың әрекеті болып табылатын көптеген референтпен байланысты [193].

Танымдық белсенділік – адамның ең маңызды сапалары: қоршаған әлемді тек биологиялық және әлеуметтік бағдар мақсатында ғана емес, адамның әлемге елеулі қатынасы негізінде оның алуан түрлілігіне ену мақсатындағы, санасында маңызды аспектілері, себеп-салдарлық байланысы, заңдылықтары, қарама-қайшылықтары көрініс табатын жалпы белсенділік құбылысының маңызды саласы.

Ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін қазақ халқы шығармашылығы құралдарымен дамытуды тиімді жүзеге асыру үшін модель жасау қажеттілігі туындайды [194].

В.А.Штофтың айтуынша, «... модель зерттеу объектісін бейнелейтін немесе қайта шығаратын және оның зерттеуі осы объект туралы жаңа ақпарат беретін етіп ауыстыруға қабілетті ақылға қонымды немесе елеулі түрде іске асатын жүйе болып табылады». Жалпы нысанда модель зерттеу объектісінің кейбір қатынастары мен функцияларының элементтер жүйесі ретінде анықталады. И.П.Подласованың ғылыми модельдеу туралы еңбектеріне сүйене отырып біз модельді зерттеу тақырыбы туралы жаңа ақпаратты алуға мүмкіндік беретін, зерттелетін тақырыпты дұрыс көрсететін және оны алмастыруға қабілетті психологиялық жүйе деп білеміз [195, 196].

Ерте дамыту орталығы мен бала-бақша жағдайында ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығымен дамыту зерттеу мақсатына қол жеткізуге бағытталған сатылардың дәйекті өзгеруін білдіреді. Ерте дамыту орталығы мен бала-бақша жағдайында ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытуды ұйымдастыру модельдің негізгі блоктары, олардың жұмыс істеу ерекшеліктері, шешілетін міндеттер, мазмұны және дидактикалық үдерістердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Біз даярлаған құрылымдық-мазмұндық модель келесі өзара байланысты блоктардан тұратын тұтас білім ретінде қарастырылады: *тұжырымдамалық*, балаларды ерте жастан дамытуға, олардың тәрбиесінде қазақ халық шығармашылығын пайдалануға, ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуға қоғамның әлеуметтік сұранысын, мемлекеттік тапсырысын, сондай-ақ ерте жастағы



Сурет 6 – Ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту моделі

балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығымен дамытудың мақсатын, әдіснамалық тұғырларын, принциптерін анықтайды.

Технологиялық блок балаларды ертеден дамыту орталығы мен бала-бақша жағдайында ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығымен дамытудың бағдарламасын, формаларын, әдістерін, құралдарын қамтиды.

Ұйымдастырушылық блок балаларды ертеден дамыту орталығы мен бала-бақша ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығымен дамытуды ұйымдастыру жұмыстарын, кезеңдерін және эксперимент барысын қарастырады.

Өлшемдік блокерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамуының компоненттерін, өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін сипаттайды (сурет 6).

6-суретте көрсетілгендей, модельдің мақсатты блогы зерттелетін процестің негізгі бағытын, стратегиялық және тактикалық мақсаттар мен міндеттерді анықтауды қамтамасыз етеді. Модельдеу үрдісіндегі басты міндет ретінде педагогтардың, ата-аналардың және балалардың педагогикалық өзара іс-қимыл жағдайында баланың танымдық белсенділігін дамытудың алғышарты қарастырылды. Алайда, модель әлеуметтік-педагогикалық үдеріске негізделген, ол балалармен жұмыс істеу кезінде икемді және ұтқыр болуы керек. Жалпы мақсаттарға сәйкес, біз белгіленген іс-әрекет нәтижесінде адам ұйымдасқан әсер ету үдерісінде қалай дамуы керек екенін түсінеміз.

Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігін дамытуда *жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық, аксиологиялық, мәдени танымдық, этнопедагогикалық тұғырлар* басшылыққа алынады.

Іс-әрекет теориясы тұлғаның даму үдерісінде жетекші болып саналатын іс-әрекеттің түрлерін анықтайды (А.Н.Леонтьев). Ол «тұлғаның даму кезеңі психологиялық ерекшелік пен психикалық үдерістің басты өзгерісі даму болып табылатындығын» негіздеген. Ерте жастағы балалардың негізгі дамуы заттық-іс-әрекеттік ортада өтеді. Сол тұрғыдан іс-әрекеттік тұғыр негізге алынады.

Тұлғалық тәсілде адамды дамыту барысында оның жауаптылық, адамгершіліктік сезімдерінің дамуы мен мінез-құлықтық іс-әрекеттерінің қалыптасуы баса назар аударылады.

Біздің зерттеуіміз пәніне сәйкес *жүйелік тәсілдің* әдіснамасына бағытталады. Өйткені жүйе белгілі біртұтастықты түзетін өзара байланыстарға негізделеді.

Мәдени танымдық тәсіл біздің зерттеуімізде қазақ халқының шығармашылығын тасушы субъектінің ұлттық мәдени негіздерін қалыптастыруды көздейді.

Этнопедагогикалық тәсіл біздің зерттеуімізде ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі дамуындағы қазақ халық шығармашылығының ықпалын қарастырады.

Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығымен дамытуды жүзеге асыруда *психологтардың тұжырымдамалық қағидалары негізге алынады*. Л.С.Выготскийдің адамның

тәртібі мен психикасын дамытудың мәдени-тарихи теориясы, «сензитивтік кезеңдер», «жақын арадағы даму аймағы», «дамыта оқыту» теориясы; А.Н. Леонтьевтің әрекет бала дамуының шарттары, құралы және даму көзі екендігі туралы ілімі; П.Я. Гальпериннің ойлау әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы, Н.Н. Поддьяковтың еңбектері, Л.А. Венгердің мектепке дейінгі кезеңде баланың интеллектуалды даму ерекшеліктері туралы еңбектері; А.В. Запорожецтің мектепке дейінгі балалық шақта бала дамуының «амплификациясы» теориясы; Д.Б. Элькониннің бала ойынының психологиясы және психикалық даму кезеңдері туралы теориялары негізге алынады.

Жеке тұлғаның нақты қасиеттерін тәрбиелеудің жалпы мақсаты келесі кезең ретінде қарастырылуы мүмкін. Өз кезегінде, жеке қасиеттерге мыналар жатады: -білім; сезім; сенім; іс-әрекет мотивтері; белсенділік.

Белгіленген мақсат, оның теориялық дамуы бізге төмендегілерді ұсынуға мүмкіндік берді: балалардың тілектеріне және бейімділігіне қарай еркін шығармашылық іс-әрекетін қамтамасыз ету мақсатында білім беру кеңістігінде арнайы білім беру ортасын құру; түрлі әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттердің көмегімен балалардың эмоционалдық әл-ауқатына қол жеткізу; әлеуметтік-мәдени іс-әрекет арқылы педагогтардың, балалар мен ата-аналардың әлеуметтік-мәдени тәрбиесі; тұлғалық-бағыттылық, технологиялық, мәдени, антропологиялық, белсенділік тәсілдері негізінде білім беру бағдарламаларын құру.

Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі бағыттарының ішінде мыналарды анықтадық:

- баланың дамуының, өзін-өзі жүзеге асыруының танымдық, әлеуметтік мотивациясын қалыптастыру;
- ойын мінез-құлқының дамуы, кез-келген өмір жағдайында құрдастармен және ересектермен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі;
- баланың табиғи психомоторлық қабілеттерін дамыту, оның денесінің қоршаған әлеммен үйлесімділік сезіміне ие болуы, дене қозғалыстарының еркіндігі мен мәнерлілігін дамыту;
- тыныс алу және сөйлеу аппаратының еркіндігі, артикуляцияны дұрыс меңгеру, айқын дикция, түрлі интонация, сөйлеу логикасы және орфоэпиясы.
- эстетикалық сезімін дамыту;
- кез-келген жағдайға шығармашылық тұрғыда қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру;
- белсенділігі төмен балаларды үдеріске қатыстыру, оларға ұялшақтық пен ыңғайсыздықты жеңуге көмектесу.

Педагогикалық үдерістің өнімділігі факторларға байланысты болады. Біз зерттеуімізде ерте даму студиясының жағдайында балалар мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру кезінде екі негізгі факторлардың өзара әрекеттесуіне сүйенеміз: әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастырушылық.

Жеке даму факторларының арасында толық негізде ең маңыздысы әлеуметтік-педагогикалық болып есептеледі. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Отбасында балалар бастапқы ақпарат алады және имитация арқылы

өмір тәжірибесін жинақтаудың алғашқы қадамдарын жасайды. Ерте балалық кезеңде мәдени сәйкестендіру негіздері қаланды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке дамуына ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық факторларға мыналар жатады: біріншіден, әлеуметтік жағдай; екіншіден, шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрлерінде балалардың өзін-өзі тануына деген ұмтылыс жағдайларын жасау; үшіншіден, мектепке дейінгі жастағы балалардың жүйелі шығармашылық іс-әрекеті және тәрбиешілер мен ата-аналардың осы мәселеге психологиялық-педагогикалық дайындығы. Танымдық белсенділікті дамытуға әсер ететін факторлардың қатарына қазақ халық шығармашылығы құралдары арқылы баланың сенсорлық тәжірибесін кеңейту, сыртқы ортаны ұйымдастыру, ересектер ортасымен байланыс жасау; ересек ортада балаға үлгі-өнеге болуы, жеке қабілеттерге бағдар беру жатады. Заттық-кеңістіктік орта – бұл баланың психикалық қалыптасу үдерісіне, соның ішінде интегралдық жеке меншік ретінде танымдық белсенділік дамуына белсенді ықпал ететін тиімді тәрбие беру құралы. Баланы дамыту үдерісі және оны жасайтын жасанды орта үнемі өзара әрекеттесуде болады. Объективті дамушы орта мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын-сауық орталығының басты түрі болып табылады.

Сабақты өткізу кезінде ересек педагогтың немесе ата-ананың назары баланың қызығушылықтары мен жеңілдіктеріне бағытталу керек. Әлеуметтік-педагогикалық факторлар баланың танымдық белсенділігін дамыту үшін қажетті жағдайларды жасауды қамтиды. Бұл жағдайлар қоршаған орта, отбасы, балалармен жұмыс істейтін адамдар болып табылады.

Біз *ұйымдастырушылық факторларға* мыналарды жатқызамыз:

- баланың, тәрбиешілердің және ата-аналардың өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінің қозғаушы күші ретінде әрекет етуші, субъективті дамушы ортаны ұйымдастырудағы қазіргі заманғы тиімді әдістерді;

- педагогтар мен ата-аналар арасындағы проблеманың мәнін түсіну, жас балаларда танымдық белсенділік алғышарттарын тиімді дамытудың формалары мен әдістері негізінде бірыңғай құнды-семантикалық ынтымақтастық жасау;

- ерте жастағы балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасы үшін баланың адамгершілік дамуының аспектісі және жеке тұлғаның танымдық белсенділігінің дамуы тұрғысынан коммуникативтік және интерактивті негіз құру;

- шығармашылық іс-әрекеттің құралдар мен әдістерін жүйелеу, оларды балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкес бөлу.

Ата-аналар мен балалар арасындағы педагогикалық өзара әрекеттесу жағдайында ерте жастағы тұлғаның дамуы күрделі үдеріс болып табылады. Ол педагогикалық *принциптердің* жиынтығы негізінде жұмыс істейді. Педагогикалық үдерістің принциптері – оқыту мен тәрбиелеудің негізгі талаптарының белгілі бір жүйесі, оның орындалуы тұлғаны қалыптастыру және дамыту мәселелерін шешудің қажетті тиімділігін қамтамасыз етеді.

Ата-аналар мен балалар арасындағы педагогикалық өзара әрекеттесу жағдайында *ерте жастағы тұлғаны дамытудың негізгі принциптері* ретінде мыналарды санауға болады: мәдени сәйкестілік; жүйелілік және дәйектілік;

циклдік; оқу-тәрбие үдерісін оңтайландыру және ізгілендіру; дамудың шығармашылық сипаты; табиғилық сипаты.

Бұл модель *мәдени сәйкестілік принципіне* негізделген. Бұған білім берудегі ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді есепке алу, баланың рухани, моральдық және эмоционалды тәрбиесінің жетіспеушілігі жатады. Сонымен қатар, білім беру баланы адамның мәдениетінің негізгі компоненттерімен (түсінік, білім, мораль, өнер) таныстыру үдерісі ретінде қарастырылады.

Жүйелілік пен дәйектілік принципі бұрын алынған білім мен дағдыларды нығайтуға, сондай-ақ «қарапайымнан күрделіге дейін», «жақыннан алысқа дейін», «жақсы танымалыдан аз танымалыға және белгісізге» логикасында балаларды жүйелі түрде дамытуға бағытталған.

Бұл принцип белгілі бір тәртіпте, қатаң жүйеде білімді меңгеруді және игеруді көздейді. Бұл мазмұнға да, оқу үрдісіне де қатысты.

Циклділік қағидаты белгілі бір білім беру іс-шараларының жиынтығына, сондай-ақ бағдарламаның мазмұнын біртіндеп күрделендірумен және жас бойынша кеңейтуге байланысты құруға немесе түзетуге негізделеді.

Бұл қағиданың болуы педагогикалық үдерістің нақтылығын жасауға мүмкіндік береді, содан кейін іс-шараларды циклі балалар мен ата-аналар өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінде ұстанатын дәстүр мен белгілі бір сызба ретінде қабылдана бастайды.

Оқыту мен тәрбиелеу үдерісін *оңтайландыру мен ізгілендіру* қағидаты оны жүзеге асырудың әдіснамасын таңдауды білдіреді, ол барынша аз уақытты және күш-жігерді жұмсауға, сондай-ақ ең көп нәтиже алуға мүмкіндік береді. Оңтайландыру – ықтимал нұсқалар жиынтығындағы үздік оқу әдісі.

Дамудың шығармашылық сипаты қағидаты баланы мәдениетпен меңгеру үдерісіне негізделген. Бұл жағдайда бала тек білім мен тәжірибе алмайды, бірақ ол оны жасай алады. Танымал отандық психолог В.В. Давыдов «үш П-ның» - ұқсату, қайталану, мойынсұну – «білім беру саласындағы ынтымақтастықты қалыптастыру және онымен байланысты әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттесу нормалары бойынша балаларды игеруге» байланысты білім беруді дамытуда жоғары дәрежеде билік ете алмайды деп атап көрсетеді.

Табиғилық сипаты принципі – мұғалімнің туа біткен инстинкттерге және қоршаған ортаға әсеріне негізделген баланың жеке қабілеттері мен сипаттамаларын қалыптастыруға бағытталған бағыты. Бұл принцип баланың табиғи ерекшеліктерін ескереді, ол баланың жеке қасиеттерін ескеріп, сыртқы әлеммен үйлесімділікке, мінез-құлықтың тиісті желісін таңдауға, өз құндылықтарына және мұраттарына сүйенуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастыру-мазмұндық блокта ата-аналар мен балалардың педагогикалық өзара әрекеттесу жағдайында ерте жастағы баланың жеке тұлғасын дамыту жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың құралдары, мазмұны, нысандары мен әдістеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Педагогикалық іс-әрекеттегі *құралдардың* ішінде біз көрнекі сөзді, көрнекі құралдарды, техникалық құралдарды, шығармашылық көркемөнерді қолданамыз. Әлеуметтік және мәдени іс-әрекет құралдары - бұл мәдени және

бос уақытты өткізу жүйесіне кіретін адамдардың санасына және сезіміне идеологиялық және эмоционалдық әсер ететін «құралдар жиынтығы».

Баланы мәдени-сауықтыру іс-шаралар жүйесімен қоса, шығармашылық қызметпен байланыстыру арқылы біз оның білімін толықтыруға, көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыруға ұмтыламыз.

Бұған көрнекі сөз, баспасөз, радио, теледидар, музыка, бейнелеу өнері, би және пантомима, кино және фотосурет, әдебиет пен спорт, табиғатпен қарым-қатынас жасау және айналадағы адамдармен қарым-қатынас арқылы қол жеткізіледі. Педагогикалық ықпал ету құралдары – бұл мақсатқа қол жеткізу үшін әлеуметтік-мәдени іс-шаралардың менеджері пайдаланатын материалдық, эмоционалды, интеллектуалдық және басқа жағдайлардың үйлесімі. Құралдар өздігінен, өз жолымен іс-әрекет тәсілі бола алмайды, олар белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін қолданған кезде ғана болады.

Педагогикалық іс-әрекеттің құралы рухани және материалдық іс-әрекеттер, мәдени органы қалыптастыру, адамдардың санасына, сезіміне және мінез-құлқына идеологиялық және эмоционалдық әсер ету, оларды мәдениет әлеміне тарту, құндылықтарды құру, дамыту, сақтау, тарату және одан әрі жетілдіру процесінде рухани және материалдық іс-әрекеттердің көздері мен құралдары болып табылады.

Педагогикалық әдістер – педагогикалық әсер ету тәсілі. Әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттің әдістері – ақпараттық-идеологиялық және эмоциялық әсер ету жүйесі; білім беру, тәрбиелеу және басқа да мәдени мақсаттағы арнайы міндеттерді шешуге бағытталған әлеуметтік және мәдени іс-шаралардың ұйымдастырушылары мен қатысушыларының бірлескен іс-қимыл тәсілдерінің үйлесуі. Педагогикалық іс-әрекеттің әдістері мынадай түрде жіктелуі мүмкін:

1. Ақпарат және білім беру әдістері: презентация; түсіндіру; түсініктеме; қорыту; демонстрация; жаттығу.

Оқу әдістері: сендіру; мысалы: мадақтау; кінәлау; ұсыныс; талап.

3. Қоғамдық-мәдени іс-әрекетті ынталандыруды ұйымдастырушылық әдістері: жарыс; ойын; сайыс.

4. Объектіні социологиялық зерттеу әдісі: байқау; сұрақ қою; сұхбат; құжаттарды зерттеу, эксперимент.

Барлық әдістемелік топтар пәннің педагогикалық үдерісінде нысанның нысанға бағытталған және жанама әсер ету әдісі ретінде пайдаланылады; сонымен бірге педагогикалық жүйеде кері байланыс орнату кезінде (нысаннан тақырыпқа дейін) осы әдістер қолданылады. Құралдар мен әдістерді таңдау педагогикалық ықпалдың түрін дамытуға әсер етеді. Ата-аналардың және балалардың педагогикалық өзара әрекеттесу жағдайында ерте жастағы баланы жеке тұлға ретінде дамыту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру *формасының* ерекше маңызы бар. Педагогикалық іс-әрекет түрінің жалпы мағынасында әлеуметтік шындықты көрсету жолдарын және оның әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттерге қатысуы арқылы әсер етуін түсіндіреді. Пішін – бұл мазмұнның сыртқы көрінісі, оның құрылымы. Форманың екі нұсқасы бар. Форма мазмұнды ұйымдастыру, семантикалық, көркем шығармашылық шешімді құру идеясы мен

идеяның іске асу тәсілі ретінде (тақырыптық кеш, театрлық байқау, мереке және т.б.) және форма арнайы демалыс құрылымында, бос уақытты бірлесе отырып, демалыс тобында адамдарды ұйымдастыру ретінде. Педагогикалық іс-әрекеттің нысандары өзара әрекеттесуге қатысатын қатысушылар санына байланысты және бастапқы объектісі ретінде, аудиторияның біртектілігі деңгейінде (бірқатар сипаттамалар бойынша) ерекшеленеді; ұзақ уақыт бойы тұрақты адамдарды ұйымдастыратын арнайы демалыс құрылымының болуы немесе болмауы. Бұл жерде форманың негізгі түрлері: бұқаралық, топтық, жеке. Осылайша, форма педагогикалық іс-әрекеттің нысандарында, баланы ерте дамыту орталығы жағдайында балалармен жұмыс істеуге арналған арнайы ақпараттық-білім беру және тәрбие беру қызметі болып табылады.

Ата-аналар мен балалар арасындағы педагогикалық өзара әрекеттесу жағдайында ерте жастағы баланың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен жұмысты ұйымдастыру үдерісінің мазмұны келесідей жолмен жүзеге асырылатын дамыған бағдарлама негізінде құрылады: ата-аналарды педагогикалық үдеріске тарту; оқу орнының іс-әрекетін ұйымдастыруда ата-аналардың қатысуын кеңейту; ата-аналар үшін ыңғайлы уақытта оларды сабақта қатыстыру; педагогтардың, ата-аналардың, балалардың өз шығармашылықтарын жүзеге асыру үшін жағдай жасау; ата-аналарға баланың тәрбиесі мен дамуы жағдайымен танысуға мүмкіндік беретін ақпараттық-педагогикалық материалдарды, балалар шығармашылығының көрмелерін қамтамасыз ету және дамыту. Ерте жастағы балалардың интеллектуалды шығармашылығы үшін жеке дамуын және алғышарттарды қалыптастыру – бұл басқарылатын үдеріс. Сондықтан, осы педагогикалық үдерісті басқару үшін біз *үш кезеңді* бөліп аламыз: мақсаттық, мазмұндық-іс-әрекеттік, аналитикалық-түзетушілік.

1. Бірінші - мақсаттық кезеңі. Бұл кезеңнің негізгі мазмұны ерте жастағы балалардың танымдық алғышарттарын дамытуды талдау болды. Осы мақсатта біз өлшемдер мен әдістерді анықтадық, ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің алғышарттарын қалыптастырдық. Мақсатты белгілеу эксперименталды жұмыстың мақсатын, оның міндеттері мен сатыларын қалыптастыруды, түсінуді; педагогикалық үдерістің қатысушыларын ұйымдастыру мен үйлестіруді жетілдіру мақсатында педагогикалық әсерді жоспарлауды қамтиды.

2. Екінші басқарудың мазмұндық-іс-әрекеттік кезеңі мыналарды қамтиды: балаларды ерте дамыту орталығы жағдайында педагогтар мен балалардың, ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастыру бағдарламасының мазмұнын енгізу; педагогикалық үдерісті басқару; «Сәби танымы» бағдарламасын меңгеру барысында педагогикалық үдеріске қатысушылар арасындағы түзету және өзара түзету; балалар мен ата-аналардың шығармашылық іс-әрекетінде белсенді жұмыс жасау – бұл үлгінің мазмұнын жүзеге асыру.

3. Үшінші кезең – танымдық алғышарттарды қалыптастыруда ерте жастағы балалардың шығармашылығын, педагогикалық үдерістің нәтижелерін

диагностикалауға және талдауға, нәтижелерді мақсатқа сәйкестендіруге және ерте даму студиясының жағдайында балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастырудың педагогикалық моделін тиімді іске асыру мақсатында қажетті түзету шараларын анықтауға арналған.

Осылайша, барлық үш кезең ерте жастағы балаларда танымдық белсенділікке қажетті алғышарттар жасауға бағытталған жабық циклді құрайды.

Келесі *функционалды* блок. Онда мынандай функцияларды бөліп қараймыз: дамытушы; коммуникативті; әлеуметтік-мәдени; тәрбиелеу; оқыту; шығармашылық-қайта өңдеу функциясы.

Дамытушы функция ойынның іс-әрекетінің шартты нормативтік деректермен (белгілі бір жастағы) ара-қатынасын қамтамасыз етеді. Ол ауытқуларды анықтауға және позитивті өзгерістерді енгізу үшін педагогикалық шаралардың жоспарын құруға көмектеседі, жеке құрылымға және баланың іс-әрекеттеріне толықтырулар енгізеді. Бұл функция психикалық процестер мен жеке қасиеттердің қалыптасуына және дамуына ықпал етеді. Бұдан басқа, педагогтардың, балалардың және ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігі барысында тірбиелеуден өзін-өзі тәрбиелеуге көшу, өз еркімен жұмыс істеу және оң қасиеттерді қалыптастыруды жолға қояды.

Коммуникативті функция. Балаларды ерте дамыту орталығында жағдайында педагогтар, балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастыруда педагогтар мен балалар арасындағы, балалардың өз арасындағы өзара байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Балаларды ерте дамыту орталығында оқу барысындағы толыққанды қарым-қатынас балалардың дағдыларын дамытуға және өзара әлеуметтік әрекеттесуге көмектеседі. Олар рөлдік ойындарды ойнау, өзінің мінез-құлқын әріптестерінің мінез-құлқына бейімдеу, қайырымдылық таныту, мінез-құлықтағы альтруисттік үрдістерге, агрессиялық элементтерді, әділетсіздікті, өркөкіректі айыптау қабілетіне ие болады. Қарым-қатынас кезінде туыстарына, жақындарына, өнер туындыларының қаһармандықтарына (эмоциялық көңіл-күйге жауап беру, эмпатияны көрсету, құмарта білу және жайлылық білдіру мүмкіндігі) жанашырлық сезімі дамиды.

Әлеуметтік-мәдени функция. Педагогтар, балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігі барысында баланың өзін-өзі көрсету қажеттілігін қанағаттандыру ғана емес, әлеуметтік тәжірибе де байытылды.

Тәрбиелеу функция. Педагогтар, балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастыру адамның белгілі бір қасиеттерін, ерекшеліктерін және қарым-қатынастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагогтар, балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық іс-әрекетінің *оқыту функциясы* білімді, дағдыларды, танымдық және тәжірибелік іс-әрекетті дамытуға ықпал етеді. Бірлескен шығармашылық әрекеттер жасау барысында бала әлемді толық және терең таниды, мысалы, балада өзінің тікелей тәжірибесінде кездеспеген таныс емес құбылыстар туралы түсінік пайда болады, оны бала ата-аналарымен қарым-қатынас кезінде игереді.

Шығармашылық-қайта өңдеу функция белгілі бір жайлылықты, қолайлы атмосфераны, рухани қуанышты, көңіл көтеруді құрумен байланысты, жағымды эмоцияларды ынталандыруға, жағымсыз ойлар мен көңілсіз ойлардан алшақтауға, бұл қызметке қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық әдебиетте үдерістің тиімділігі үшін өлшемдерді анықтағанда, тәсілдерді белгілеу, белгілі бір сатылардың дәйектілігі, даму кезеңдері жиі пайдаланылады. Біздің зерттеуімізде құштарлық белсенділік, талпынысты белсенділік, саналы белсенділік деңгейлерге бөлінеді. Бұл деңгейлерді сандық және сапалық көрсеткіштермен сипаттауға болады. Бұл жағдайда өлшемдер кез-келген педагогикалық құбылыстың қалыптасуын, дамуын төменгі деңгейден барынша жоғары, барынша күрделірек кезеңге өтуді қарастырылады.

Біз модельде ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы өлшемдері мен тиісті көрсеткіштерін ұсындық.

Қажеттілік-құштар болу өлшемі: Қазақ халық шығармашылығына тұрақты қызығушылық. **Көрсеткіштері:** Қазақ халық шығармашылығы құралдарына қызыға қарауы, ұнатуы, қабылдауы. **Деңгейі:** құштарлық белсенділік

Байқап-білу өлшемі: Қазақ халық шығармашылығын танып-білуге эмоционалдық жағымды қатынасы. **Көрсеткіштері:** Қазақ халық шығармашылығы түрлерін білуге ұмтылысы, сөздік қорының кеңеюі, ойындарға қатысуы, әуыз әдебиеті түрлерін, би қимылдарын қайталауға қызығушылығы, музыканы тыңдауға зейін қоюы, туындайтын кедергілерді еңсеруге деген нақты ұмтылыс. **Деңгейі:** талпынысты белсенділік.

Үйреніп-жасау өлшемі: Қазақ халық шығармашылығы түрлерін білуге, үйренуге, жасауға ерік-жігерінің болуы, оны іс-әрекетте көрсетуі. **Көрсеткіштері:** Ауыз әдебиеті үлгілерін жатқа айтуы, өздігінен қайталауы, құрақ қию, кесте жапсыру әрекеттерін өздігінен орындауы, білуге деген қажеттілігінің артуы, қиялдау, түсініп-ұғыну, ойлау әрекеттерін көрсете алуы. **Деңгейі:** саналы белсенділік. Сонымен бірізді әрекеттер қатарын көбейту (сюжеттік ойынның басталуы); тапсырманы қабылдау, сөйлеу нұсқаулығын түсіну, ересек адаммен ынтымақтастық (ойнау) тілегі; іс жүзінде әрекеттердің орындалуына назар аудару қабілеті. Бұрын баланың тәжірибесінде кездескен қысқа көлемді әңгімелердің оқиғасын (еш заттың көмегінсіз) түсіну, өз сөздерінде көпсөзді сөйлемдерді қолдану (үш сөзден көп). Қарапайым сюжеттік конструкцияларды орындау, олардың мақсатын түсіндіру мүмкіндігі. Ересек адамдардың нұсқауларына сәйкес қарапайым қимылдарды орындау. Эмоционалды жағдайды түсіну және атау; эмоционалды күйлердің графикалық бейнесін қабылдау. Нәтижені біз жеке тұлғалық дамыту және ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту алғышарттарын дамыту ретінде анықтадық. Біздің зерттеу жұмысымыз көрсеткендей, балаларды ерте дамыту орталығында балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастырудың құрылымдық және функционалдық моделі ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарға сай болғанда ғана табысты іске

асуы мүмкін. Белсенді психологиялық ықпал ету қабілеті – жеке қасиеттер мен қалыптасқан жағдайға байланысты адамдарға әсер ету құралдарының алуан алуандағы [197].

Ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары тұрғысынан дамытушылық, мәдени-танымдық білім беру ортасын құру; баланың жеке білім беру траекториясын жүзеге асыру; ана мен баланың шығармашылық өзара әрекеттестігі мен өзара байланысы; педагог-бала-ата-ананың шығармашылық өзара әрекеттестігі мен өзара байланысы.

Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың моделін аталған педагогикалық шарттар негізінде тәжірибеде жүзеге асыру барысында «Сәби танымы» кешенді (педагогтарға, балаларға, ата-аналарға арналған бағытты қамтитын) бағдарламасының мазмұны жасалды. Және оның аталған дамуды іске асырудағы тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді. Ол туралы келесі екінші тарауда баяндалады.

2 ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

2.1 «Сәби танымы» кешенді бағдарламасының мазмұны

Соңғы жылдары білім берудің әлеуметтік рөліне, ұлттық дәстүрге көп көңіл бөлінуде. Бұның себебі олардың теориялық және тәжірибелік маңызы, қоғамның заманауи дамуының өзекті мәселелерін шешуге ықпал етуі. Білім берудің әлеуметтендіру қызметі негізгі және жеке тұлғаның типтік белгілерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді, адамның қоғамдық мәртебесін көтереді, оның кәсіби және әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қабылдау мен ойлаудың психологиялық және құндылық-мәдени айрықша белгілерін, ұлттық өзгешелік пен ұлттық ерекшелікті ескермей, ұлттық білім беру жүйесінің әлеуметтендіру қызметін жемісті жүзеге асыру мүмкін емес. Әрбір ұлттың ойлауы өзгеше және білім беру саясатында бұл ақиқатты ескермеуге болмайды. Әсіресе мұның маңыздылығы Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан кейін арта түсті.

Ана тілі мен халықтың мәдени мұрасы адамның жеке тұлғасының қалыптасуына игі ықпал ететін басты құндылықтар. Ана тілін естіп өскен баланың ақыл-ой қасиеті мен қабілеті ашылып, санасы кеңейеді, руханилықтың негізі қаланады. Әрбір халық өзінің табиғи, пәрменді, үздіксіз, ертеден бастау алған, педагогикалық айналымы толық, ықпалы қиыстырылған, дараландырылған, сараланған жеке ұлттық тәрбиелеу жүйесінің арқасында өзін-өзі сақтай алады.

Осындай мақсатта және ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуда қазақ халық шығармашылығы құралдарын тиімді пайдалану қажеттігі бізге «Сәби танымы» бағдарламасын жасау керектігін тудырды. Осы бағдарламаның мазмұнын баяндамас бұрын біз ҚР білім беру жүйесіндегі заңнамалық құжаттар мен бағдарламаларда мектепке дейінгі балалардың, соның ішінде оларды ерте жастан дамытуда танымдық белсенділікті дамыту, халық шығармашылығын пайдалану мәселелерінің қазіргі жағдайына тоқталып өтуді жөн көрдік.

Жалпы мемлекеттің адам тәрбиесіне, жаңа өмірлік мақсаттарды қалыптастыруға қатысты әлеуметтік тапсырысы білім беру мекемелерінде келесі нормативті-құқықтық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылып жатыр:

- БҰҰ бала құқығы туралы конвенциясы.
- ҚР «Білім туралы» заңы.
- ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы.
- Қазақстан Ұлттық бірлігінің Доктринасы.
- Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму

Тұжырымдамасы

- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

- Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасы. (ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1377 қаулысы).

- Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы.

Аталмыш құжаттарда мәдениет пен білім беру мекемелері, сондай-ақ, халық мәдениетінің дәстүрлерін оқып білуге, халық шығармашылығының төл туындыларын сақтап, дамытуға жағдай жасаулары тиіс делінген. Балалар мен жасөспірімдерге рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие беруде, олардың мәдениетке деген қызығушылығын қалыптастыруда отандық мәдени мұраның бір бөлігі ретінде көркем халық шығармашылығының рөлін нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенция. Бұл 1989 жылы 20 қарашада қабылданған балалар құқықтары туралы БҰҰ-ның ең басты құжаты. Бүгінгі күні Конвенция әлемнің барлығы дерлік қол қойған ең ортақ халықаралық құжат болып табылады. Бұл халықаралық құжат 1994 жылы Қазақстан Үкіметімен бекітілді. Содан бері мемлекет миллиондаған Қазақстан балаларының өмір сүру, даму, қорғау, қатысу құқықтарын қамтамасыз етіп келеді. Еліміз балалар құқықтарын қорғау қажеттігін дәлелдеді (1 және 3 бөлімдер) [198].

Сонымен нәресте аяғына қаз тұрысымен оның дүниеге көзі ашыла бастайды. Ол бөлмедегі, үйдегі, балалар бақшасындағы, көшедегі заттармен танысады. Нәресте әр түрлі заттармен әрекет жасап, оларды анықтап көріп, олардан шығатын үндерді тыңдай отырып, олардың қасиеттерімен сипаттарын таниды; оның көру-сезіну әсері және көру-бейнелеу ойы қалыптасады [199].

Баланың жеке басы толық және үйлесімді дамуы үшін оның отбасы аясында, бақыт, махаббат және түсінушілік жағдайында өсуі қажет екендігін *ескере отырып*, бала қоғамда өздігінше өмір сүруге толық дайын болуға және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген идеалдардың, әсіресе, бейбітшілік, қадір-қасиет, төзімділік, еркіндік, теңдік және ынтымақтастық рухында тәрбиеленуге тиіс деп *санай отырып*, баланы қорғау және оның үйлесімді дамуы үшін әрбір халықтың дәстүрлері мен мәдени құндылықтарының маңыздылығын тиісті түрде *ескере отырып*, әрбір елде, атап айтқанда, дамушы елдерде балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту үшін халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын *тани отырып*, бұл заң келісілді.

«Қазақстан Республикасы балалар құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 2002 жылы 8 тамыз №345-Қ Заң Конституциясымен кепілденген, баланың негізгі құқықтары мен қызығушылықтарын таратуға байланысты пайда болған көзқарасын, балалардың қоғамдағы құнды өмірге дайындығы басымдықтары қағидаларынан шығып, олардың қоғамдық мәнді және шығармашылық белсенділігінің дамуын, оларда жоғары адамгершілік, патриоттық, азаматтық қасиеттерін тәрбиелеуді, әлемдік өркениеттің жалпы адамдық құндылықтары негізінде ұлттық сана сезімін қалыптастыруды реттейді. Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың

қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді [200].

«Балалардың дене бітімі, зияткерлік, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу керек», - делінген (2 тарау, 6-бап).

Ұлттық және әлемдік мәдениетке баулуда:

- мемлекет балалардың Қазақстан халқының тарихымен, дәстүрлерімен, рухани қазыналарымен және әлемдік мәдениет жетістіктерімен танысуына мүмкіндік жасайды.

- мемлекет балалардың шығармашылық және ғылыми қабілетін дамыту үшін ұйымдар құруды, кино және бейнефильмдер, теледидар және радио хабарларын шығаруды, балаларға арналған газеттер, журналдар, кітаптар басып шығаруды көтермелейді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

- қатыгездік пен зорлық-зомбылықты дәріптейтін, адамның қадір-қасиетін қорлайтын, балаларға зиянды әсер ететін және құқық бұзушылыққа ықпал ететін бұқаралық ақпарат құралдарын, әдебиетті, ойын-сауық және басқа іс-шараларды пайдалану заң бойынша қудаланады, - делінген (34-бап).

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы 2007 жылы 27 шілдедегі № 319-III білім саласындағы қоғамдық қатынастарды, осы сала бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын анықтайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған, сонымен бірге Қазақстан Республикасында үнемі тұратын шетелдік және азаматтығы жоқ тұлғалардың білім алуын реттейді [201].

Білім беру жүйесінің міндеттері:

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

- жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

- азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

- белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту болып табылады (11-бап).

Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарының білім беру, нормативті-құқықтық қызметін реттейтін негізгі құжат - *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты* (23 тамыз 2012 жыл, 2016 жылы мамыр айында осы стандартқа өзгерістер енгізілді) [202].
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту:

- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды, толыққанды физикалық дамуын, Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық салт-дәстүрлері негізінде салауатты өмір салтының құндылықтарын қалыптастыруды;

- мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуының толыққанды кеңістігін құруды және кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз етуді;

- тілді және ана тілін, қатынас мәдениетін дамытуды, сауаттылық негіздерін меңгеруге дайындауды;

- мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік, құндылық бағдарын адамның оң мінез-құлқы, мінез-құлық нормалары мен ережелері, қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар үлгісінде қалыптастыруды;

- өз Отанына, туған өлкесіне сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға, қоршаған орта, отбасы, түрлі ұлт өкілдеріне деген ізгі қарым-қатынасқа тәрбиелеуді;

- балада қоршаған ортаның тұтас бейнесі, өзі және әлеуметтік ортасы туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыруды;

- баланың танымын дамытуды, интеллектуалдық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруды, білуге құштарлықты дамытуды;

- баланың бейнелеу, көркем тілдік, музыкалық іс-әрекетінде эстетикалық сезімдерін, шығармашылық қабілетін дамытуды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны мынадай бес білім беру саласын қамтиды: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта». Білім беру салаларының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, балалардың өзіндік іс-әрекеті және ересек адам мен баланың бірлескен іс-әрекеті арқылы іске асырылады және балалардың өмір бойына әлеуметтік табыстылық пен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге қажетті физикалық, тұлғалық, зияткерлік қасиеттерін дамытуға, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған [202, б. 22].

Балалардың жас кезеңіндегі құзыреттіліктерді меңгеру деңгейі көрсетіледі. Соның ішінде біз 1-3 жас аралығындағы құзыреттіліктерді атап өтеміз:

Денсаулық сақтау құзыреттілігі - Мәдени-гигиеналық дағдылар: жеке бас гигиенасының алғашқы дағдыларын меңгереді; **Дене шынықтыру**: жүгіру, өрмелеу және секіруде алғашқы дағдыларды меңгереді; **Дербес қимыл белсенділігі**: кейбір қимылдарды ересектердің көрсетуімен орындайды; **Салауатты өмір салты**: қауіпті жағдайда сақ, шынықтыру рәсімдерін өткізу кезінде жағымды көңіл-күйде болады.

Коммуникативті-тілдік құзыреттілік - **Қатынас мәдениеті**: құрдастарымен байланысқа түседі; **Тілдің-грамматикалық құрылымы**: түсінікті болу үшін ойын дұрыс айтуға тырысады; **Тілдің дыбыстық мәдениеті**: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады; **Сөздік**: өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сұрақтарға жауап береді; **Байланыстырып сөйлеу**: тілегін, сезімін және ойын білдіру үшін сөздерді қолданады; **Шығармашылық тілдік қызмет**: саусақ ойындарын, тақпақтарды жатқа айтады; **Шығармаларды қабылдау**: халық ауыз әдебиеті шығармаларына эмоционалды түрде өз ойын білдіреді.

Танымдық құзыреттілік - **Заттардың қасиеттерін бағдарлау**: заттардың түрін, негізгі түсін, пішінін, фактурасын ажырата алады; **Қоршаған ортаны тану**: адамдар мен олардың іс-әрекеттеріне қызығушылық пен құштарлық білдіреді; **Құрастыру дағдылары**: ересектердің көрсетуімен қарапайым құрылыстарды жасай алады; **Экологиялық мәдениет негіздері**: жануарлар әлеміне тілектестік және қамқорлық қарым-қатынасын білдіреді; **Қарапайым математикалық ұғымдар**: кеңістікте бағдарланудың алғашқы дағдыларын көрсетеді; **Іздеу және эксперименталды іс-әрекет**: түрлі заттармен эксперимент жасайды (ажыратады, біріктіреді, құрастырады); **Ақпаратпен жұмыс**: түрлі ақпарат көздеріне қызығушылық танытады.

Шығармашылық құзыреттілік - **Музыкалық іс-әрекет**: музыкалық фразаның жоғары және төмен дыбысталуын ажырата алады, ересектермен бірге ән айтуға ықылас білдіреді; **Нәтижелі іс-әрекет**: қарындаш, фломастер, гуашь және ермексаздың көмегімен ұқсас бейнелерді жасайды; **Қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау**: ұлттық ойыншықтарды қарай отырып, қуаныш, эмоционалдық сезім білдіреді.

Әлеуметтік құзыреттілік - **Мінез-құлық дағдылары**: өзін-өзі ұстау ережелерін, нормаларын түсінеді, сәлемдесу, қоштасу және алғыс сөздерін айтады; **Ересектермен және құрдастарымен өзара іс-әрекеті**: жақын адамдары мен құрдастарына ықылас, тілектестік, жанашырлық білдіреді; **Адамгершілік нормалары туралы түсінік**: «жақсы» мен «жаманды» түсіне бастайды [202, б. 63].

Баланың қалыптасқан базалық құзыреттіліктері: дене бітімі дамыған; білуге құмар; белсенді; эмоционалды елгезек; үлкендермен және құрдастарымен өзара әрекеттесу тәсілдері мен қарым-қатынас жасауды меңгерген; өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (елі), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері бар; мектепте оқуға қажетті дағдылар мен іскерліктерді игерген мектепке дейінгі ұйым түлегінің моделін сомдайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету құжаттары жалпы стратегияларды, негізгі бағыттарды, басымдықтарды, мемлекеттік саясаттың мектепке дейінгі білім саласындағы міндеттерін және оларды тарату тетіктерін, еліміздің үдемелі дамуын, тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасып және бекуін жасайтын іргетасы ретінде белгілейді [202].

Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Қазақстан республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда:

1. «Балбөбек» республикалық бағдарламалары іске асырылды.
2. 2009 жылы «Алғашқы қадам» (1-3 жас), «Зерек бала» (3-5 жас), «Біз мектепке барамыз» (5-6 жас) мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағдарламалары әзірленді және бекітілді.
3. 2014 жылы «Тәй, тәй балапан» (1-3 жасқа арналған) бағдарлама жасалды
4. Бұл бағдарламалардың оқу-әдістемелік кешені (жекеменшік, отбасылық балабақшалар, және ата-аналарға арналған консультациялық пункттер үшін әдістемелік нұсқаулықтар мен дидактикалық материалдар) әзірленді.

«Алғашқы қадам» бағдарламасы ерте жастағы (1 жастан бастап 3 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» ҚР МЖМБС 1.001-2009 талаптарына сәйкес әзірленген [203].

Ерте жастағы (1 жастан бастап 3 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасы отандық мектепке дейінгі педагогика және ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту тәсілдері тәжірибесіне негізделеді, сондай-ақ «Балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеудің типтік бағдарламасы» мазмұны мен базалық принципіне сүйенеді.

«Алғашқы қадам» бағдарламасында тұлғалық-бағдарлы, балаға жекелей қарау, тұлғаның адамгершілік бастамасын, әлеуметтік мінез-құлық және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, балалардың қызығушылықтарын, жалпыадамзаттық құндылықтарды, қазақ халқының салт-дәстүрлерін ескере отыра ұйымдастырылатын ерте жастағы балалардың ойын, қимыл белсенділігін дамытуға басты орын берілген.

Бағдарлама, ең алдымен, балалардың жеке және біріккен әрекеттерін тиімді үйлестіру барысында жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке даралықты, денені дамытуға, психикасын және эмоционалды жетістігін нығайтуға бағытталған.

Осыған байланысты, «Алғашқы қадам» бағдарламасындағы білім беру міндеттері бес білім беру салалары: «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеуметтік ортаның» үйлесімді бірігуі арқылы іске асады, әрқайсысының жеке кіші бөлімдері мен өзінің мақсатты бағыттары бар.

Аталған бағдарламаларға жасаған талдау республикада балаларды ерте жастан дамытуға аса мән беріліп отырғандығын, олардың физиологиялық және

психикалық дамуына ықпал ететін оқу материалдары мен әдістемелердің аз еместігін, халық шығармашылығының, соның ішінде, *негізінен ауыз әдебиеті түрлерінің басым қолданылатынын* көрсетеді. Алғашқы қадам бағдарламасының көркем әдебиет бөлімінде халық ауыз әдебиетінің санамақ, қаламақ түрлері қолданылса, музыка бөлімінде халық әні «Бипыл» беріледі.

Қазіргі мектеп жасына дейінгі бағдарламаларда балалар ауыз әдебиетін қолдану арқылы баланың тілін дамыту, халық сәндік-қолданбалы өнер үлгісінде оның бейнелеу шығармашылығын дамыту, мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінде халық ойындарын қолдану, музыкалық тәрбиелеуде халық шығармашылығының туындыларын пайдалану бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Өз заманының сұранысына сай жаңа адамға деген қажеттілік, жауапкершілікті ала білуге деген қабілетті тұлғаны дамыту артты. Алайда оларда қазақ халық шығармашылығы құралдарының барлығы толық қамтылады дей алмаймыз. [204].

Оған қоса, ерте жастағы балаларды дамытуда қазақ халық шығармашылығын пайдалануға тәрбиешінің кәсіби деңгейіне айрықша талаптар қойылады. Олардың арнайы ғылыми-педагогикалық білімі мен мол тәжірибесі болуы тиіс, өйткені олардың міндеті балаларды тәрбиелеу мен оқытумен ғана шектелмейді. Ерте жастағы балаларды дамытуда ата-аналардың рөлі өте маңызды. Олар үй жағдайында ғана баланың дамуына көңіл бөлмей, олардың ерте дамыту орталықтарындағы ұйымдастырушылық іс-әрекеттеріне тікелей қатысқаны дұрыс. Ата-аналардың сабақтарға қатысып, балаларымен біргелікте педагог тапсырмасын бірге орындауы балалардың танымдық белсенділігі дамуын жылдамдатады және нәтижелі жүзеге асуына тікелей ықпал етеді.

Баланың ерте жастағы тәрбиесі оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін шешуші фактор, мұнда жанұя мен ерте жастағы баланы дамыту ұлттық мектептердің орны ерекше. Баланы дамытуда балалар мекемелері жанұя тәрбиесінің жылуын, әсіресе оның жігерлі сипатын қамтамасыз ететін өзіндік жанұялық немесе соған ұқсас жағдай жасау қажет.

Осыған байланысты біз жасаған «*Сәби танымы*» эксперименттік кешенді бағдарламасы үш бағыттан тұрады: 1) Ерте жастағы балаларды тәрбиелейтін педагогтардың біліктілігін арттыруға арналған дәріс-семинарлар; 2) Ерте жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-аналармен бірлестіктегі жұмыс; 3) Ерте дамыту орталықтарында балалардың танымдық белсенділігін дамытудың оқу-ойын іс-әрекеттерін ұйымдастырудың тақырыптық жоспары және іс-шаралары.

Аталған бағдарлама «педагог – бала – ата-ана» жүйесімен жүргізіледі. Осы бағдарламаны жүзеге асыруда ата-аналармен біргелікте істейтін іс-шаралар бірінші орынға шығады. Ата-аналардың балаларымен бірге ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысып отыруы, олармен бірге тапсырмаларды орындауы маңызды саналады.

«Сәби танымы» кешенді бағдарламасында ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда оқытудың ойын формасы мен дәстүрлі мәдениетті қолдануды басты назарда ұстанған ғалымдар еңбектеріне, балалар

психологиясындағы ғылыми білімдерге негізделген. Балалардың әлемді әртүрлі сезімдер арқылы танудың қажеттілігі туралы ой-пікірлерді ескере отырып, балалардың уайымдарын, сезімдерін білдірудің формаларын өздеріне ойлап табу ұсынылады, бұл шығармашылықтың тууына тікелей бастама болады.

Баланың алғашқы жылдары өте өзекті болып табылатын: шапалақтау, секіру, қимыл – бәрі «өзін көрсету белгісі» екенін байқадық (Жак Далькроз). Баланың эмоциялық әсерленуі, мысалы күн сайын күшейе түседі. Ол өте маңызды, «тәрбие бәрінен бұрын жағымды әсер етуі керек (қуаныш, мақтаныш, сенімділік), жағымсыз әсер тудырмағаны жөн» (Гарри Шенфельдер). Бағдарлама жоғарыда аталып өткен мемлекеттік стандарт пен балаларды ертеден дамыту мемлекеттік бағдарламалары негізге алынды. Сондай-ақ, Н.Құлжанова, Б.Баймұратова, А.Әмірова, Ғ.Таубаева, А.Мамбетова, Н.Нұрмұхаметова, Ғ.Абаева, Қ.Матыжанов, Р.Исламжанұлы, С.Ұзақбаева, Ұ.Әбдіғапбарова, Ф.Жұмабекова, Ж.Ақпарова, Ұ.Төленова және т.б. зерттеулердегі қазақ халық шығармашылығының материалдары қолданылды.

Бағдарлама төмендегідей мүмкіндіктер береді:

- балалар мен олардың ата-аналарын дәстүрлі мәдениетке қатыстыру;
- азақ халық шығармашылығының балаларға арналған түрлі жанрларын меңгерту;
- педагогтардың бала тәрбиесінде қазақ халық шығармашылығын пайдалану біліктілігін арттыру;
- ата-аналарды бала тәрбиесінде қазақ халық шығармашылығының негізгі қағидаларын пайдалана білуге үйрету.

Бағдарламаның негізгі тұжырымдамалық идеялары:

- баланың өзінің тарихи-мәдени тамырын генетикалық есте сақтауын ояту;
- балада рухани-адамгершілік тұрғыда жеке тұлға ретінде дамуының іргетасын қалыптастыру
- қазақ халық шығармашылық құралдары арқылы баланың өз халқының мәдениетіне сүйіспеншілігін тудыру; балалардың тілін және музыкалық қабілетін, қол әрекеттерін жетілдіру, физикалық және психикалық тұрғыдан дамуын қамтамасыз ету негізінде олардың танымдық белсенділігін дамытуды жүзеге асыру.

Бағдарлама төмендегідей халық педагогикасы мен гумандық педагогиканың кіріккен идеяларын ұсынады:

- ұлттық рухани-адамгершілік нормаларына сүйенеді;
- қазақ халық шығармашылығының алуан сипатты жанрларын қамтиды;
- тәрбиелеудің ұжымдық және жеке-даралық тәсілін қолданады;
- еңбек іс-әрекетіне үйретеді.

Педагогтің қызметі төмендегі принциптерге сүйенеді:

- шығармашылық тәсіл; қолжетімділік; жеке-даралық тәсіл; белсенділік; сезімталдық; эмоция, мадақтау; еңбексүйгіштік.

Нәтижесінде баланың іс-әрекетінде және ұжымда құрдастарымен толыққанды өмір сүруде маңызды орын алатын бастауыш нысандардың

калыптасуына ықпал ететін өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бақылау ұстанымдарын жүзеге асыруға жағдай жасалады.

Бағдарламаны табысты іске асыру үшін кем дегенде аптасына екі сағаттық сабақтар жүйесі қажет. Бағдарлама одан әрі мектепке дейінгі балалардың шығармашылық гуманитарлық бағыттарының дайындық сатысы болып табылады.

Сонымен бірге, бағдарлама баланы мектепке дейінгі білім беру мекемесіне баруға дайындайды.

-Бағдарлама көпмақсатты болып келеді:

-жеке тұлғаның ерте әлеуметтенуіне ықпал етеді;

-танымдық белсенділікті дамытуға көмектеседі;

-қимыл-қозғалыс, сөйлеу, шығармашылық қабілетті жетілдіреді.

Психологиялық-педагогикалық және әдістемелік талаптар:

-барлық назар балада болады, оның жеке-даралық қабілетінің пайда болуы және оны ұжымдық шығармашылық арқылы көрсете білуі;

сабақтарда эмоциялық, шығармашылық жағдай туғызу;

халық мерекелері, дәстүрлі мәдениет арқылы шығармашылық қабілетін жүзеге асыру;

барлық сабақтарды ойын, халық шығармашылығының барлық жанрлары мен заманауи педагогикалық нұсқаулар негізінде жүргізу;

оқытуда этнографиялық білім көздерін пайдалану.

Бағдарлама келесі білім беру салалары ықпалдасуын ұсынады: жалпы эстетикалық, шығармашылық; музыкалық; әлеуметтік-педагогикалық;

психологиялық; этнопедагогикалық.

Мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты – ерте жастағы балаларды халық шығармашылығы негізінде оқыту мен тәрбиелеу, танымдық белсенділігін дамыту, педагогтардың осы бағытта біліктілігін арттыру, ата-аналарды халық шығармашылығын балалар тәрбиесінде пайдалануға үйрету.

Міндеттері

Дамытушылық:

- зиятты, есте сақтауды, зейінді дамыту;

танымдық белсенділік ретінде қызығушылықты дамыту;

музыкалық талғамды, қабілетті, эмоциялық сезімді дамыту;

сөйлеуді және тыңдауды, қиялдауды дамыту,

қолдың ұсақ моторикасын және жалпы қозғалыс үйлесімділігін дамыту.

Тәрбиелік:

ерте этникалық әлеуметтену;

көркем-эстетикалық талғамды тәрбиелеу;

отбасында және ұжымда қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу;

өмір сүрудің және мінез-құлықтың ізгілікті-адамгершілік нормаларын меңгеру;

патриоттық сезім;

қайырымдылық, өзара көмек, тек өзі үшін ғана емес жақындары үшін де жауапты болуға, төзімділікке тәрбиелеу
өз еңбегін ұйымдастыра білуге үйрету.

Білімділік:

дыбыстарды қайталау(жануарлардың, құстардың, т.б.);

ұлттық ырғақты әндерді айтуға дағдылану;

халық муызкасы ырғағымен қозғала білу;

орыс фольклорының түрлі әдеби және музыкалық жанрларын үйрену;

ұлттық қолөнермен танысу және үйренуге бейімделу.

Бала дамуы кеңістігіндегі «педагог – ата-ана – бала» жүйесіндегі өзара байланыс динамикасының тиімділігін теориялық негіздеу:

Бұл бағдарлама дербес және білім беру мен мәдени мекемелерде, сондай-ақ дәстүрлі мәдени мектептерде, ерте жастан дамыту мекемелерінде, жеке мәдени орталықтарда, түзету мекемелерінде жүзеге асуы мүмкін. Ол әртүрлі типті мекемелерде ары қарай оқыту мен тәрбиелеу саласындағы алғашқы дайындық бөлігі болып табылады.

Ерте балалық шақ – баланың әлеуметтенуінің, мәдени өмірге жалпы адамзаттық құндылықтарға араласудың, тіршіліктің басты салаларымен: адамдар әлемімен, құралдар әлемімен, табиғат әлемімен және өзінің ішкі әлемімен танысуды қалыптастырудың алғашқы кезеңі.

Физиологиялық, психикалық, әлеуметтік-тұлғалық қайталанбайтын ерекшеліктер мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін дамытудың өзіндік тәсілдері мен формалары және олардың қабілеттерін құралдық-манипуляциялық, коммуникативтік іс-әрекеттерін ыңдаландыру арқылы пайда болады.

Осыған байланысты бағдарламаның ерекшелігі қазақ халық шығармашылығы негізінде күнтізбелік-салттық жүйені қалыптастыратын балалардың ата-аналары мен педагогтар үшін бірыңғай коммуникативтік кеңістік құру болып табылады.

Бағдарлама халық күнтізбесінің негізіндегі мерекелер мен салттарға, өзіндік бірлігі бар әрі оның мазмұндық және әдістемелік бөлігін қалыптастыратын шаруалар тіршілігінің заңдылықтарына сүйенеді. Бағдарламаның тірегі – белгілі ойындарды, әндерді, билерді, тақпақтарды, үйренуге, сондай-ақ мерекеде қолөнер түрлерін дайындауға негізделген күнтізбелік мерекелер. Барлық бағдарламалар дидактикалық жүйелілікпен жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылған: ата-аналармен бірге қазақ халық шығармашылығының жеңіл жанрларын үйрену, ұлттық ойын құралдары арқылы жануарлармен, құстармен танысу. Күнтізбелік фольклор, ұлттық хореография, ән. Ертегілер бойынша халық театры. Сонымен қатар, сабақта қолданылатын барлық практикалық және аудиоматериалдар, ұлттық аспаптар сүйемелдеуіндегі музыкалық-әндер. Өткен материалды отбасылық-тұрмыстық жағдайында қайталауға, бекітуге және соның арқасында дәстүрлі мәдениетті толығымен қабылдауға мүмкіндігі пайда болады. Ата-аналар мәтіндер мен

әуендерді жаттау арқылы өздерінің тәжірибесін байытады, бұл алдағы уақытта педагогтің сабақ өткізу үдерісіне көмектеседі.

Оқудың бірінші жылында балалар тақпақтарды, өлеңдерді, қарапайым саусақ ойындарын, қозғалмалы ойындарды меңгереді, дыбыстарды қайталауды, заттарды көлеміне, түсіне қарай сұрыптауды үйренеді, шеңберге ілесіп жүре бастайды, жеңіл ұлттық би қимылдарын жасауға талпынады, сазбен жұмыс істеумен, сурет салумен (алғашында саусақпен, кейіннен бояғышпен), жеңіл кестелік жапсырмалармен жұмыс істеумен танысады.

Оқудың екінші жылында ән айтуға, шеңберде жүруге, рөлдік және театрландырылған ойындарға, саусақпен ойнайтын фигуралы ойындарға, шығармашылық сабақтарға, әсіресе, өздік жұмыстарға көп көңіл бөлінеді. Бірінші жылы өткен ойын түрлері қайталанады, күрделенеді, педагогтің назары ойын мәтіндерін балалармен қайталауға, айтуға бағытталады.

Дамытушы әсерлер мен алынған нәтижелерді бағалауды болжау

Бағдарламаның ғылыми-әдістемелік негізі *«педагог – ата-ана – бала»* арасындағы өзара іс-қимылдың жүйелі принципіне негізделген. Ата-аналардың көмегімен педагог бала дамуының диагностикасын жүргізе алады, сол арқылы балаға көбіне не ұнайтынын, үй жағдайында нені асқан қызығушылықпен қайталайтынын біледі. Ата-аналардың көмегімен әртүрлі жағдаяттардағы балалардың мінез-құлқына талдау жасауға қол жеткізеді. Ал халық шығармашылығының көп жанрлығы мен сан қырлылығы педагогқа ата-аналармен бірлесе отырып баланың мінез-құлқын түзетуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде біреуінде шыдамдылық, екіншісінде еркіндік, үшіншісінде өзін ұжымда көрсете білу мүмкіндігі, т.б. пайда болады. Бағдарлама ата-аналарға баламен жақын болуға, сенімділік қарым-қатынас орнатуға, мінез-құлқын тануға қажетті тәсіл табуға көмектеседі. Бірыңғай коммуникативті-тәрбие кеңістігінің әсері туындайды.

Бағдарламада оқыту технологиясын ұйымдастыру топтың барлық мүшелерінің (ата-ана мен бала) және педагогтің үздіксіз байланысу принципіне құрылған. Ата-аналар педагогпен бірге ән шырқайды, ойынның мәтінін айтады, ойынның әр бөлігінен кейін шапалақ соғу арқылы балаларды марапаттайды, балалардың жетістігіне эмоционалды түрде өз сезімін білдіреді, сауалнама мен диагностика жүргізуге көмектеседі. Мерекелерде ата-аналар ертегілерді сахналауға, балалардың әкелері бейнелейтін кейіпкерлерді қарсы алуға, мерекелік дастарханға көмектеседі. Сондықтан ата-аналардың араласуы тәрбиелік-дамытушылық міндеттерді шешуде тиімді нәтиже көрсететінін байқатады.

Тағы бір маңызды кезең – ата-аналардың өзара ынтымақтастығы, балалардың жетістіктері үшін жарысу, тек өз балаларының жетістігі мен жеңілісі үшін ғана емес, басқа балалар (топтағы) үшін де уайымдауы. Оқу сабақтарының табысты не табыссыз кезеңдерін бейресми жағдайда талқылау, тәрбие, тамақтандыру, баланың денсаулығы, отбасы ішіндегі қарым-қатынас туралы кеңесу.

Бағдарламада барысында жалғыз басты аналарды қолдау есепке алынады, ол толық емес отбасымен өте жағымды қарым-қатынас жасау арқылы көрініс табады. Оларға психологиялық қолдау, әртүрлі сұрақтар бойынша кеңес беру, материалдық көмек көрсетіледі. Ақыл-кеңес беру көлемінің, көтерілген мәселе мазмұнының тиімділігінің маңызды индикаторлары бар. Сабақ барысында жаңа балалар қосылуы мүмкін. Соған орай бағдарламаның әмбебаптығы сонда – жаңадан келген оқушы бағдарламаның кез келген кезеңінде қосыла алады.

Үнемі қатысып жүрген балалармен салыстырғанда бұл балаларда әдеттегідей бастапқы кезеңде эмоционалдық жетіспеушілігі, шығармашылық, қиялдау қабілетінің төмендігі байқалады, барлық қатысушылармен бірге жаңа ойындарды үйрену барысында «жаңа баланың» қабылдауында, түсінігінде, образға енуінде проблема туындайды.

Бағдарлама бойынша оқу балаларда сапалы қасиеттерді меңгеруге мүмкіндік береді: ұжымда жұмыс істеуге үйренеді, ересектердің жағымды жақтарына еліктейді, бір-бірін құрметтейді, қолында барымен бөліседі, жеке іс-қимылда өзін еркін ұстайды, қысылмайды және т.б.

Дәстүрлі мәдениеттің бағдарламада қолданылған жалпы принциптері

Дәстүрлі мәдениеттің ерте жастағы балаларды дамыту үшін қолданылған негізгі принциптеріне мыналар жатады:

- балалар фольклоры жанрының ауызша сипаты;
- салт-дәстүрлер жүйесінде күнтізбелік-дәстүрлі цикл жұмыс істеуі;
- халық күнтізбесін тәрбиелік-дамытушылық үдерісті ұйымдастыру негізінде қолдану;

- сабақтарда ойындарға, мерекеге, салт-дәстүрге барынша жағдай жасау; дәстүрлі мәдениеттің синкреттілігі сабақ үдерісінде халық шығармашылығы түрлі жанрлары арасындағы байланысты анықтайды;

- тәрбиелік дәстүрлерді беру мен оны қабылдауда ұжымдық шығармашылық пен суырып айтудың сабақпен тығыз бірлігі; адамгершілік-құлықтық аспектіде үлгі-өнеге арқылы тәрбиелеу;

- музыкалық жанрлардың, ауызша диалектілердің, ұлттық би қимылдарының түпнұсқалығы.

Балаларды дәстүрлі мәдениет құралдары арқылы тәрбиелеуде қолданылатын әдістер:

- ортаға эмоциялық сіңіру әдісі;
- дәстүрдің халықтық аспектілері негізінде оқыту;
- мәдени-көркемдік кешен ретінде оқытуды күнтізбелік-дәстүрлік цикл айналасында құру;

- тәрбиелеу мен дамытуда отбасылық дәстүрлерді пайдалану;
- оқытудың ойын негізі; -дәстүрлі және кәсіби-педагогикалық оқытудың арасындағы өзара байланыс әдісі.

Отбасымен өзара тиімді байланыс орнатудың негізгі формалары:

- сабаққа ата-ананың біреуінің міндетті түрде қатысуы;
- мерекелерді бірлесіп дайындау және өткізу;

-ерте жастағы балаларды дамыту мен әлеуметтендіру мәселесі бойынша ата-аналарға жеке ақыл-кеңес беру;

-отбасы мүшелерінің өз қалауы бойынша мерекелерге қатысуы;

-сауалнама және әңгіме;

-арнайы мамандардың ата-аналар үшін ай сайын дәрістер өткізуі (өткізетін дәрістердің жоспары төменде келтірілген).

Оқу-ойын сабақтарын ұйымдастырудың оңтайлы құрылымы

Бағдарлама балалардың академиялық жетістіктеріне емес, олардың танымдық белсенділігін дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған, бұл педагогтер барынша шығармашылық белсенділікті талап етеді. Балалардың жас ерекшелігіне байланысты жоспар жасауға қатаң талап қойылмайды. Педагог топтағы балалардың даму ерекшеліктерін және алдыңғы сабақтың нәтижесін ескере отырып, нақты педагогикалық міндеттерді шешуге ықпал ететін дидактикалық материалдарды, ойындарды немесе қойылымдарды таңдайды (кесте 11).

Кесте 11–Ұйымдастырылатын іс-әрекет (оқу-ойын сабақтары) төмендегі сызба бойынша өткізіледі

Сабақ	Сипаты	Іс-әрекет түрі (мысалға)
1	2	3
1. Сәлемдесу	- эмоциялық тұрғыда ықпал ету; - балалардың коммуникативтік қарым-қатынасын орнату, жағымды жағдай құру	- - әр бала бір-бірімен не педагогпен не ұлттық нышандағы қуыршақпен қол алысып амандасады
2. Саусақ ойындары	- жеке, топтық түрде балалардың дербес белсенділігін ұйымдастыру; - ойын жағдаятын құру; - ұсақ моториканы дамыту.	- саусақтарды бұғу және олардан түрлі фигуралар жасауға байланысты ойындар - ата-аналармен ойын (санамақтар, қаламақтар)
3. Негізгі бөлім	- тақырыптық ойын жағдайын құру - диалогтық қарым-қатынас; - балалардың қимыл, ойлау белсенділігін ұйымдастыру; - ата-аналармен өзара іс-әрекет (жеке және топта) және басқа балалармен	Ойындарды, биді, өлең, ертегіні сахналастыру, қуыршақ театрын және т.б. алмастырып отыру, ұлттық би элементтерін, ұлттық музыкалық аспаптарды пайдалану,
4. Шығармашылық бөлім	- балалардың қолын қолөнер түрлерінің іс-әрекетіне айындау; - - ата-аналармен бірлескен қолөнер жұмыстарын ұйымдастыру; - - мадақтау, марапаттау	Саусақпен сурет салу; мақта таяқшалармен; құрақ оюларды жапсырмаларды желімдеу ермексازдан мүсін жасау;

11 – кестенің жалғасы

1	2	3
5. Қоштасу	- тақырыптық ойын жағдайын аяқтау; - ата-аналарға нұсқау	әр бала бір-бірімен не педагогпен не қуыршақпен қол алысып қоштасады

Кәсіби-педагогикалық дағдылармен байланыс педагогикалық тәсілдерді пайдалану жолдары мен сабақ құрылымы барысында жүзеге асады, тұрмыстық шаруалар жағдайында бірнеше ата-ананы балаларымен бір мезгілде жинау және оларды дамыту жұмыстарын жүргізу мүмкін емес екені белгілі. Бұл ретте сол кезеңнің балаларында қазақ халқының дәстүрлік тәрбиесін бақылау, өз бастарынан өткізу жағдайлары болды. Қазіргі ата-аналар осы бағдарламаның дәстүрлі әдістермен тәрбиелеудегі өзектілігі мен қажеттілігі айқын біле бермейді.

Кесте 12 - 2– 3 жасар балаларды ұйымдастырушылық іс-әрекетін өткізуге арналған тақырыптық жоспар

Бағдарлама бойынша оқудың екінші жылы Аптасына 35-40 минуттан (5 минуттық үзілісімен) 2 сабақ	
Тақырыптың атауы	Бір жылға сағ. саны
Танысу, білімдерін тексеру. Қазақ тілі мерекесіне дайындық	6 с.
Саусақ ойындары және олардың қолөнермен байланысы	12 с.
«Тәуелсіздік күні» мерекесіне дайындық және өткізу	8 с.
Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары мен ұлттық би элементтері	8 с.
Қазақ фольклорындағы үй жануарлары мен жабайы жануарлар	8 с.
Ертегілерді сахналау	10 с.
«Наурыз» мерекесіне дайындық және өткізу	8 с.
Жұмбақтар мен жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер жаттау	4 с.
Ертегілердегі, ойындардағы, ойыншықтардағы және қолөнердегі құстар бейнесі	8 с.
Ауыз әдебиеті мен музыка (шағын тақпақтар, күәлпештеу жырлары, сәбилік-ғұрып жырлары)	6 с.
Ұлттық мұражайға экскурсия (Ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдар)	2 с.
Ұлттық қуыршақ театрына бару	4 с.
Қорытынды сабаққа дайындық және өткізу	4 с.
Барлығы	88 с.

Үлгерімді бақылау және есептеу

Бала іс-әрекеті жетістіктерінің дамуы педагог пен ата-аналардың жеке бақылауы арқылы есепке алынады. Ол үшін ата-аналарға арналған сауалнамалардан тұратын диагностикалық кешен құрастырылған, онда ата-аналармен әңгіме өткізудің, халық мерекелерін ұйымдастырудың нәтижесін байқаудың диагностикалық өлшемдері белгіленген.

Тақырыптың қысқаша мазмұны

Әр тапсырма балаларға арналған халық шығармашылығының түрлі жанрларын қамтиды. Бұл жанрлар сабақтың тақырыбына сай іріктеліп алынады. Сабақтың негізгі формасы – *ойын*.

Ол саусақ жаттығуына, тақпақтарға, қуыршақ театрына және қолөнер сабағына құрылады. Ұлттық ойындар әмбебап, олар оқыту үдерісінде әр жыл сайын күрделеніп отырады. Сабақтың ойын формасының білімділік міндетінде бала ойын жағдайында жаңа сабақтан не игеру қажеттілігін және іс-әрекет тәсілдерін өзі түсіне алады. Ойын барысында педагог толығымен жеке тұлғаға бағыттаған, балаға деген жеке-бағдарлық қатынасқа негізделген ересектер мен балалардың арасындағы байланыс орнайды. Ойынның маңызы сонда – бұл жерде нәтиже міндетті емес, ойын әрекетімен байланысты болған үдерістің өзі маңызды. Бала ойын барысында жеңіліске ұшыраса да, олардың соны бастан кешіру шындық болып табылады. Ойынның мазмұнын басқару және ойынның сюжетіне белгілі рөлдерді енгізу арқылы педагог ойынға қатысушы балалардың жағымды сезімдерін бағдарлай алады.

Шағын тақпақтар– әр ата-ана өз баласына жеке айтады және кіші топтарда көп қолданылады. Бұл баланы тербеткенде, әлдилегенде арқасынан сипалай отырып арнайы мәтінмен айтылады. Баланың жалпы қимылын дамытуды, өзінің физиологиясымен таныстыруды және бала мен ата-ананың арасындағы тікелей байланыс орнатуды қамтамасыз етеді.

Әндер– жануарлар немесе балалар туралы шағын әндер, оны ұжыммен не болмаса ата-анасының алдында отырып айтуға болады. Баланың қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастырады, сөздік қорын молайтады, жағымды эмоция береді, қимыл үйлесімінің жақсаруына көмектеседі, вестибулярлық аппаратын нығайтады.

Мазақтамалар (күлдіргі, әзіл өлеңдер)–қазақ фольклорының ауызша айтылатын өлең түріндегі шағын жанры, сабақта көбінесе саусақ жаттығулары ретінде қолданылады. Қолдың ұсақ моторикасын, тілді, есте сақтауды, шыдамдылықты, зейінді дамытуға көмектеседі.

Жұмбақтар – сабақ барысында балаларды жануарлармен, құстармен, сондай-ақ ағаштармен, аспан белгілерімен т.б. «таныстыру» мақсатында кең түрде қолданылады.

Жаңылтпаштар – балалардың тілін дамытуға көмектеседі, баланың өзін көрсетуіне, белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Саусақ ойындары– шағын әзілдердің, әндердің, тақпақтардың, өтірік өлеңдердің мәтіні және саусақ жаттығуына арналған жинақтан алынған ойын мәтіні бойынша қолдың саусақтарын және қолдың өзін қозғалту.

Қуыршақ театры– педагогтің балалармен қарым-қатынас жасауына көмектесу, баланың қиялын және коммуникативтік қызметін күшейту, ойлау қабілеті мен есте сақтауын дамыту үшін әр сабақта қуыршақтар қолданылады.

Әндер– бұл педагогтің, сонымен бірге ересек топ балаларының немесе екінші жыл оқитын балалардың орындауындағы белгілі балалар жанры. Олар

да сабақ тақырыбына сәйкес болады. Салт әндері арнайы мерекелерде орындалады.

Рөлдік ойындар– топ мүшелері арасында тактильді байланыс орнатуға көметеседі, бірігуге, қимылдың жалпы үйлесіміне ықпал етеді, көп жағдайда рөлдік ойындар алмастырады.

Би ерте жастағы балалардың бейімделу үшін балабақшаларда балалайканың сүйемелдеуімен дамытушылық билер пайдаланылады.

Кесте 13 - Ата-аналарға арналған айлық дәрістердің тақырыптық жоспары

Ай	Сабақ тақырыбы
Қыркүйек	Ерте жасар баланың физиологиялық және психикалық даму ерекшеліктері. Олардың туғаннан танымдық белсенділігін дамытудың маңыздылығы.
Қазан	Отбасылық тәрбие және халық шығармашылығы. Ұлттық тәрбиенің негізгі ережелері.
Қараша	Қазақ халық шығармашылығының балалардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпалы
Желтоқсан	Қазақ халық шығармашылығы құралдары: ауыз әдебиеті, музыка, ойын, колөнер
Қаңтар	Қазақ халқының ұлдар тәрбиесі мен қыздар тәрбиесі
Ақпан	Бағдарлама бойынша ұлттық киімдер мен билерді көрсету, халық әндері
Наурыз	Балалармен бірге Наурыз мерекесін өткізу
Сәуір	Қорытынды сабақ

Берілген жоспар ата-аналардың қалауы бойынша өзгеруі мүмкін. Олар кейбір тақырыпты таңдаулары немесе дәрісте өздері не тыңдағысы келетіні туралы өз пікірлерін айтуы мүмкін. Мысалы, екінші жыл білім алатын балалар үшін ұлттық киімдер тігуге болады, ол үшін ата-аналар ұлттық киімдерді тігу туралы дәріс тыңдаулары және киімдерді үлгіге салып әрі тігіп үйренулері керек. Сонымен бірге, ата-аналар ағаштан немесе балшықтан ұлттық заттар жасауға қызығуы мүмкін, мұндай жағдайда мамандар олар үшін арнайы семинар өткізуі керек.

Берілген тақырыптар орталыққа қатысатын балалардың ата-аналары үшін барынша өзекті және қажетті деп ойлаймыз.

Сонымен ерте жастағы балаларды қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту бағдарламасын енгізу заманауи білім беру мен әлеуметтік-мәдени кеңістікте барынша өзекті болып табылады.

Жасалған бағдарлама қазіргі мектепке дейінгі білім беру мен оның психологиялық-педагогикалық талаптарына, сондай-ақ ерте жастағы балалардың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін олардың жас ерекшелігі мен қажеттіліктеріне сай нақтыланған. Бұл балалардың қимыл, сөз және шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру, жаңа білім алуға ұмтылу, өткен материалдарды қайталаудан ләззат алу, психикалық үдерістің тұрақтануы арқылы дәлелденген.

Бағдарламада анықталған артықшылықтар мен жағымды мүмкіндіктер мынадай белгілерден көрінеді: ерте бейімделуді қамтамасыз ету, баланың жеке тұлғасын этникалық әлеуметтендіру; өз халқының мәдени дәстүріне жағымды қарым-қатынас орнату; адамгершілік нормаларын қалыптастыру мүмкіндігі; ата-аналардың өз балаларымен отбасындағы қарым-қатынасының жақсаруы.

Осы білім беру бағдарламасының негізінде ерте жастағы балаларды «педагог – ата-ана – бала» жүйесі бойынша кешенді дамыту мен тәрбиелеу жүзеге асады. Ол халық шығармашылығына отбасылық қызығушылықтың өсуі, өткен материалдарды отбасылық-тұрмыстық жағдайда бекіту, ата-аналардың сабақ үдерісі мен мерекелерге белсенді қатысуымен дәлелденеді.

«*FasTracKids*» халықаралық балалар академиясының балалар санының қарқынды өсуі қазақ халық шығармашылығы ықпалының, сондай-ақ бағдарлама бойынша сабақты жалғастыруға деген сұраныстың жоғары көрсеткішінен байқалады, мұны ерте жастағы балаларды дамыту мен тәрбиелеудегі бағдарлама ықпалының тиімділігі жайлы сараптанушылардың пікірінен көруге болады. Ол туралы келесі параграфтарда талқыланды.

Бағдарламаны балабақшаларда, мектепке дейінгі әр түрлі мекемелерде, клубтарда, аналар мектебінде, ерте жастағы балаларды дамыту мектептерінде, т.б. қолдануға болады.

Ұсынылған үлгінің болашақта таралымын көбейтіп, оқу-әдістемелік құрал көмегімен шеберлік сыныптарын өткізу қарастырылады.

2.2 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының анықтау және қалыптастыру кезеңдері

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының анықтау және қалыптастырушы бөлігінде біз тәжірибе барысында оң нәтиже көрсеткен және маман-практиктердің ұсынысы бойынша мектепке дейінгі ерте жастағы балалардың деңгейін дамытудың қолданыстағы диагностикалық әдісінің элементтеріне сүйендік.

Құрастырылған диагностикалық кешенге бастапқы, ортаңғы және бақылау сауалнамасы; сұхбат; үш кесіндіден тұратын педагогикалық бақылаудың нәтижесінің диагностикасы; эксперимент тобын бақылау тобымен (БТ) салыстыру кіреді.

Біздің зерттеуіміз үшін алдымен экспериментке балабақшадағы топты немесе ерте дамыту орталықтарындағы топты тандап алу негізгі мақсат болды. Сол себепті эксперименттің анықтау кезеңінде ата-аналардан осы мақсатта сауалнама алынды.

Анықтау экспериментіне Алматы қаласының «№105» балабақшасының бөбек тобына баратын балалары мен олардың ата-аналары, педагогтары және «*FasTracKids*» халықаралық балалар академиясының ерте жастан дамыту студиясына баратын балалар мен олардың ата-аналары, педагогтары қатысты.

Ата-аналарымен жүргізілген әлеуметтік сауалнама деректері бойынша олардың ерте дамыту орталығын таңдаудағы негізгі себебі: мекеменің жақын орналасуы, балаларды дамытуға қолайлылығы, балаларды арнайы бір уақытқа

алып келіп, алып қайтуға ыңғайлы болуы, топтың баланың жасына сай келуі, қызықты білім беру бағдарламасы болып табылды.

Ал, олардың «FasTracKids» халықаралық академиясын таңдаудағы басты себебі ерте жастағы балаларды дамытуға арналған студиясында сәбилерді дамытуда еркін тәрбиелеу ұстанымын ұстанатындығы болды. Бұл, шынында, ата-аналардың қызығушылығын тудырған қосымша білім берудегі жаңа бағыт саналды. Ал, балаларын балабақшаға беретін ата-аналардың онда балаларын бере алмау себебі «балаларды ерте жастан дамытумен» айналысатын мекемелердің қаржы жағы болды, өйткені жекеменшік мекемелердегі ұйымдастырушылық іс-әрекет төлемақысы бәріне бірдей қолжетімді болмады.

Сондай-ақ, қазақ халық шығармашылығы арқылы баланы дамыту сауалнамасына, соңғы уақыттарда ата-аналардың бұл шығармашылыққа қызығушылықтарының бар екендігі, тәрбиелеуде халықтық педагогикалық қағидаттарды үйренуге деген тілек пайда болғаны байқалды. Бұл бағдарламаның қажеттілігінің жоғарғы көрсеткіші болып саналды.

Бағдарламаның «педагог-бала-ата-ана» жүйесімен жүзеге асырылуы, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты, ата-аналардың ұйымдастырушылық іс-әрекетке, балалардың танымдық қабілетті дамытуға қатысуын, педагогикалық үдеріске, қазақ халық шығармашылығын балаларды дамытуда пайдалануға қызығушылығын, педагогтың ата-аналармен өзара әрекеттестігіндегі жұмыстардың баладағы жасырын қабілетті дамыту, эмоционалдық қарым-қатынасты арттыруды көрсетті.


Ағасы не әпкесі жоқ, үлкен мегаполисте тұратын баладағы басты проблема бұл – құрбыларымен қарым-қатынас жасаудағы жетіспеушілік болып табылады. Осы мәселе бойынша қатысушылар жауаптарында «балабақшаны таңдау себебі» туралы сұраққа олардың негізгі талабы «жағымды эмоциялық жағдайдағы балалар қарым-қатынасы» екенін көрсетті. «FasTracKids» халықаралық балалар академиясында балалардың қарым-қатынасын ұйымдастыруда бірыңғай коммуникативтік кеңістіктің тиімділігі тек сабақ барысында ғана емес, бірлескен серуенде, отбасы аралық қарым-қатынаста да қолданылуы тиістігі белгіленді.

Келесі баланың «танымдық белсенділігін дамыту» өлшеміне қазақ халық шығармашылығының тәрбиелік-дамытушылық мүмкіндігінің көмегімен баланың *қабылдауын, қиялдауын, тілін, зейінін, есте сақтауын, ойлауын* дамыту жатады. Бұл мәселе аса өзекті болып табылып, 73%-ға дейінгі жауап берушілерді толғандырды.

Біз жоғарыда көрсеткендей баланың танымдық белсенділігінің дамуы оның психикалық үдерістерінің оң дамуына ықпалынан талап ететіндігін айтқан болатынбыз. *Осыған байланысты біз ата-аналардан балаларының психикалық дамуына байланысты да сұрақтарға жауап алдық.* Олай дейтініміз, соңғы уақытта балалар невропатонологтары «гипербелсенді» немесе керісінше «тұйықтық және инфантилизм» деген диагнозды жиі қояды. Осындай балалардың ата-аналарына қойылатын негізгі талап баламен жеке қарым-қатынас болып табылады. Қазақ халық шығармашылығы мүмкіндігінің

көмегімен жоғарыда атап өткеніміздей балалардың психикалық үдерісін тұрақтандыруға болады және алғашқы оқу жылының соңына қарай дәрігерлер мен ата-аналар осы жүргізілген жұмыстың тепе-тең нәтижесін көре алады. Сонымен бірге, гипербелсенді және белсенділігі төмен балаларды үйде дамыту барысында түзету тапсырмалары ұсынылады. Нақтырақ айтқанда, осы тапсырмаларды орындау мен ұжымдық оқытуға жүйелі түрде қатысудың барысында біз екі айдан кейін алғашқы нәтижеге қол жеткіземіз. Мысалы, оқу жылының басында баланы бес минутқа қызықтыру қиындық туғызса, екі айдан кейін баланың зейінін шоғырландыру сабақтың жарты бөлігіне жетеді, ал оқу жылының соңында ол белсенді қатысушыға айналады, тіпті кейде педагогтің сенімді тірегі болады. Ең басты қиындық кейбір ата-аналардың баланың проблемасын мойындамау болып табылады. Сондықтан олар дамытудың алғашқы сатысындағы сауалнамада оны көрсетпеді (5,5%), сондай-ақ олар баланың жетістігін де көрмеуі ықтимал, бірақ жыл соңында баланың ілгерлеуін басқа балалармен қарым-қатынасы арқылы міндетті түрде байқайды.

Біз ұсынған сұрақтардан «басқа» деген көрсеткіш бойынша жауап берушілер балалардың тілінің нашар дамуын, құрбыларымен қарым-қатынас жасауға құлықсыздығын, агрессивтілігін, туыстарын басқадан қызғануын көрсетті. Ата-аналардан «Балаңыздың бойында нені дамытуды қалар едіңіз?» деген сұраққа, олардың басым көпшілігі белсенділікті, табандылықты, шығармашылықты дамытуды, музыкаға бейімдеуді, қимылды үйлестіруді, ұжымға үйренуді атады.




Сурет 7 - Жауап берушілердің балаларының проблемасы

7-суреттен байкалып тұрғандай «FasTracKids» халықаралық балалар академиясының ерте дамыту студиясы (әрі қарай ерте дамыту студиясы) ата-аналарының жауаптарына қарағанда балабақша ата-аналарының жауаптарының көрсеткіші жоғары болды. Өйткені бұл ата-аналар баланың тілін, есте сақтауын, ойлауын дамытуда жауапкершілікті балабақшаға жүктейді. Ертеректегі бала-бақшадағы тәжірибеде балалардың осы көрсеткіштерін дамыту бойынша жұмыс арнайы бағдарлама негізінде тек орта топтардан басталатынын байқаймыз. Ал қазіргі уақытта сәби тобындағы

бағдарламаларда олардың психикалық үдерістерін дамытуға аса мән беріліп отыр.

Сондай-ақ, «психикалық тұрақсыздық» сипаттағы бала туралы жауап берушілермен болған әңгіме барысында қызықты жағдай анықталды. Олар өздерінің гипербелсенді балаларын «өздері оларды ұстай алмайтындықтан» немесе тұйық баланы өз құрбыларымен араласуға құлқы жоқ болғандықтан балабақшаға беретіндігін айтты. Олар баланың мінез-құлқын балабақша арқылы осылай түзетуді жөн көреді, ал біздің көзқарасымызша, бұл жағдайды қиындата түседі. «Басқа» өлшем бойынша жауап берушілер балалардың тым өзімшілдігін және ата-анаға шектен тыс жақындықты көрсеткен. Бұл проблемаларды балабақшаға қатысу көмегімен шешудің нәтижесі баланың психикалық үдерісінің орнығуына кері әсер етуі мүмкін.

Бізге балабақшаның жұмыс істеу мақсатын анықтау қызығушылық тудырды. Алдыңғы сұрақтардың жауабы осы сұрақтың қорытындысымен бекітілді.




Сурет 8 - Ата-аналардың пікірі бойынша ББ жұмыс істеу мақсаты

8 суреттен көріп отырғанымыздай ата-аналардың ойынша балабақшаның негізгі мақсатын 100% баланы қарау және тамақтандыру деп санайды, одан кейінгі мақсаттарын физикалық сауықтыру мен ақыл-ойын өсіру деп түсінген және адамгершілікке тәрбиелейді деп есептеген..

Осы сауалнаманы қорытар болсақ, балабақша ата-аналарының басым бөлігі балаларын уақыты жоқтығынан балабақшаға беретіндігін, балалар тәрбиесін көбінесе балабақшаға жүктейтінін, балалар тәрбиешісімен біргелікте жұмыстар жүргізуге уақыттарының жетіспейтіндігін, балаларының танымдық белсенділігін дамыту бойынша балабақшада жүргізіліп жатқан жұмыстар оларды қанағаттандыратынын айтты. Ал ерте дамыту студиясының ата-аналары балаларын дамытуға өздерінің қатысуға тиістігін, студияға балаларын өздерімен бірге алып келіп, алып кететіндігін және 7-нші суретте көрсетілгендей олар балаларының танымдық белсенділігі төмен екендігін көрсетіп оны дамыту қажеттігін айтады. Сол себепті біз эксперименттің *бақылау тобына балабақша тобын, ал эксперимент тобына ерте дамыту студиясы тобын алдық*

Келесі біздің сауалнамамыздағы «Балаңызды дамытуда қазақ халық шығармашылығын пайдаланасыз ба, пайдаланғыңыз келе ме, қандай мақсатта пайдаланған дұрыс деп санайсыз, қандай түрлерін білесіз және т.с.с.?» сұрақтар арқылы ата-аналардың балаларын дамытуда қазақ халық шығармашылығын пайдалануға қызығушылығын байқадық. Жоғарыда айтып өткендей олардың бастапқы, ортаңғы соңғы кесінділерін (9 сурет) ұсынып отырмыз. Сабақтың бастапқы кезеңінде ата-аналар пікірі бойынша, олар әлі балаларының неге қызығатынын көруге мүмкіндіктері болмағандығын айтты. Оқу жылының соңындағы сауалнама барысында бұл көрсеткіштер барынша объективті болады, өйткені онда баланың қызығушылығы көрініс табады. Көріп отырғанымыздай бастапқыда ойын шығармашылығына қызығушылық басым болған болса, соңғы қорытынды кесінді де музыка, қолөнер шығармашылығын да тиімді пайдалану қажеттілігін түсінді.



Сурет 9 - Ата-аналардың қазақ халық шығармашылығын балаларды дамытуда пайдалануға қызығушылығы


Мәселен музыкалық шығармашылықты алып қарасақ, бұл балалар әндері мен тақпақтары нотаға түсірілген, балалар және ересектердің дәстүрлі әндері, музыкалық ойындары, өлеңдер, хор әндері – барлығы халық музыкасының түрі болып саналады. Әдетте қазіргі балалар эстрадалық әндердің әуеніне үйренген және олар тек фортепианода ойнауға ғана бейім болатынына қарамастан, бірде-бір рет *домбыра* үнін естімеген баланың онда *түрлі әуен ойналғанда билей жөнелетіні* ата-аналарды таң қалдырды. Мұны генетикалық жады және эмоционалдық сезімге берілу факторымен түсіндіруге болады. Халық аспаптары балаларда жоғары жағымды эмоционалдық сезім туғызады, музыкалық есту қабілетін, сонымен бірге ритмикалық және ырғақты жақсартады. Баяу және жылдам қимылды ойындарды алмастырып қолдану ырғақты сезінуге, сезімді ауыстыра білуді жақсартуға көмектеседі. Баланы бір жастан бастап халық аспаптарының үніне үйретуді ұсынамыз, аспаптың үнін

аса қатты шығармаса, балада қорқыныш тумайды, керісінше бала әуенді тыңдау арқылы белгілі ырғақты сезінеді және әуенді жылдам есте сақтайды. Баланың тілегіне қарай аспапта ойнап үйренуді қай жаста болсын жүргізуге болады.

Қолөнердің маңызы жағынан жауап берушілердің 27-ден 56%-ын қызықтырады. «FasTracKids» академиясында ерте жастағы балаларға арналған сабақ өткізу үшін безендіруде ұлттық қолөнердің сан алуан құралдары қолданылды. Олар боялған тақталар, ағаштан ойылған заттар, қайың қабығы мен бұтақтарынан жасалған бұйымдар, саздан жасалған ысқырықтар және ойыншықтар, құрақ көрпелер, ойыншықтар және сылдырмақтар, көне тұрмыстық құралдар, ұлттық киімдер, шу ретінде пайдаланылатын халықтық аспаптар және педагогтың ұлттық костюмі. Осында қойылған саз мүсіндер (ысқыруықтар, ойыншықтар); құрақ, жапсырма кесте техникасымен орындалған бұйымдар (көрпелер, доптар, сылдырмақтар); белдік, шапан, камзол және басқа да көптеген заттар ата-аналардың өтініші бойынша семинар-тренингке қатысқан мамандардың көмегімен игерілген болатын.

Сондай-ақ, 9-суреттегі ата-аналардың балаларын дамытуда қазақ халық шығармашылығын түрлерін пайдаланудағы динамикалық көрсеткіштерге 2.1. параграфта айтылғандай біз ата-аналармен 2015 жылы жүргізген дәріс-семинарлардың ықпалы болды деп, есептейміз.

Осы өлшем бойынша бақылау тобы мен эксперимент тобындағы ата-аналардың жауаптарын салыстырдық (10-сурет). Мұндағы бақылау тобындағы ата-аналардың жауаптарынан балабақшадағы «Алғашқы қадам» бағдарламасында қарастырылатын халық ауыз әдебиетіне негізделгенін байқадық.




Сурет 10 – БТ, ЭТ ата-аналарының қазақ халық шығармашылығы түрлерін балаларын дамытуға пайдалану қажеттілігі туралы көзқарастары

Олар жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, ертегілер, мақал және мәтелдер. Соңғы ғасырлық даналық қазіргі балаларды оқытуда маңызды болып табылады, мұны педагогтар мойындайды және өз жұмыстарында кеңінен қолданады.

Бағдарламада қолөнер элементтерін: кескіндеме, құрақ, кесте, мүсін және т.б. пайдалану өте танымал болып есептеледі. Сонымен бірге халықтық стилі соңғы кезде сәннің шыңына айналды. Көпшілікке түсінің ашықтығы, өнімнің табиғилығы, ұлттық нақышы және әдет бойынша «көркемдік-бейнелеу бағыты» жақын болып келеді. Ата-аналарға бұл бағыт неғұрлым таныс болғандықтан, қызығушылық тудыруы сенімді деп айта аламыз.

Келесі сауалнама арқылы балалар тәрбиесінде қазақ халық шығармашылығын пайдалануды қай жастан бастау және уақытша немесе үнемі пайдалану бойынша ата-аналардың ойын білу қажет болды. Ол 11- суреттегідей көрсеткіштерді көрсетті. 2015 жылға қарағанда 2016 жылдағы көрсеткіште ата-аналар қазақ халық шығармашылығын ерте жастан пайдалану керектігін сезінген және үнемі бала тәрбиесінде пайдалану қажет деп санаған ата-аналардың пайыздық көрсеткіші артты.




Сурет 11 - Оқушылардың қазақ халық шығармашылығына қатысы

Баланы қандай да бір нәрсеге қызықтыру үшін онымен ата-ананың өзі айналысуы керектігін түсінді. Бұл шындық сабақ барысында көріне бастады, ата-аналарда баласына өз қолымен киім тігу, ұлттық тамақ дайындау, қазақтың мерекелерінің негізгі дәстүрлерін білу, халық музыкалық аспаптарында ойнау, сабаққа отбасының әкесін тарту және басқа да қажеттілік пайда болды. Бұл бойынша көрсеткіш 3-тен 73%-ға дейін өсті.

Халық шығармашылығын ерте жастан пайдалану қажет деп санаған ата-аналардың саны 20-дан 97%-ға дейін көтерілді. Кейбір қатысушылар бұл әдісті уақытша пайдалану қажет дегендердің саны 80-нен 13%-ға дейін азайды. Ата-аналар қазақ халық шығармашылығын ұмытуға болмайтынын, оның біздің тамырымыз екенін және оның жандануының қажеттілігін, балалар мен ересектерге жеке тұлғаның мақсатты түрде ерте жастан дамуы үшін халық шығармашылығымен қаруланудың маңызын, бұл қажетті дүниетанымның

құрамдас бөлігін қалыптастыру үшін өзінің ұлттық құндылықтарын саналы түрде танудың басты элементі екенін, оның бәрі баланың *танымдық белсенділігіне, яғни қабылдауы, қиялдауы, тілінің дамуына, зейініне, есте сақтауына, ойлауына ықпал ететіндігін атап өтті.*



Сурет 12 – БТ, ЭТ ата-аналардың қазақ халық шығармашылығын пайдалануға қатысы

12 суреттен байқалаып тұрғандай біздің ата-аналармен өткізген дәріс-семинарлардың, «педагог-бала-ата-ана» бірлестігінде өткізілген мерекелік (ата-аналардың қолөнер көрмесі, қазақ тілі мерекесі, Тәуелсіздік күні, Наурыз және т.б.) іс-шаралар, ата-аналардың балаларының сабақтарына міндетті қатысуы эксперименттік топтағы ата-аналардың көрсеткішінен байқалып тұр. Және олар өз сұхбаттарында, жауаптарында қазақ халық шығармашылығы балаларының танымдық белсенділігін арттырып қоймай, отбасының қызығушылығына айналғандығын, балаларымен эмоционалдық, достық қарым-қатынастарының артуына ықпал еткендігін, төл мәдениетімізге құрметтерінің тереңдігін айтты. Олардың 87%-ның қазақ халық шығармашылығы құралдарын ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытуға пайдалану қажеттігіне күман келтірмеді.

Енді біз ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігі дамуының

«Сәби танымы» кешенді бағдарламасы ықпалының диагностикасы


Мақсаты: ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы негізінде дамыту деңгейін анықтау.

Әдістері: педагогикалық бақылау, әңгіме, іс-әрекет, халық мерекелерін өткізу.

Нысаны: оқушының техникалық және жеке сипаттамалары:

1. Қазақ халық шығармашылығына қызығушылығын дамыту (ҚХШҒ)
2. Қолдың ұсақ моторикасы (ҚҰМ)
3. Музыкаға зейін қоюы (МЗ)

4. Сөйлеуді, жадыны, есте сақтауын дамыту (СЖЕ).
5. Айналасымен қарым-қатынасқа түсуі (АҚТ)
6. Геометриялық өрнектерді және түстерді ажырату (ГӨТ).
7. Үйреніп, жасап көру (ҮЖК).



Сурет 13 – Ерте жастағы балалардың жеке көрсеткіштері бойынша сапалық даму деңгейі

Тәжірибеде 100%-дық нәтижеге «Қазақ халық шығармашылығына қызығушылығын дамыту» мен «Музыкаға зейін қоюы» жетеді. Бұл алынған сауалнама негізінде баланың биге және қазақ фольклорының қозғалмалы жанрына, сонымен бірге баланың ырғақты сезімдік қабілетін дамытуға арналған тапқартарға қызығатындығын ата-аналардың көрсеткенінен байқалды.

Баланың ерте жастан сурет салуға, мүсінге және басқа да қолөнердің қолданбалы түрлеріне әуестенуі олардың бойында қолданбалы жұмыста жақсы нәтижеге қол жеткізудің қажетті шарты тұрғысынан қарастырылды. Бұл өлшемдердің нәтижелері бірдей, геометриялық өрнектерді және түстерді ажыратуға жақсы бейімделген бала, сурет және мүсінге бірінші дағдылану бойынша да соған барабар көрсеткіште болады.


Бала қолының ұсақ моторикасын дамытуға, сөйлеуді жақсартуға, мәтіндерді, олардың қозғалыстарына қатысты берілген тапсырмалармен сәйкестігін есте сақтауға жетелейді. Сондықтан екінші және төртінші өлшемдер бірін-бірі толықтырады, сондай-ақ олардың көрсеткіштері де іс-жүзінде бір-бірімен тепе-тең болып келеді.

Педагог көзқарасы және ата-ана көзқарасы негізінде диагностика деректерін салыстыра келе, біз «Айналасындағылармен қарым-қатынасқа түсуі көрсеткішіне қатысты кейбір айырмашылықтарды бірінші жыл ғана байқаған

жоқпыз. Диагностика мәліметтері бойынша оның сапалық деңгейі 70% құрайды, бұл әрине тұтастай алғанда қалыптан жоғары көрсеткіш, ал басқа өлшемдер көрсеткішінен төмен болып саналады. Сауалнама мәліметтерінде бұл өлшем бойынша ата-аналар ең жоғары көрсеткіш көрсеткен.

Бала жаңа білім алады, бірақ үнемі жетекші рөл атқара алмайды, балалар әрқашан өткен сабаққа бақылаушы ғана болады және одан өздеріне жағымды эмоция алады. Сондықтан педагогтарда кейде баланың ұжымдағы белсенділігі, оның коммуникативтілігі, әлеуметтенуі мен бейімделуі туралы жалған көзқарас қалыптасады. Ата-аналардың балаларын алған білімін қолдануға, ұйымдастырушылық және әртістік қабілетін басқа орта жағдайында бақылауға мүмкіндіктері бар. Көптеген ата-аналар балалардың жоғары белсенділігі тәрбиешілер бақылауындағы балабақша жағдайында кездесетінін атап көрсеткен. Олар балаларға мерекеде басты рөлді, апта ішінде жауапты тапсырмаларды береді.

Ата-аналар баланың өзін педагог ролінде сезіне отырып, үй жағдайында ойыншықтарымен ойнау барысында сабақта өткендерінің барлығын қайталайтынын жиі байқайды. Кейбіреулері баланың өзінің сүйікті ойынын көше жағдайында аулада, саябақта таныс емес балалармен байланысқа жеңіл түсе отырып ұйымдастыратынына көңіл бөледі. Бұл, шынында, үлкен көрсеткіш болып табылады.




Сурет 14 - Бақылау тобындағы балалардың сапалық даму деңгейі

Бақылау тобында «Музыкаға зейін қою» бойынша көрсеткіштің төмен екені байқалады. Эксперимент жүргізу барысында біз шағын сюжетті мысал түріндегі өлеңдерді нотаға түсірсе, балалар оның мәтінін жақсы қабылдайтынына көз жеткіздік. Ән баланың назарын аударады, баланы таңқалдырады, ерте жастағы баланың қарапайым мәтінді ұжымда қабылдауы үшін оның көлемі бес минуттан аспау керек. Сонымен бірге, музыкалық шағын

сюжетті өлеңдер шапалақ соғумен немесе басқа қимылмен сәйкестендірілсе, баланың ырғақтық сезімі қабілеті дамиды. Бұл халықтық педагогикалық әдісті тәрбиешілер назарда ұстайды, дегенмен аздаған арнайы сабақтарда баланың толыққанды дамуы үшін музыкалық есту және ырғақ жетіспейді.

«Қолдың ұсақ моторикасы» бірдей көрсеткішке ие, ұсақ заттармен жұмыс ересектер тарапынан жеке бақылауды талап етеді. Саусақ жаттығуы ерте жастағы балалар тәрбиесінің тәжірибесінде сирек қолданылады. «Мүсін және сурет салу дағдысы», «Құрақ», «Жапсырма кесте» тиісінше және т.б. таныстыру деңгейінде болады.

Бізді, әсіресе, эксперимент топқа қарағанда БТ 2% «коммуникативтілік» көрсеткіші қызықтырды. Балалардың 32%-ы алғашқы жылда ББ-ға баруға үйренбейді. Олардың 10%-ы уақытын ата-анасын күтумен өткізеді (тіпті бір бала ойын бөлмесіне кірмеген), 15%-ға жуық балалар тұйықталып қалған, құрбыларымен ойнаудан бас тартқан. Топтық ойынға, сабаққа, ән айтуға балалардың 15%-ға жуығы қатысқан. Осы уақытта ата-аналарының көзінше бұл балалардың 22%-ы белсенділік танытып, құрбыларымен қарым-қатынас жасаған және ойнаған. Осылайша, біз сенімсіздікті, енжарлықты, тұйықтықты, жағымсыз эмоцияны, агрессивтілікті байқадық. Өкінішке орай, баланың мұндай мінез-құлқына назар аудармау психологиялық жарымжандыққа ұрындыруы мүмкін. ЭТ қатысушылары ата-ананың сабаққа қатысуы қозғаушы факторы ретінде баланың ұжымдағы белсенді мінез-құлқын қалыптастыратынын атап көрсеткен.




Сурет 15 - Эксперимент топтағы балалар дамуының жеке деңгейі

Дамудың деңгейін зерттей келе, біз жекелей балалардың көрсеткіштерін салыстырдық.

Дамудың саналы белсенділігі деңгейі БТ балаларының 46%-ында байқалды, жекелей алғанда 100%-дық көрсеткіштің 12,5%-ын ББ

қатысушылары құрайды. Шамамен балалардың 42%-ы талпынысты даму деңгейінде, яғни ББ бағдарламасы туралы түсінік қалыптасқан.



Сурет 16 - Бақылау тобы балаларының жеке даму деңгейі

Тұтастай алғанда ЭТ-тағы балалардың сапалық және жеке даму деңгейі ортадан жоғары және БТ балаларының нәтижесінен асып түседі.

Бұл ретте дамудың *саналы белсенділік* деңгейіне мыналар: белсенділікті, эмоционалдық ықыластылықты, баланың қарым-қатынасқа тез түсетіндігін, сабаққа қатысуға деген сұранысын жатқызуға болады. Өлеңдердің мәтінін, ойындарды жатқа айту, жан-жануарлардың дауысын есте сақтау, қайталап айту, ұлттық киімдердің, бұйымдардың атауларын білу, түрлерін ажырата алу есептеледі. Музыкамен ырғақты қозғалу, дыбысты аспаптарда ойнау, қарапайым өлеңдерді ілесіп айту, биде, хорда, қозғалмалы ойындарда өз қозғалысын үйлестіре білу. Жасқа байланысты талапқа сай заттарды пішіні мен түсіне қарай аттарын атай отырып сұрыптау, сурет салу мен мүсіндеудің, құрақ жапсырудың алғашқы дағдыларын игеру, сызық бойынша бояу, түрлі-түсті қағаздардан жапсырма жасау, бұл жағдайда басты назар тапсырманы тиянақты орындау мен шыдамдылыққа аударылады.


Талпынысты белсенділік деңгейіне қазақ халық шығармашылығына баланың тұрақты қызығушылығы бар, көп әрекеттерді, заттарды, құбылыстарды байқайды, білгісі, үйренгісі келеді, бірақ сабақ үдерісіне тұрақсыз қарым-қатынасымен айқындалады (көңіл күйге байланысты), кейбіреулерде тапсырма орындаудағы қателік және сенімсіздік; алаңдаушылық, сөйлем құраудағы қиындық, дербестік

танытпау, ұялшақтық, айналасындағыларға сенбеу, асығыстық немесе қалып қалу, үйлесімсіздік тән болды.

Құштарлық белсенділік қазақ халық шығармашылығына қызығушылығы бар, сөйлеудегі жүйесіздік, ассоциациялық қатардың болмауы, тұйықтық, агрессивтік, енжарлық, айналасындағылармен қарым-қатынасқа түспейді, өздігінен жасағысы келмейді.

Осы деңгейлерге балалардың қол жеткізуі педагогтың ұйымдастырушылық іс-әрекетінде түрлі әдістерді (рөлдік ойындар, миға шабуыл, қайталау, жаттықтыру, түсіндіру, әңгімелеу, көрсету (барлық түсіндіру көрнекі құралмен сүйемелденеді және т.б.)) пайдалануына, әсіресе ата-аналардың балаларымен бірге сабақта өзара әрекеттестікте болуынан талап етіледі. Тиісінше, өзара іс-әрекеттің саналы белсенділікке қол жеткізген ата-аналардың ұйымдастырушылық іс-әрекетке, белсенді қатысуы сабақ үдерісінде педагогтарға көмектесу, отбасылық-тұрмыстық жағдайда қайталау жасау; талпынысты белсенділік деңгейге – ата-ананың педагог немесе бала өтініші бойынша қатысып отыруы; құштарлық деңгейге қол жеткізген балалардың ата-аналары баланың сабаққа қатысуына немқұрайлылықпен қарады. Осылайша, ерте жастағы баланың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігін тиімді дамытуда педагог пен ата-аналардың өзара іс-әрекетінде қатынасы теңдей болуы тиіс.

Эксперименттік бағдарламаны меңгеру түрлі деңгейде екеніне назар аудартуға болады. Диагностикалық мәліметтер жыл өткен сайын балалардың мүмкіндіктеріне қарай осы және басқа көрсеткіштер бойынша, сұранысы мен темпераментіне, ересектер мен балалар ұжымының қызығушылығының қалыптасуына қарай өзгеруі мүмкін (сурет 17).




Сурет 17 - Екі ЭТ-тың бағдарламаны меңгеру диагностикасы

Ерте жастағы балалардың сабақтарының нәтижелерін алдын ала айту қиын. Кейде оқу жылының басындағы табысты топтың нәтижесі оқу жылының аяғында түсіп кетеді, кейде жоғары нәтиже төмендейді. Эксперимент тобындағы салыстырмалы мәлімет жылдың ортасында «үйренуі қиын топқа»

қарағанда «табысты топтың» деңгейіне тез жоғары көтерілді. Жылдың соңында бағдарламаны меңгеру деңгейінің айырмашылығы 2%-ды құрады. Бұл «үйренуі қиын топ» үшін өте жоғары нәтиже, ал «табысты топтың» үлгерімі жылдың ортасында төмендеп кетті, тек олар жылдың соңында жоғары нәтижеге қол жеткізді. Мұны бағдарлама мазмұнын меңгеру олар үшін оңай болғанымен түсіндіруге болады. Тапсырманы қиындату арқылы біз қайтадан балалардың қызығушылығын тудырдық, ал олар өздерінің жетістіктеріне қуанышты сезімде болды.

Педагогикалық бақылау деректерін ата-аналар пікірімен салыстырайық.

І оқу жылы соңындағы ата-аналардан алынған сауалнама деректері



Сурет 18 - Ата-аналар пікірі бойынша, қол жеткен нәтижелер


Суретте келтірілген мәліметтер ата-аналардың бітіру альбомында айтқан сөздерінен алынды, және орташа көрсеткіштен алынды. Диагностикалық деректерде атап өтілгендей, жауап берушілер балада қарым-қатынас жасау (47-ден 76%-ға дейін), сондай-ақ жады мен есте сақтаудың (50-ден 87%-ға дейін) пайда болғанын көрсеткен. Бұған балаларды ұжымдастыруға көмектесетін (бірлескен жұмыс, топтық ойын, топпен ән салу, т.б.) қазақ халық шығармашылығының бүкіл тәрбиелік-дамытушылық әлеуеті ықпал етеді әрі назар аударуға, мәтінді, іс-әрекетті, қимылды (саусақ ойындары, тақпақтар,

жұмбақтар, т.б.) есте сақтауға мүмкіндік береді. «Қолдың ұсақ моторикасын дамыту» (54%-ға дейін) мен «қазақ халық шығармашылығына қызығушылық» (72%-ға дейін) көрсеткіші бағдарламаны жүзеге асырудың диагностикалық деректеріне жақындығын растайды. «Ойлау» (12-ден 30%-ға дейін), бұл көрсеткіш онша жоғары емес, алайда бірқатар ата-аналар мен балаларға бұл көрсеткіш маңызды нәтиже болып табылады. Тілінің дамуы (63%-ға дейін) пен сөйлеу қарым-қатынасы (69%-ға дейін) көтерілді.

Қатысушылардың жауаптарында жалпы қозғалыстарды үйлестіруді дамыту 29-дан 34%-ға дейін тұрақты емес. Ата-аналар физикалық дамуға (12-ден 20%-ға дейін) бұл нәтижеге аса көңіл бөлмейді. Бұл ешқандай күшсіз өзінен-өзі жететін қоса жүретін мақсат сияқты болып саналады. Оған ешқандай қызмет етпейді, тек педагогтің назары аударылады. Біз алдымызға спортшылар дайындауды немесе қандай да бір ерекше трюк жасауды меңгертуді мақсат етіп қоймаймыз, бірақ халықтың қозғалмалы ойындарының көмегімен бала кеңістікте өзін-өзі бағыттау, топпен айналып ән салуда дағдылар жинақтау, секіру, жүгіру, әртүрлі кеңістіктер мен биіктіктерде жүру, түрлі жан-жануарлардың жүрісін салуды үйренеді. Оқудың екінші жылында бұл міндеттер «шеңберде жүру», қос-қосымен және қолтықтасып айналу, «жыланша» жүру, қолын алдыңғы тұрған адамның иығына салып жүру және т.б. қосымша тапсырмаларды орындаумен толықтырылады. Бұлардың барлығына халық хореографиясы, ұлттық аспаптарда ойнау, қозғалмалы ойындар, ал бұлшық етті жаттықтыруда тақпақтар мен өлеңдер көмектеседі.

«Психикалық қалыптылық» параметрі бойынша оқудың басында және соңында алған сауалнаманы салыстырамыз. 8-ден 34%-ға дейін балалардың психикалық тұрақтылығы байқалады, бұл ретте жылдың басында осы сипатты мәселені 5-тен 11%-ға дейін жауап берушілер көрсетті. Бұл біздің болжамымыз бойынша, көптеген ата-аналардың өз балаларында осындай проблема бар екенін мойындағысы келмейтінін анықтады, бірақ оқу жылының аяғында прогрессивті нәтиженің байқалмай қалуы мүмкін емес еді. «FasTracKids» студиясының мұғалімі медициналық орталығының невропатологімен бірлескен жұмыс істейді және сол жерден мінез-құлқын түзетуді, агрессивтілікті жоюды, психологиялық ұстамдықты мақсат еткен балалар көп келеді. Балалар дәрігерлері халық шығармашылығы негізінде жүргізген сауықтырудың нәтижелік көрсеткіші жоғары болатынын атап көрсеткен, балаларды сабаққа жіберудің мақсаты да сонда.

Жауап берушілер балада қазақ халқының дәстүрімен танысуда, қарым-қатынаста әлеуметтік дағдыларды дамытуда: аяушылық білдіруде, көмек беруге ұмтылуда, өз пікірін айтуда, сұрақ қоюда әлсіздігі, тосырқауы бар баланың басқалармен қарым-қатынасы жақсарғанын, үйден тыс шараларға қатысуға қызыққанын, тіпті бала көшеде төбелесуді доғарғанын көрсетті.



К – коммуникативтік; С – сөз; ЭҚ – эмоционалдық қатынас; ЕЗ – ес, зейін; О – ойлау; Қ – қиялдау; ҚҰМ – қолдың ұсақ моторикасы; ФД – физикалық даму; ҚО – қолөнерге қатынасы

Сурет 19 - Жетістіктердің нәтижесін салыстыру


БТ біз ұсынған тақырыптардың толық өткізілмеуіне байланысты, және олардың барлық ұйымдастырушылық іс-әрекеттеріне ата-аналарының қатыспауына байланысты жауап берушілердің аз бөлігі ғана бұл бағытта жетістік барын көрсеткен. «FasTracKids» студиясы оқушыларының ата-аналары балаларының әр сабақта бақылауға мүмкіндіктері бар, осыған сәйкес ЭТ жауап берушілері бұл үдерісте алға жылжу барын көрсеткен.

Ес мен зейін танымдық дамудың маңызды құрамы ретінде балалардың ертегі кейіпкерлерін, күлдіргі өлеңдерді, мазақтамаларды, мақал-мәтелдерді және т.б.. есте сақтау, ұсақ-түйекке назар аудару қабілетін атап көрсеткен. ЭТ-та көрсеткіш біршама жоғары екенін ата-аналардың балаларының ойын мәтінін, өлеңді, оған сәйкес қимылды ересектерге қарағанда тез есте сақтайтынын атап көрсеткенінен байқауға болады.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік-дамытушылық әлеуеті жылдамдық пен дәлдікті, ұжымдық қозғалысты, тірек-қимыл аппараттарын, барлық топтың бұлшық еттерін үйлестіруді дамытуға ықпал етеді. Сондықтан ата-аналар балаларының физикалық дамуында да ілгерілік бар екендігін атап өткен.

«Қолөнер» бойынша көрсеткіш бірдей. Бұл ерте жастағы балаларда қолданбалы сабақтарға үлкен қызығушылық тудырды. Нақты нәрсенің суретін

айнытпай салуға қол жеткізу бұл кезеңде қиындық тудырады, сондықтан басты міндет «түсті таңдау» болып табылады. Балаларға су мен бояуды көп мөлшерде қолданып, түстерді араластыру қатты ұнайды. Осы себепті көрсеткіш нәтижеге емес, қызығушылыққа бағытталады. Геометриялық ою-өрнектерді ажырата білуге және ол өрнектердің атауларын табиғатты құстармен (құсқанат оюы), жануарлармен (мүйіз оюы), құбылыстармен (күн, ай оюлары), тұрмыстық заттармен (тарак, сақина оюлары) салыстыра үйренуге қызығушылықтары артты.



Сурет 20 - Баланың сүйікті іс-әрекеттерінің түрі

20-суреттен байқалып тұрғандай баланың сабақтағы ең сүйікті іс-әрекеті би және қозғалмалы ойындар болып табылады. (85%-ға дейін). Бұл біз жоғарыда атап өткен энергия шығару, айқайлаудың көмегі, тез қимыл сияқты эмоциялық әрекетпен түсіндіріледі. Суретте бейнеленген ашық образдар балаларға қозғалмалы ойындар, эмоционалдық сезім және ойынды бастан кешіру арқылы ықпал етеді. Домбыраның сүйемелдеуімен ойналатын ойындарды балалар үй жағдайында да және ерекше жағдайда да қайталайды. Домбыраның үнінен алған жағымды эмоция ол музыкалық аспапты тез тануға және оның басқалардан айырмашылығын жеңіл ажыратуға ықпал етеді. Ата-аналар халық музыкасы естілгенде, оның ішінде домбыра үнін естігенде олардың балалары «биге дайын тұратынын», сабақты, онымен байланысты адамдарды еске түсіре отырып күліп, қуанатынын көрсеткен. Біз осы жаста балада халық шығармашылығына баға беру қалыптаса бастағанын байқаймыз.

Келесі арнайы рейтингтегі танымал Ауыз әдебиетінен «тақпақтарды тізеде отырып айтуды» 82%-ға дейін жауап берушілер белгілеген. Бұл жанрдың барлық мүмкіндіктері негізінде соның көмегімен ата-аналар өз балаларымен «тіл табысқанын» айтады. Біздің кезімізде баланың эмоционалдық жауап беру жылдамдығы өзекті проблема болып отыр. Біз ересектердің қасында тұрған баласының атын бірнеше рет қайталауға мәжбүр болатынын, тіпті ол есту үшін айқайлауға да баратынын жиі байқаймыз. Бұл ерте жастан байқалады және алдағы уақытта тереңдей беруі мүмкін. Көптеген балалар оқудың алғашқы кезеңінде туған анасының тізесіне отырғысы келмейді, ал мұғалімнің тізесіне қуана отырады, бұл бір жағынан баланың тәуелділіктен ажырауын көрсетсе, екінші жағынан «ана мен бала» ретіндегі жақын қарым-қатынасты баланың қаламауымен байланысты қорқыныш тудырады. Бұл үшін ана мен бала арасында сенімді қарым-қатынас орнату керек, осы мақсатта тікелей жақындастыратын (бала ата-анасының тізесіне отырады) тақпақтарды тізерлеп айту қолданылады, бұл жағдайда қалжың түрінде сөйлесу, балаға өз жылуы мен сүйіспеншілігін бере отырып сипауды пайдаланса, соңында оған қызықты болады.

Ерте жастағы балалар үшін күрделі жанрдың бірі топпен айналып ән айту болып табылады. Баланы топқа тұрғызу үшін кейде бір ай уақыт қана кетпейді. Көпшілігіне топта айналып ән айтуды сырттай бақылаған ұнайды, ал оған қатысу таныс емес ересектермен, балалармен тікелей араласуды талап етеді, бұл ерекше психологиялық кедергі және біршама қиындық туғызады. Топта айналып ән салуда іс-әрекет көпшіліктің назарында орындалады, өзіне назар аударуды қаламайтын болғандықтан, мұны кейбір бала түрлі бағытта қабылдайды. Мұндай жағдайда көп нәрсе белсенді балаларды тез анықтау, балалардың өзін танытуына жағдай жасау, жасқаншақ балалардың өзін көрсетуіне мүмкіндік беру сияқты педагогтің кәсіби шеберлігіне байланысты болады. Кейде топта айналып өлең айтуға қатысқан ата-аналар да қандай да бір себеппен бір-біріне қолдарын бермей қояды. Топта айналып ән айтудың сан алуан түрлері (шеңбер, оюланған, ойын, т.б.) арқылы біз бұл күрделі жанрдың тұтастығына жетеміз, қозғалыстың жалпы үйлесімділігін дамытамыз, іс-әрекеттің күрделілігін үйретеміз, т.б. Оқу жылының соңында белгілі нәтижеге қол жеткізгенімізді айтуға болады: 42-ден 82%-ге дейінгі қатысушылар бұл іс-әрекеттің біршама қызықты әрі сүйікті екенін көрсетті.


Ата-аналар «саусақ ойындары» көмегімен балалардың күту уақытын жеңіл қысқартатынын, фантазия танытқанын, елестетуді дамытқанын, ұсақ заттармен жұмыс істей алатындарын, мәтінді оңай есте сақтайтындарын атап көрсеткен. Саусақ ойындары отбасылық концертте баланың сахналық номері ретінде қолданылады. Жылдың басында ата-аналар балаға көмектесу барысында кейде баланың өз қолына жақындатпайтынына реніш білдіреді. Ол үшін арнайы педагогикалық әдістер бар: жеке мысал (*ата-ана мәтінді айта отырып өзі барлық іс-ірекетті орындап көрсетеді*), баладан көмек сұрау (*өзі жасай алмайтындай түр көрсету*), басқа баламен ойнау немесе қызығушылық пайда болуын күту. Саусақ ойындары шыдамдылықты қалыптастыратын балаларға

арналған халық шығармашылығының ең негізгі түзетуші жанры болып табылады.

«Қолөнер» атауларымен танысу оларды есте сақтау бойынша күтілген нәтиже 22-ден 76%-ға дейін жоғары болды. Диагностика қорытындысымен салыстырғанда бұл бағыттың танымалдылығы 94%-ға жетті, ата-аналар біршама күтпеген пікір білдірді. Ұлттық киімдерді (шапан, бөрік, тақия, камзол, белдік және т.б.) көзбен көріп, ұлттық сыйлықтық бұйымдарды (домбыра, киіз үй, қобыз, ысқырық және т.б.). тұрмыстық бұйымдарды (кесе, ожау, қасық және т.б.) қолмен ұстап, оюланған кілем, алашаларды сипап көріп, олардың атауларын қайталап, көрсетіп атап, есте сақтау арқылы оларға қызығушылықтары, білуге талпыныстары бар екенін көрсетті. Әсіресе қызыл-жасылды ұлттық киімдер мен бұйымдарға, ұлттық әекейлер мен ұлттық бұйымдардағы алтын, күміс түстес зерленген оюларға олардың зейіні түсуі байқалды. Алғашында 2- минут қызықтап қараса, кейіннен осы назар аударып, көз алмай қарауы 5-6 минутқа жетті. Оларды «ұлттық қуыршақтармен, ойыншықтармен» ойнату да іс-әрекеттің тартымды түрі ретінде олардың қолөнер саласынан көрсеткішінің жоғарылауына себеп болды. Балаларға ұсынылатын мұндай ойын түрлері: ойыншықтарды жинау, сылдырмақтарды, моншақтарды құрастыру, қуыршаққа арналған «көйлекті кептіру», құрақтан жасалдған доптармен ойнау және басқа да көптеген ойындар. Мұндай ойынға балалар толық қатысады. Сабақтың басында ұялшақ балалар үшін бұл ойындар ең тиімді болып есептеледі. Гипербелсенді балаларда бұл ойындар шыдамдылықты, назарын шоғырландыруды қалыптастырады. Бұл ойындардың көмегі арқылы түрлі заттарды, пішіндерді, түстерді ажыратуға жақсы үйренеді.

Геометриялық ою-өрнектер, ерте жастағы балалардың заттар пішімін, көлемін, түсін ажыратуда пайдаланылады. Оларға үшбұрыш – «тұмар ою», квадрат – «шаршы ою», дөңгелек – «күн» ою, төртбұрыш - «текемет» және т.б. жатады. Осы оюлардың кілемдерде, киімдерде, бұйымдарда бейнеленуінде түстер ажыратылады. Құрақтан құрастырылған үшжапырақ, алтыжапырақ, сегізжапырақ оюлар да бар. Олар әр түсті болып келеді. Олар түстер мен сандарды үйренуде пайдаланылады.

Әрине, біз баланың тақтаны бояуын, ойыншық жасауын маңызды мақсат етіп қоймаймыз, ол тек қана сурет салудың, мүсіндеудің, желіммен жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын игереді. Сондықтан педагог немесе ата-ана қиып берген оюларды (жоғарыда аталған жеңіл түрлерін) жапсырма әдісімен желімдеп жапсыруға үйренеді. Арасында киюға құштар балалар да болды. Бірақ олар қатаң түрде педагогтың немесе ата-ананың қадағалауымен және олардың қол көмегімен орындалды. Қолданбалы бөлім әр сабақта кездесіп отырады, егер қандай да бір себеппен болмай қалса, балаларда реніш пайда болады. Кейбір балаларда бірден сурет салуға деген сұраныс туады, олар үшін бұл сабақтың ең басты және соңғы мақсаты болып есептеледі. Ең күрделі міндет болып педагогтің нұсқауын орындау және тапсырманы дұрыс түсіну, сондай-ақ ата-ананың жеңіл көмегіне келісу болып табылады.



Сурет 21 – Ерте жастағы балалардың зейінін аудару бағыты

«Би және қозғалмалы ойындардың» бойынша алдыңғы диаграммада жоғары нәтижені «Домбырада ойнау» параметрінің көрсеткішінен байқадық. 70-тен 93%-ға дейінгі қатысушылар оның сабақта балалардың зейінін аударатын негізгі саласын атап көрсетті. Біз бұл туралы жоғарыда көп жаздық, тек қосарымыз домбыраның фортепионадан айырмашылығы мұғалімге аспапта ойнай жүріп залда еркін қозғалуға мүмкіндік береді, тапсырманы балалармен бірге орындайды, осылайша бір мезгілде баланы өзіне еліктету үшін өзі үлгі болады. Көптеген ата-аналар (67-ден 94%-ға дейін) баласын сабаққа педагог үшін барады деп есептейді. Ұлттық киім, домбырада ойнау, ән – осының барлығы педагогтің ашық бейнесін құрайды. Кейде баланың үй жағдайында домбырамен сүйемелдеген өлеңнің, ойынның дискісін жиі тыңдап, мұғалімі сияқты киініп, ойыншықтарына «сабақ өткізгенде» ата-аналарда қызғаныш сезімі пайда болады. Ата-аналарда баланы қызықтыруға, өзіне еліктету үшін үлгі болуға, өлең жаттауға, киім тігуге, соңғы кезде домбырада ойнап үйренуге деген ықыласы пайда болды. Ата-аналар мұғалімнің құзыреттілігін жоғары бағалайды (10 ұпайлық шәкіл бойынша 9-10 ұпай), оның пікіріне сенім арта отырып, әртүрлі сұрақтар бойынша ақыл-кеңес сұрайды. Осылайша, бала арқылы біз бағдарламаның екінші мақсаты – ата-аналарды дәстүрлі халық мәдениеті мен халықтық педагогиканың тәрбие құралдарына баулуға қол жеткіземіз.

Әр сабаққа міндетті түрде қандай да бір «ұлттық мәнердегі қолдан жасалған» қуыршақ қатысады. Сол арқылы тапсырманы орындауға түрткі болу, сабақтың шығармашылық бөлігін өткізу сияқты балаға оңай жол табуға болады. Қуыршақтың бейнесіне сәйкес дауысын өзгерте отырып, педагог ол бейнені барынша ашық және есте қаларлықтай керемет жасауға болады. Халықтық мерекелер өткізуде ата-аналар мұғалімдермен бірге балаларға халық ертегілері бойынша қуыршақ театрын көрсетеді, кейінгі сабақтарда оларды бекіту жұмысы жүргізіледі. Желкек ертегіні сахналауда автор ретінде қатысады, балалармен

«сөйлеседі», оларды өзінің күлкілі түрімен, жіңішке дауысымен көңілдендіреді. Қатысушылардың 57-ден 79%-ға дейінгілері қуыршақ театрына қызығушылық білдірген. Ата-аналардың ұйымшыл ұжымын қалыптастыру балалар арасындағы достыққа, олардың бір-біріне көңіл бөлуіне, алғашқы бауыр басуға, жалпы қызығушылыққа ықпал етеді, қатысушылардың 30-дан 79%-ы назар аудартудың бұл бағытын маңызды деп есептейді. Достарымен кездесу барысында балалар өздерінің достарымен қуана қарым-қатынас жасайды, тіпті досы болмаған жағдайда сабақ оқудан бас тартады. Балалар топтастарының атын тез есте сақтайды, жұптық ойынға, биге аса ыждаһаттылықпен қатысады. Көп жағдайда балалардың достығы топтағы оқушылардың ата-аналарының өзара қарым-қатынасына, олардың тұтастығына, баланы дамыту мен тәрбиелеудегі үдеріске қызығушылығына байланысты болып келеді. Бұл біз жоғарыда сипаттаған бағдарламаның ең басты ерекшелігі болып табылады. Эксперименттік топтағы ұйымшыл ұжымның ата-аналары мен балалары шамамен 80%-ы жағымды нәтижеге қол жеткізетінін қосқымыз келеді (топтың 30%-ына тағы да сабаққа белсенді қатысатын отбасының әкелері болды).

Ата-аналар жауаптарында «FasTracKids» студиясына таңдаулары «Сәби танымы» бағдарламасының балалардың танымдық белсенділігін дамытуға тиімділігі жоғары екендігін атап өтті. Кейбіреулері тіпті бәсекеге қабілетті бағдарлама бола алады деп, есептейді. Осы бағдарламаны мүмкіндіктерін пайдалана отырып, балалардың танымдық белсенділігін дамыту аспектісін нығайтуға, дамытудың үздіксіз логикасына негізделген әдістерге баса назар аудардық. Танымдық үдерісінің көрінісі дененің қозғалысы мен саусақтардың, негізгі физиологиялық анализаторлардың (көру, есту, иіс сезу, сенсорлық, дәм) дамуымен басталатыны белгілі. Сондықтан, осы тұрғыда, біздің ойымызша, қажетті іс-әрекет түрлері мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: *диалогтік қарым-қатынас; ойындар арқылы өзара байланыс; қызығушылық элементтерін пайдалану; арт-терапиялық әсер; ертегі терапиясы; дене тәрбиесі жаттығулары мен саусақ жаттығулары.*

Осы бағдарламаны мүмкіндіктерін пайдалана отырып, балалардың танымдық белсенділігін дамыту аспектісін нығайтуға, дамытудың үздіксіз логикасына негізделген әдістерге баса назар аудардық. Танымдық үдерісінің көрінісі дененің қозғалысы мен саусақтардың, негізгі физиологиялық анализаторлардың (көру, есту, иіс сезу, сенсорлық, дәм) дамуымен басталатыны белгілі. Сондықтан, осы тұрғыда, біздің ойымызша, қажетті іс-әрекет түрлері мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: *диалогтік қарым-қатынас; ойындар арқылы өзара байланыс; қызығушылық элементтерін пайдалану; арт-терапиялық әсер; ертегі терапиясы; дене тәрбиесі жаттығулары мен саусақ жаттығулары.*

Осы бағдарлама негізінде ата-ана баланың жеке ерекшеліктерін талдау негізінде баламен үздіксіз өзара әрекеттесу үрдісінде: қарым-қатынас, басқалармен өзара әрекеттесу, қызығушылық тудыратын іс-әрекет, баланың жеке білім беру траекториясын құрастырудың кең мүмкіндіктеріне ие болады,

оның жылдамдығын және оны жүзеге асырудың нәтижелерін болжайды, бұл өз кезегінде, олардың бірлестіктегі іс-әрекет үдерісінде өзгеріп отырады.

Диалогтік қарым-қатынастың сипаты - «түсіну» болып табылады. Сондықтан, бір сипаттамалы сөзге немесе тіпті бір доминант дауысқа, бірдей реакцияға бала 6-8 айда, ал кейде 4 айда жауап беруі мүмкін. 9 айлық бала терезе қайда екенін сұрағанда басын терезеге бұрады, сол сұрақты алғаш рет шет тілінде дәл сондай интонациямен сұрағанда да сол әрекетті қайталайды. Әлбетте, мұнда шынайы түсінік туралы айту мүмкін емес.

Сөйлеуді меңгеру үдерісі, қарым-қатынас үшін оны пайдалану мүмкіндігі бірінші кезекте басқалардың *сөзін түсінуден* басталады. Бірақ бастапқыда бұл түсінік өте қарапайым сипатта болады. Сөз сөйлеу функциясы шамамен 1,5 жылда бөліне бастайды. Бала айналасындағы заттардың атауларына қызығушылығын туғызып, ересектерден «бұл не?» деген сұрақтарға жауап беруді талап етеді. Бұл белсенділіктің нәтижесінде баланың сөздік қоры, әсіресе зат есімдерге байланысты лексиканың жылдам өсуінен байқалады. Бала ересектердің көмегінің арқасында сөзбен сөйлесудің жаңа, әлеуметтік әдісін іс жүзінде иегереді. Ол осы жолмен бір нәрсеге назар аударуды, ересектердің назарын өзіне аударуды үйренеді.

Баланың сөзін дамытудағы негізгі және шешуші нәрсе – бала сөйлесу арқылы басқа адамдармен саналы қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алады. Егер ересек адам балаға немқұрайды қараса немесе өзінің қарым-қатынасын күлімсіреумен ғана білдірсе, балалардың тек 2% -ы онымен қарым-қатынасқа түседі. Ал, белсенді қарым-қатынасқа осы жастағы әр сегізінші бала жауап береді.

Ерте жастағы балаларда ойлаудың бастапқы формалары *көрнекі әрекеттік* және *көрнекі-бейнелік* болады, содан кейін олар *ауызша-логикалық ойлаумен* өзара әрекеттеседі, ол біртіндеп психикалық белсенділіктің басты нысанына айналады. Осы жерде тілдің интеллектуалдық қызметі дамиды. Сол себепті бір нәрсе туралы дәйектілікпен сөйлеу үшін, әңгіме объектісін (тақырыпты, оқиғаны) нақты көрсету, талдай білу, негізгі қасиеттер мен ерекшеліктерді таңдау, заттар мен құбылыстар арасындағы түрлі қатынастарды (себеп-салдарлық, уақыт) белгілеу керек. Сонымен қатар, ойды білдіру үшін ең қолайлы сөздерді таңдауға, қарапайым және күрделі сөйлемдерді құруға және сөйлемдерді ғана емес, сөйлеу бөліктерін де байланыстырудың әртүрлі құралдарын қолдануға қабілетті болу керек.

Сондықтан біз балалардың сөйлеу деңгейін анықтау үшін келесі сынақты жиі пайдаланады: *бір саусақты, екі саусақты, үшеуін (оны қалай жасау керектігін түсіндіру немесе көрсету арқылы) көрсетуді сұрайды. Саусақ қозғалыстарын басқара алатын балалар көп жағдайда жақсы дамыған сөйлеу қабілетіне ие болады.* Осылайша, баламен сөйлеспей-ақ, оның сөйлеуі деңгейінің қаншалықты дамығанын анықтауға болады.

Баланың қазақ халық шығармашылығына құштарлығын анықтауда, жаңалық, ерекшелік, күтпеген жағдай, таң қалдыру әдістері қолданылды. Өйткені осы әдістер – танымдық қызығушылықтың ең күшті

ынталандырушысы бола отырып, бұл сезімдер эмоциялық және ойлау үдерістерін күшейте түседі, «затқа барынша жақын көзқараспен қарау, түсіндіру, болжау, еске салу, салыстыру, түсіндіруге тырысу, пайда болған жағдаяттан шығу жолын табу».

Қызықты тәжірибелер, эксперименттер баланы дербес әрекет ету жолдарын іздеуге, шығармашылық танытуға, танымдық белсенділіктің екі түрін дамытуға: бастамашылық белсенділікке және ересек адамның әрекетінен туған белсенділікке ынталандырады.

Осылайша, танымдық қызығушылық пен қазақ халық шығармашылығы құралдарымен ынталандыру сияқты әуестенушілік, бір жағынан, баланың ғылыми шындықтарды түсінуіне (ғылыми білімді қол жетімді етуге), екінші жағынан ойлауды жандандыруға, таным объектісіне эмоционалды қатынасты тереңдетуге ықпал етеді.

Балалардың сенсорлық тәрбиесі бойынша *дидактикалық ойындардың* келесі жүйесі қолданылады, оның құрылысында негізінен ойын іс-әрекетінің сипаты басым: ойын-нұсқаулар; жасырынатын және іздейтін ойындар; жұмбақ және шешуге арналған ойындар; сюжеттік-рөлдік дидактикалық ойындар; жарыс ойындар; түріндегі тыйым салынған немесе ойындар немесе оның ерекшеліктері (мысалы, түс).

Ерте жастағы балалардың ойлау ерекшеліктерінде орын алатын *нақтылық, бейнелілік, әрекеттілікті* басшылыққа алдық. Сондай-ақ мынадай қағидаларға сүйендік:

I. Ойынның орналасуының күрделілігі дәрежесі бойынша принципі: а) дидактикалық тапсырмалар; б) ойын іс-шаралары; в) ойын ережелері.

II. «Ең жақын интеллектуалды даму аймағына» бағдарлау қағидаты, психикалық операциялардың даму деңгейі, суреттер мен ойлаудың нақты қасиеттері, баланың эмоционалдылығы.

III. Міндеттердің өзгермелілік принципі.

Барлық таңдалған ойындар балаларға ойын түрінде қойылған дидактикалық тапсырмалардың сипатына сәйкес үш топқа бөлінді.

Бірінші топқа ойын міндеттері бойынша балалардың қызығушылығын тудыратын ойындар кірді. Сонымен, ойын-көріністерде, қуыршақтармен ойындарда, біз балаларға объектілердің негізгі, сипаттамалық ерекшеліктерін анықтауды, салыстыруды және салғастыруды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуды, объектілердің белгілерін саналы түрде есте сақтауды және еске салуды үйреттік. Бұл ойындар балаларды *екінші топтың* ойындарына енгізуге негізі болып табылады, оның мақсаты түрлі нысандардағы объектілерді қорыту мүмкіндігін қалыптастыру: түсі, пішіні, көлемі, функционалдық байланысы. *Үшінші топқа* ауызша ойындар енгізілді, онда балалар өз идеяларымен жұмыс істеуге үйренді.

Мысалы, біз «Отыз үш әріпті үйрену үшін отыз үш ойын» деп шартты түрде аталған дидактикалық ойындар жиынтығын қолдандық (қосымша). Бұл ойындар ересектер пен баланың өзара қарым-қатынасына негізделген.

Біздің пікірімізше, мұндай дидактикалық ойындар сахналық ойындар ретінде танымдық белсенділікті дамытуда өте маңызды рөл атқарады әрі ерте дамыту студиясы жағдайында жеңіл ұйымдастырылады және кең түрде қолдануға болады. Сахналық ойындарда кішкене сахналарда ойыншықтармен, қуыршақ театрымен ойнауға болады, бұл өз кезегінде қосымша жағымды әсер береді және қиялдың дамуына, сөйлеуге, баланың қолының жақсы қозғалуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ойын проблемасына қызығушылық ақыл-ойдың күшеюіне үлкен әсер етеді. Ойынға деген сүйіспеншілік көңіл-күйді арттырады, байқағыштықты жылдамдатады, тез және ұзақ есте сақтауға көмектеседі.

Сахналық ойындар ақыл-ой тапсырмалары Алпамыстың қуыршақ сипаты атынан қойылғандықтан «Алпамыс ойындары» деп аталды. Ойын кейіпкерінің балаларға ұнағындығы соншалық –кездескен сәттегі олардың алғашқы сұрағы: «Алпамыс қайда? Біз бүгін онымен ойнаймыз ба?» деген сипатта болды. «Ойыншықтар қайда жасырынды?» сахналастыру ойынын мысал ретінде келтірейік. Дидактикалық міндеті: балаларды ойыншықтардың негізгі қасиеттерін (түсі, көлемі, пішіні) ажырата білуге, атын айтуға және оларды белгілеріне қарай салыстыра білуге үйрету, байқағыштық қабілеттерін дамыту. Аңдардың дауысын айтып бере белулерімен бекіту. Ойынның барысы төмендегідей жүргізілді. Балалар үстелдің айналасында отырады, қарама-қарсы бетте отырған тәрбиеші үстелдің үстіндегі ойыншықтарды балаларға көрсетеді. Қуыршақ Алпамыс шығып, балалармен амандасады. Оның жалғыз келмегендігі туралы хабарлама балалардың ортасында көңілді жағдай туғызады әрі оларды Алпамыспен бірге кімдер келгендігі туралы ойландырады. «Кукареку» деген дауыс естіледі де, тәрбиеші «Бұл не?» деген сұрақ қояды. Балалар сұраққа жауап берген кезде үстелдің үстінде ойыншық әтеш пайда болады. Қуыршақ бейнесіндегі экспериментатор барлық балалардың әтеш сияқты айғайлауын сұрайды. Осылайша тышқан, мысық пайда болады. Осыдан кейін балаларға «Бұл не? Түсі қандай? Үлкен бе әлде кішкентай ма?» деген сұрақтар қойылады. «Осындай ойыншықтар біздің ойыншықтар бұрышында бар ма? Олар қандай белгілерімен ерекшеленеді? Несімен ұқсайды» деген сияқты салыстыру мақсатындағы сұрақтар қойылады. Ойлау операцияларын белсендіру үшін жұмбақтар пайдаландық. Ойыншық мысық пайда болар алдында «Мұртын сипап күн бойы, бетін сусыз жуады, тысырды аңдып түн бойы тышқанды көп қуады» деген жұмбақ жасырылды. Барлық балалар жұмбақты шешті және мысықтың «мяу» деп дыбыс шығаратынын айтты. Содан кейін Алпамыс «еңкейіп», тәрбиешінің құлағына «сыбырлайды». Ата-аналар Алпамыстың балалармен жасырынбақ ойнағысы келгенін айтады. «Көзімізді жұмайық, Алпамсықа қарамаймыз. Ол ойыншықтарды қайда жасырады екен?». Тәрбиеші әтешті балалар тез байқап тауып алуға болатындай жерге – үстелдің астына немесе бөлменің басқа жеріне жасырады. Балаларды ұйымдастыру үшін санамақ пайдаланады: «Бір, екі, үш, төрт, бес, іздеп табайық тез!» Қуыршақ бейнесіндегі педагог балаларды мадақтап, ойыншықтың қайда тұрғанын, қалай аталатынын сұрайды. Балалар ата-аналар жасырған басқа ойыншықтарды іздейді. Осыдан кейін барлық ойыншықтарды әртүрлі орындарға жасырады. Кім бірінші тапса, ойыншықты

әкеп орнына қояды. Педагог ойыншықтың атын, түсін, тапқан орнын сұрайды. Ойын «қонақтардың» біреуі туралы әнмен аяқталады. Суреттелген сахналық ойын барысында балалар заттың атын, оның түсін, көлемін анықтауға, ересектердің көмегімен оларды салыстыра білуге жаттықты.

Ойын балалардың эмоционалдық қызығушылығын тудыруға, ақыл-ой әрекетін белсендіруге ерекше ықпал етті. Осылайша, Сара Т. үйінде «қызыл, жұмсақ және өте сүйкімді» ойыншықтары бар екенін есіне алды. Ұяң, ұялшақ қыз Дария сыныпта жауап беруден бас тартып, білмейтінін айтатын. Сара ойынға қатысып, Алпамыстың сұрақтарына жауап беріп, ойыншықтары туралы айтып бергені біз үшін қуанышты жағдай болды. Әртүрлі ойын әрекеттерін қолдану: жұмбақ жасыру және оны шешу, қозғалыс, жасырыну мен іздестіру, жануарлардың дауыстарын имитациялау, балалардың сөйлеуін жандандыруға ықпал етті, ойыншылардың танымдық белсенділігін тудырды. Балалар әтешті төмендегідей сипаттап берді.

Дамир П.: «Әтеш Илюшамен бірге келді. Оның құйрығы ұзын, әдемі. Әтештің құйрығы қызыл, айдары да қызыл».

Марат Г.: «Әтеш «кукареку» деп айқайлайды. Ол бізді көруге келді. Оның басы, құйрығы, аяғы бар, оның сақалы кішкентай және айдары бар».

Жасұлан Г.: «Әтеш сондай қатты айқайлайды. Ол таңертең ерте бәрімізді оятады. Әтеш әдемі, оның айдары қызыл және құйрығы мен басы бар. Мен әтешті ауылда көргенмін. Ол барлық тауықтарды қорғап жүреді»

Балалардың жауаптарынан көріп отырғанымыздай, олар тек заттың атын атап қана бермей, сонымен бірге оның бөлшектерін, түсін, көлемін де айта алды, ол затты қайда көргендігі туралы өздерінің тәжірибесіне де сүйенді. Танымдық және моторлы белсенділіктің үйлесуі ойыншы балаларды белсендіруге мүмкіндік берді: барлығы ойыншықтарды іздеп, жолдастардың жауабын тыңдады, оны толықтырды. Балалардың ойын ретінде қабылдайтын ақыл-ой міндеттерінің дұрыс орындалуына белсенді түрде ұмтылуында рөлдік ойындар олардың дамуы үшін маңызы болып табылады. Сонымен қатар, педагогтің белсенді рөлі, ойындарды дұрыс ойластыру және таңдау, ойынның әр баланың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашуға бағытталуы рөлдік ойындардың баланың танымдық саласын тәрбиелеуде тиімді құрал болуына ықпал етеді.

Біздің эксперименттік қызметтегі *көркем-терапевтикалық ықпалдар* мынадай бағыттарда қолданылады:

1. *Түстерapiaсы*. Түстер адамның мінез-құлқы мен көңіл күйіне ықпал етеді. Көгілдір және жасыл түстер адамды тыныштандырады, қызыл және сары түстер адамның шығармашылық белсенділігін арттырады. Баланың танымдық саласына әсер ету мақсатында, біздің ойымызша, мынадай бағыттар негізделеді: балалардың демалатын және жұмыс орындарында түстерді дұрыс пайдалану; сол түстердің баланың көңіл күйіне әсері туралы талдау. Осы тұрғыдан біз қазақтың қанық түсті ұлттық киімдері (сары алтынмен зерленген қызыл, жасыл камзолдар, қоңыр түсті шапандар және т.б.) алуан түсті оюлы кілем-гобелендер және т.б.) пайдаланамыз.

2. *Музыкотерапия*. Баланың дамуына музыканың жағымды әсерінің

теориялық аспектісі пренаталдық кезеңнен басталатынын біз қамтып өттік. «Адамның молекулярлық жүйесіне» (Джин Хьюстон) музыканың әсері туралы көптеген зерттеулер бар. Музыка әуені адамның денесімен үйлескен кезде, адамның білуге деген қабілеті мен қабылдауының қарқынына барынша ықпал етеді. Баламен бірге халық әндерін және балаларға арналған музыкаларды тыңдау; ән айту және әнді тыңдау, ән тыңдап отырып, сурет салу, ойын барысында да музыка қолдану; қандай да бір ақпарат алу кезінде де әндерді пайдалану (күн, аңдар, табиғат құбылыстары, т.б. туралы); музыкалық әуендерді (марш, вальс, би екпініндегі); балаларға арналған музыкалық аспаптармен жаттығу; концерттерге, т.б. ойын-сауық орындарына бірге бару.

Жеке тұлғаның интеграциясы, шығармашылық қабілеттерін және бейімделу дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқыту, дамыту, диагностика және түзету – бұл *ертегі терапиясының* негізгі мүмкіндіктері, көптеген психологиялық-педагогикалық технологияларды синтездеуге мүмкіндік беретін әдіс. Әлемді және оның мүмкіндіктерін тану үдерісі табыстар мен күтпеген оқиғаларға толы ертегі жолына ұқсайды. Алдыңғы ұрпақтардың тәжірибесін көрсететін ертегілер ғажап бейнелерге, құпияларға және сиқырға толы, ертегілер – көбінесе баланың ішкі әлеміне жақын, оның әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға, айналадағы шындықтың заңдарын мүмкіндігінше толық түсінуге көмектесетін жол. Ертегілерде, әңгімелерде, аңыздарда жасалатын метафоралар кез-келген жастағы баланың қабылдауына үшін барынша жеңіл болып табылады, мұның өзі балаларды оқыту мен дамыту жұмысын ерте жастан бастауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ертегілермен жұмыс істеу, өз жұмысын ертегі пішінінде модельдеу тәрбиешінің жеке тұлғасын дамытады, бала мен ересектер арасында көрінбейтін көпір орнатады, ата-аналар мен балаларды бір-біріне жақындатады.

Аналитикалық бағыт. Ертегілерді интерпретациялау (түсіндіру).

Психологиялық және дамытушылық жұмыстың мағынасы – ертегідегі жағдайлардың, суреттердің, сюжетті мәнін түсіну және түсіндіру. Бұл бағыттың негізінде әрбір ертегі жағдайында үлкен жасырын мағына бар, біздің ата-бабаларымыздың күрделі өмірлік проблемаларын шешу тәжірибесі, ертегідегі суреттерде «жасырынғаны» туралы ақпарат бар.

Бұл әдісті қолдану балалардың (шығармашылық) ойлау, аналитикалық-синтетикалық қабілеттерін және құндылық бағдарларын дамыту үшін тиімді.

Ертегідегі жұмыстың *ізденушілік формасы* мифтер мен аңыздардың ежелгі символикасына еніп, метафоралардың мағынасын түсінуге, адамның проблемалы және шығармашылық құбылыстарың табиғатын сезінуге, «қанатты» өрнектердің пайда болуын зерттеуге, әлемдік деңгейдегі эпоспен байланысуға мүмкіндік береді. Мысалы, біздің жұмысымызда балалармен Пері, Дию бейнесін талқыладық және ол кейіпкер туралы нақты бір пікір айтудың мүмкін еместігін білдік. Талқылаудың басында балалар оның зияндығы мен қаскөйлігі туралы мысалдар келтірді, содан кейін ертегі кейіпкерлеріне көмек көрсетсе олар да қарапайым жүректі және сенімді болатынын естеріне түсірді.

Бізжұмысымызда терапевтік форманың екі түрін қолдандық: *библеотерапия, ертегі міндеттерін шешу.*

Библеотерапия (ерте жастағы балалар үшін өзін-өзі жетілдіру) ақыл-ой еңбегі мен демалысты араластыруға мүмкіндік береді, жеке тұлғаның құндылық құрылымын қалыптастыруға, өмірлік құбылыстардың мағынасын терең түсіну және аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Библиотерапияны өткізу тәртібі дәстүрлі: балалар өздерін бос, ыңғайлы ұстап, көздерін жұмып отырады. Зерттеуші арнайы таңдалған ертегіні оқып, балалар тыңдап болғаннан кейін талқылау ұйымдастырады. Біз үшін балалар ертегілердің мазмұнын ғана айту емес, сонымен қатар онда жасырын мағыналарын да сезінуі маңызды.

Біз өзіміздің эксперименттік қызметімізде ертегі терапиясының тағы бір бағытын – ертегіні әңгімелеуді пайдаландық, онда төмендегідей әдістер қолданылды:

ата-аналар жаңа немесе бұрыннан таныс ертегіні әңгімелейді; бұрыннан таныс ертегіні әңгімелейді де оны өз ойларымен жалғастыруды ұсынады; ертегіні 1-жақтан және ертегінің түрлі кейіпкерлері атынан әңгімелейді; ертегіні құрастыру; «құмды» ертегілер.

Осылайша, ертегі терапиясының элементтерін пайдалану тәжірибесінде бұл әдістің нәтижесі төмендегідей болды: шығармашылық ойлауды дамыту, терең бейнелі ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді; сөйлеуді дамыту және жетілдіру; қиялды дамыту, қиял, жады, көңіл; өз ойларын тыңдау және білу қабілетін дамыту; дүниетану қабілетін дамыту, өздерін басқа біреудің орнына қоя білу, әлемге көзқараспен қарау.

«Фантастикалық педагогика» әдісін эксперименттік жұмыста қолдану барысында біз екі ережеге сүйендік: біріншіден, ертегі – ең пайдалы педагогикалық құралдардың бірі, екіншіден, тәрбиеге деген осы көзқарастың сиқырлы да қуанышты қасиеттері баланың жеке тұлғасының дамуына, оның бір орында тұрып қалмауына көмектеседі.

Шынайы әлем, кейде тіпті өмірді көрген ересектердің өзін де күрделілігімен қорқытады. Сондықтан, өмірлік тәжірибесі жоқ балаға, оны дамытудың қолайлы құралы ертегі болған. Ертегі – маңызды емес нәрселерден арылуға және өмірдің маңызды аспектілеріне назар аударуға мүмкіндік беретін заттар мен оқиғалардың маңыздылығы туралы оқиға.

Бала «ертегілер» ойынымен әлемнің қасиеттерін ғана үйреніп қоймайды, ол өз жанын, жағдайды, кейіпкерлерді, олардың әрекеттерін саналы және бейсаналы түрде өз мінезіне қалыптастырады.

Бұл әдістің ерекшелігі біздің ата-бабаларымыздың даналық тәжірибесімен расталады. Қол және сөз арасындағы қарым-қатынастың ашылуына дейін ғалымдар ата-бабаларымыз «Қуыр-қуыр-қуырмаш», «Бас бармақ, балан үйрек», «Онға дейін санау» және басқа тақпақтар ойлап тапқан және олар халық аузында ұрпақтан ұрпақтан беріліп келеді. Қолдың ұсақ моторикасын жаттықтыруды сәби өмірге келгеннен бастап қолдану керек. Қарапайым әдісі – сылау: саусақтарды саусақ ұшынан бастап білекке дейін сипалау. Қарапайым жаттығу: баланың әр

саусағын жеке-жеке ұстап, бұғу және жазу. Жаттығуды күн сайын 2-3 минут жасау керек. Осындай жаттығу барысында сөйлеуаймақтары мидың екі жарты шарында да пайда болады. 10 айдан бастап нәрестеге заттарды таңдатуға, алдымен ірі және ашық түсті, содан кейін кішігірім заттарды беруге болады. (Тәжірибелік-эксперимент жұмыс барысында пайдаланылған қазақ халық шығармашылығы құралдарының бірқатар түрлері қосымшада беріледі.).

Осылайша, «FasTracKids» академиясында ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың барлық көрсеткіштері бойынша артықшылықтар таптық, әсіресе коммуникативтілікті, зейін, есте сақтауды, тілді, музыкалық сауаттылықты, адами қасиеттерді тәрбиелеуді дамытуда серпіліс байқадық. Қазақ халық шығармашылығы ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың құралы болып қана қоймай, оларды ұлттық мәдениетке баулиды, төл өнерді көріп, көзі үйреніп, сол өнерде тілі дамып өсуіне ықпал етеді. Берілген әдістерді қолдануды нығайтуға ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас ықпал етеді.

2.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері

Тәжірибелік-эксперимент жұмыс алдыңғы 2.2 параграфта айтылып өткендей үш кезеңнен тұрды: анықтау эксперименті, қалыптастыру эксперименті және қорытындылау эксперименті. Эксперимент Алматы қаласындағы «FasTracKids» академиясында, №105 бала бақшасында жүргізілді. 42 бала, 28 ата-ана, 14 педагог қатысты. Бақылау тобына №105 бала бақшасындағы сәбилер тобынан 22 бала қатысты. Эксперимент тобына «FasTracKids» академиясынан екі топта оқитын 20 бала қатысты.

Балаларды ерте жастан дамытудағы халық шығармашылығы бағытының 2 жыл ішіндегі 15-20%-ға өсуін әлеуметтік талдауға талпыныс жасадық.

2015 жылы 1,5 жастан 2 жасқа дейінгі эксперименттік топтарда «Сәби танымы» кешенді бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Бағдарламаны мақұлдаудан өткізу төрт педагог жұмыс жүргізетін екі топта жүргізілді. Құзыретті педагог- маман даярлау қажеттілігі туындады. Қазіргі кезде бағдарлама бойынша 8 педагог жұмыс істейді, маман кадрлар дайындауды жүзеге асыру жалғасын табуда. Осы педагогтарға арналған біліктілігін көтеру бағдарламасы жүргізілді.

Кесте 14 - Педагогтарды ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығымен дамытуға даярлау бағдарламасы

Тақырыптық жоспар			
Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Сабақ нысаны	Есеп беру нысаны
1	2	3	4
Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың теориялық негіздері	2	дәріс, шеберлік сынып	Презентация

14 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Қазақ халық шығармашылығының ерте жасар балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктері	2	дәріс, шеберлік сынып	презентация
Ерте жасар балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың моделі	2	дәріс, шеберлік сынып	презентация
Педагог-бала-ата-ана бірлестігіндегі жұмыс түрлері	2	семинар, шеберлік сынып	портфолио
Ана мектебі жағдайында баланың жеке білім беру траекториясын жобалау.	2	семинар, шеберлік сынып	баланың жеке білім траекториясы сының жобасы
Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін диагностикалау	2	семинар, шеберлік сынып	жоба
Барлығы:	12		

Әсіресе осы бағдарламада үздіксіз білім беру жүйесінде педагог-бала-ата-ана бірлестігінің маңыздылығы айтылады. Ерте жастағы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту үдерісінің мәні мен маңызы. Қазіргі заманғы басқа мамандардың болашақта білім алу үшін баланы алдын-ала және ерте дамыту кезеңдерінің маңыздылығы туралы зерттеулерін талдау. Ана мен баланың өзара шығармашылық қарым-қатынасы. Қазіргі және болашақ ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігі: мәселелері мен келешегі. Мектеп жасына дейінгі балалық кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен сезімталдығына негізделген баланың жеке білім беру траекториясын құру. Қазақ халық шығармашылығының педагогикалық жіктемесі. Оларды балалардың танымдық белсенділігін дамытуда қолданудағы әдіс-тәсілдері мазмұндалады.

Жалпы, «Сәби танымы» кешенді бағдарламасын бастапқы кезеңде бағдарламаны жүзеге асыру бойынша бала санының өсімі бар-жоғы 10%-ды құрады, ата-аналар мен балалардың қызығушылығын тудыру үшін қазақ халық шығармашылығы құралдары мен халықтық педагогика негіздерін оқыту туралы түсіндіруге тура келді, негізінен бұл балаларды бір жарым жастан бастап дайындайтын аз мөлшердегі орталықтар мен бірлестіктерде жүргізілді. «Балаларды ерте дамыту» орталық балалары мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын ата-аналарды қатты қызықтырды. Мұндай жағдайда олар баланың дамуына пайда әкелетін ұйымдасқан қарым-қатынас қажет етеді. Қарым-қатынаста сабаққа қатысу дәлелдемесі басым болып табылады, сондықтан бағдарламаны жүзеге асырудың алғашқы кезеңінде балама сабақтың болмауы себепті балалар санының өскені байқалды.Топты жас бойынша құру қызығушылық тудырды. Басында ерте жастағы балалар тобына 1,5 жастан 3 жасқа дейінгі балалар қабылданды, келесі топты эксперимент тобы үшін 2-3 жастағы балалар алынды. 2015 жылы педагогикалық құрам бұл 2 жастан 3

жасқа дейінгі балаларды жеке топқа бөлуді шешті. Бұл топтағы жас категориясы (үш жаста психологиялық тоқырау сипатындағы) өте жеңіл, ал екінші жағынан оқыту үдерісінде өте қызықты болды. Бұл жастағы балалардың мінез-құлқы іс жүзінде қалыптасқан, педагогке тек жеке қабілетін ашу және қажетті түзетулер жасау ғана қажет. Балалардың темпераменті мен мінез-құлқына сәйкес педагог оларға қиынырақ міндеттер қояды. Қолданбалы тапсырмалар күрделене түседі және біршама уақытқа созылады, сюжеттік-рөлдік ойындар, ертегілер қойылымы, жеке ән айту, фольклордың қарапайым түрлері пайда болады. Бұл топ жаңадан келгендер қатысатын екінші жыл оқитын балалармен бірігеді, олардың ұялшақтықтарын жеңуге көмектеседі, осылайша, педагогтарда сабақтың мазмұнын білетін көмекшілер пайда болады. Бұл арқылы халықтық педагогиканың сабақтастық және жанрларды ауызша жеткізу принципі пайда болады, олардың арасындағы жас айырмашылығы аса үлкен емес, сондықтан екінші жыл оқитын балалар тез алға жылжиды әрі материалдарды жеңіл меңгереді.

2016 жылдан бастап біз оқушыларды жас шегі бойынша топтарға топтастырдық: 1,5-тан 2 жасқа дейін, 2-ден 2,5 жасқа дейін, 2,5-тен 3 жасқа дейін. Бұл сабақты әр жарты жыл сайын өзгеріп тұратын баланың жас ерекшелігіне қарай құруға көмектеседі. Сонымен бірге даму барысында артта қалатын, өзінің жасына сай топта өзін жайсыз сезінетін, керісінше өз құрбыларынан даму жағынан озып кететін балалардың жеке қабілеттері де ескерілді, кейбір балалар өздерінің жасына сай топта қызығушылығын жоғалтуы мүмкін. Сондықтан эксперимент тобы ек топтан үйренуі қиын топтан және табысты топтан тұрды. Топтың ата-аналары өтініштері бойынша баласының қызығушылығын көру үшін сабаққа қатысады, сонымен бірге олар тек бақылаушы емес, сабақтың белсенді қатысушысы да бола алады. Сондықтан оқытуда жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады. Бұл топта үлгерімді бақылау және есепке алу қажет әрі мүмкіндік бар, өйткені бұл топта жарысуға деген қызығушылық пайда болады және топ белсендісін қалыптастыруға, тіпті көшбасшысын анықтауға болады. Халық ойындарының барлық түрі, халық театрының сан алуан жанрлары, күрделі емес әндер, балалардың сәби-ғұрыптық жырлары және күлдіргі әндері, халық билері белсенді түрде қолданылды, қолөнерді, қарапайым бояуды, саздан мүсін жасауды меңгереді, ер балалар ұлттық ойындар негізінде күрес элементтерін үйренді. Мерекелерде кейде топтар біріккен кезде ата-аналарда «кішкене балалармен бірге болу ересек балаларға қызықсыз болады» деген қорқыныш туады, бірақ бұл жаңсақ пікір, өйткені халық шығармашылығы барлық жастағы балалар үшін әмбебап болып табылады. Қол қимылымен бірге орындалатын әзіл өлеңді ерте жастағы балалар ата-аналарымен бірге көрсетеді. Халық ертегілерін сахналауда оқушылардың барлығы атсалысады, әрі көрермен, әрі қатысушы болады. Ерте жастағы балаларға да, кіші жастағы балаларға да қызықты бірігіп ойнайтын ойындарды, әндерді, айналып хормен ән айтуды жалпы өткізуге болады. Біз алға қойған мақсатымыздың толық нәтижесін айта алмаймыз, өйткені оқушылар бір жылдан екінші жылға толық құраммен ауыспайды. Әр жыл сайын

шамамен 20-дан 40%-ға дейінгі оқушылар әртүрлі себеппен топтан шығып кетеді. Соған қарамастан ерте жастағы балалардың ата-аналары сауалнамалар мен жазбаша пікірлерінде көрсеткендей, оқыту нәтижесінің жоғары көрсеткішін белгіледі. Балалар санының жетіспеушілігі жаңа оқушылармен толығады, тұтастай алғанда 15-20%-ға өсіп отырады. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қорытындылау кезеңінде ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсендігі дамуының деңгейін анықтау және қалыптастыру эксперименттерінің нәтижелерін салыстыра отырып байқадық.

Біз аталған дамудың қажеттілік-құштарлық, байқап-білу, үйреніп-жасау компоненттеріне сәйкес *құштарлық, талпынысты, саналы белсенділіктері* бойынша бастапқы және қорытынды кесіндіні салыстырдық.

Кесте15 – Бақылау тобы бойынша ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамуы динамикасы

Эксперимент кезеңі	Топтар		Танымдық белсенділіктің даму деңгейлері		
			құштарлық	талпынысты	саналы
Бастапқы кесінді	БТ	%	27,3	68,2	4,5
		саны	6	15	1
Қорытынды Кесінді	БТ	%	9	68	22,7
		саны	2	15	5



Сурет 22 - Бақылау тобы бойынша ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамуы динамикасы

Кесте 16 - Бастапқы кесінді бойынша ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамуы динамикасы

Эксперимент кезеңі	Топтар		Танымдық белсенділіктің даму деңгейлері		
			құштарлық	талпынысты	Саналы
Бастапқы кесінді	ЭТ	%	40	60	0
		саны	8	12	0
	БТ	%	27,3	68,2	4,5
		саны	6	15	1



Сурет 23 - Бастапқы кесінді бойынша ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамуы динамикасы

Кесте 17 - Эксперимент тобы бойынша ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамуы динамикасы

Эксперименткезеңі	Топтар		Танымдық белсенділіктің даму деңгейлері		
			құштарлық	талпынысты	Саналы
Бастапқы кесінді	ЭТ	%	40	60	0
		саны	8	12	0
Қорытынды Кесінді	ЭТ	%	0	30	70
		саны	0	6	14



Сурет 24 - Эксперимент тобы бойынша ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамуы динамикасы

Кесте 18 - Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамуы динамикасы

Эксперимент кезеңі	Топтар		Танымдық белсенділіктің даму деңгейлері		
			құштарлық белсенділік	талпынысты белсенділік	саналы белсенділік
Бастапқы кесінді	ЭТ	%	40	60	0
		саны	8	12	0
	БТ	%	27,3	68,2	4,5
		саны	6	15	1
Қорытынды кесінді	ЭТ	%	0	30	70
		саны	0	6	14
	БТ	%	9	68	22,7
		саны	2	15	5



Сурет 25 - Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамуы динамикасы

Кестеден және суреттен көрініп тұрғандай ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігінің дамуы деңгейі мынадай: егер *эксперимент тобындағы балалардың* эксперимент басында *саналы белсенділік* деңгейі 0% болса, соңында – 70%-ға жетті, *талпынысты белсенділік* деңгейді бастапқыда балалардың – 60% көрсеткен болса, олардың басым бөлігінің саналы белсенділік деңгейіне көтерілуіне байланысты, талпынысты деңгей эксперимент соңында 30%-ға азайды; бастапқыда *күштарлық белсенділік деңгейдегі* ерте жастағы балалар 40%-ды құраған болса, эксперимент соңында олар 0%-ды құрады, өйткені олардың барлығы талпынысты, саналы белсенділік деңгейіне көтерілді.

Біз жасаған ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігін дамыту кешенді бағдарламасының және онда қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігін эксперимент тобының нәтижесімен бақылау тобының нәтижесін салыстырғанда көз жеткіздік.

Суреттен байқалып тұрғандай *бақылау тобындағы балалардың* эксперимент басында саналы белсенділік деңгейі 4,5% болса, соңында – 22,7%-ға жетті, яғни 18,2%-ға талпынысты белсенділік деңгейді бастапқыда балалардың – 60%-ы көрсеткен болса, эксперимент соңында да 60,8%-ды құрады, бастапқыда күштарлық деңгейдегі ерте жастағы балалар 27,3%-ы құраған болса, эксперимент соңында олар 9%-ды құрады. Демек, бақылау тобындағы ерте жастағы балалардың да қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамыту барысында динамикалық өсу байқалады. Дейтұрғанмен эксперимент тобы бақылау тобына қарағанда жоғары көрсеткіш көрсетті.

Осылайша, эксперимент балаларды ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігін дамытуда құрастырылған эксперименттік кешенді бағдарламаның тиімділігі айқындалды:

- қазақ халық шығармашылығының түрлі салаларына қызығушылықты дамыту арқылы өз мәдениетіне жағымды қарым-қатынас қалыптасады;

- эмоционалды би ойындары, түрлі-түсті ұлттық киімдер мен ұлттық музыкалық аспаптардың үні арқылы баланың ұлттық қасиеттерге өзін-өзі бейімдеуін жүзеге асады.

- әртүрлі ұлттар мен діни нанымдағы отбасылардың балалары арасында ұлттық әлеуметтену мен бейімделу нәтижесінде толерантты қарым-қатынас қалыптасады;

- ата-аналар мектепке дейінгі жаста қазақ халық шығармашылығын пайдаланудың қажеттілігін түсінеді;

- қазақ халық шығармашылығы құралдарының ерте жастағы балалардың психикалық үдерістерінің (сезіну, қабылдау, қиял, ес, зейін, тіл, ойлау) дамуына оң ықпал етуі негізінде олардың танымдық белсенділігі арттады.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Ерте даму, ерте балалық шақ мәселесі қарастырылған психологиялық-педагогикалық еңбектерге жасаған талдау баланың ерте жас аралығының кезеңдері әдебиеттерде жан-жақты талданғанын, бірқатар теориялық қағидалар мен тұжырымдардың (*құрсақтық тәрбие, туғаннан тәрбиелеу, туғаннан – 3 жасқа дейін бала тұлғасын қалыптастыру, жаны мен тәнін тәрбиелеу және т.б.*) қалыптасқандығын көрсетті. Осы теориялық талдау негізінде бүгінгі күнде әдебиеттерде басым тұрақтанған және практикада жүзеге асырылып жатқан ерте жастағы баланың жас шекарасының кезеңдері болып 1-3 жас аралығы саналады және ол нәрестелік (0-1 жас) және сәбилік (1-3 жас) кезеңнен тұрады.

2. *Белсенділік* ғылыми әдебиеттерде адамның *қозғалыс формасы, динамикалық жағдайы, қатынас көрсеткіші, саналы іс-әрекеті, белсенді күйі, даму қозғалыс күші, қасиеті* тұрғысынан қарастырылған. Біз өз зерттеу пәнімізге сәйкес «ерте жасар баланың **белсенділігі** қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынастағы әрекетінің көрініс», деп түсінеміз.

3. «Белсенділік», «Танымдық белсенділік» анықтамаларының мәніне талдау жасау оларға берілген түсініктер мен тұжырымдарды жүйеге келтіруге, олардың бір-бірімен арақатынасын көрсетуге және аталған ұғымдарды зерттеу пәнімізге сәйкес нақтылау мүмкіндігін тудырды. біздің түсінігімізше, «Ерте жасар баланың *танымдық белсенділігі* дегеніміз оның жаңаны қажетсіну, құштар болу, байқау, білу, үйрену, жасау әрекеттерінің көрінісі».

4. Ғылыми әдебиеттердегі ерте жастағы балалардың физиологиялық және психикалық ерекшеліктерін зерттеу олардың осы жасында дене тәрбиесі – баланың физиологиялық (бойы, салмағының өсуі, денсаулығы, еңбек әрекеті), ақыл-ой тәрбиесі – психикалық үйлесімді дамуын (сенсорлық, эстетикалық, адамгершілік және т.б. сезімдерін, ой-өрісін, белсенділігін)» жүзеге асыру қажеттігін көрсетті. Ерте жас аралығындағы баланың танымдық белсенділігін дамыту олардың дене және ақыл-ой тәрбиесінің дамуына тікелей ықпал етеді.

5. Ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі мен психикалық үдерістерінің дамуы ара қатынасын зерттеу бізге ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытудың механизмін жасауға мүмкіндік берді (қажетсіну – құштар болу – байқау – білу – үйрену - жасау).

6. Қазақ халық шығармашылығы және оны білім алушылардың оқу-тәрбие үдерістерінде пайдалану қарастырылған еңбектерді талдау негізінде қазақ халық шығармашылығының педагогикалық жіктемесін жасалды: *ауыз әдебиеті*: күлдіргі өлеңдер, мазақтамалар, уату-алдаркату, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтел, жаңылтпаштар; *музыка*: бесік жыры, мәпелеу жыры, сәбилік ғұрып жыры, ұлттық би қимылдары; *ойын*: ойынға шақыру, қаламақ, санамақ, ойын-ермек, тәжікелесу; спорттық-қозғалыс ойындары; *қолөнер*: ою-өрнек, құрақ, жапсырма кесте, ұлттық киімдер, тұрмыстық бұйымдар, сыйлықтық бұйымдар. Осы педагогикалық жіктемені жасауда балалардың ерте жас аралығы ерекшеліктері, аталған шығармашылық түрлерінің осы жастағы

балалар тәрбиесінің мазмұнына, психикалық үдерістерінің дамуына ықпалы, танымдық белсенділігін дамыту мүмкіндіктері негізге алынды.

7. Қазақ халық шығармашылығын түрлерін қарастыру барысында біз олардың балалардың қабылдауына жеңіл, білуге құштарлығын арттыратын, қиялын ұшқырлайтын, зейінін қалыптастыратын, эмоционалдық жақсы сезімталдыққа бейімдейтін, ой-өрісін өсіретін, танымдық аясын кеңейтетін, саналы-әрекетке итермелейтін, белсенділігін арттыратын педагогикалық құрал екендігін анықтадық.

8. Ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту *моделі* мақсаттық, технологиялық, ұйымдастырушылық, бағалаушылық төрт бөліктен тұрады. Мақсаттық блок аталған дамуды жүзеге асыруға қоғамның, мемлекеттің талап, сұраныстарын, мақсатын, басшылыққа алатын (құндылық-мотивациялық, жүйелілік, жеке тұлғалық, іс-әрекеттік, жекелік-креативтілік) әдіснамалық тұғырларды және принциптерді қамтиды. Технологиялық – бағдарлама мазмұнын, оны жүзеге асырудағы жұмыс формаларын, әдістерін, құралдарын анықтайды. Ұйымдастырушылық – кезеңдерін (мақсаттық, мазмұндық-іс-әрекеттік, аналитикалық-түзетушілік.), функцияларын (дамытушы, коммуникативтік, әлеуметтік-мәдени тәрбиелеу, оқыту, шығармашылық-қайта өңдеу), педагогикалық экспериментті (анықтаушы, қалыптастырушы, қорытындылау) сипаттайды. Технологиялық және ұйымдастырушылық блок мынадай педагогикалық шарттарды сақтай отырып қалыптастыруды көздейді: мәденитанымдық білім беру ортасын құру; баланың жеке білім беру траекториясын жүзеге асыру; ана мен баланың шығармашылық өзара әрекеттестігі мен өзара байланысы; педагог-ана-баланың шығармашылық өзара әрекеттестігі мен өзара байланысы. Бағалаушылық блокта ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту нәтижесін анықтауға арналған өлшемдер мен көрсеткіштер және деңгейлер көрсетіледі.

9. Аталған дамудың бағалау компоненттерін *қажеттілік-құштар болу, байқап-білу, үйреніп-жасау* құрайды. Оларға сәйкес *өлшемдері* болып қазақ халық шығармашылығына тұрақты танымдық қызығушылық, қазақ халық шығармашылығын танып-білуге эмоционалдық жағымды қатынасы, қазақ халық шығармашылығы түрлерін білуге, үйренуге, жасауға ерік-жігерінің болуы, оны іс-әрекетте көрсетуі табылады. *Деңгейлері құштарлық белсенділік, талпынысты белсенділік, саналы белсенділік* болып анықталды.

10. Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігін дамыту бағытындағы «*Сәби танымы*» кешенді бағдарламасы үш бағдарламадан тұрады: 1) Ерте жастағы балаларды тәрбиелейтін педагогтардың біліктілігін арттыруға арналған; 2) Ерте жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-аналармен бірлестіктегі жұмыс; 3) Балаларды ерте дамыту орталықтарында олардың танымдық белсенділігін дамыту мақсатында пайдаланылатын бағдарлама. Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен

танымдық белсенділігін дамыту аталған үш бағдарлама мазмұнын (формалары, әдістері, құралдары) кешенді пайдаланғанда ғана тиімді болады.

11. Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігі дамуының *құштарлық, талпынысты, саналы* белсенділік деңгейлерін айқындау диагностикалық, мазмұндық-технологиялық қамтамасыздандырғанда және оларды кезеңдермен жүзеге асырғанда ғана нәтижесінің тиімділігі артатындығын көрсетеді.

12. Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығымен дамыту біз белгілеген кезеңдеріне сәйкес интербелсенді технологияларды тиімді пайдаланудың маңыздылығы зор.

13. Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығымен дамыту негізінде жасалған үш бағытта жүргізілетін (ата-аналарға, педагогтарға, балаларға) «Сәби танымы» кешенді бағдарламасы және балаларға арналған қазақ халық шығармашылығы жинағы осы проблеманы тиімді шешуге ықпал етеді.

Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай *ұсыныстар* жасауға болады:

1. Ерте жастағы балалардың физиологиялық және психикалық дамуы мен танымдық белсенділікті дамыту үдерісі арақатынасына арналған теориялық тұжырымдар, сипаттамалар осы саладан теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді. Оларды жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы), мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін институттардың және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет.

2. Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігін дамытуда мектепке дейінгі ұйымдардың (балаларды ерте дамыту академиясы, орталығы, студиясы, бала бақша және т.б) білім беру мен тәрбие ортасын тиімді пайдалану қажет.

3. Балаларға арналған қазақ халық шығармашылығы туындыларын мектепке дейінгі ұйымдарда ерте жастағы балалар тәрбиесінде, болашақ аналарға Кеңес берушілік орталықтарында пайдалануды практикаға ендірген жөн.

4. Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығымен танымдық белсенділігін дамыту біздің ұсынып отырған кешенді бағдарлама аясында интербелсенді технологияларды қолдану негізінде жүзеге асырған дұрыс.

5. Ұсынылып отырған кешенді бағдарламаны мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша мамандар даярлайтын колледждердің, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға болады.

6. Зерттеу проблемасының ауқымы кең болғандықтан толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта ерте жастағы балалардың сенсорлық дамуы, ерте жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-ана мен ерте дамыту орталықтарының шығармашылық іс-әрекеттерінің педагогикалық шарттары, ерте жастағы балаларды тәрбиелеуге болашақ мамандарды даярлау, ерте

жастағы балалардың қоршаған ортаға эмоционалдық қатынасын дамыту, ерте жастағы балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда әлеуметтік дамыту, ерте жастағы балаларды отбасында тәрбиелеу және т.б. проблемалар арнайы зерттеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012 ж.).
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2016, наурыз 1. - №205.
- 3 Қазақстан Республикасында ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздері «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. - Астана, 2014.
- 4 Бала құқықтары туралы конвенция. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы. – 1989, 20 қараша.
- 5 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласы – Астана, 2017, сәуір - 12.
- 6 Платон // Собр.соч. в 4 т. - М.: Мысль, 1990.- Т.1.
- 7 Аристотель // Соч: В 4 т. – М.: Мысль, 1976.– Т. 1.– 550 с.
- 8 Аристотель. Политика / ауд. С.И.Оспанов, Ә.Ф.Мажитова. Кіт.: Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. - Астана: Фолиант, 2005.
- 9 Брагина Л. М. Социально-этические взгляды итальянских гуманистов (вторая половина XV в.). - М., 1983.
- 10 Ибраева М.К. Танымдық белсенділік – философиялық, психологиялық, педагогикалық мәселе // Абай атындағы ҚазҰПУ. ХАБАРШЫ, «Педагогика ғылымдары» сериясы. - Алматы, 2016. - №2 (50). – Б. 315-319.
- 11 Коменский Я.А. Ұлы дидактика. - Алматы, 1993.
- 12 Руссо Ж. Ж. Пед. соч.: В 2-х т. - МЛ, 1981.
- 13 Макаренко А.С. Избранные педагогические // Соч.: в 2 т. – М.: Педагогика, 1977.
- 14 Әл-Фараби Философиялық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1973.
- 15 Құнанбаев А. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. - 272 б.
- 16 Жұмабаев М. Жазылашық оқу құралдары Һәм мектебіміз // Қазақстан мектебі. - 1993. - № 2. – Б. 73-75.
- 17 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Ғылым, 1998. – Т. 4.
- 18 Аксарина Н.М. Сәбилік шақтағы балаларды тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 1982. - 173 б.
- 19 Малиновская М.П. Педагогические условия организации совместной деятельности взрослых и младших дошкольников в учреждениях дополнительного образования: автореф. ... канд. пед. наук. - М., 2006.- 22 с.
- 20 Брагина Т.В. Семья, как психологический фактор личностного самоопределения человека в раннем возрасте: автореф. ... канд. пед. наук. - Новосибирск, 2000. - 20 с.

- 21 Абдуллаева Ш.А. Формирование сенсорного опыта и методика его организации у детей раннего возраста: автореф. ... канд. пед. наук. - М., 1974. - 20 с.
- 22 Сорокова М.Г. Система Монтессори в парадигме реформаторской педагогики: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.01. - М., 2004 - 20 с.
- 23 Батибаева С.Ф. Қазақстанда қазақ балабақшаларының қалыптасуы мен дамуы (1946-2001 жж): пед. ғыл. канд.... дис. - Алматы, 2004.
- 24 Храпченкова Н.И. Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиенің дамуы (1946-1980 жж.): пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 1999.
- 25 Михалькова Ольга Анатольевна. История и тенденции развития системы нравственного воспитания дошкольников в Казахстане в 1960-1990 гг.: канд. пед. наук. ... дис. - Алматы, 1999.
- 26 Кайбулдаева Г. А. История развития системы духовно-нравственного (гуманного) воспитания в национальных детских садах (на материале 1960-1990 гг. Южного региона Казахстана): дис. ... канд. пед. наук. - Алматы, 1990.
- 27 Елкеева А.Б. Н. Құлжанованың педагогикалық көзқарастары: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2001.
- 28 Мирза Н.В. Подготовка будущих педагогов дошкольного образования к профессиональной коммуникативной деятельности: дис. ... канд. пед. наук. - Алматы, 2004.
- 29 Бупебаева Р.Т. Формирование готовности будущих педагогов дошкольных учреждений к умственному воспитанию детей: дис. ... канд. пед. наук. - Караганда, 2000.
- 30 Балабаева А.И. Формирование профессиональной направленности студентов в процессе педагогической практики: дис. ... канд. пед. наук. - Алматы, 2005.
- 31 Белгібаева Г.Қ. Болашақ мамандарды мектеп жасына дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті арқылы патриоттық тәрбие беруге даярлау: пед. ғыл. канд. ... дис. - Қарағанды, 2006.
- 32 Арзанбаева Б.О. Болашақ мұғалімдердің мектепке дейінгі балалардың ойын іс-әрекеттеріне кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыру (қазақ халқының ойындары негізінде): пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2001.
- 33 Таубаева Ғ.З. Мектепалды дайындығында оқу-тәрбие үрдісінде балалар әдебиетін падалану: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы: Қыз. Мем. пед. инст., 2005.
- 34 Мовкебаева Зульфия Ахметвалиевна. Формирование готовности старших дошкольников с общим недоразвитием речи к школьному: дис. ... канд. пед. наук. - Алматы, 2010.
- 35 Рысбекова Ж.К. Педагогические проблемы подготовки детей 6-7 лет к обучению в школе: дис. ... канд. пед. наук. - Алматы, 1997.
- 36 Никитин В. Я Мектеп жасына дейінгі балалардың инновациялық типтегі оқу орындарында оқуға дайындығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 1998.

37 Сейсембаев К. Проблемы использования прогрессивных идей и опыта казахской народной педагогики в подготовке детей к школе в семейном воспитании: дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1987.

38 Ауталипова У.И. Мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасындағы өзара қарым-қатынастарының психологиялық-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 1999.

39 Қапенова А.Ә. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың қарым қатынас мәдениетін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2004.

40 Шужебаева А.И. Отбасылық тәрбие жағдайында балалар қарым-қатынасындағы қиындықтарды психологиялық-педагогикалық зерттеу: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2001.

41 Баймұратова Б. Сәбилердің сөздік қорымен сөз игеру ерекшеліктері: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 1975.

42 Меңдаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (мектепалды даярлық топтары мен 1-сынып): пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2009.

43 Метербаева К.М. Қоршаған дүниемен таныстыру арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру (5-7 жас): пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2005.

44 Ханина Н.Н. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың дұрыс сөйлеуін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2000.

45 Атыманова К.Ж. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2010.

46 Бақреденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 1993.

47 Наубаева Х. Т. Мектепке дейінгі жастағы балалардың бірлескен қызметтегі қарым-қатынасын ізгілендіру: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 1999.

48 Аубакирова Ж.К. Мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынас тренингін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2002.

49 Сыздық Р. М. Мектеп жасына дейінгі балалардың математикаға қызығушылығын қазақ халық педагогикасы негізін арқылы қалыптастыру әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2001.

50 Леушина А.М. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 1987.

51 Пустовалова Н.И. 12 жылдық оқытуға көшу жағдайында үздіксіз білім беру негізінде мектепке дейінгі ересек жастағы оқушылар мен бірінші сынып оқушыларына математикалық танымдарды қалыптастыру әдісі: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2005.

- 52 Бадел А. Қазақ этнопедагогикасы негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. –Астана, 2010.
- 53 Салиева А. Ж. Бейнелеу әрекеттері үдерісі арқылы балалардың табиғат туралы білімін жетілдіру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001.
- 54 Керимбаева Р.К. Формирование познание мира у детей дошкольного возраста при ознокомлении с сезонными явлениями в природе:дис. ... канд.пед.наук. – Тараз, 1999.
- 55 Манкеш А.Е. Үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығының ғылыми - педагогикалық негіздері:пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 1999.
- 56 Сайлауова Н.С. Балабақшадағы мектепалда топ балаларының бастапқы экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004.
- 57 Құлжанова Н. Шығармалары: мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар. - Алматы: Ана тілі, 2014. - 384 б.
- 58 Әбдіғаппарова Ұ.М. Қазақ халық педагогикасындағы балалар мен жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйретудің ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. - Алматы, 2008
- 59 Жұмабекова Ф.Н. Баланың көркемдік талғамын сәндік-қолданбалы өнер негізінде қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998.
- 60 Акпарова Ж. М. Формирование интереса к казахскому народному музыкальному творчеству детей старшего дошкольного возраста (на материале русскоязычных детских садов Республики Казахстан): кан. пед. наук. ... дис. – Алматы, 1997.
- 61 Маженова Р. Б. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың-этностық мәдени сәйкестілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007.
- 62 Сапарбаева Ш. С. Балабақшаның ересек тобындағы балаларды қазақтың тұрмыс-салт дәстүрі негізінде еңбекке баулу: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001.
- 63 Амирова А. С. Ересектер тобындағы балаларды қазақ балалар әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу : пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1994.
- 64 Нұрмұхаметова Р.Ә. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ фольклоры арқылы эстетикалық тәрбие беру (5-7 жас): пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2004.
- 65 Абаева Г.А. Формирование устной связной речи слабовидящих детей 6-7 лет средствами казахского фольклора: дис. кан. пед. наук. - Алматы, 2006.
- 66 Төленова Ұ. Т. Балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2002.

- 67 Оразаева Г. С. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жүргізілетін логопедия жұмыстарында қазақтың ұлттық ойындарын пайдаланудың педагогикалық шарттары): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007.
- 68 Мендалиев Б.М. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесінде халықтық-ұлттық ойындарын пайдалану): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2009.
- 69 Иманбеков Т. Қазақ бала бақшаларындағы оқу-тәрбие жұмыстарында ұлттық ойындарды пайдалану (5-7 жас)): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1995.
- 70 Меңжанова А Мектепке дейінгі педагогика. - Алматы: Рауан, 1992. 2
- 71 Жиенбаева С.Н. Мектепалды балаларын еңбекке баулудың ғылыми-педагогикалық негіздері): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2002.
- 72 Дәрібаева С. Қ. Қоршаған ортамен таныстыру негізінде 6-7 жасар балалардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Қызылорда, 2013.
- 73 Муханбетчина А.Г. Формирование активности детей в предшкольной подготовке посредством развивающей среды: дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2010.
- 74 Бердибаева С.К. 5-8 жастағы балалардың зияткерлік белсенділігін бастапқы физикалық көріністерді жоспарлы қалыптастыру негізінде дамыту: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1997.
- 75 Жумадилаева О.А. Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық дарындылығын дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998.
- 76 Мырзатаева Б.П. Этникалық өзін-өзі танудың психологиялық ерекшеліктері (6-7 жастағы қазақ балаларының тәрбиелік белсенділігінің үлгісі бойынша) : пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2009.
- 77 Күребаева Г.А. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойлау әрекетінің диагностикасы.): пед. ғыл. канд. ... дис. - Семей, 1999.
- 78 Лихачева Е.Н. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын меңгеруде қиындықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010.
- 79 Баймуратова А.Т. Ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу жүйесін дамытуда лекотек құрудың ғылыми-теориялық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2000.
- 80 Исакова А.Т. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі мекемелерінде «Step by Step» халықаралық білім беру технологиясын дамыту (1994-2006 жж.): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007.
- 81 Касымова Г.М. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудегі дамытушы ойындарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998.
- 82 Тукеев С.А. Мектепке дейінгі ересек және кіші жастағы балаларды физикалық тұрғыдан тәрбиелеуде жекпе-жек элементтері бар қозғалмалы ойындарды пайдалану жүйесі: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998.

- 83 Баримбеков Н.Ж. Қозғалмалы ойындарда мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қарым-қатынасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998.
- 84 Ли Е.П. Бес жастағы балалардың мінез-құлқының гуманистік бағытын қалыптастырудың психологиялық жағдайлары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999.
- 85 Унарбекова Н.Д. 6-7 жастағы қазақ балаларының психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету жолдары мен тәсілдері: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005.
- 86 Ерепбаев Н.К. 5-7 жастағы балаларды физикалық тұрғыда тәрбиелеудің тиімділігін арттыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2009.
- 87 Абишева Э.Д. Мектепке дейінгі ұйымдағы психолог қызметін психологиялық қолдау: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005.
- 88 Баймұратова Б.Б. Баланы мектепке дайындау жөнінде. – Алма-Ата, 1971.
- 89 Лексина М.З. Развитие недоношенных детей раннего периода жизни воспитывавшихся в разных условиях: дис. ... кан. пед. наук. ... дис. – Алматы, 1969.
- 90 Каримова Р.Б. Особенности психо-нейрофизиологических нарушений у детей раннего возраста и пути коррекционного воздействия: дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1996.
- 91 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 92 Психология детства: учебник / под редакцией члена-корреспондента РАО А. А. Реана – СПб.: «прайм-ЕВРО-ЗНАК», 2003.
- 93 Пиаже Ж. Избранные психологические труды. - Просвещение, 1969. - С.61-69.
- 94 Бромлей Д. Очерки теории этноса. – М.: Наука, 1983. - 412 с.
- 95 Геккель Э., Мюллер Ф. Основной биогенетический закон. - М.; Л., 1940.
- 96 Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Әл-Фараби, 1995. –460 б.
- 97 Құрсабаев М.Қазақнама. - Астана, 2008. - 507 с.
- 98 Блонский П. П. Избранные педагогические произведения. - М.: «Академия педагогических наук РСФСР», 1961.
- 99 Валлон А. Психическое развитие ребёнка. М.: Просвещение, 1967.
- 100 Виготский Л.С. Психология развития как феномен культуры / под ред. М.Г.Ярошевского. - М.: Изд-во ин-та практ. псих-и, 1996. - 512 с.
- 101 Эльконин Д.Б. Психическое развитие ребёнка от рождения до поступления в школу. Психология.- М., 1956.
- 102 Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис / пер. с англ.; общ. ред. и предисл. А. В. Толстых. - М.: Прогресс, 1996.
- 103 Демографический энциклопедический словарь/ главный редактор

Д.И. Валентей. - М.: Советская энциклопедия, 1985.

104 Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 1998. – С. 220-221.

105 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. - Алматы: Рауан, 1998. – Б.26-27.

106 Шалғынбаева Х. Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі: пед. ғыл. док. ... автореф. - Алматы, 2006. - 43 б.

107 Әбдіғаббарова Ұ.М. Қазақ халық педагогикасында балалар мен жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйретудің ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2008.

108 Қазақстан Республикасында Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - 2015, сәуір - 10.

109 Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. Великая дидактика. – М., 1939.- Т.1.

110 Руссо Ж.Ж. Избранные педагогические сочинения. – М.: АПН РСФСР, 1961.- Т.1.

111 Песталоцци Г. Избранные педагогические произведения. - М., 1965. - Т. 3. - 615 с.

112 Блонский П. П. Избранные педагогические произведения. - М.: Академия педагогических наук РСФСР, 1961.

113 Выготский Л. С. Психология развития как феномен культуры / под ред. М.Г. Ярошевского. - М.: Изд-во ин-та практ. псих-и, 1996. - 512 с.

114 Гальперин П. Я. Актуальные проблемы возрастной психологии. - М., 1978.

115 Запорожец А. В. Современные проблемы психологии обучения и воспитания детей дошкольного возраста // В кн.: О совершенствовании под-готовки специалистов дошкольного воспитания. - Ульяновск, 1975.

116 Каптерев П.Ф. Избранные педагогические сочинения / под ред. А. М. Арсеньева. - М.: Педагогика, 1982.

117 Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. - М.: Изд-во АПН РСФСР, 1959. - 361 с.

118 Маркова Т.А. Влияние советской детской литературы на творческие игры // В сб.: Творческие игры в детском саду. - М.: Просвещение, 1951.- С. 68-90.

119 Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі психология. – Алматы: Мектеп, 1986. - 241 б.

120 Лисина М.И. Развитие познавательной активности детей в ходе общения со взрослыми и сверстниками // Вопросы психологии. - 1982.- № 4.- С. 18-35.

121 Рубинштейн Л.С. Основы общей психологии. - М.: Учпедгиз, 1946. - 704 с.

122 Смирнова Е.О. Развитие воли и произвольности в раннем и дошкольном возрастах. - М.: Издательство «Институт практической психологии»; Воронеж: НПО «МОДЭК», 1998.

- 123 Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі психология. – Алматы: Мектеп, 1986. - 241 б.
- 124 Возрастная психология: учебно-методический комплекс / сост.: Л.А. Семчук, А.И. Янчий. – Гродно: ГрГУ, 2006. - 226 с.
- 125 Божович Л.И.. Проблемы формирования личности: избранные психологические труды / под ред. Д. И. Фельдштейна. - М.; Воронеж: Ин-т практической психологии, 1995.
- 126 Выготский Л.С. Развитие высших форм внимания в детском возрасте // В кн.: Избранные психологические исследования. - М., 1956.
- 127 Ибраева М.К. Сборник статей по материалам XLVIII международной научно-практической конференции «Научная дискуссия: вопросы педагогики и психологии». – М., 2016.- №3 (48), ч. 2. - С. 110-119.
- 128 Анна Рапопорт Энциклопедия методов раннего развития. - Издательство: АСТ, 2009.
- 129 Ибраева М.К. Қазақстандағы және әлемдегі мектепке дейінгі білім беру // Тәжірибе, қазіргі жағдайы және болашағы» (профессор А.К.Меңжанованың 80-жылдығына арналған) атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. - Алматы, 2014. – Б. 57-59.
- 130 Ибраева М.К. Материалы III Международной научно-практической интернет-конференции // Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации. – Украина, 2015. - С.146-153.
- 131 Каган М. С. Введение в историю мировой культуры. - СПб., 2000. – Книга 1; - СПб., 2001. – Книга 2.
- 132 Тьютин В.С. Кибернетика и вопросы синтеза научного знания // В кн.: Синтез современного научного знания. - М., 1973.
- 133 Философский энциклопедический словарь. - М.: Сов. энцикл., 1983.- 340 с.
- 134 Э.С.Бауэр. Введение в экспериментальное изучение наследственности. // Приложение 8-е к Трудам по прикладной ботанике, 1913.
- 135 Маркс Карл // Философия. Энциклопедический словарь / под ред. А. А. Ивина. - М.: Гардарики, 2004. - 1072 с.
- 136 Даму психологиясы Сөздік / А.Л.Венгер редакциясымен.- М.: Per Seб, 2005- 175 б.
- 137 Педагогикалық сөздік / автор-құрастырушы: В.А.Мижеригов., П.И.Пидкасистыйдың жалпы редакциясымен. – М.:Сфера, 2004.- 439 б.
- 138 Селевко Г.К., Селевко А.Г. Энциклопедия образовательных технологий // В 2-х томах. - М.: Народное образование, 2005. - 556 с.
- 139 Д.С. Годовикова. Соотношение активности детей в общении со взрослыми и в исследовании новых предметов Общение и его влияние на развитие психики младшего школьника. - М.: Просвещение, 1974. - С. 23-46.
- 140 Даулетбекова Ж.Т. Научно-методические основы обучения культуре речи на уроках казахского языка в общеобразовательной средней школе: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2008.

- 141 Бернштейн Н.А. О ловкости и ее развитии. - М.: Физкультура и спорт, 1991. - 288 с.
- 142 Ибраева М.К. I Международной научно-практической интернет-конференции «Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации». –Киев, 2015. – С. 221-224.
- 143 Сеченов И.М. Избранные произведения. Физиология и психология. Редакция и послесловие Х.С.Коштыянца. - Издательство Академии Наук СССР, 1952. – Т. 1.
- 144 Павлов И.П. Об уме вообще, о русском уме в частности. - М.: АСТ, 2014. – 320 с.
- 145 Бехтерев В.М. Мозг и его деятельность. - М.; Л., 1928.
- 146 С.Л.Рубинштейн. Основы общей психологии. - М.: Учпедгиз, 1946. - 704 с.
- 147 Ибраева М.К. Академик Т.Тәжібаевтың 106 жылдығына арналған жыл сайынғы «Тәжібаев оқулары» аясындағы // «Мәңгілік ел жағдайындағы Қазақстандағы психология ғылымының қазіргі жай-күйі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. - Алматы, 2016. – Б. 25-28
- 148 Выготский Л.С. Обучение и развитие в дошкольном возрасте // В кн. – М.: Издательский Дом Шалвы Амонашвили, 1996.
- 149 Вединяпина В.А. Фундаментальность педагогических научных знаний в антропологическом подходе. Оценка качества освоения педагогических дисциплин в контексте аттестации вуза – СПб., 2008.
- 150 Бернштейн, Н.А. Физиология движений и активность / изд. подгот. И.М. Фейгенберг; под ред. О.Г. Газенко. - М.:Наука, 1990.
- 151 Большая Российская энциклопедия, 2011. - Т. 19.
- 152 Богоявленская Д.Б..Психология творческих способностей. - Самара: Учебная литература, 2009. – 416 с.
- 153 Әбілқасымова А.Е.Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. - Алматы : Білім, 1998. - 208 с.
- 154 Тұрғынбаева. Б.А., Тұрғынбаев Ә.Логика. - Алматы, 2000.
- 155 Мустояпова А.С. Қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004.
- 156 Айтпаева Ж.Ж. Подготовка будущего учителя к активации познавательной деятельности младших школьников: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010.
- 157 Нурланбекова Е.К.Лексический минимум английского языка для 1-го курса по специальности 0319-"Иностранные языки": учеб. метод.пособ. Кансеитова У.Р. - Алматы: КазГосЖенПИ, 2003.- 45 с.
- 158 Годовикова Д.С. Соотношение активности детей в общении со взрослыми и в исследовании новых предметов Общение и его влияние на развитие психики младшего школьника. - М.: Просвещение, 1974. - С. 23-46

- 159 Ибраева М.К. Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» атты Жас ғалымдарға арналған VIII Халықаралық ғылыми конференция материалдары.- Алматы, 2016. - Б.132-136.
- 160 Брусиловский А.И. Жизнь до рождения: Эмбриология человека. - М.: Знание, 1991.
- 161 Овчинникова Т.Н. Об индивидуальных особенностях ранних форм выражения активнос-ти у детей // В кн.: Психологические проблемы индивидуальности. – 1984. - Вып.2.
- 162 Сариева А.К. Об активизации познавательной деятельности/ учащихся // Сборник научных трудов. Социально-гуманитарные дисциплины: состояние, проблемы, перспективы. -Алматы, 1997.
- 163 Павлова Л.П. Ориентировочно-исследовательская деятельность и условия ее развития у детей 2-го и 3-го жизни: автореф. ... канд. психол. наук. -М., 1976. - 23 с.
- 164 Ибраева М.К. Қазақ халық отбасы бала тәрбиесінің кейбір мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ. ХАБАРШЫ. «Психология» сериясы. - Алматы, 2015. – №2 (43). - Б. 118-124.
- 165 Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология. Энциклопедиялық сөздік. - Алматы, 2011. - 255 б.
- 166 Шеръязданова Х.Т. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов и психологов дошкольного образования: автореф. ... док. психол. наук: 19.00.07. – М., 1999.
- 167 Әубәкірова Ж.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынас тренингін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері: психол. ғыл. канд. ... дис.:19.00.07. – Алматы, 2001.
- 168 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1973.
- 169 Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы, 1991. – 419 б.
- 170 Ибраева М.К. International Scientific and Practical Conference WORLD Science. The Goals of the WORLD Science. - Dubai UAE, 2015. - P. 95-101.
- 171 ЮНЕСКО и сохранение фольклора // Курьер.- 1985.
- 172 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
- 173 Ұзақбава С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.
- 174 Матыжанов К. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2004.
- 175 Крупская Н.К. Педагогические сочинения в 10 т. Дошкольное воспитание. Вопросы семейного воспитания и быта. - М.: Изд-во АПН, 1959. - Т. 6.
- 176 Сухомлинский В.А. «О воспитании» – М.: Политическая литература, 1982 - 270 с.
- 177 Қазақ фольклорының поэтикасы / жауапты ред. Бердібай Рахманқұл. – Алматы: Ғылым, 2001. – 250 б.
- 178 Мельников, М.Н. Русский детский фольклор: учеб. пособие для студентов. - М.: Просвещение, 1987. - 240 с.

- 179 Филонов Г.Н; Воспитательный процесс: методология и специфика исследований // Педагогика. - 2000. - №9. - С. 1-17.
- 180 Урунтаева Г.А. Детская психология:уч.для студ. сред.учеб. заведений. - М.: Изд.центр «Академия», 2006.
- 181 Уайт Б. Письмо человеку, который утратил веру в селовечество». Источник: Brainpickings, «Letters of Note: Correspondence Deserving of a Wider Audience».
- 182 Кэрролл Изард. Психология эмоции / пер. с англ. - СПб., 1999. - 464 с.
- 183 Акпарова Ж.М. Формирование интереса к казахскому народному музыкальному творчеству детей старшего дошкольного возраста: дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1997.
- 184 Едігенова А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004.
- 185 Қоқымбаева Т. Халық педагогикасының құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдақ белсенділігін дамыту: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2000.
- 186 Абыканова Б. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005.
- 187 Сариева А. Физиканы оқытуда шығармашылық есептер арқылы мектеп оқышыларының танымдық белсенділігін дамыту: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2002.
- 188 Коккоз М. Формирование познавательной активности студентов дистанционной формы обучения на основе рейтинговой системы обучения: пед. ғыл. канд. ... дис. – Караганда, 2005.
- 189 Коротаева Э.В. Педагогика взаимодействий в современном образовательном процессе: дис. ... док. пед. наук. – Екатеринбург, 2000.
- 190 Огородников И.Т. Повышение самостоятельности и творческой активности учащихся. - М., 1967.
- 191 Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. - М., 1979.
- 192 Шамов Т.Н. Проблемность - стимул познавательной активности // Народное образование. - 1966. - №4. - С. 32-37.
- 193 Николаева А. Б. Личность воспитателя как фактор становления личности дошкольника. Психология развивающейся личности / под ред. А.В. Петровского. - М.: Педагогика, 1987. - С. 157-167.
- 194 Психология: словарь / под ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. - 2-е изд. - М.: Политиздат, 1990.
- 195 Штофф В.А. Моделирование и философия. - Л.: Наука, 1966.
- 196 Подласый И.П. Педагогика – М.: ВЛАДОС, 2004.
- 197 Abdigapbarova U.M., Ibrayeva K.E., Baikulova L. I. Shalabayeva L.I., Zhundybayeva T.N. Communication through dialogue between preschool children

with leadership skills // International Electronic Journal of Mathematics Education. – 2016.- Vol.11, issue. 5. – P. 1343-1350.

198 Бала құқықтары туралы конвенция. - Нью-Йорк, 1989, қараша -20.

199 Ибраева М.Е. Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың алғы шарттары // Абай атындағы ҚазҰПУнің ХАБАРШЫСЫ. Психология сериясы. - Алматы, 2016.- №1 (46) – Б.146-152.

200 ҚР "Баланың құқықтары туралы" заңы. - 2002, тамыз-8.

201 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007, шілде - 27.

202 Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - 2012, тамыз- 23.

203 Ерте жастағы (1 жастан бастап 3 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасы. - Астана, 2010. - 88 б.

204 Baikulov A. M., Shalabayeva L. I., Abdigapbarova U. M., Mynbayeva A. P. The System of Development Programmes on Pre-School and School Education in the Republic of Kazakhstan // Interchange. - Article in press, 2016. - P. 1-16.

ҚОСЫМША А

Қазақстандық ғалымдардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы
зерттеулерінің топтамасы

Зерттеудің мазмұны	Қорғау жылы	Автор
1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың даму тарихы		
Развитие дошкольного воспитания в сельской местности Казахстана (1958-1980 гг.)	1987	Мендаяхова К.
Развитие трудового воспитания в дошкольных учреждениях Республики Казахстан (1960-1985 гг.)	1992	Менлибекова Г.Ж.
Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиенің дамуы (1946-1980 жж.)	1999	Храпченкова Н.И.
Н.Құлжанованың педагогикалық көзқарастары	2001	Елкеева А. Б.
Қазақстанда қазақ балабақшаларының қалыптасуы мен дамуы (1946-2001 жж)	2004	Батибаева С.Ғ.
Развитие процесса обучения детей в дошкольных учреждениях Казахстана (1960-1990 гг.)	2004	Николаева В.В.
1960-1990 жж. Қазақстандағы мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу жүйесінің даму үрдістері мен тарихы	2008	Михалькова О.А.
Ұлттық балабақшаларда рухани-адамгершілікке (гумандыққа) тәрбиелеу жүйесінің даму тарихы (Қазақстанның оңтүстік аймағындағы 1960-1990 жж материалдары бойынша)	2008	Кайбульдаева Г.А.
2. Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға болашақ мамандарды даярлау		
Мектепке дейінгі мекеме балаларының ақыл-ойын тәрбиелеуге болашақ педагогтардың даярлығын қалыптастыру	2000	Бупебаева Р.Т.
Болашақ мұғалімдердің мектепке дейінгі балалардың ойын іс-әрекеттеріне кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыру (қазақ халқының ойындары негізінде)	2001	Арзанбаева Б.О.
Мектепке дейінгі білім берудегі болашақ мұғалімдердің кәсіби-коммуникативтік даярлығын қалыптастыру	2004	Мирза Н.В.
Педагогикалық тәжірибе барысында студенттердің кәсіби бағдарлануын қалыптастыру	2005	Балабаева А.И.
Болашақ мамандарды мектеп жасына дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті арқылы патриоттық тәрбие беруге даярлау	2006	Белгібаева Г.Қ.
6-7 жастағы балаларды мектепке дайындаудың педагогикалық мәселелері	1997	Рысбекова Ж.К.
Мектеп жасына дейінгі балалардың инновациялық типтегі оқу орындарында оқуға дайындығын қалыптастыру	1998	Никитин В. Я.

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың мектепалды даярлығы		
Танымдық іс-әрекет мектепке бейімделудің басты факторы	1999	Асылханова М.А.
Мектепалды дайындығында оқу-тәрбие үрдісінде балалар әдебиетін пайдалану	2005	Таубаева Г. З.
Взаимодействие педагогических коллективов в целостном педагогическом процессе учебно-воспитательного комплекса «детский сад – школа»	2009	Ильяшева К.С.
Формирование активности детей в предшкольной подготовке посредством развивающей среды	2010	Муханбетчина А.Г.
Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың оқуға дайындығын қалыптастыру	2010	Мовкебаева З.А.
4. Мектеп жасына дейінгі балаларды отбасында тәрбиелеу		
Отбасылық тәрбие жағдайында балаларды мектепке дайындауда ұлттық педагогика тәжірибесі мен алдыңғы қатарлы идеяларды пайдалану мәселесі	1987	Сейсембаев К
Мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасындағы өзара қарым-қатынастарының психологиялық-педагогикалық негіздері	1999	Ауталипова У.И.
Отбасылық тәрбие жағдайында балалар қарым-қатынасындағы қиындықтарды психологиялық-педагогикалық зерттеу	2001	Шужебаева А.И.
Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың қарым қатынас мәдениетін қалыптастыру	2004	Қапенова А.Ә
5. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін қалыптастыру		
Сәбилердің сөздік қорымен сөз игеру ерекшеліктері	1975	Баймұратова Б.
Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту	1993	Бақреденова А.Б.
Психолого-педагогические основы формирования диалогической речи знаково-символическими средствами	1998	Жиенбаева Н.Б.
Мектепке дейінгі жастағы балалардың бірлескен қызметтегі қарым-қатынасын ізгілендіру	1999	Наубаева Х. Т.
Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың дұрыс сөйлеуін қалыптастыру	2000	Ханина Н. Н.
Мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынас тренингін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері	2002	Аубакирова Ж.К.
Қоршаған әлеммен танысу үдерісінде балалардың (5-7 жыл) когнитивті сөйлеуін қалыптастыру	2005	Метербаева К. М.
Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (мектепалды даярлық топтары мен 1-сынып)	2009	Меңдаяхова Қ.
Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары	2010	Атыманова К.Ж.
6. Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық қызығушылығын қалыптастыру		
Развитие интереса к поэзии у детей старшего дошкольного возраста в условиях детского сада	1968	Андросова В.Н.

Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру әдістемесі	1987	Леушина А.М.
Мектеп жасына дейінгі балалардың математикаға қызығушылығын қазақ халық педагогикасы негізін арқылы қалыптастыру әдістемесі	2001	Сыздық Р. М.
12 жылдық оқытуға көшу жағдайында үздіксіз білім беру негізінде мектепке дейінгі ересек жастағы оқушылар мен бірінші сынып оқушыларына математикалық танымдарды қалыптастыру әдісі	2005	Пустовалова Н.И.
7. Мектепке дейінгі балалардың қоршаған ортаға қатынасын қалыптастыру		
Формирование социально-нравственных оценочных суждений у детей старшего дошкольного возраста	1994	Завалишина О.В.
Табиғаттағы маусымдық құбылыстармен таныстыру арқылы мектепке дейінгі балалардың әлемді тануын қалыптастыру	1999	Керимбаева Р.К.
Балабақшаның ересектер тобындағы балаларға қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық тәрбие беру	1999	Манкеш А.Е.
Бейнелеу әрекеттері үдерісі арқылы балалардың табиғат туралы білімін жетілдіру	2001	Салиева А. Ж.
Балабақшадағы мектепалда топ балаларының бастапқы экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру	2004	Сайлауова Н.С.
Психологические условия формирования самопознания дошкольника	2006	Махаманова М.Н.
Қазақ этнопедагогикасы негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру	2010	Бадел А.
8.Мектепке дейінгі балалар тәрбиесінде қазақ халық педагогикасы материалдарын пайдалану		
Балалардың қол еңбегін ұйымдастыру, қазақтың қолданбалы қол өнері, матадан ою-өрнектер қию туралы		Құлжанова Н
Ересектер тобындағы балаларды қазақ балалар әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу	1994	Әмірова Ә. С.
Қазақ бала бақшаларындағы оқу-тәрбие жұмыстарында ұлттық ойындарды пайдалану (5-7 жас)	1995	Иманбеков Т.
Научно-практические основы использования казахского народного декоративно-прикладного искусства в эстетическом воспитании детей старшего дошкольного возраста (на материале русскоязычных детских садов)	1996	Левченко Т.А.
Мектепке дейінгі жастағы балалардың қазақ халық музыкалық шығармашылығына деген қызығушылығын қалыптастыру (Қазақстан Республикасының орыс балабақшаларының материалдары бойынша)	1997	Акпарова Ж.М.
Баланың көркемдік талғамын сәндік-қолданбалы өнер негізінде қалыптастыру	1998	Жұмабекова Ф. Н.
Научно-теоретические основы построения лекотеки в системе развивающего обучения детей раннего и дошкольного возраста	2000	Баймуратова А.Т.
Балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу	2002	Теленова Ұ. Т.
Қазақ фольклорын пайдалану арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие беру (5-7 жас)	2004	Нұрмұхаметова Р.Ә.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың-этностық мәдени сәйкестілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары	2007	Маженова Р. Б.
Мектепке дейінгі жастағы балалармен жүргізілетін логопедия жұмыстарында қазақтың ұлттық ойындарын пайдаланудың педагогикалық шарттары	2007	Оразаева Г. С.
Қазақ халық педагогикасындағы балалар мен жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйретудің ғылыми негіздері	2008	Әбдіғапбарова Ұ.М.
Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесінде халықтық-ұлттық ойындарын пайдалану	2009	Мендалиев Б. М.
9. Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулудың теориясы мен әдістемесі		
Ересектердің еңбегімен таныстыру әдістемесі		Меңжанова А
Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақтың тұрмыс салт-дәстүрлері негізінде еңбекке баулу (5-6 жас)	2001	Сапарбаева Ш.
Мектепалды балаларын еңбекке баулудың ғылыми-педагогикалық негіздері	2002	Жиенбаева С.Н.
10.Мектеп жасына дейінгі балалардың белсенділігін, шығармашылығын дамыту		
5-8 жастағы балалардың зияткерлік белсенділігін бастапқы физикалық көріністерді жоспарлы қалыптастыру негізінде дамыту	1997	Бердибаева С.К.
Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық дарындылығын дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	1998	Жумадиллаева О.А.
Мектеп жасына дейінгі балаларды ойлау әрекетінің диагностикасы	1999	Күребаева Г.А.
Особенности развития ценностных ориентаций воспитанников детского дома в учебно-воспитательном процессе	2008	Серимбетова И.Т.
Этникалық өзін-өзі танудың психологиялық ерекшеліктері (6-7 жастағы қазақ балаларының тәрбиелік белсенділігінің үлгісі бойынша)	2009	Мырзатаева Б. П.
11.Мектепке дейінгі ұйымдарда жаңа технологияларды пайдалану		
Қозғалмалы ойындарда мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қарым-қатынасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері	1998	Баримбеков Н.Ж.
Мектепке дейінгі ересек және кіші жастағы балаларды физикалық тұрғыдан тәрбиелеуде жекпе-жек элементтері бар қозғалмалы ойындарды пайдалану жүйесі	1998	Тукеев С. А.
Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудегі дамытушы ойындарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері	1998	Касимова Г.М.
Ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу жүйесін дамытуда лекотек құрудың ғылыми-теориялық негіздері	2000	Баймуратова А.Т.
Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі мекемелерінде «Step by Step» халықаралық білім беру технологиясын дамыту (1994-2006 жж.)	2007	Искакова А. Т.
Мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын меңгеруде қиындықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық шарттары	2010	Лихачева Е. Н.

12. Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық, психологиялық дамуы мәселелері		
Развитие недоношенных детей раннего периода жизни воспитывавшихся в разных условиях	1969	Лексина М.З.
Особенности психо-нейрофизиологических нарушений у детей раннего возраста и пути коррекционного воздействия	1996	Каримова Р.Б.
5-8 жастағы балаларда алғашқы физикалық түсініктерді жоспарлы қалыптастыру негізінде ойлау іс-әрекетін дамыту	1997	Бердібаева С.Қ.
Бес жастағы балалардың мінез-құлқының гуманистік бағытын қалыптастырудың психологиялық жағдайлары	1999	Ли Е.П.
6-7 жастағы қазақ балаларының психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету жолдары мен тәсілдері	2005	Унарбекова Н. Д.
Мектепке дейінгі ұйымдағы психолог қызметін психологиялық қолдау	2005	Абишева Э.Д.
5-7 жастағы балаларды физикалық тұрғыда тәрбиелеудің тиімділігін арттыру	2009	Ерепбаев Н.К.

ҚОСЫМША Б

Жасына қарай даму кестесі Сәбидің психикалық дамуы (0-1 жас)

Л. А. Семчук, А.И. Янчий Оқу-әдістемелік құрал. Даму психологиясы және жас психологиясы. 2006

Дағдылар	Жасы және айы					
	0-2	3-4	5-6	7-8	9-10	11-12
Моторика-ның дамуы	Балапан рефлексі, еңбектеу рефлексі, қолдың серпінді қызметі: сілтеу, ұстау, қимылдату; 1 айдың соңына қарай алғашқы шартты рефлекс (сору, қимылдау), қозғалыс белсенділігі артады, бала басын бұра алады, иегін көтереді және ішімен жатып кеудесін көтеруге талпынады.	Алғашқы мақсатқа бағытталған қимылдың пайда болуы; ойыншықтарды ұстаудағы белсенділік, көруді үйлестірудің пайда болуы, затты қолында ұстап отыруының жетілуі; сүйемелдеу арқылы отыру.	Өздігінен ішімен жатқан қалпынан арқасына аунайды, заттарды белсенді түрде ұстай алады: 5 айда – қозғала алмайды, 6 айда – қозғалады және тербеледі, ары қарай ұстауды жүзеге асырады; 6 айда өздігінен отырады.	7 айлығында көтеріңкі бұлшық ет шиеленісі төмендейді, тірек реакциялары пайда болады; 8 айлығында қимыл белсенділігі күрт өседі; ішімен жатқан қалпынан арқасына және керісінше аунайды, отырады, еңбектеп тұрады, басын бұрады, заттарға екі қолымен талпынады.	9 айлығында бала затқа сүйеніп тұруға талпынады, 10 айлығында өздігінен тұрады және тепе-теңдігін сақтай алмаса да жүруге талпынады. Ойыншықтармен ұзақ уақыт ойнайды, нәтижеге жеткенше іс-әрекетті қайталайды.	Басының, қолының, денесінің қозғалысын бақылау қабілеті туындайды, басын ұстай алады, заттарды өздігінен алады, отырады, тұрады және жүре бастайды. Заттық іс-әрекетке қарым-қатынастың алғашқы түрі пайда болады.
Қабылдаудың дамуы	Ашық түсті заттарды көру мен дағдылы дыбыстарды естуді шоғырландыру пайда	Көруді үйлестіруі қабілеті, адамның дауысына арнайы реакция пайда	Есту-көруді үйлестіру моторикасы дамиды, қабылдау	Көзден таса заттарды іздейді, Бағдарлаушылық-зерттеушілік реакциясы	Көзге көрінбеген бейнелерді есте сақтау және осы бейнелер	Заттардың ерекшелігіне қарай танымдық қызығушылық

	болады; көздің қозғалысы басында көлденеңінен, кейіннен тігінен және қисығынан көруі дами бастайды. следящие	болады.	арқылы таңдай алады, түске деген белсенді қызығушылығы дамиды, заттың орналасқан орнын біледі; бағдарлау әрекеті пайда болады.	пайда болады, кеңістікті қабылдайды, заттарды көзбен нақты көре алады, Таныс емес жағдайға және таныс емес адамдар арасында мазасыздық пайда болады.	негізінде күрделі қимылдар ұйымдастыру қабілеті пайда болады.	білдіреді, сыртқы әлемнің қарапайым түрдегі ішкі бейнесін жасай алады, заттық ұғымдарды игеруі пайда болады.
Есте сақтауы-ның (жады, ес) дамуы	Анасының дауысын және бет-әлпетін тану, дауыстың ырғағын, қатты немесе ақырын шыққанын ажырату қабілеті пайда болады. Қабылдаған бейнені 1 секунд сақтай алады.	Бейнені есте сақтау уақыты артады, есту және көру қабілетінен басқа жинақтау, топтастыру қабілеті пайда болады.	Таныс бет-әлпет пен таныс емес адамдарды ажырата алады, затты тек толық түрде ғана емес оның бөлшектерін де таниды.	Заттың бейнесін ұзақ уақыт есте сақтайды, оны оны түрлі жағдайда ажыратады және байланыстыра алады, яғни заттар арасындағы нақты өзара байланысты белгілей алады.	Ұзақ мерзімді есте ақтаудың дамуы, заттың қатысынсыз оның бейнесін еске түсіреді және қайта жаңғырта алады.	Есте сақтау арқылы заттың механизмін қалпына келтіруді жетілдіре алады, есте сақтаудың барлық түрі дамиды.
Ойлауды дамыту	Рефлексті дамыту жаттығулары, алғашқы дағдылар мен алғашқы айналым реакциялары – кездейсоқ қайталанатын қимылдар.	Көру мен алуды үйлестіру, екінші айналым реакциялары – өзі іс-әрекет үдерісіне қатысады.	Бала қабылдаған заты мен оның атауын байланыстырады, құралдар мен мақсатты саралайды.	Сөздік нұсқау арқылы қарапайым қимылдарды орындау қабілеті пайда болады; «сәйкес» қимылдар кездеседі. Сенсамоторлық зият пайда болады.	Сөздің нұсқау арқылы іс-қимылды бастау ғана емес оны аяқтау қабілеті де дамиды; көпқырлы қимыл пайда болады.	Қабылдау мен қимыл арасындағы өзара тығыз байланыс пайда болады – алғашқы көрнекі-қимылдық іс-әрекеттің негізі түрі.
Тілді дамыту	Тілдік естуді қалыптастыру, тіл дыбыстарын басқа дыбыстардан ажырата	Ересектермен «сөйлесу» барысында тосын дыбыстар мен	Жай буындарды қайталайды, дыбыстарды фонематикалық	Ересектермен тілдік қарым-қатынаста жай уілдеудің орнына дыбыс пайда болады.	Дыбыстарды, заттармен қарым-қатынаста сөз	Сөзі белгілі мағынаны білдіреді, нақты адамға, затқа

	алу қабілеті пайда болады, қарапайым дыбыстар шығарады.	уілдер пайда болады.	тұрғыда қолданады; ересектердің дауысындағы екпінді ажырата алады; аталған заттарды оның атауымен байланыстыра алады.		үлгілерін айта бастайды, имитациялық сөз пайда болады, сөздің мағынасын меңгере бастайды, дыбыстық белгілер тұрақталады.	бағытталады, 10-20 сөзді және олардың айтылуын түсіне бастайды.
Эмоция-лық дамуы	Алғашқы эмоциясын айқайлау арқылы білдіреді, ондай жағдайда беті қызарады, қимылы үйлесімсіз болады; анасына, өзіне сөйлеген адамдарға жымию арқылы жағымды эмоциялық реакциясын білдіреді.	Өзіне жақын ересек адамдарға жағымдылық көрсетеді, ересектердің айтқандарына еліктейді; әртүрлі эmoidиялық жағдай пайда болады; тосын жайға таңданады, физикалық жайсыздықта мазасыздану пайда болады, қажеттілігін өтегенде өзін жайлы сезінеді.	Адамдарға қайырымды реакция білдіреді, таныс адамдарына күлімсірейді, бөтен адамдарды көргенде жатықайды; алғашқы жақындық пайда болады; өзінің эмоциясын күлу түрінде білдіреді.	«Ажырасу қаупі» – анасы кетіп қалған кезде көңілсіздік пен қатты қорқыныш пайда болады; бөтен адамдарды көргенде, бөтен ортада мазасыздануы күшейе түседі; ашық түсті заттарға елеңдейді.	Ойыншығын алып алған жағдайда жағымсыз реакциясын эмоциясы арқылы білдіреді;	Өзі жақсы көретін және өзіне жақын адамдарға еліктеу пайда болады, ересектердің қимылын жіті қадағалайды, оларға еліктейді, түрлі ишараны түсінеді, жағымды әдеттерді игереді, бірлескен іс-әрекет барысында өзін дұрыс ұстауды үйренеді.

ҚОСЫМША В

Сәбидің жасына қарай дамуының жалпы сызбасы (туғаннан бір жасқа дейін)

Л. А. Семчук, А.И. Янчий Оқу-әдістемелік құрал. Даму психологиясы және жас психологиясы. 2006

Жасы	Дамудың әлеуметтік жағдайы	Жетекші іс-әрекет	Негізгі жаңарулар	
			орталық	басқалар
0-2 айлық	Анасына толық биологиялық тәуелділік. Жатырдағы өзара белгілі бір аралық жағдай мен босанғаннан кейінгі балалық кезең. Ересектер мен бала арасындағы нақты қажетті жағдайдағы қарым-қатынас. Баланың өміріндегі барлық жағдай бірден әлеуметтік тұрғыда қамтылады.	Негізгі құрал ересектер болып табылатын жақындарымен, ересектермен тікелей-эмоциялық қарым-қатынас. Қарым-қатынастың алғашқы белгілері (М.И.Лисина бойынша): зейін, басқа адамға деген қызығушылық; басқа адамның пайда болғанына эмоциялық жауап; өзіне назар аудартуға әрекет жасау, ересектердің көтермелеуіне қол жеткізуге ұмтылу. Осы кезеңдегі қарым-қатынас жағымды-эмоциялық сипатта болу керек. Осы кезеңде балада физикалық және психикалық саулығының қызмет жасайтын жағымды-эмоциялық белсенділік қалыптасады.	Психикалық және физикалық жеке өмір анасының ағзасынан бөлінуі.	Еліктеу кезеңі – түрлі қимылдармен және дыбыстармен әсер ететін өзіне жақын ересек адамға деген жағымды-эмоциялық реакция.
0,2-1 жас	Баланың анасымен біріккен өмірі («Біз» жағдайы). Екі кезеңмен анықталады: а) сәбидің биологиялық дәрменсіздігі, өзінің қажеттілігін ересектердің қанағаттандыруына тәуелділік; б) осы тәуелділікке баланың барлық мінез-құлқы кіреді, ол негізгі құрал әлеуметтік қарым-қатынас құралы – тілдік қарым-қатынасқа түсе алмайды. Осылайша, сәбидің осы жастан бастап қарым-қатынасын дамытудың негізі анықталады.		Жеке психикалық өмір екі ерекшелікпен сипатталады: а) түйсіктің қажеттілігі негізінде пайда болған жағдайда өзін ғана емес өзге адамдарды да ажырата алмау қабілетсіздігі; б) бала үшін «кездеспейтін» нысанға уайымдау, яғни нақты мазмұнға емес, жағдайға байланысты уайымдау. Ересектермен қарым-қатынас қажеттілігі.	Нысанды қабылдау. Нысанды қысқамерзімді белгілеу (еріктен тыс назар аудару). Сараланған сезім және эмоциялық жағдай. Көрнекі-әрекеттік ойлаудың алғашқы түрі. Автономды сөз: сөз атау ұғымының және көрсеткіш қызметін атқарады, бірақ маңызды қызметке ие бола алмайды; сөздің мағынасы тұрақты емес, сөздің жеке мағынасы мен жалпы мағынасының және белсенді сенсомоторлық дағдыны дамытудың арасында өзара қарым-қатынас жоқ.

ҚОСЫМША Г

Баланы ерте жастан дамытудың жалпы сызбасы (бір жастан үш жасқа дейін)

Л. А. Семчук, А.И. Янчий Оқу-әдістемелік құрал. Даму психологиясы және жас психологиясы. 2006

Дамытудың әлеуметтік жағдайы	Бұл жағдай ересектермен бірлескен қызмет, мазмұны – балалардың белгілі әлемі болып қалыптасқан қоғамда өндірілген әдістер арқылы заттарды пайдалану. ДӘЖ мына сызбамен бейнелеуге болады: «бала – ЗАТ – ересектер», бұл жерде қарым-қатынас іскерлік-жағдаяттық сипат алады. Бұл қарым-қатынас жүйесінің мазмұнында қарама-қайшылық бар: іс-әрекет тәсілі затпен, іс-әрекет үлгісі ересектерге тән, ал бала бұл мезгілде жеке қызмет орындау керек. Бұл қарама-қайшылық ерте жастағы кезеңдегі қызметтің жаңа түрі арқылы шешіледі.
Қызметтің жетекші түрі	Жастың ядросы заттармен қоғамда өндірілген әдістердің заттық-манулятивтік қызмет болып табылады. Қызметтің мотиві ересектерден қоғамдық заттарға ауысады. Қарым-қатынас заттық қызметтің құралы, қоғамда өндірілген әдістер арқылы заттарды пайдалануды меңгеру құралы ретінде болады. ҚЖТ заттың қызметін анықтайды: 1-кезең – затпен кез келген қызмет орындалады; 2-кезең – зат тек арнайы жағдайда қолданылады; 3-кезең – бала заттың негізгі қызметін біледі, бірақ оны қолдануды және қоғамдағы мінез-құлық ережесін меңгере отырып, кез келген іс-әрекетті орындайды. Құралдық заттар пайда болады – құралдарды қолдану принципін меңгереді. Ойын әлі саналы емес. Ойын жағдайы шынайы жағдайдан нақты ажыратылмайды. Ойыншық – зат, ересектер әлемінің үлгісін білдіретін зат.
Орталық жаңару	Іс-әрекетті заттан бөлудің нәтижесінде өзінің іс-әрекетін ересектердің іс-әрекетімен салыстыру жүреді. Бала өзін-өзі тани бастасымен «Мен өзім» танымдық феномені пайда болады. Танымның құрылымдық және жүйелілік құрылысы пайда болады – жеке қызметтер арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуы мен барлық танымдық қызметтің тұтастай дамуының қызметі жинақталады.
Басқа жаңарулар	Нысандар мен жағдайларды «аффективті» қабылдау. Сөздік қордың өсуін сипаттайтын сөздерді бір-бірімен байланыстыра айтуы есепке алынатын сөйлем құрауға қадам жасайтын белсенді сөйлеу дамиды; басында дыбыстық талдаулар арқылы мағыналы байланысқа көшеді. 3 жасар кезінде сөздің грамматикалық құрамын меңгереді. Көрнекі-әрекеттік ойлау. Іс-әрекеттің ішкі жоспары қалыптасады. Тану мен қабылдау. Еріктен тыс зейін.
Танымдық дамыту	Танымдық процесті дамыту заттық іс-әрекет арқылы орындалады, ол вербалды түрде басталады, яғни сөзді өздігінен игеру. Жетекші психикалық қызмет танымның орталығы болатын және бейнелі есте сақтау мен ойлауды дамытатын қабылдау болып табылады. Қабылдауды дамытудың негізгі бағыттары – перцептивті іс-әрекет, сенсорлық эталондар және сәйкестендіру әрекеті. Баланың мінез-құлқы қабылдау кезінде толық анықталады, бұл кезеңнің маңызды сипаты аффективті реңк болып табылады. Бұл кезеңде балаларда сенсомоторлық бірлік байқалады, яғни кез келген көрген затын

	түртіп, ұстап көргісі келеді. Бұл бірлік ойлаудың дамуына жағдай жасайды. Бірте-бірте көрнекі-әрекеттіктен көрнекі-бейнелік ойлауға ауысу жүреді, бұл процесс материалдық заттарды олардың бейнелерімен алмастырумен ерекшеленеді. Зияткерлік операцияларды дамыту мен түсінік қалыптастыру жүреді. Ерте жастың аяғына қарай ойлау қызметі қалыптасады, жинақтаған тәжірибені жаңа ұғымға өткізу қабілеті және заттар арасындағы өзара байланысты орнату мен оларға эксперимент жасау, оларды есте сақтау және әртүрлі міндеттерді шешуде пайдалану қабілеті қалыптасады. Сөз бен ойлау әлі бір-бірімен байланыссыз болады. Түсіну мен айту бірігіп қарым-қатынасты білдіреді, ал іштей қабылданған белгіден сөздің мағынасына – сол сөз арқылы сипатталатын нақты затқа немесе керісінше мағынасынан белгіге ауысу жүреді. Сөз бірте-бірте баланың қоғамдағы тәжірибесін жеткізу құралы, оның қызметін ересектердің басқару құралы бола бастайды, сөздің ықпалымен психикалық процестер құрылады. Ерте жастағы есте сақтау еріксіз сипатта болады, еске түсіру пайда болады, бірте-бірте ол ұлғаяды. Есте сақтау әлі жеке процесс бола алмайды, оперативті есте сақтау дамиды. Қиял жеткілікті дамиды.
Тұлғалық даму	Бұл жаста баланың тұлғасы қаланады. Тұлғалық жаңару – «Мен» жүйесінің қалыптасуы (өзін-өзі бағалаудың пайда болуы мен дамуы, өзін-өзі тану, өзін-өзі құрметтеу). Бала өзінің есімін атағанда жауап береді, өзінің айнадағы бейнесін таниды және «Мен» есімдігін қолданады. Мақтану, ұялу сезімі қалыптасады. Эмпатиясы дамиды. Өз бетінше әрекет етуге деген қажеттілік пайда болады. 3 жастың алғашқы кезеңінде табысқа жету қажеттілігі пайда болады, қандай да бір жағдайдағы өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін тізбектейді, тапсырмалардың қиындығын ажырату қабілеті пайда болады.
Әлеуметтік даму	Әлеуметтік даму екі бағытта жүреді: 1) адамдар арасындағы бір-бірімен болатын өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру арқылы; 2) баланың әлемдегі тұрақты заттармен өзара байланысы арқылы. Процесс арадағы адам арқылы жүзеге асады – ересектер және әлеуметтік нормаларды меңгерген құрдастарының қатысуы арқылы. Адамның адамға қарым-қатынасының негізі дамиды. Баланың қажеттілігіне қарай оның табысты дамуын анықтайтын ересектер тарапынан талаптандыру арқылы дамиды.

ҚОСЫМША Д

*Тәжірибелік-эксперимент жұмысында пайдаланылған қазақ халық
шығармашылығының құралдары
Санамақтар*

Кел санайық!

Кел санайық, санамақ,
Саусақтарды даралап
Бас бармағым алғашқы,
Балан үйрек жалғасы,
Ортан терек атасы,
Шылдыр шүмек анасы,
Шынашағым балапан,
Бәріне ортақ алақан.

Мен базарға бардым
Ысқырық сатып алдым.
Қызыл, жасыл, көгілдір
Қайсысын алсаң өзің біл.

Қуыр, қуыр, қуырмаш

Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Мен айтайын қолыңды аш!
Мынау тұрған бас бармақ,
Жұмыс содан басталмақ.
Алақанның тұңғышы
Болсын осы жылқышы.
Балаң үйрек жанында,
Бейім сиыр бағуға.
Ортан терек - ұзыны,
Түйе бақсын, қызығып!
Шылдыр шүмек - бұл саусақ,
Қой бағуды тұр аңсап.
Титтей бөбек-шынашақ,
Сен дайында жер ошақ.
Білекке енді барайық,
Онда не бар табайық:
Мына жерде күн болар,
Мына жерде түн болар.
Мына жерден ай шығар,
Мына жерден май шығар.

Бәрін айтып болдық па?
Келіп қалдық қолтыққа!
Қытық, қытық, қызық-ай,
Міне, өрік, міне, май!
Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Бидай салам, қолыңды аш.
Төгіп алмай, күлем деп,
Балапанға барып шаш!

Ал санайық, санайық,
Ал санайық, санайық,
Сан сырына қанайық!
Бір саусақты жұмайық,
«Бір саны», - деп ұғайық!
Екі саусақ жұмайық
«Екі сан» - деп тынайық!
Үшіншісін жұмайық,
«Үш саны» - деп шығайық!
Тағы бірін жұмайық,
Төрт санына ылайық.
Жұдырықты жұмайық,
"Бес болды» - деп ұғайық.
Оң қолдың енді біреуін,
Тағы да ептеп жұмайық,
«Алты сан», - деп ұғайық,
Екіншісін жұмайық,
«Жеті сан» - деп ұғайық!
Үшіншісін жұмайық,
«Сегіз ғой» - деп тынайық!
Тағы бәрін жұмайық,
Тоғыз санға ылайық.
Жұдырықты жұмайық,
«Он болды» - деп ұғайық.

Ал, санандар!

Ал, санандар, санандар,
Бізде қанша адам бар?
Алдымда:
Атам, әжем,
Алдымда:
Әкем, анам.
Білмесеңдер, біліңдер,
Тағы саусақ бүгіндер.

Алдыма:
әпкем, көкем,
«Аман жүрсін інім», - дер.
Өзім барамын, інім бар.
Кіп – кішкентай күнім бар.
Қанша болдық бәріміз?
Шұнақ құлақ бес ешкі,
Қос лақты қос ешкі,
Төрт қозылы екі қой
Бәрі нешеу, айта ғой?
(Он тоғыз)

Бір үйрек тығылды,
Бір үйрек жығылды.
Қалғаны неше үйрек?
(Алтау)

Қошақанды кайрау
Қызыл-жасыл даланы
Кезгін келсе шамалы,
Татқың келсе басқа дәм,
Қошақаным, бас қадам

Оңға қарай БІР атта –
Бас қоясың бұлаққа.
Солға қарай БІР атта –
Тойындасың құрыққа.

БІР,
ЕКІ,
ҮШ,
ТӨРТ атта,
Жүгір,
Секір,
жортақта.
Тамақ өзі келмейді
үйден шықпас қорқаққа.

ҚОСЫМША Е

*Тәжірибелік-эксперимент жұмысында пайдаланылған қазақ халық
шығармашылығының құралдары
Мазақтамалар*

Ерке

Папасының арқасына
Мініп алып, түспейді.
«Самолет» қып атасын да,
«Аспанға алып ұш!» дейді.

Сарнап тұрып ертесін,
Сұрайтын қант, бөлкесін.
Сен бір жаман еркесің,
Әкеңнің де желкесін,
Көкеңнің де желкесін
Жауыр қылған еркесің.

Тәттіқұмар

Қант көрсе қоймайды,
Кәмпитке де тоймайды,
«Тісім-ай!» деп кешкісін,
Салады кеп ойбайды.

Ашқарак

Ашқарак-ау, ашқарак,
Тамақ жеуің масқара-ақ,
Қанша ішсең де тоймайсың,
Енді қалай ойнайсың?..

Мақтаншақ

Әй, мақтаншақ, мақтаншақ,
Оянғаннан жатқанша,
Жатқаннан таң атқанша,
Мақтанасың, мақтаншақ.
Қояр ма еді құлыптап,
Аузыңды бір жапқан шақ.

ҚОСЫМША Ж

Тәжірибелік-эксперимент жұмысында пайдаланылған қазақ халық шығармашылығының құралдары Ертегілер

Мақта қыз бен мысық

Екеуі дос болып жүреді. Бір күні Мақта қыз үйін жинап жүрсе, бір мейіз тауып алады. Мысықты шақырады. Шақырады – келмейді, шақырады – келмейді, сосын «келмесең, келме», – деп, мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп: – Неге шақырдың? – деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Сосын мысық айтады: «Ендеше қатығыңды төгем», – дейді. Мақта қыз: «Мен құйрығыңды кесіп аламын», – дейді. Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. «Апа, апа, құйрығымды берші», – дейді. Сосын Мақта қыз: «Менің қатығымды төлеп бер», – дейді. Мысық сиырға барады. «Сиыр-сиыр, маған қатық берші», – дейді, сиыр айтады: «Менің қарным ашып тұр, маған жапырақ әкеліп бер», – дейді. Мысық ағашқа барып: «Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші!» – дейді. Ағаш айтады: «Мен шөлдеп тұрмын, су әкелсең, жапырақ беремін», – дейді. Суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көріп: «Қыздар, қыздар, маған су берші», – дейді. Қыздар: «Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз», – дейді. Мысық дүкенге барады. «Ай, дүкенші, маған сағыз берші», – дейді. Дүкенші: «Маған тұқым бер», – дейді. Мысық тауыққа барады: «Тауық, тауық, маған тұқым берші», – дейді. Тауықтар айтады: «Бізге дән әкеліп берсең, біз саған тұқым береміз», – дейді. Мысық: «Енді не қыламын», – деп бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды қорқытып: «Жаның барында айт, үйіңде не бар?», – дейді. Тышқан қорыққанынан: «Үйімде бір батпан тарым бар», – дейді. Мысық айтады: «Маған бір уыс тары бер», – дейді. Тышқан үйіне барып, бір уыс тары береді. Тарыны апарып тауыққа береді, тауық тұқым береді, тұқымды апарып дүкеншіге береді, дүкенші сағыз береді, сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді, суды апарып ағашқа береді, ағаш жапырағын береді. Жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді, қатықты апарып Мақта қызға береді. Мақта қыз мысықтың құйрығын береді.

Кім күшті

Ерте, ерте, ерте екен,

Ешкі жүні бөрте екен.

Қырғауылы қызыл екен.

Құйрық жүні ұзын екен.

Қырғауылы қырқылдап,

Жалтыр мұзға сыртылдап,

Алшая келіп қоныпты,

Шаты айрылып қалыпты.

Қисая жатып қырғауыл

Сонда мұздан сұрапты:

- Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, бауырымды жаңбырға тестірімес едім.
- Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, жерге жұтқызар ма едім.
- Жер, жер, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жардырмас едім.
- Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді.
- Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк шұнақ қасқырға құйрығымды жұлқытпас едім.

- Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк мылтыққа құйрығымды ойдырмас едім.
- Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.
- Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, құмырсқаға інімді алдырмас едім.
- Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?
- Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін, - деген екен құмырсқа.

ҰР, ТОҚПАҚ!

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір кедей болып, тұзақ құрып күнін көреді екен. Бір күні шал тұзағын келіп қараса, бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға айтыпты:

– Сен мені босат! Менен не сұрасаң, соны бір жылдан кейін ал,– дейді.

Шал мақұл көріп, қазды босатып қоя береді. Үйіне келіп, жаңағыны айтса, кемпірі шалға ұрсады. Шал:

– Қой, сен түк білмейсің!– деп, сөзін тыңдамай, жүре береді.

Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Жүре-жүре, бір жерге келсе, өңкей түйе жайылып жүр екен. Келіп, түйешіден:

– Бұл кімнің түйесі?–десе:

– Бұл Қазбайдың түйесі,– дейді.

«Бұл Қазбай – баяғы қаз екен»,– деп шал ойланып тұрып, жүріп кетеді. Бір жерге келіп:

– Бұл кімнің қойы? – деп, қойшыдан сұрайды.

Қойшы:

– Бұл Қазбайдың қойы,– дейді. Шал жаңағы қойшы баладан:

– Шырағым, Қазбайдың бұдан басқа несі бар?– дейді.

Бала шалға:

– Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар. Біреуі: «Піс, қазаным, піс!»–десе, әр түрлі тамақ пісіп шығады, енді біреуі: «Құс, есегім, құс!»–десе, есегі

алтын құсады, тағы біреуі: «Ұр тоқпағым, ұр!»–десе, адамдарды ұра береді,– дейді.

– Мақұл,– деп шал жүріп кетеді.

Шал Қазбайдың аулына келеді. Қазбай шалды күтіп алады. Шал Қазбайдан «Піс қазаным» сұрайды. Қазбай сұрағанын береді.

Шал алып үйіне келе жатса, бір жерде асық ойнап жатқан балалар шалға:

– Ата, асқа түс!– дейді.

Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып, шал балаларға:

– Шырақтарым! «Піс, қазаным, піс!» демендер,– дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң, балалар тыңдасын ба: «Піс, қазаным, піс!»– деп, шулап қоя береді.

Сүйдегенде, әр түрлі тамақ пісіп, даяр болады. Балалар қазанды айырбастап, алып қалады.

Шал қазанды үйіне алып барып: «Піс, қазаным, піс!»– десе, еш нәрсе піспейді.

Шал қазанды алып, Қазбайдың үйіне қайта келеді. Қазбайға:

– Бұдан еш нәрсе шықпады,– дейді.

Қазбай қазанды алып:

«Піс, қазаным, піс!»– десе, еш нәрсе шықпайды.

Қазбай қазанның орнына шалға есекті беріп жібереді. Шал есекті алып үйіне қайтады. Жолда келе жатса, балалар шалға:

– Ата, асқа түсіңіз!– дейді.

Шал асты тастағысы келмей, есектен түседі. Үйге кіріп бара жатып, балаларға:

– Шырақтарым! «Құс, есегім, құс!» демендер,– дейді.

Балалар:

– Мақұл!– дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң-ақ, балалар: «Құс, есегім, құс»– десе, есек алтын құсады. Балалар есекті айырбастап, орнына басқа есек қояды.

Шал есекті алып үйіне кетеді. Кемпір:

– Қаздан барып алып келгенің осы ма?– дейді.

Шал есекке: «Құс, есегім, құс!»– десе, есек еш нәрсе құспайды. Шал есекті алып, Қазбайға тағы қайта келеді.

– Есек еш нәрсе құспайды,– дейді.

Қазбай есекті алып:

«Құс, есегім, құс!» десе, еш нәрсе құспайды.

Шалға Қазбай «Ұр тоқпағын» береді. Шал «Ұр тоқпақты» алып келе жатса, баяғы жерде тағы да балалар жүр екен.

Балалар шалға:

– Ата, асқа түс!– дейді. Шал үйге кіріп бара жатып:

– Шырақтарым! «Ұр, тоқпағым, ұр!» демендер,– дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң, дәндеген балалар: «Ұр, тоқпағым, ұр!»–дейді. Тоқпақ балалардың әрқайсысын ал кеп ұр! Ұрып жүр, ұрып жүр... Балалар тоқпаққа жалынады: «Ойбай, «Піс қазаныңды», «Құс есегіңді, берейік!»– дейді. Шал келе жатып, естіп қояды.

Шал келіп:

– «Піс қазанды», «Құс есекті» бересіңдер ме?– дейді.

Балалар:

– Мақұл! Әкеліп береміз!–дейді. Шал «Ұр тоқпақты қойғызады. Балалар «Піс қазанды», «Құс есекті» әкеліп береді. Шал «Піс қазанды», «Құс есекті», «Ұр тоқпақты» алып, үйіне келеді. Сөйтіп, мұратына жетеді.

Арыстан мен түлкі

Арыстан қартайды. Аңдарды бұрынғысындай аулай алмайтын болды. Енді аңдарды айламен аулағысы келді. Өзі үңгірде жатты да:

- Аурумын, жүруге әлім жоқ, - деп барлық аңдарға хабар таратты. Аңдар бір-бірімен арыстанның халін білуге келеді. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармайды. Бәрі де арыстанға жем болды. Бір күні түлкі келді. Ол үңгірден алысырақ тұрды да:

- Халіңіз қалай, тақсыр?- деп көңілін сұрады.

- Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің? Берірек кел, түлкіжан, бір азырақ сөйлесейік, - деді арыстан.

Түлкі: - Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған кірген із бар да, шыққан із жоқ! - деп жүріп кетіпті.

Ай мен күн

Өткен заманда біреудің Айсұлу және Күнсұлу деген екі қызы болыпты. Екеуі де теңдесі жоқ сұлу екен. Бірінен-бірі асқан сұлуымен деп бірімен-бірі үнемі ұрысысып, жиі-жиі жанжалдасып қалады екен. Бір күні Күнсұлу іс тігіп отырған Айсұлуға тиісіп: – Сенен мен сұлуымын! - дейді. Ал Айсұлу болса:

– Жоқ, сен сұлу емессің, мен сұлуымын! - деп таласады. Ақыр аяғында бұл талас үлкен шатаққа айналады. Біза қысып, әбден ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы келіп отырған Айсұлудың бетін тырнап алады. Күнсұлу тырнағының ізі Айсұлудың бетінде өшпестей болып қалады. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана тысқа шығады екен. Ал бейбастақтығынан қатты ұятқа батқан Күнсұлу түн қараңғылығында бұғып жатады екен. Содан бері Айсұлу мен Күнсұлу біріне-бірі көрінбейді.

ҚОСЫМША И

Тәжірибелік-эксперимент жұмысында пайдаланылған қазақ халық шығармашылығының құралдары Ойындар

Тышқан мен мысық

Ойын мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету.

Ойын шарты: Бұл ойынға топ балалары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып, ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып діберіп мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.

Ойынға шақыру Қаламақ

Балалар ойынының басталуында да өлеңнің атқарар рөлі өте зор. Көпшілік ойындардың ойнау шарты бойынша балаларға екі топқа бөлінуге тура келеді. Мұндай жағдайда балалар әр түрлі тәсілдер қолданады. Мәселен, қатарға тұрғызып санап, жұп сан бір топқа, тақ сан бір топқа бөлінеді. Осындай тәсілдің бірі қаламақ арқылы жіктелу. Мұндай жағдайда балалар арасынан екі басшы сайланады. Қалған балалар екі-екіден жұптасып кетеді. Жұптасқан балалар өзара келісіп, бір-біріне жасырын ат қояды. Сөйтіп, қойған аттарын екі жол өлеңмен екі басшыға айтып қалауын сұрайды. Олар мына тәрізді болып келеді.

– Аспандағы жұлдыз керек пе? Судағы құндыз керек пе?

– Түйенің ботасы керек пе? Жердің жотасы керек пе?

– Алтын асық керек пе? Күміс қасық керек пе?

Кейде кімге ат, кімге арба немесе «кімге шеге, кімге балға» деген тәрізді ұйқассыз қаламақтар да айтыла береді. Егіз жолдан ғана құрылатын қаламақтардың құрылысы өте қарапайым болғанмен де, сол екі жол өлеңдегі заттық ұғымдардың мәнінен бала жанының талай сырын ұғуға болады. Біріншіден, баланың әрқашан күнделікті тұрмыста таныс, өз ұғымына жақын заттарды таңдайтыны көрінеді. Мәселен, «Түйенің ботасы, жердің жотасы», «тебеген бие, қашаған түйе» тәрізді тіркестер тек ауыл баласының ғана аузына түсетін сөздер. Сол сияқты бала талғамына халық тіршілігінің дәстүрлі мәдениетінің де елеулі әсер ететіндігі байқалады. Мәселен, «Аспандағы жұлдыз» «судағы құндыз» тіркестері бесік жырларында көп айтылатын образ болса, «Ақ сандық, көк сандық» белгілі балалар ойынының аты. Ал «алтын асық» қазақ ертегілерінде көп айтылады. Демек, қаламақтар ойынды бастаушы болуымен ғана емес, баланың ішкі дүниесінен хабар беретіндігімен де бағалы.

ҚОСЫМША К

*Тәжірибелік-эксперимент жұмысында пайдаланылған қазақ халық
шығармашылығының құралдары
Ойындар*

.Ала-ала алашалар,
Тамашаолар,
Оған кім таласа алар.

Доп теп
дөп теп

Сұр інген сүрінген бе
сүрінген сұр інген бе

Бұлаң бұлаң еткен бұл аң
бұлаң десем екен қылаң

Қоғанбай қомағай ма?
Жоқ, ағай
Қоғанбай қомағай емес,
Зорағай.

Жағажайды жағалай,
Жүгіреді Қамажай.

Сен өлше, ол өлшер,
Сол өлшем, сол мөлшер.

Омар ора алар,
Омар ора алмаса,
Орал ора алар.

Ескекті ескекші еседі,
Ескекші ескекті еседі.

Жағажай,
Жағажайда – Қамажай.

Ян-ян-ян
Жүгіріп жүр қоян.
Ян-ян-ян
Бұл қоя немес, шаян!